

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

ТӘУЕЛСІЗДІК
БЕЛЕСТЕРІ

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛЕСТЕРІ



АЛМАТЫ
АТАМҰРА
2003

ББК 66.3(2К)

Н 17

Назарбаев Н.Ә.

Н 17 ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛЕСТЕРІ. – Алматы: Атамұра,
2003. – 336 бет.

ISBN 9965-05-873-3

Н $\frac{0803010200-293}{418(05)-2003}$ **Хабарландырусыз**

ББК 66.3(2К)

ISBN 9965-05-873-3

© Назарбаев Н. Ә., 2003

© «Атамұра» баспасы, 2003

**ҚАЗАҚСТАН — 2030:
БАРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ
ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ, ҚАУІПСІЗДІГІ
ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ АРТУЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ**

1997 жылғы 10 қазан

*ЖАҢА ҒАСЫР
ТАБАЛДЫРЫҚТАН АТТАЙДЫ,
БАСҚА ДӘУІР ТУЫП КЕЛЕДІ.
Вергилий*

*ӘР ДӘУІРДІҢ
ӨЗ МІНДЕТТЕРІ БАР.
Гейне*

КІРІСПЕ

*ӨТКЕН КҮННЕН АЛЫС ЖОҚ,
КЕЛЕР КҮННЕН ЖАҚЫН ЖОҚ.
Қазақтың халық мақалы*

Қадірлі халайық!

Мен сіздерге, Қазақстан халқына, қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы өзімнің пайымдауымды жолдап отырмын. Мен Сіздерге осынау болашаққа қол жеткізіп, өз мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алады-ау деген сенім ұялататын стратегияны ұсынғым келеді.

Мен сіздермен келер ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, алыс перспективаға ендеп бойлайтын болашақ жайлы өзімнің ой-толғаныстарыммен бөліскім

келеді. Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті.

Бұл бізге не үшін қажет? Менің ойымша, біздің әрқайсымызда ендігі жерде тек бүгінгі күнмен ғана, ағымдағы міндеттерді толассыз шешумен ғана өмір сүруге болмайтындығын терең түсіну сезімі пісіп-жетілді.

Біз ненің іргесін тұрғызғымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға алып келетін өз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екендігін анық білуге және ұғынуға тиіспіз.

Өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күш-қуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды жөнсіз зая кетіруден сақтандырамыз.

Мықты стратегияға ие болып, әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере аламыз.

Бүгінгі таңда басымыздан кешіп отырған қиын жағдайлар бізді күш-қуатымыз бен үміттен айырмауға тиіс. Перспективаларымызды айқын ұғыну, жолымызда тұрған қиындықтар мен қауіп-қатерді бүкпесіз түсіндіру біздің қоғамымыздың барша азаматтарын осынау ортақ міндетті шешу үшін жұмылдыруға жәрдемдеседі.

Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтынын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз.

Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді?

Олар әл-ауқатты өмір сүре ме, тоғайған, дендері сау әрі білімді-білікті бола ма?

Олар жақсы әрі азат қоғамда өмір сүре ме?

Олар бейбіт-татулықта өмір сүре ме?

Олар өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алаңсыз бола алар ма, көшелермен емін-еркін жүріп, өз дүние-мүлкі үшін қауіптенбес болар ма?

Біз оларға қуатты мемлекет пен өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыра аламыз ба?

Біз осынау қарапайым, бірақ маңызды сұрақтарға бүгіннің өзінде жауап беруге тиіспіз.

Бір данагөй: егер сіз қайда бет алып бара жатқаныңызды білмейтін болсаңыз, онда сізді ол жерге кез келген жол алып баруы мүмкін деген екен. Осыны естен шығармай, болашақтың моделін жалпыланған түрде және нақты қысқа мерзімді мақсаттар түрінде ұдайы көз алдымызда бағдар етіп ұстауға тиіспіз. Мұның өзі қандай да бір іс-әрекетке кірісе отырып – біз дұрыс бағытпен жүріп келеміз бе, әлде бағдардан ауытқыдық па, оқиғалардан ілгеріге оздық па, әлде шабаңдап қалып келеміз бе — ұдайы таразылап отыру үшін қажет.

Бүгінгі күнді ертеңгі күнмен ойша салыстырған кезде, бұл процесті сан рет қайталай отырып, проблемалардың ауқымы мен олардың маңызын өзгеше қабылдайсың. Өзімізді әлем мен бүкіл планетаның бір бөлігі ретінде түйсіне отырып, біз жаңа дәуір мен жаңа уақыттың тынысын және олардың жуықтай түскенін сезінеміз.

Қазақстан жаңа мемлекет ретінде көптеген империялардың: Оттоман, Австрия-Венгрия, ал мүлде таяуда — Кеңес Одағының жан тәсілім еткенін көрген дәуірде дүниеге келді.

Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономика мен жаңа демократияны көптеген өзге де жас тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіп те үлгерген уақытта құру үстіндеміз.

Біз қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сөзсіз елеулі рөл атқаратын күннен-күнге өсе түскен ауқымдану мен ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Егер біз өз ниетімізді байсалды ұстансақ және пайымды да парасатты болсақ, өз дамуымыздың ішкі және сыртқы факторларын бүкпесіз талдап-таразылауға қабілетті болсақ, онда біздің жалпы топтасуымыз, өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар.

Біз басқа елдердің тәжірибесін зерделей алсақ та, әрі солай етуге тиісті болсақ та және халықаралық қоғамдастықтағы қолайлы үрдістерді пайдалана алсақ та, біздің жасымызға жеткенде балаларымыз бен немерелеріміз мақтан ете алар Қазақстанды құру жөніндегі үмітіміз бен арманымызды іске асыру үшін қажетті осынау орасан зор жұмысты өзге ешкім де емес, тек біздің өзіміз ғана игере аламыз.

Неліктен нақ бүгінгі таңда біздің алдымызда осы міндет тұр?

Өйткені, кеше біз бұған даяр емес едік, тәжірибеміз бен білігіміз жетіспеді, жағдай, ересен тұрақсыздық пен тұрлаусыздық мүмкіндік бермеді. Міндеттің өзі де басқа болатын. Алдыңғы кезеңнің күллі мәні мынаған: басталып кеткен аласапыран өтпелі кезеңнің буырқанған жағдайында дербес мемлекет ретінде табан тіреп қалуға келіп сайды. Көптеген көріпкелдер біз сәтсіздікке ұшыраймыз және де мемлекет құрылысының, қоғамдық және экономикалық қайта құрудың бұрын-соңды болмаған міндеттерін игере алмаймыз деп сәуегейлік еткен-ді.

Бірақ алғашқы сынға біздің лайықты төтеп бере алғанымыз — еңсемізді тік ұстап, иілмегеніміз бүгін-ақ айқын. Барлық қиындықтарға қарамастан біз бейберекетсіздік пен жөнсіздік шыңырауынан шыға білдік.

Қазір біз тұрақтану кезеңіне өтудеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табысымыз бізге жан-жағымызға үніле зер тастауға өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, өз жоспарларымызды түзеуге мүмкіндік береді.

Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекеттік құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білім-білігіміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсінушілігі бізге қосымша күш-қуат пен сенімділік үстейді.

Бұл міндеттерді шешуді ертеңге қалдыруға да болмайды, өйткені біз өз реформаларымызды толық аяқтағанша күтіп те отыра алмаймыз.

Басқаша айтқанда, кеше әлі ерте болатын-ды, ал ертең кеш болып қалуы мүмкін.

Мемлекетіміз бен қоғамымызды құрудың дұрыс стратегиясын таңдап алудың өміршең мәні бар. Екшеле талданып жасалған стратегиялық жоспар назарды жинақтайды, тәртіпке жұмылдырады және жәрдемдеседі.

Ол мемлекет назарын басымдықтардың аса қысқа тұжырымды тізбесіне жинақтайды, ол тәртіпке жұмылдырады әрі Үкіметті осы міндеттер мен стратегияларды күнделікті шешіп отыруға талпындырады. Ақыр аяғында, ол біздің мақсаттарымыздың іске асуына алып келетін күн сайынғы және жыл сайынғы шешімдерді қабылдауымызға жәрдемдеседі.

Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Осы нұсқауларды өмірге енгізудің, жобаланған жоспарларды іске асырудың маңызы мүлде кем емес. Сондықтан әрбір министрлік пен ведомство өз жұмысын әрбір күн, ай мен жыл біз қадам басқан сайын қойылған мақсаттарымызға қарай ілгерілейтіндей етіп ұйымдастыратын жүйені құру аса қажет.

Мемлекеттік қызметшілер күн сайын алдарындағы стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды көріп отыруы, екінші кезектегі және күнделікті міндеттерді шешуге алаңдамастан оларды іске асыруы қажет. Қабылданатын заңдар мен шешімдер, біздің стратегиямыздың арнасында, жұмыс жинақы, жұмылған әрі үйлесімді болуға тиіс.

Келесі жылдан бастап біздің жыл сайынғы жоспарларымыз ұзақ мерзімді басымдықтарымызға сәйкес болуға тиіс. Оның үстіне, мониторинг жүйесі қойылған мақсаттарымызға қол жеткізуде біз қаншалықты ілгеріледік деген сұраққа жауап беруге тиіс. Сондықтан бізге стратегиялық жоспарлау мен стратегиялық бақылау, есептілік пен жауапкершілік жүйесі қажет.

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты—біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындап, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны мемлекет халықтың жекелеген топтарымен және жекеше сектормен ынтымақтастығы негізінде іске асыруы қажет.

Осы Жолдау менің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясатымыздың негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнап сөз сөйлеу жөніндегі Конституциялық міндеттеріміздің шеңберінде әзірленген болатын. Бірақ мен жоғарыда атап өткендей, біздің мемлекетіміз, тұтас алғанда қоғамымыз үшін де координаттар жүйесі болып табылатын, соның шеңберінде жыл сайынғы іс-қимыл жоспарларымызды жасай алатын неғұрлым ауқым-

ды болжам мен стратегияны қажет етеді. Сол себепті осы мәселелерге ерекше орын беріліп отыр.

Президенттің Қазақстан халқына ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы бұдан кейінгі жыл сайынғы Жолдауы ұзақ мерзімді стратегияның іске асырылуына берілетін бағаны қамтиды, сондай-ақ алдағы жылға арналған нақты міндеттерді айқындайтын болады.

1. БІЗ БҮГІН ҚАЙ ЖЕРДЕ ТҮРМЫЗ?

*АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІНДЕ ШАРЫҚТАУ
СӨТІ БАР, ОЛ, ЕГЕР ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА
БІЛСЕ, ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ. ЕГЕР ОНЫ
ҚОЛДАН ШЫҒАРЫП АЛСА, ОНДА ОДАН
КЕЙІНГІ ЖОЛ ҚАЙРАҒҒА МАЛТЫҒЫП,
ТАЙҒАҚ КЕШУМЕН ҰЛАСАДЫ.*

Шекспир

*ҰЛАН-ҒАЙЫР МҮМКІНДІКТЕР
БАРШАҒА БЕРІЛЕДІ, БІРАҚ КӨП
ЖАҢДАР ОЛАРМЕН ҰШЫРАСҚАНЫН
СЕЗБЕЙДІ ДЕ.*

Даннинг

Соңғы алты жыл ішінде біз екі басты стратегиялық мақсатты көздедік.

Біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болды. Көптеген адамдар қазір мұны тиісті нәрсе ретінде қабылдауға әзір, бірақ қазақстандықтар мұның біздің тарихымызда қаншалықты сирек әрі қиындықпен болғанын ұмытпауға тиіс.

Екіншіден, біз кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастадық. Аталған мақсаттарға әлі жете қойғамыз жоқ, дегенмен жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар.

Енді ахуалды терең таразылау, дамуымызды әлемдік тәжірибе тұрғысынан талдау және реформаларымызды іске асыру мен жаңа институттарымыз-

дың қалыптасу дәрежесін үздік әлемдік тәжірибемен салыстыру маңызды. Өзіміздің бекем және босаң тұстарымызды салиқалы тұрғыдан талдап, тек содан кейін ғана дербес төл стратегиямызды талдап жасаудың маңызы бұдан бір де кем емес.

Біздің ішкі бекем тұстарымыз бен Қазақстанның қолындағы сыртқы мүмкіндіктерді, өзімізге тән босаң тұстарымыз бен сыртқы қатерлерді талдаудан бастайын.

Еліміздің қолында сегіз артықшылық бар.

Біріншісі. Біз өзіміздің тәуелсіз, егемен мемлекетіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті мемлекеттік институттар қазірдің өзінде бар, әрі ай сайын тәжірибесі мен біліктілігін ширата түсуде. Бірақ мемлекетіміздің құрылысы аяқталатын күн әлі алыс.

Екіншісі. Біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді түбегейлі аулақ салдық. Бүгін мүлде жаңа мемлекет өмір сүріп отыр, мүлде өзге саяси және экономикалық жүйе жұмыс істеуде.

Үшіншісі. Қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік. Қысқасы, біз азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті. Әрине ескі жүйе шақтап болса да неғұрлым сенімді әлеуметтік игіліктер беріп келді, әрі бірсыпыра салаларда жетістіксіз де болған жоқ. Алайда экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетсіз болғандықтан, ол жүйенің күйреп тынғанын да ұмытпауға тиіспіз. Ол әлеуметтік жағынан да осал болып шықты, өйткені адамдардың көпшілігінің тұрмыс деңгейі шетелдегі тұрмыс

деңгейінен төмен еді. Ол сондай-ақ жеке адам халқында да осалдық танытты, өйткені еркіндік бермеді. Нарықтық экономика мен демократиялық тұрғыда таңдап алынған мемлекет Қазақстанға қандай шамада өркендеу мен бостандық әкелерін уақыт өте келе біздің өз тәжірибеміз көрсетуге тиіс. Өтпелі кезең уақытында біздің азаматтарымыздың көпшілігі қилы істі бастан кешірді әрі көп нәрсені құрбан етті. Бірақ біз мұны тек сіздер мен біздің игілігіміз үшін ғана емес, ең алдымен, балаларымыз бен немерелеріміз үшін жасап отырмыз.

Төртіншісі. Біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде — халқымыздың немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ, әрі олар осындай сапаға жетуді өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды. Мұның өзі — біздің халқымыз бен бұрынғы жүйенің аса ірі жетістігі. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз.

Бесіншісі. Біздің табиғи ресурстарымыз — орасан зор байлық. Алайда мұның өзі қаншалықты керемет көрінгенімен, әлемдік тәжірибе табиғи байлығы бар көптеген елдердің оны дұрыс игере білмегендіктен, ақыры кедейлер қатарынан шыға алмағанын көрсетеді. Алайда Шығыс Азияның неғұрлым серпінді дамыған елдері — табиғи ресурстары жоқ елдер. Осының бәрі жетекші фактор — бұл адамдардың өзі, олардың ерік-жігері, күш-қуаты, табандылығы, білім-білігі екенін тағы да дәлелдей түседі. Бұл — бізге гүлдену мен тәуелсіздік есігін айқара ашуға мүмкіндік беретін нақ сол «алтын кілттің өзі».

Әлемнің келеңсіз тәжірибесін де үйрену қажет. Ол даму стратегиясының немесе оларды іске асыру қабілетінің болмауы табиғи байлықтар әлеуетінен басым түсетінін айқын көрсетіп отыр. Сондықтан, бұдан біз шығаратын басты қорытынды — ойластырылған стратегия жасап, оны барлық қиындықтарға қарамастан жүзеге асыру қажеттігі. Жер қойнауының байлығы — барша келер ұрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.

Алтыншысы. Біздің ауқымды алқаптарымыз, ауыл шаруашылығы жерлеріміз — орасан зор әлеуетіміз. Көптеген өлшемдер бойынша біз Канада мен Австралияға ұқсаспыз, бізге тек бір нәрсе — олардың өнімділігі мен экспорттық әлеуеті жетіспейді. Бұл жерде де, тағы да, ең бастысы — нақты және тиімді стратегия, адамдар мен капитал.

Біздің *жетінші* бекем тұсымыз — қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішінде тікелей тайталасқа жібермей, ахуалды тұрақтандыра білдік, мұны мақтан етеміз, өкінішке қарай, көптеген дамушы және кешегі коммунистік кейінгі елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда толық тұрақтылықтың, ал топтасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзіміздің біртұтас отбасымыз деп сезіну, өз мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай келісе ілгерілеу үшін алдағы уақытта көп жұмыс тындыруға тура келеді.

Бұл бір-бірімізбен кедейшілік пен жоқшылық жағынан теңесу, теңгермешіліктің жаңа жүйесін орнату да емес. Сондай-ақ қандай да бір этникалық немесе діни топтарға басқалармен салыстырғанда басымдықтар беру жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық міндетіміз — халықтың көптеген топта-

рының бірлігі, жекешіл және қоғамдық негіздерді салықалы үйлестіру, мұның өзі қоғамымыздың жарасымды сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі.

Байлардың ат төбеліндей шағын тобы жарлы адамдардың үлкен тобынан едәуір алшақтап кеткен жерде қоғам еш уақытта еңсесін көтеріп, абаттанып гүлдене алмайды. Түрлі этникалық және діни топтардың құқықтары әр түрлі болып келетін, біреулерге мүмкіндіктер беріліп, өзгелерге берілмейтін, саяси партиялар мен қозғалыстар тікелей қарама-қарсы тараптарға «бұра тартатын», бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен жауапкершілігі, либерализм мен демократияның және мемлекет күшінің арасында орасан зор сәйкессіздіктер бар елдің де болашағы жоқ. Біз шектен тыс шығандап кетудің бірін бастан кешірдік, екіншісіне түсіп малтықпасақ игі. Менің ойымша, осы бір ақылға сыйымды дүниелерді ұғыну қоғамдық санада нық орын тепкен де тәрізді.

Серізінуісі. Мен қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігін, олардың кең пейілділігі мен ақ жарқындығын атап айтқым келеді. Мұны шетелдіктердің баршасы дерлік айтып жүр. Мен өз отандастарымызға өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарын түсініп, оған төзіп отырғаны үшін ризамын және осы қасиеттер — біздің табысқа жетуіміздің, қоғамымыздың топтасуының, шетелдік инвестицияларды тартудың және халықаралық қоғамдастықты біздің проблемаларымызды шешуге кірістірудің елеулі кепілі деп санаймын.

Біздің осындай күшті жақтарымызбен бірге сыртқы сипаттағы бірқатар мүмкіндіктеріміз бар. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз ең алдымен еліміздің географиялық, геосаяси және геэкономикалық жағдайымен айқындалады. Қазақстанның негізгі үш мүмкіндігін бөліп айтуға тұрарлық.

Бірінші мүмкіндік біздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды. Әлемдік экономикалық және саяси процестердің ауқымдану процесі осы факторды түйінділерінің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді: атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылған болатын. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі.

Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлары туралы айтпағанның өзінде, мен нақ осы себептен, Еуразия идеясын ұсындым және оны дамыта бермекпін, әрі оның стратегиялық болашағына да сенімім кәміл.

Бізбен шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де тиімді транзиттік әлеуетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақпен жасау қажет.

Осындай тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, шекараларымыздың өн бойында өз өнімімізді өткізудің аса ірі нарықтарының орасан зор әлеуетіне ие болып отырмыз. Таяу жатқан сыйымдылығы 2 млрд адамға жуық нарықтардың, бірен-сарандары болмаса, қалған кез келгені Қазақстан өнімін, әлбетте, оның бәсекелестік қабілеттілігі болған және тиісті көлік арналары дамыған жағдайда, жұтып қоюға қабілетті. Бұл көршілер — Ресей, Қытай және ислам мен Орталық Азия мемлекеттерінің тобы, Таяу және Орта Шығыс елдері — тарихи тұрғыда маңызды

әлемдік орталықтар болып табылады. Күллі Еуразия құрлығында бейбітшілік пен тату көршілік және өзара сенім қарым-қатынастарын орнықтыру — табысты дамудың қажетті шарты. Соғыстарға, бақталастыққа, бәсекеге және егеске киліккен елдер өздерін тоқырау мен артта қалушылыққа ұрындыра отырып, өз ресурстарын, уақыты мен күш-қуатын орынсыз шығындайды.

Екіншісі. Мемлекет құрылысы мен реформаларды жүргізудің ауыр процестерін шетелдік мемлекеттер мен донорлық ұйымдар тарапынан қолдау бізге қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл тұрғыда көптеген елдердің бізге қарағанда оншалықты жолы болмады. Осы фактор, әсіресе өтпелі кезеңнің бастапқы кезеңдерінде өте маңызды, өйткені бізге сырттың қаржы ресурстары мен білім-білігі қажет.

Үшіншісі. Ауқымдану және ғылыми-техникалық прогресс процесі, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы біздің аумақты, әрі аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Алайда біздің осы процестермен қатар адымдайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды. Демек, осы технологияларды ұғыну, олардың біздің қоғамымызға толық кіруіне қол жеткізу, ғылыми-техникалық кадрларды қолдау маңызды.

Бүгінгі дамуымыздың келеңсіз сипаттары туралы айта отырып, олардың көпшілігінің уақытша және өтпелі сипаты барын, оның өзі де кеңестік мұра мен өтпелі кезеңнің қиындықтарының салдары екенін атап өту қажет.

Біріншісі. Бұл коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған біздің діліміз. Кейбіреулер жақында болған өзгерістерді ынта-жігерімен пайдаланды, бірақ басым бөлігі олай істеген жоқ. Адамдарға

субъективтік және объективтік факторлар ықпал етеді, олар болып жатқан өзгерістерге баяу бейімделіп, өз проблемаларын шешуде бұрынғысынша мемлекеттің көмегіне иек артып отыр. Мұндай пәлсапа мен тұрмысқа деген көзқарас олардың жаңа қиындықтарға төтеп беруіне бөгет болады, күшқуаты мен өзінше іс-әрекет жасау талабынан айырады.

Мемлекеттің ендігі жердегі жаңа рөлі адамдар үшін шешімдер қабылдауда емес екенін көптеген шенеуніктердің өздерінің де әлі түсіне бермейтіні құпия емес. Керісінше, оның рөлі бәрінен бұрын азаматтар мен жекеше сектор өздері мен өз отбасылары үшін тиімді шаралар қолдана алатын жағдайларды қалыптастыруда болып отыр. Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз.

Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады.

Екінші. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру, КСРО-ның ыдырауы және Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне кіруі өндіріс көлемдерінің елеулі төмендеуіне әрі осының салдары ретінде — әлеуметтік ахуалдың объективті түрде төмендеуіне әсер етпей қоймады. Технологиялық тұрғыда артта қалған және қуатты мол қажет ететін өндірістердің ауқымды

бөлігі, даярланбаған және шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларын игере алмаған менеджмент — бәсекеге қабілетсіздікке және көптеген кәсіпорындардың тұрып қалуына, дәстүрлі өткізу рыноктарын жоғалтуға, төлемсіздіктер мен өндірістің құлдырауына алып келген негізгі факторлар, міне, осылар. Осының салдарынан біздің елімізде соңғы сегіз жылда өндіріс деңгейі екі еседен артық қысқарды, ал бюджеттік түсімдер одан да көбірек қысқарды. Мұның өзі көптеген дамушы елдердегі экономикалық өсудің жоғары қарқынымен бір мезгілде болғандықтан, біздің экономикамыз шартты түрде алғанда үш еседен астам артта қалып қойды. Осы факт бізді бұрынғыдан да жіті, жігерлі қимылдауға мәжбүр етіп отыр.

Үшінші. Біздің экономикалық құлдырауымыздың салдарынан азаматтарымыздың көпшілігінің табысы мен өмір сүру деңгейі нашарлап кетті. Теңгермешілікті жою және жұмыс істейтін еңбек рыногын құру байлар мен жарлылар арасында елеулі айырмашылықтың туындауына әкеліп соқты. Бұл ретте — мемлекеттің жетекші тірегі және қоғамның негізгі тұрақтандырушы факторы — орташа таптың шоғыры аз.

Төртінші. Экономиканың қозғаушы күші болуға тиіс ұлттық жинақталымдардың ұлғаюы мен капиталдың қорлануы баяу. Ішкі капитал мен жинақталымдардың жеткіліксіздігінен Қазақстан шетелдік капиталға, жекеше капиталға да, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарына да одан әрі тәуелді бола түсті. Экономиканы әрі қарай сауықтыру инвестициялардың зор көлемде келіп құйылуына байланысты, мұның өзі инвестициялық ахуал едәуір жақсартылса ғана мүмкін болады.

Бесінші. Әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға ауыртпалықпен өту бұған дейін осындай ауқымда бізге беймәлім болған кедейлік пен жұмыс-

сыздық проблемаларын туғызды. Бұлар қылмысқа, есірткіқұмарлыққа құнарлы негіз қалап, қоғамдық түнілушілікті туындатады және қоғамдық тұрақсыздық мүмкіндігін арттырады. Зейнетақылар мен еңбек-ақылардың уақтылы төленбеуімен астасқан жоғары жұмыссыздық деңгей негізінде экономикалық проблемалардан, қаржылық капиталдың болмауынан және оларды шешудегі әлсіз стратегиялардан туындады. Аграрлық және әлеуметтік секторларды (денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және т. б.) реформалаудың тиімді бағдарламаларының жоқтығы және өтпелі кезеңнің қысылшаң жағдайларында бюджет қаражатын бөлуді қысқарту осы бір өмірлік маңызы бар салалардың нашарлауы мен тұралап қалуына алып келді.

Осы процестер *алтыншы* осал жағымызды, кез келген тұрғыдан қауіпті — демографиялық өнімсіздігімізді де сипаттап отыр. 1992 жылдан бастап соғыстан кейінгі 50 жыл ішінде тұңғыш рет біздің халқымыздың саны қысқара бастады.

Біздің босаң тұстарымыздың қатарына *жетінші* осал жағымызды — жете даярланбаған және нашар ұйымдастырылған мемлекеттік басқаруды жатқызған жөн. Мұның өзі де таза қазақстандық проблема емес. Бұл құбылыспен түгелдей барлық колониализм дәуірінен кейінгі дамушы және коммунистік кезеңнен кейінгі елдер бетпе-бет келді. Бүгінгі таңда көптеген проблемалардың шешімі осы факторға келіп тіреледі және оны тез еңсеру де мүмкін емес. Әзірше бізде стратегиялық міндеттерді жоғары кәсіби деңгейде, отансүйгіштікпен және адал шешуге қабілетті адамдар мүлде аз.

Барлық істерге жөн-жосықсыз араласу әдеті, ақпаратты қоғамнан жасыруға жетелейтін құпияшылдықтың қажетсіз және зиянды сілемі, ведомствошылдық пен жершілдік, жекжатшылдық пен

топшылдық, ұжымдық жауапсыздық, сүреңсіздік пен бойкүйездік, сәйкессіз және көп сатылы құрылым, сыбайлас жемқорлық — міне, біздің бюрократияның бұрынғы режим тәрбиелеп кеткен әрі соңғы жылдары анық көрініс берген, жасырын нысаннан ашық күйге ауысқан «қадір-қасиеттерінің» әлі де толық емес жиынтығы осы.

Бұл проблеманың екінші бөлігі кәсіпорындардағы менеджерлер корпусының мүлде төмен сапасы болып табылады.

Жағдайды оңалту үшін көп іс істелді, соның ішінде кей сәтте оташылық әдістерін де қолдандық. Бірақ бұл проблеманың басым проблемалар қатарында тұрғаны айқын.

Мемлекет басшысы ретінде мен бір нәрсені айтуға тиіспін. Шенеуніктердің жаңа жағдайға бейімделуі үшін біз бөле алатын уақыт өтіп кетті. Ендігі жерде өзге адамдардың есебінен жарылқаушы болуға, елдің дамуына нұқсан келтіруге болмайды. Осы зиянды әдеттердің қаулап өсу әлеуетіне түбірінен балта шауып, Үкімет аппараты мен мемлекет қызмет реформаларын жеделдету қажет.

Ақыр соңында, бізге заңдарымыздың жартыкештігіне және тұрлаусыздығына көңіл бөлу қажет. Үйдің іргетасын қалау жеткіліксіз — оның қабаттары, қабырғалары мен шатыры болуы қажет. Мұның өзі — инвестициялық ауанды жақсартуға, кедейшілікті азайтуға, қылмыс біткенді құртуға және әлеуметтік саланы дамытуға қатысты маңызды мәселе.

Мен теріс факторларды оң факторлармен қатар ұлттық стратегиямызды іске асыру үстінде өзіміз ұшырасуға тура келетін міндеттерді белгілеу үшін санамалап өттім. Мықты тұстарымыз бен мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ әлсіз тұстарымыз бен елімізге келер қатерді бөліп атай отырып, олардың уақыт

кеңістігіндегі серпінділігін әрі диалектикалық тұрғыда өзара байланыстылығын назарда ұстау қажет. Мүмкіндігіміз қатерге ұласуы да, керісінше болуы да мүмкін. Бүгінгі мықты тұстарымыз әлсіз тұстарымызға айналуы және керісінше болуы да мүмкін.

Біз қандай шамада мүмкіндіктерімізді пайдаланып, қауіп-қатердің алдын аламыз, өзіміздің оңымызды еселеп, терісімізді азайтамыз — бұл біздің өзімізге, мақсаттар мен басымдықтарды дәл қоя білуімізге, оларды уақтылы әрі оралымды іске асыруымызға байланысты.

2. ҚАЗАҚСТАН МҰРАТЫ

*АЛДЫҢДА НЕ КҮТІП ТҰР, СОНЫ ОЙЛА.
ИГІ МАҚСАТҚА ТУРА ЖҮРГЕН ЖЕТЕДІ.*
Фирдоуси

*ҚАЙ ПОРТҚА БЕТ АЛҒАНЫН БІЛМЕЙТІН
КЕМЕНІҢ ЖЕЛ ДЕ ОҢЫНАН ТҰРМАЙДЫ.*
Сенека

Бүгін біз зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз. Азияның ең кедей елдерінің кейбірінің отыз жыл ішінде қайыршылықтан оңалып, индустриялы мемлекеттерге айналғанын сіздердің көпшілігіңіз білесіздер. Алғашқылары Корея, Тайвань және Сингапур болса, ал қазір оларға Малайзия, Индонезия және Таиланд қосылды. Біздің ұлы көршіміз — Қытай жоғары қарқын танытып отыр. Индия мен Бразилия да өз қуатын еселей түсіп келеді. Бізге достас Ресей де жуық арада ұлы елдің жаңа келбетіне ие болады деп шынайы үміт артамыз және оған сенімдіміз.

Осыдан қырық жыл бұрын Сингапур өз тәуелсіздігін алған кезде, жан басына шаққанда 200 долларға жетпес табысы бар әлемдегі ең кедей елдердің бірі еді. Бүгінгі таңда сингапурлықтардың жан басына шаққанда 20 мың доллардан асатын

табысы бар. Өзінің халқы, этникалық құрамы жөнінен және басқа да «көптеген» параметрлері бойынша бізге ұқсас ел, Малайзия да 20 жылға жетпейтін уақыт ішінде өз азаматтарының өмір сүру деңгейін 10 есе арттыруға қол жеткізді. Осындай табыстарының нәтижесінде бұл елдер күллі әлемде Азия Жолбарыстары ретінде танылып отыр.

Қазақстан өзінің күллі мүмкіндіктерімен нақ осындай нәтижеге қол жеткізе алмайды дейтін себептер бар ма? Ондай себептер жоқ. 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін.

Бізде Жолбарыстар жоқ, тауларымызда тіршілік ететін Қар Барысы дүниежүзілік қоғамдастыққа онша таныс емес.

Жануарлар әлемінде Жолбарыс туыстас болғанымен, Барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар.

Бұл — өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалылығымен дараланатын Барыс болмақ.

Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды әрі тікелей соқтығыстардан бойын тартатын болады. Бірақ егер өзінің еркіндігі мен тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады.

Ол сыптай да серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс; әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды.

Ол жаңа асулар мен шыңдарды бағындыруда, мақсатына жетелейтін елеусіз, бірақ сенімді соқпақтарды іздестіруде табанды да бірбеткей болуға тиіс.

Ол қауіп-қатерден қаймықпауға, тоқшылықтан босаңсымауға тиіс.

Ол өз ұрпағын баулыған кезде: оны баса-көктей келген қонақтардан қорғай отырып, аузындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беруге тиіс, сөйтіп кез келген ортадағы қатаң бәсекелестік жағдайында ерте сақайып, өз бетінше дербес өмір сүруге жетелеп, көрегендік танытады.

Ол өзі ішетін тұнық судың лайланбауын, ал өз аясында тіршілік ететін табиғат пен тыныстайтын ауасының жақсаруын қатаң қадағалап отыратын болады.

Ендеше қазақстандық барыстың бойына дамудың алдыңғы қатарлы үздік деңгейіне үстелген бақтыстың талғампаздығы да, шығыстың кемеңгерлігі мен төзімділігі де тән болуға тиіс.

Ол өзінің талпыныс-ұмтылыстарында, жеңістері мен сәтсіздіктерінде бір ананың сүтін тел емген өзінің бауырлары — Өзбек, Қырғыз және басқа да Орталық Азия барыстарымен дәйім бірлікте болып, олардың өрлеуі мен жетістіктерін мақтанып тұтатын болады.

Дегенмен, 2030 жылғы осындай Қазақстан өзінен-өзі пайда болмайды. Оны біз өз қалауымызбен және табысқа жетуге талпынған ерік-жігеріміз арқылы тұрғызамыз. Егер біз осы мүмкіндікті сәтімен пайдалана алмасақ, егер біз болашағымызға жоспар құрмай және бүгінгі күні нақты іс-қимылдарды іске асырмай, күндер мен апталарды уысымыздан шығарып алсақ, егер сәтсіздікке ұшырасақ, онда өзімізден басқа ешкімге кінә арта алмаймыз.

Еш нәрсеге бірден қол жетпейді. Табысты әрі тұрақты дамуға объективті түрде белгілі бір сатылар тән, оған құлашты бір сермегеннен жетуге болмайтыны да белгілі.

Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен Қарулы Күштер құра алмаймыз, демографиялық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз.

Экономикалық дамудың жоғары қарқынына қол жеткізу өз кезегінде саяси тұрақтылық пен тұрлаулылықты, қуатты әрі нысаналы реформаларды талап етеді. Ал бұл үшін Президенттің саясатын іске асыруға, ескінің қарсылығын еңсеруге, әрі күмәнданушыларды соңынан ерте білуге қабілетті кәсіби, зерделі, батыл және отансүйгіш Үкімет қажет.

Бұл жұмыста табысқа жету Қазақстан азаматтарының қолдауына байланысты. Ал мұндай қолдау адамдар істің оңалуға беталысы мен әділеттілікке көзі жеткен жағдайда ғана көрсетіледі. Нақ сондықтан адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің күллі күнделікті жұмысымыздың күретамыры болуға, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес батыл жүргізілуге тиіс.

Осындай болашақтың іргесін тұрғызу үшін және алған бағытымыздан ауытқымас үшін, біз өзіміздің нені қалайтындығымызды білуге тиіспіз. Сондықтан ұзақ мерзімді кезең жайында айтқан кезде, мен, мемлекет басшысы ретінде, біздің еліміздің мұраты: ұлттық біртұтастық, әлеуметтік әділеттілік тән, әрі күллі халқының экономикалық әл-ауқаты артқан тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстанды сомдау деп санаймын.

Барша қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы—өзіміз орнатсақ дейтін Қазақстанды сипаттайтын өрелі сөздер, міне, осылар. Біздің ілгері жылжуымызға қарай бұл сөздер әрдайым біздің ізашарымыз болып қалуға тиіс.

Мен өзіме 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар, бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр

болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады.

Біздің балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, магазиндердің иелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен фабрикалардың иелері, биржа делдалдары және спортшылар болады. Олар мұнай, газ бен электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіретін, әрі олармен әлемдік экономиканы қамтамасыз ететін болады. Көпшілігі халық тұтынатын жоғары технологиялық тауарларды және әлемдік рынокта өзінің арзан бағасы мен үздік сапасына орай жоғары сұраныспен пайдаланатын өнімнің көптеген басқа да түрлерін өндіруші болады.

Біздің жас ұрпақтың кей өкілдері мемлекеттік қызметке тұрады. Олар жоғары ақы төленетін, жақсы оқытып үйретілген, Қазақстан мен Қазақстан халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоятын мамандар бола отырып, жаңа дәуір жағдайында жұмыс істейтін болады.

2030 жылдың азаматтары мемлекеттің өздерінің құқықтарын қорғайтынына және мүдделерін биік ұстайтынына сенімді болады. Бұл ретте олар қолайсыз жағдаяттар себебімен өмірден өз орнын таба алмай, мемлекетке әлеуметтік көмек сұрап жүгінуге мәжбүр болған аз ғана адамдарға да мемлекеттің қамқорлық жасайтынын білетін болады.

2030 жылғы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйлеріміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балаларымыз бен балаларымыздың балалары кінәратсыз жағдайда толыққанды өмір сүретін болады.

2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың — Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады.

Оны барлық ұлттар үшін тең мүмкіндіктер барына сенімді, бірақ бәрінен бұрын өздерін Қазақстанның азаматтарымыз деп санайтын көптеген ұлттардың өкілдері мекендейтін болады.

2030 жылғы Қазақстан әлі де барынша кемелдене алмайды. Ол әлі әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймайды, бірақ ол күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

Әрине мұның бәрі — болашақты ой көзімен көру, оның моделі, асқақ мұрат, арман ғана. Сіздердің көпшілігіңіз бұл мұратты кей кезде ең қарапайым нәрсенің өзі жетіспей жататын бүгінгі тіршілікпен салыстырып, мұны қиялға балап, ащы мысқылмен езу тартуларыңыз да мүмкін.

Бірақ олай емес. Мұның бәріне де қол жеткізуге болады, әрі әлемдік тәжірибе бұл жоспарлардың ақиқаттығын қуаттап отыр. Иә, бүгін бәрімізге қиын түсіп отыр. Оңай болған кезі бар ма? Біздің аталарымыз бен әкелеріміз осы жүз жылда қандай жеңіл кезді бастан кешірген екен? Азамат соғысы, аштық пен жұт, жаппай қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы немесе соғыстан кейінгі күйзеліс жылдары оларға оңай тиді дейсіз бе? Өткен ғасыр мен оның алдындағы ғасыр жеңіл болып па? Әрине бұл — тарих. Тіпті бүгінгі күні де жер бетінде 800 миллион адам жыл сайын асқа жарымай, аштықты бастан кешіруде, талай жүздеген миллион адамдардың баспанасы жоқ, миллиондар қанды соғыстарда қаза тауып жатыр.

Ендеше біз неге аһылап-уһілей береміз, ішкі қуатымызды қысыр сөз бен күңкілге несіне жұмсаймыз?

Кез келген сыннан бірлігіміздің, күш-жігеріміздің және болашаққа деген сеніміміздің арқасында абыроймен шыққанымызды ұмытатындай зердеміз сонша қысқа ма еді? Тәулік бойы тыным таппай жұмыс істеп, аш құрсақ жүрсек те, аузымыздағыны балаларымызға жырып беріп, олардың ертең жақсы өмір сүретініне сенген едік қой.

Бүгін және ертең дәл осылай істеуімізге не кедергі? Ендеше неге уайымға салынып, еңсемізді түсіріп жібердік? Ендеше еліміздің алдында, әрқайсымыздың алдымызда орасан зор мүмкіндіктер ашылған осындай кезде, ең бастысы, бұрын ешқашан еншімізге тимей келген еркіндікке қолымыз жеткен кезде мұнымызға не жорық! Барлығы тек өзімізге, сенімімізге, ерік-жігерімізге, бірлігіміз бен еңбегімізге байланысты. «Ел мен үшін не істей алады деп сұрамаңыз, ел үшін өзім не істей алам деп сұраңыз».

Джон Кеннедидің американ халқына арнаған үндеуіндегі осы бір сөздер біз үшін бұрынғы қай кездегіден де гөрі көкейімізден шығып тұр.

3. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМ МАҚСАТТАР МЕН ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

*БҰЛ ӘЛЕМДЕ ЕҢ БАСТЫСЫ — БІЗДІҢ
ҚАЙ ЖЕРДЕ ТҮРҒАНЫМЫЗ ЕМЕС,
ҚАҢДАЙ БАҒЫТТА ЖЫЛЖЫП
БАРАМЫЗ — МІНЕ, СОНДА.*

Холмс

Біздің еліміз мен айтқан перспективаларға қол жеткізуі үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. **ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТОПТАСУЫ.** Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. **Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ.** Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. **ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, БІЛІМІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ.** Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. **ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫ.** Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. **ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС.** Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. **КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ.** Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін біз бір жылдық, үш, ал кейіннен бес жылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, біз стратегиямызды талдап жасауға және оны дәйекті түрде іске асыруға тиіспіз.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен біздің азаматтарымыздың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге, еліміздің бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынуға тиіс.

1-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ: ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ.

Халық даналығы

Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы мен тұрақты өсуі үшін қажетті шарттардың негізгісі оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы екеніне куә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Біздің ұрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ кешірер. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айырылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ. Әрине болашақты бағамдаудың мұндай қисыны кез келген ішкі және сыртқы жағдайларда ұзақ мерзімді кезеңге арналған Қазақстан саясатының стратегиялық бағыты үшін уақыты жағынан үздіксіз болуы керек. Бұл Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының бірінші стратегиялық басымдығы болуға тиіс.

Қауіпсіздіктің басымдығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Бабаларымыздың өз мемлекетінің іргетасын қалауы мен дамуыын шолып қарағанда, олардың өз мемлекеттілігін

сақтап қалу үшін тарихи ауыр және қатал күрес жүргізгенін айқын көрсетеді. Осы стратегиялық міндеттің шешімін үнемі іздестіру қажеттігі бізден қалыптасып отырған жағдайды геостратегиялық күштермен және олардың өзгеру серпінімен теңдестіре байсалды әрі барабар бағалауды талап етеді.

Қазақстанның қазіргі кездегі және жақын болашақтағы ұлттық қауіпсіздігіне төнуі ықтимал қауіптің тікелей әскери басып кіру және мемлекеттің аумақтық тұтастығына қатер төндіру сипатында болмайтынын біз түсінеміз. Ресейдің де, Қытайдың да, Батыстың да және мұсылман елдерінің де бізге шабуыл жасауға итермелейтін сылтауы жоқ екені айдан анық. Бұл тыныштық пен тұрақтылықтың болжап білуге болатындай қашықтығы Қазақстанның экономикалық әлеуетін тиімді нығайту үшін пайдаланылуға тиіс, соның негізінде біз ұлттық қауіпсіздіктің сенімді жүйесін құра аламыз.

Өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізбен берік және достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен тең құқылы қарым-қатынасымызды дамытып, нығайта береміз. ҚХР-мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастырамыз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптайды. Біз Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстарымыз бен интеграциялық процестерді күшейте береміз.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен де қарым-қатынастарымыз тиісті деңгейде нығая береді.

Біздің стратегиямыздың екінші құрамдасы — Америка Құрама Штаттарын қоса алғанда, басты демократияшыл индустриясы дамыған мемлекеттер-

мен байланысын күшейту. Бұл елдер тәуелсіз және гүлденген Қазақстанды құрудың өздерінің ұлттық мүдделеріне сай келетінін ұғына бастады.

Үшіншіден, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік, Азиялық, Еуропалық және Ислам даму банктері сияқты халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен қолдауын барынша пайдаланамыз, бұл Қазақстанға халықаралық қауымдас-тық тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Біздің стратегиямыздың төртінші элементі — еліміздің ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтасты-ғын қорғау үшін сенімді негіз бола алатын бай табиғи ресурстарды игеру.

Бесіншіден — біз Қазақстанның барлық азаматта-рының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Халық пен мемлекет арасындағы бұрынғы тығыз байланыс едәуір босаңсып кетті, ал жеке мен мемлекеттік мүдде ара-сындағы жаңа байланыс әлі қалыптаса қойған жоқ. Бақытымызға орай, бұқаралық санада адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын түсіну пісіп-жетіліп келеді. Адамдардың тұрмысының жақсаруы-на орай ол сезімнің нығая беретініне күмәным жоқ. Бұл әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі ол тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне бай-ланысты екені сияқты, бір қарағанға, қарапайым ақиқатты пайымдауды жеделдетеді.

Біздің ұжымдық қауіпсіздігіміз қамтамасыз етілгенде әрбір адам өзінің жеке мүдделері ғана қам-тамасыз етіліп, ал қоғам қауіпсіздігі қыл ұшында тұрғандағыға қарағанда әлдеқайда көп нәрсе ұтады. Егер еліне қауіп төніп тұрса, жеке адам қаншалық-ты сәтті өмір сүргенімен, ол бәрібір қорғансыздың күнін кешеді. Қоғамдық мүдденің жеке меншік мүддеден басым екенін көрсете отырып, мұны, әсіресе біздің ұлттық капиталымыздың өкілдері терең пайымдауға тиіс.

Бізге деген ниеті теріс күш иесі өзінің оны қолданбақ әрекетіне немесе қатер төндіруіне қарсылық көрсетілетінін алдын ала білуі үшін біз әлемге бірлігіміз бен тәуелсіздікке деген ерік-жігерімізді, азаматтығымыз бен отансүйгіштігімізді паш етуге тиіспіз. Айқын азаматтық тұғырымыз болмайынша, стратегияның тәуелсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған басқа элементтерін ойдағыдай іске асыру өте қиынға түседі.

Қорғаныс саясатымызға келетін болсақ, біздің бейбітшілік сүйгіш халық екеніміз және ешкімнің жеріне, ресурстарына, байлығына көз тікпейтініміз баршаға аян болуға тиіс. Жеріміз де, мол қазынамыз да өзімізде жеткілікті, ал дәулетті өз еңбегімізбен еселей береміз.

Бірақ біз басқа елдермен өзіміз қандай қарым-қатынаста болсақ, Қазақстанға қатысты дәл сондай қарым-қатынасты талап етеміз және кез келген тосын жағдайларға әзір тұрамыз.

Біздің дәуірімізде, әлемнің әскери егестен алыстауына орай, бәсекелестік әскери саладан саяси және экономикалық салаға ойыса бастады. Біз бұл үрдістің бел алатынына сенеміз және бейбітшілік орнап, тату көршіліктің қалыптасуына бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Сонымен қатар біз Қазақстанның өзінің экономикалық дамуына орай, дүниежүзілік экономикаға дәйекті енуі елді әскери-саяси, экономикалық және конфессионалдық сипаттағы әр түрлі аймақтық қақтығыстардың тосын иірімдеріне тартып әкетуі мүмкін екенін де түсінуге тиіспіз.

Міне, сондықтан да қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысында сөзсіз басымдық біздің **сыртқы саяси** қызметімізге және Қазақстанның өз көршілерімен, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым-қатынасының берік тұғырын қалыптастыруға беріледі.

Бүгін, жиырманшы ғасырдың аяқ шенінің өзінде, Екінші дүниежүзілік соғыс пен қырғи қабақ соғыстан алынған сабақтан кейін де, әлемнің блоктар мен одақтарға бөліну қаупі жойылған жоқ. Бірақ бұл жол Қазақстан үшін қолайлы емес, біздің бес элементтен тұратын стратегиямыз осыған келіп саяды. Еліміздің этникалық құрамы соншама алуан түрлі болып келеді, біздің мүдделеріміз де өте маңызды, ал келешегіміз де өте зор, сондықтан да біз қандай да бір елмен арадағы қарым-қатынасқа тәуелді болып қалуға немесе соған ғана иек артуға жол бере алмаймыз.

Қазақстан халқы мен Қазақстан Үкіметі бар күш-жігерді ірі ұлттаралық капитал үшін төзімді және оңтайлы экономикалық өріс құруға жұмсауға, елімізге ұзақ мерзімді инвестициялар тарту үшін «ықыласты рай» туғызуды көтермелеуге тиіс. Біз қандай да бір тайталасты әскери жолмен шешуге барынша қарсы тұрып, «жақсы араздықтан жаман татулық жақсы» дейтін қағиданы уағыздауға тиіспіз. Жақын және алыс болашақтағы ұлттық мүдделерді қорғау мен күштердің теңдестігін қамтамасыз етудегі біздің мықты құралымыз, ынтымақтасу саясаты ең алдымен Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан арасындағы Орталық Азия Одағын нығайтып дамыту, басқа мемлекеттердің ісіне араласпау, қарсы тұрудан гөрі татулық ахуалын басым ұстау саясаты болуға тиіс.

Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн.

Сондықтан Қарулы Күштеріміздің құрылысы мен жаңартылуына, олардың кәсіби даярлығы мен жауынгерлік әзірлігінің деңгейіне және оларды қару-

дың осы заманғы құралдарымен жарақтандыруға зор басымдық берілетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезге сай әрі тиімді армиясын, әскери әуе және әскери теңіз күштерін құру үшін бізге материалдық бөлімді, жеке құрамды және оны оқыту жөніндегі жұмысты нығайту керек. Мұның өзі Қарулы Күштерге бөлінген және бұдан былай да бөлінетін бюджет қаражатын үнемді және тиімді жұмсауды тұрақты түрде талап етеді. Бұған қоса аймақтық қорғаныс жүгін бөлісу үшін еліміз өз көршілерімен ынтымақтасатын болады.

Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін ізеттілігіміз бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріштарлықтың көрінісі емес.

Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғысынша немқұрайдылықпен қарайтын болса, онда біз ХХІ ғасырдың қарсаңында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон процестерінен ғана емес, табиғи жолмен кеми беретін «демографиялық апат» жағдайына тап боламыз. Бұл тенденция дереу тоқтатылуға тиіс.

2-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ: ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТОПТАСУЫ

*БІРЛІК ЖОҚ ЖЕРДЕ — ТІРЛІК ЖОҚ.
Төле би*

Тағу көршілік бірінші кезектегі міндет, алайда елді ішкі алауыздық жайласа, ол шешілмейді. Егер әр түрлі топтар оларды қандай мүдделердің — саяси, идео-

логия, діни, этникалық немесе таптық мүдделердің біріктіретініне қарамастан, қарама-қарсылық күйде болса, бұл халықты ортақ игілікке қол жеткізумен өзінің ұлттық мүдделерін іске асыру мақсатынан жаңылыстыратын қауіпті жағдайға әкеп соғады. Бұл жерде әңгіме тікелей қарсыластық немесе соғыс жағдайы туралы да болып отырған жоқ. Солтүстік Ирландия, бұрынғы Югославия, Перу, Ауғанстан, Камбоджа мен Руанда және басқа да елдер ешбір өркениеттің, ешбір мәдениеттің алауыздықтың ауыр салдарынан сақтандырылмағанын дәлелдеп отыр.

Бірлікке апаратын жолдағы бұрынғы кедергілерді жойып, әдетке, құштарлыққа, ерекше мүдделерге, дінге, жас қарайластығына немесе басқа факторлардың қайсысына негізделгеніне қарамастан, жаңа кедергілерді болдырмау — біздің міндетіміз. Диалогтың ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз.

Қоғамның негізі болып табылатын бұл басымдықты жүзеге асырудағы біздің стратегиямыздың мынадай құрамдас бөліктері бар:

— еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтығымызды дамытатынымызға кепілдік беру;

— этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету;

— қоғамымыздағы дәулеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықты азайту және ауыл проблемасына үнемі ерекше көңіл бөлу;

— өтпелі және кейінгі кезеңдерде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіп отыру;

— ұзақ мерзімді болашақта саяси тұрақтылық-

ты да, қоғамның топтасуын да қамтамасыз ететін бай Қазақстанды барынша жігерлі түрде қалыптастыру;

— адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыту;

— әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту.

Бүгін «Біздер — қазақстандықтар кімдерміз?» деген сырттай қарағанда қарапайым сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды. Өзін-өзі бірегейлендіру проблемасын шешу үшін уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады.

Коммунистік режим 70 жылдан астам уақытта бірыңғай кеңес халқын ақыры қалыптастыра алмады. Отарлықтан шыққан көп ұлтты елдердің көпшілігі ондаған жылдар өткеннен кейін де бұл процесті аяқтай алмады. Бізде де бұл сезім қалыптасып, орныққанға дейін бірнеше ондаған жылдар өтеді.

Бірақ қазірдің өзінде бізді біріктіретін бірқатар факторлар бар. Бұл — өз шекарамыздың шегіндегі жеріміз, оны көркейткен ата-аналарымыз, сәтсіздіктердің ауыртпалығын бірге көтеріп, жетістіктеріміздің қуанышын бірге бөліскен ортақ тарихымыз. Бұл — келешекте осы жерде бірге тұрып, бірге жұмыс істейтін біздің балаларымыз. Сондықтан біздің әрқайсымызды өз ата-анамыздың алдындағы борышымызды ұғыну мен балаларымыздың өмірін одан әрі жақсарта түсуге деген ұмтылысымыз біріктіреді. Бүгінгі таңда осы айқын мақсаттар бірлік пен топтасу үшін нақты тұғыр болып табылады.

Тәуелсіздік пен реформалардың алғашқы жылдарында біз коммунистік-ұжымдық негіздерден жекеше-дарашылдыққа қарай ыға бастадық. Жеке меншік дарашылдықтың жедел дамуы құндылықтар бағдарын ауыстыруға ғана көмектесіп қоймай, этника-

аралық қарама-қайшылықтардың терең тамырларын қиып, олардың әлеуетін кемітуге де ықпал етті.

Алайда шовинизм мен ұлтшылдық әлі толық ұмытыла қойған жоқ. Мұндай процестерді қыздыра түсу әрекеттері халықтың көпшілігін қызықтырмайды, керісінше олардың наразылығын тудырады. Русофобия күрт кеміп, қазақ дәстүрлері мен тілінің қайта өрлеу үрдісі табиғи құбылыс деп қабылданып болды. Қоғам этникалық проблемаларды бұрынғы жылдарға қарағанда анағұрлым байыппен, сындарлы және ашық талқылайтын болды.

Біздің нарыққа қарай басқан космополиттік және интернационалдық қадамымыз этникааралық қарама-қайшылықтарды әлсіретіп, зор қызмет атқарып отыр. Еркін нарық та мемлекеттің барабар рөлінсіз кіршіксіз емес, ол маятник сияқты құндылықтардың бір жүйесінен екінші жүйесіне ауысу жылдамдығын алғаннан кейін бізге қажет тепе-теңдік нүктесінен ендігі аттап кеткен тәрізді. Бүгін қарсы тұрудың жаңа полюстері — кедейлер мен байлар арасындағы, басқарылатындар мен басқарушылар арасындағы, ауыл мен қала арасындағы қарсылық полюстері ашылды.

Бұл алшақтық жалпы қабылданған шектен тыс деген түсінік қоғамда пісіп-жетілді. Егер Қазақстан бай адамдардың шағын тобы бар мемлекет болса, өмірге төзімділіктің төмендеуі мен ішкі-сыртқы тұрақсыздық салдарынан, жақсы дегенде, әуре-сарсаңға түседі. Біз кедейлер мемлекеті болып көрдік. Мемлекет ең алдымен, орта топтың — фермерлердің, «ақ жаға-көк жағалылардың», интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның мүддесін білдіруге тиіс. Кезінде большевиктердің осы топтардың барлығына шүйліккені тегін емес. Олар капитализмнен коммунизмге өту үшін басты соққыны қайда бағыттау керек екенін білді. Олар капиталистік мемлекеттің

тірегіне соққы берді. Бізді кулактарға, «шірік интеллигенцияға», жұмысшы ақсүйектеріне, ұсақ саудагерлерге қарсы қалай тәрбиелегенін еске түсірейік. Көпшілігімізде жек көрушіліктің орнығып қалуы осыдан емес пе екен?

Ішкі саяси тұрақтылық пен даму үш тапқа да: байларға, орташаларға және кедейлерге сүйенеді. Олардың барлығы да қазірше қоғамда болады, бірақ, әрине, қалыпты өркениетті арақатынаста болуға тиіс.

Қала мен ауыл арасындағы қарым-қатынаста жіктелу айқын көрінді. Мұнда жіктелудің терең процесі жүріп жатыр және бұл ретте алшақтық үнемі ұлғая түсуде. Ауыл — таяудағы он жылда нарықтық өзгерістерге қосымша серпін беру және әлеуметтік проблемаларды шешуге ерекше көңіл бөлу, инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан басым сала болуға тиіс.

Біз ауылдағы жұмыс күшінің көптеп босауына, ауыл тұрғындарының қалаға көшудің ұлғайып, урбанизация процестерінің дамуына әзір болуға тиіспіз. Ауыл бүгін: жалақы, зейнетақы төлемеу, артта қалушылық, кедейлік пен жұмыссыздық, әлсіз инфрақұрылым, білім беру мен денсаулық сақтау, экологиялық апат сынды барлық негізгі әлеуметтік проблемалардың өзегіне айналды. Әйтсе де, мұнда демографиялық әлеует өте жоғары.

Орталықтан қиындықпен «жиналған» қажетті ресурстар қалаларда қалып қойып, ауылға жетпейді. Мұндай «жайылыңқы» саясатты доғару керек. Қысқа мерзімде ауылдағы барлық өзгерістерді аяғына жеткізу керек. Олар қуатты және нысаналы әлеуметтік саясатпен қатар жүргізілуге тиіс.

Мұндағы біздің мақсаттарымыз айқын — біз шаруалар мен ауыл тұрғындарына өз өмірін көбірек қадағалауға мүмкіндік беруге, сондай-ақ осындай бақылауды жүзеге асыруы үшін оларды құралдармен қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бұл проблемаларды стратегиялық тұрғыдан, негізінен, экономикалық ілгерілеу арқылы шешуге болады. Мейлінше бай Қазақстан әр адамға барынша көп мүмкіндік береді. Әлемге әйгілі ұлы басшы айтқандай «судың көбеюі таяздан барлық кемеңі көтереді». Біздің стратегиямыз ұлғайып келе жатқан ұлттық байлықтың бір бөлігін әр адамның алуына мүмкіндік беретіндей болуға тиіс.

Ал қазіргі өтпелі кезеңде адамдардың көпшілігіне оңай болмайды, Үкіметтің де барлық адамға бірдей көмектесетіндей қаражаты жоқ. Бұл салада біздің стратегиямыз мемлекеттік көмекті халықтың ең мұқтаж топтарына, тек соларға ғана тікелей жіберу болып табылады. Бірақ бүгін біз өз қиындықтарын өзі жеңе алатын адамдардың санын көбейтуге мұқтаж болып отырмыз.

Балаларымыздың болашағы мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қандай болатыны туралы сөз қозғағанда біз өзіміз құратын өркениеттің біздің болашақ қоғамымыздың моделін алдын ала білуге тиіспіз. Бүгін тоталитарлық және либералды қоғам арасындағы дау жойылған кезде либералдық қоғам модельдерінің өзі әр түрлі болатыны және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатындығы анықталып отыр.

Негізгі айырмашылық модельдердің екі үлгісінің: ағылшын-саксон және «азиялық жолбарыстар» көрсеткен азиялық үлгілерінің арасында болып отыр. Бірқатар бағыттарда ортақ сипаты бола тұра, олардың арасында үлкен айырмашылықтар байқалады. Бірінші модельге көбіне даралық, екіншісіне — коммунитаризм тән. Бірінші жағдайда мемлекеттің шектеулі рөлі уағыздалса, екіншісінде мемлекеттің жоспарлаумен белсенді түрде айналысып, жеке сектор мен бүкіл қоғамға жетекшілік етуге тиіс

күшейтілген рөлі уағыздалады. Бірінші модельде көңіл макроэкономикаға, екіншісінде — микроэкономикаға бөлінеді және т. с. с.

Бұдан бұрын айтып өткенімдей, бұрынғы жылдары алдымызға жедел өзгерістерді мақсат етіп қойып, белсенді түрде ағылшын-саксон нұсқасы бойынша жүрдік, бірақ бүгін біз бұдан әрі қай жолмен жүру керек деген стратегиялық сауалға жауап табуға тиіспіз. Қоғамда бұған қатысты консенсус жоқ. Қазақстан Еуропаның кішкентай болса да бір бөлігі, тарихи тұрғыдан да біз Батыс өркениетіне ұмтыламыз дейді біреулер. Біз көбінше азиялық елміз, сондықтан «жолбарыстардың», Жапонияның, Кореяның тәжірибесін ұстануға тиіспіз дейді екінші біреулер. Біз Ресейлік менталитет пен ұжымшылдық принциптерін терең сіңірдік, сондықтан біздің таңдауымыз Ресейдің таңдауына сай болуға тиіс дейді үшіншілер. Төртінші біреулер біздегі халықтың басым көпшілігі мұсылмандар, сондықтан біз жаңа түркі моделін негізге алуға тиіспіз деп дауласады.

Ғажабы, бұлардың барлығының айтқаны ақиқат және сонымен бір мезгілде олардың барлығы қателеседі. Біз — өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әр түрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.

Алдымызға екінің бірін таңдап алу керек деген мәселені қоймаймыз. Біз екеуін де, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық өркениеттердің ең соны жетістіктерін пайдаланып, диалектикалы боламыз.

Біздің моделіміз қоғам дамуының әр түрлі модельдерінің түйісуін бейнелеуге тиіс. Қазақстан Конституциясына сәйкес біз әлеуеттік-нарықтық экономика құрудамыз. Бұл — бізге қажеттінің нақ өзі.

Біздің моделіміз басқа модельдердің элементтерін сабақтастыра отырып, бірақ негізінен өзіміздің ерекшеліктерімізге, тарихымызға, жаңа азаматтығымызға және даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстарымызға сүйеніп, өзіміздің жеке даму жолымызды белгілейтін болады.

**3-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ:
ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ
ЖОҒАРЫ, ДАМЫҒАН НАРЫҚТЫҚ
ЭКОНОМИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ**

*ЭКОНОМИКА НЕҒҰРЛЫМ ЕРКІН БОЛСА,
СОҒҰРЛЫМ ӨЛЕУМЕТТІК БОЛАДЫ.*

Эрхард

Біздің салауатты экономикалық өрлеу стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді. Ол мынадай 10 принциптен тұрады:

Мемлекеттің белсенді рөл атқара отырып, экономикаға араласуының шектеулі болуы. Экономикалық реформалардың табысы мен олардың жекелеген учаскелерде тежелуі мемлекеттің рөлін қайта қарастыруды талап етеді.

Орталықтағы және жергілікті жерлердегі өкімет экономикаға араласудың барлық түрімен, дән себу, егін жинау және басқалармен айналысуды тоқтатуға тиіс. Мемлекет жекеше сектор басты рөл атқаратын нарықтың заңды шеңберлерін құра отырып, экономикада маңызды, бірақ шектеулі рөл атқаруға тиіс. Яғни меншік құқықтарын ресімдеуге, бәсекелес

рынок пен монополияға қарсы күресті реттеудің сенімді құралдарын құруға, фискальды және монетарлық саясатты қолдауға, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қажетті инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды дамытуды қамтамасыз етуге және мықты экономикалық саясат жүргізуге бағытталған құқықтық және нормативтік база жасауды аяқтау көзделіп отыр.

Бірақ нарық дамымаған, нарықтық кеңістік әкімшілік жүйенің қалдықтарына толған жерлерде мемлекет нарықты дамыту мен ол кеңістікті тазарту үшін араласуға тиіс. Экономиканың өзі тұрақсыз дамудың аралық кезеңінде тұрғанда, мемлекеттің реттеуші рөлі мен араласуы барабар болуға тиіс.

Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын едәуір көтеруге, жеке сектор мен ұлттық капиталға жәрдемдесуге, оларды ынталандыруға және олардың белсенділігін арттыруға тиіспіз.

Осымен бір мезгілде мемлекеттің өзі еркін экономиканың кепілі болуы керек. Оның міндеті нарық ережелерін белгілеу, бұл ретте әділ әрі байыпты ісқимыл жасай отырып, ол ережелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Біз — саналы да жігерлі халықпыз. Егер ойын ережелері айқын белгіленіп, олардың орындалуы объективті негізде қамтамасыз етілсе, онда Қазақстан азаматтарының нарықтық экономикаға тез бейімделетініне менде күмән болмайды.

Дамыған рыноктарда мемлекет рөлінің шектеулі болатынына қарап, ол еркі мен қайратынан айырылып, енжар байқаушыға айналады деген түсінік тумауға тиіс. Керісінше, ол заңдардың орындалуы үшін өте күшті, конъюнктураның өзгерістеріне даяр болу үшін құзыретті, әлемдік және отандық рыноктарды

білетін, босаң және шашыраңқы болмау үшін өз жұмысын белсенді жоспарлайтын болуға тиіс. Ол халықтың әр түрлі топтарының мүдделерін анықтауға, даму басымдықтарын айқындауға, жекеше сектормен тығыз ынтымақтастықта болуға және сол арқылы қоғамды біріктіре, беріктеге түсуге тиіс.

Ал бүгін мемлекет қажетсіз жерлерде зор әкімшілік билікке ие болып, керісінше, рөлі жоғары болуға тиісті жерлерде енжар қалып отыр. Алайда істің мұндай күйі біздің дамуымызға кедергі болып отырғаны барған сайын айқын көрініп келеді.

Екінші жағынан алып қарағанда, салықтар мен баждарды толық ала алмай, жалақы мен зейнетақыны уақытында төлемей отырып, заңдар мен жарлықтар көбінесе орындалмай отырғанда өзімізді күшті мемлекет деп санай аламыз ба? Осыған байланысты саналы салық төлеушілер мен кәсіпорындардың адал иелері, сондай-ақ халықтың аз қорғалған жіктері үнемі зиян шегіп отырады. Ал кәсіпорындардың оспадарсыз басшылары мен салық төлемейтіндер алшаң басуда.

Бұл проблемаларды шешудің стратегиясы белгілі. Біз:

— Үкіметтің әлі де орын алып отырған сауда мен өндіріске әкімгершілік араласуын жоюға;

— жылжымайтын мүлікті, қалған ұсақ және орта кәсіпорындар мен агроөнеркәсіп кешенін қоса алғанда, жекешелендіру процесін аяқтауға;

— орталық Үкіметті және жергілікті өкімет орындарын парасатты ұйымдастыру мен оңтайландыруға, олардың рөлін, өкілеттігі мен жауапкершілігін байсалды ой елегінен өткізуге;

— сот билігі мен құқық қорғау органдарын реформалауды жандандыра түсуге;

— заңның шексіз үстемдігін белгілеуге және заңды орындайтын азаматтарды қылмыстан қорғауға

тиіспіз. Бұған керісінше, билік пен заңның бар күшін заңсыз жолмен, шалқып өмір сүретіндерге қарсы қолдану керек.

Соңғы үш жылдың ішінде біздің экономикалық стратегиямыз макроэкономиканы тұрақтандыру болды, бұл мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қысқартумен қатал монетарлық және несие саясатын дәйекті жүргізуді білдіреді. Бүгін біз осы мәселені шешуге бұрынғыдан да жақын тұрмыз. Бірақ бүгінгі табыстарымыз тоқмейілсуге негіз бола алмайды.

Егер елдегі инфляция шектен асып кетсе, ұлттық валютаның бағамы экономиканың жалпы жағдайымен біздің стратегиялық ұмтылыстарымызға сай келмесе, ал өсім ставкалары нақты сектор үшін жоғары болып, оған қол жеткізу мүмкін болмай қалса немесе нақты сипатында теріс болып отырса, біз алға қойған мақсаттарды іске асыра алмаймыз.

Халықаралық тәжірибенің сабақтары айқын. Экономикалық жоғары табыстарға қол жеткізген кез келген ел жедел экономикалық өрлеудің алдындағы кезеңде жоғары инфляцияны жою жөнінде барлық шараларды міндетті түрде қолданған және кейін макроэкономикалық көрсеткіштерді белгіленген шекте ұстап тұруды қатаң қадағалаған. Бұл жолдан ауытқығандар сәтсіздікке ұшырады.

Бірінші Азиялық Барыс болу үшін біздің басымдықтарымыздың қатарына макроэкономикалық көрсеткіштер саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе енгізілуге тиіс. Ол — инфляция мен бюджет тапшылығының төмен болуын, ұлттық валютаның күшеюін, жинақтау нормасының жоғары болуын көздейді. Бұл рецепт Жапонияда, Кореяда, Индонезияда, Тайвань мен Чилиде іске асты. Қазақстанда да іске асады.

Біздің алдымызға не инфляция, не экономикалық өрлеу деген таңдау қойылған жоқ және қойылмайды да. Түпкілікті мақсат экономикалық өрлеу екенін және макротұрақтандыру осы мақсатқа жетудің құралы ғана екенін біз назарда ұстауға тиіспіз. Әрине басқа процестерге қарағанда қаржылық тұрақтанудың көптеген әлеуметтік топтардың жағдайын қиындатқаны белгілі. Бірақ жүйелі және құрылымдық қайта құру жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді. Нарық — қатаң қаржылық жауапкершілікке толы демократия. Халықтың көпшілігі мұны енді түсінді. Әрине макротұрақтандыруға ауыр тоқырау мен ақшаның жетіспеуі ілесе жүрді. Бірақ нақты секторды құрылымдық қайта құру жүріп жатыр, енді таяу арада ақша және тауар массасы қажетті сәйкестікке жетеді.

Уақыты келгенде өмір мен жұмыстың қиын кезеңінде шыныққан адамдар да бұл дағдарыстан шығады. «Таршылықты көрмеген кеңшіліктің парқын білмейді» дейді қазақ мақалы.

Инфляцияны қолайлы деңгейге түсіре отырып, біз стратегиялық күшті экономикалық ілгерілеуге бағыттаймыз. Бірақ экономикалық, тіпті жалпы мемлекеттік стратегия монетарлық саясатқа сай келмейді, сондықтан біз бүгін неғұрлым кең және барабар мүмкіндікке иеміз. Бұл орайда, таяудағы жылдарда біз назарымызды экономиканың нақты секторына, оны сауықтыруға, фискальды және монетарлық қатаң шектеулер жағдайындағы өсу мен күшті әлеуметтік саясатқа аударамыз.

Ұзақ мерзімді болашақтағы макротұрақтандыру туралы әңгіме болғанда біз осы салада пайда болатын қауіпті болдырмауға өзін болуға тиіспіз. Пайдалы қазбаларымызды игеруге және экономиканың жекелеген секторларындағы үміт артып отырған экспорттың ұлғаюы біздің валютамыздың бағамын

едәуір қиындыққа ұшыратып, оны көтеріп жіберуі мүмкін. Ал мұның өзі басқа салаларды, ең алдымен, экспорт және қайта өңдеуші салаларды «жоғалту» қаупін төндіреді.

Сондықтан валюталық нақты ақша ағымының бір бөлігін импортты кең қолданбастан игере білуіміз керек. Бірақ адам санының аз болуына және қазірше халықтың сатып алу қабілетінің төмен болуына байланысты Қазақстанның ішкі рыногы өте шағын. Сондықтан дүниежүзілік тәжірибені және инвестициялар нарығындағы жұмыс істеп тұрған тетіктерді мұқият зерттеп алып, шетелдегі қаржы инвестицияларының стратегиясын алдын ала әзірлеу керек.

Біз аяқтаған бағаны ырықтандыруға енді күмән келтірілмейді және өзгеріс болмайды.

Жеке меншік институттары жерге деген құқықтың, сондай-ақ меншік құқықтарын және келісімшарттардың орындалуын қорғайтын заң жүйесін құрудың есебінен нығайтылады.

Кәсіпорындарды жекешелендіру негізінен аяқталды. Енді оны, ең алдымен, аграрлық кешен мен әлеуметтік салада түпкілікті аяқтау және акциялардың айналымы процесін дәл реттеу керек. Стратегиялық сипаттағы кәсіпорындардағы акциялардың мемлекеттік пакеттері орынды пайдаланылатын болады.

Ырықтандыру жолында біз үлкен жетістіктерге жеттік, бірақ ауыл шаруашылығында, өндірістің бірқатар салалары мен әлеуметтік секторда нарықтық қатынастар төмен деңгейде қалып отыр. Өндірістік сектор бүтіндей дерлік меншік иелері алдында есеп бермейтін немесе есеп бергенситін олақ және жемқор басшылардың іс-әрекетінен туған төлем жүйесі дағдарысынан зардап шегіп отыр.

Көптеген ірі рыноктар арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі біздің жағдайымыз ашық экономика мен еркін сауда құруды талап етеді.

Тұйықтық пен өз рыногын оқшаулау әрекетінен гөрі мұндай саясат елдер мен құрлықтар арасын әлдеқайда жылдам жалғайды.

Біздің ұлттық капиталымыз кішкентайынан бастап шынығып, өз рыноктарында күресуге даяр болуға тиіс. Бұл өте күрделі міндет, бірақ онсыз ол ертең сыртқы рыноктарда жеңіп шыға алмайды. Бірақ қазір ол жас әрі әлсіз болып тұрғанда, жаңадан тәй-тәй басып келе жатқанда қорғансыз жағдайда тұр, мемлекет оны қанатының астына алып, жылдам аяғына нық тұруына көмектеседі.

Ішкі рыноктары шағын бола тұрып, аса биік экономикалық нәтижелерге қол жеткізген елдерді өзін-өзі оқшаулау жолын таңдап алған елдермен салыстыру, жабық рыноктары, шектен тыс мемлекеттік реттеу, сондай-ақ шаруашылық жағынан даралануға қол жеткізу әрекеттері қысқа мерзімді экономикалық табыстарға алып келгенмен, түбінде сәтсіздікке ұрындырары бізге мысал болып отыр.

Өзіміздің энергетикалық және өзге де табиғи ресурстарымызды игеру жалғаса береді. Оның мақсаты — экспорттан экономикалық өрлеумен қатар елдің саяси тұрақтылығына, сондай-ақ оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін табыс алу.

Шетел инвестицияларын тиісінше қорғауды және пайданы кері қайтарып алу мүмкіндіктері бұрынғысынша назарда бірінші кезектегі мәселелер қатарында ұсталады. Экономиканың бірнеше секторы бар: табиғи ресурстарды игеру, инфрақұрылым, коммуникациялар және ақпарат, еліміз үшін бұлар тұрақты маңызға ие. Осы салаларды дамыту экономикалық өрлеуге ғана емес, әлеуметтік салаға да, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа

кірігуіне ықпал етеді. Бұлар капиталды қажет ететін салалар, оларды дамыту үшін шетел капиталымен қатар мемлекеттің қатаң стратегиялық бақылауы қажет. Бірақ тіпті Адам Смиттің де мойындағанындай, жекеше секторды қызықтырмайтын кейбір қоғамдық мұқтаждар да бар. Мұндай жағдайларда және осы мұқтаждарды қамтамасыз етудегі соңғы шара ретінде мемлекет оны өз мойнына алады.

Аймақаралық ірі көлік орталығы ретіндегі біздің бағытымыз шетел инвестицияларының неғұрлым бәтуагер режимін орнатуды талап етеді. Тек осылайша ғана біз қаржы мен білімнің қажетті ағынын тартып, өз мүмкіндіктерімізді және шетелдермен тұрақты сауда айырбасын дамыта аламыз.

Әділ әкімшілік бұлжытпай орындайтын, анық, тиімді және қатаң ұстанатын заңдары бар ашық және бәтуагерлік инвестициялық саясат шетел инвестицияларын тартудың барынша қуатты ынталандыру тетігі болып табылады. Мұндай саясатты талдап жасау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болуға тиіс, өйткені Қазақстанның шетел капиталынсыз, технологиясынсыз және тәжірибесінсіз жедел экономикалық өрлеу мен жаңартуға қалай қол жеткізетінін көз алдымызға келтіру қиын.

Біздің инвестициялық ахуалымыз неғұрлым қолайлы, ал Қазақстан тартылған шетел инвестицияларының көлемі мен сапасы бойынша басты орынға шығуы үшін бізге саяси ерік-жігер мен нақты іс-қимыл қажет. Әлемге әйгілі инвесторларды мүмкіндігінше көптеп тарту үшін біз қажетті тетіктерді пайдалануда асқан шеберлік танытуға да тиіспіз.

Сондықтан да мен өз Жарлығыммен Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетті құрып, оған тікелей инвестицияларды қорғаудағы саясатымызды іске асыру құқығы бар Қазақстандағы бірден-бір

мемлекеттік орган мәртебесін бердім. Шетелдің күрделі қаржылары соңындағы қуғынның ұзаққа созылатынын, әрі ешқашан бітпейтінін есте ұстау керек. Бұл бөйгеде біздің артта қалуға хақымыз жоқ.

Қазақстан үшін индустриялық технологиялық стратегияны қалыптастыру қажеттілігі дүниежүзілік тәжірибеден туындап отыр. Дамушы елдердің барлығы дерлік еңбекті қажет ететін өндірістен капиталды, технология мен ғылымды қажет ететін өндірістерге дейінгі жолдан өтті. Өндірістің инерциялық және ауыр құрылымын құлашты бір сермеп түзетуге болмайды. Дүниежүзілік тәжірибе жалпы ұлттық өнімде ауыл шаруашылығының, өндіруші өнеркәсіптің үлесін ұдайы кеміту және керісінше, өңдеуші өндірістің, ең алдымен, ғылымды қажет ететін, қосылған құны жоғары өндірістерді, сондай-ақ қызмет көрсету саласының үлесін ұлғайтуға саятын белгілі бір дәйектіліктің қажеттігін көрсетіп отыр.

Қолайлы жағдай туғанда еліміздің тірек саласы болып табылатын мұнай-газ өндіру саласының, сондай-ақ бүкіл өндіруші өнеркәсіптің көлемі айтарлықтай артады деп санауға жеткілікті негізіміз бар. Бұл өз құрылымдық саясатымызды құруда басшылыққа алуымызға тиіс бағдар болады. Бұл ретте біздің индустриялық стратегиямыз жекелеген кәсіпорындарды қозғамайды. Біз мемлекеттік саясат тетіктерін Қазақстанға қолайлы салаларды дамытуға жәрдемдесетіндей етіп пайдаланатын боламыз.

Тек шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін біз жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өңдеуді, химия мен мұнай-химиясын, машина жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туризмді бұрынғыдан да ілгері қарқынмен дамытуға тиіспіз.

Тұрақты өрлеуді қамтамасыз етуге бізге өндірісті диверсификациялау көмектеседі. Қазірге бәтуагер импорт кезіндегі қатаң бәсекелестік жағдайында өндірістер мен бүтіндей салалардың нарыққа бейімделу процесі жүріп жатқан кезде, біздің шикізаттан басқа өнімдеріміз бәсекеге түсе алмайтын кезде біз өндірістің ауыр шикізаттық құрылымына қарай құлдырай береміз, ал бүкіл өркениетті және дамушы әлем бұған тікелей қарама-қарсы бағытта жүріп барады. Өндірістің құлдырауы мен оның кертартпа құрылымы бұдан былай есепке алмауға болмайтын екі есе қауіпті фактор болып табылады. Егер еркін рынок шын мәнінде еркін болса, ол елде жаңа өндірістер туғызады. Біздің міндетіміз Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастық алдында инвестициялар үшін тартымды жер ретінде көрсетіп, неғұрлым маңызды салаларға инвесторларды пәрменді тарту болып табылады.

Бірақ әзірге тек рыноктың күшіне ғана сенуге болмайды. Үкімет диверсификацияның пәрменді индустриялық саясатына кірісіп, назарды макродеңгейден микродеңгейге аударуға тиіс.

2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу керек. Бұл, басымдық тәртібімен айтар болсақ, ауыл шаруашылығы, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, туризм, тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылым жасау. Осы салаларды дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешеміз, бұл қазіргі уақытта ерекше маңызды нәрсе.

Экономикалық өрлеудің еліміздің дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін баршамыз түсінеміз. Қарқынды экономика болмайынша біз мектептер мен

ауруханаларды қаржыландыра алмаймыз, қоғамды жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғай алмаймыз. Сондықтан бұл басымдық бүгін де, ертең де және алдағы отыз жылдың ішінде де ең маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді.

4-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ: ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, БІЛІМІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ

*ТАЗАЛЫҚ — САУЛЫҚ НЕГІЗІ,
САУЛЫҚ — БАЙЛЫҚ НЕГІЗІ.
Қазақтың халық мақалы*

Экономикалық ілгерілеу біздің азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Гүлденген экономика жағдайында-ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуінің және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес. Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек. Бұл мақсатты іске асырудағы біздің стратегиямыз мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:

Ауруды болдырмау және салауатты өмір салтын ынталандыру. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды фактор екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аурулардың алдын алу дегеніміз таза су мен кенеулі асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологиялық зиян келтіретін объектілерді қысқартуды, басқа да қауіпті факторларды төмендету жөніндегі осыған ұқсас шараларды білдіреді.

Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т. с. с. бағытталған.

Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды, тазалық пен санитария ережелерін насихаттайтын пәрменді ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі қажет. Ол мыналарды қамтуға тиіс:

Нашақорлық пен есірткібизнеске қарсы күрес. Есірткіні әкелу мен таратуға қолданылатын жазаны қатайту және осыған байланысты бірқатар елдердегідей, оның ішінде Малайзия мен Сингапурдегідей өлім жазасын енгізу керек пе деген мәселені қоғамның талқысына шығару керек. Есірткі — өте ерекше және түпке жететін сала, сондықтан бұл жерде адамгершілік принциптерінің қандай дәрежеде қолданылуы үлкен мәселе. Таразының бір басында оны әкеліп, тарататын адамның өмірі тұрса, екінші басында соның «көмегімен» қор болған есірткі тұтынушылардың ғұмыры тұр.

Темекі мен алкогольді тұтынуды қысқарту. Алкоголь мен темекінің адам өміріне зиянды екені дәлелдеуді қажет етпейді. Халықаралық тәжірибе бұл салада мемлекеттік саясатты жүргізудің алкоголь мен темекіге салық енгізу, сондай-ақ маскүнемдіктен емделуге арнайы салық салудан бастап, бірнеше сабағын ұсынып отыр. Біз бұл мәселеде байыпты саясат жүргізуіміз керек. Контрабанданың ағыны мен қылмыскерліктің өсуі сияқты кері нәтижеге душар болмас үшін бұл арада барлығын салмақтап, бірнеше

қайтара есептеп шығу керек. Бастапқы кезде алкоголь мен темекіні жарнамалауға барлық жерде және түпкілікті тыйым салынуға тиіс. Шылым шегу терең ойластырылып, асыра сілтеушілікке ұрынбай, біртіндеп қоғамдық орындардан ығыстырылуы қажет. Мұны басқаларға үлгі болу үшін мемлекеттік үйлер мен мекемелерден бастау керек. Жалпы, адамдар неліктен өз денсаулықтарын құртып, оны улайтындарға төзіммен қарауға тиіс? Мен барлықтарыңызды шылым шегушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

Қоғамдық сана мен мораль алкогольге барынша қарсы болуға тиіс. Мемлекет бұл сезімді тәрбиелеуге тиіс. Кеңес өкіметі жылдарында арақ біздің тұрмысымызға, әдетімізге, дәстүрімізге тереңдеп енді. Ол ауылдық жерлерде де адам өмірінің ажырамас бөлігі болып алды. Бүгін көпшілік қиыншылыққа тап болып, күйзеліске түскенде ішкілікке салыну артып отыр.

Көптеген елдер бұл кеселге тыйым салғанмен, табысқа жете алмады. Осыған қарамастан кейбір елдер ұтымды ақпараттық және түсіндіру саясатын жүргізу, мәдениет пен білім арқылы едәуір табыстарға қол жеткізді. Өнеркәсібі дамыған елдерде ішімдікті пайдаланушылар мен темекі тартушылардың саны кемуі түсуде, өйткені кәсіпкерлік — денсаулығы мықты жандардың үлесі. Өмір салтын теріс әдеттерден спортқа көшіру тиімді жолдардың бірі болып табылады.

Әйел мен баланың денсаулығын жақсарту. Ана мен баланың денсаулығын қорғау біздің мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, жұртшылықтың тікелей назарында болуға тиіс. Уақыт өтіп, қазына кірісі өскенде мемлекет үшін де, отбасын қолдауға тиімді демографиялық саясат үшін де қолайлы нысанда аналар мен балаларға мемлекеттік

қолдау көрсетуге қаражат табамыз. Біз бұрынғы уақыттан бері және қиындықтарға қарамастан бүгінде осындай көмекті көрсетіп келеміз. Мен балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізу туралы ұсынысты көпшілік талқысына саламын. Одан түскен қаржыны көп балалы отбасыларды қолдауға жұмсар едік.

Бізге жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғыз басты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда — еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жандандырып, жан-жақты қорғау қажет. Жұртшылық мұнда дұрыс шешімді көрсетіп, ол отбасы туралы заңда бейнеленуге тиіс.

Салауатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап көрсету қажет. Мен компаниялар мен жұмыс берушілерге осы тұрғыдан көтермелеудің тиісті нысандарын іздестіруді ұсынар едім.

Елімізде жыл сайын 200 мың аборт жасалады. Қоғамда абортқа тыйым салу керек пе, жоқ па деген мәселе пікірталасына түсуі керек. Мұндай өте нәзік мәселеде де, басқа мәселелерде де мен көпшілікті қолдаймын. Қандай жағдайда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсуіміз керек.

Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз.

Тамақтануды, қоршаған орта мен экологияның тазалығын жақсарту.

Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20 пайызына себеп болып отыр, ал кейбір аймақтарда жағдай мұнан да қиын. Отандастарымыздың үштен бірі сапасыз ауыз суды пайдаланады. Жеткілікті және дұрыс тамақтанбау да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады.

Сондықтан біздің әрқайсымыз тамақтану мен ауыз суға ерекше көңіл бөлуге тиіспіз. Біздің мамандарымыз қалай дұрыс тамақтану керек екенін, табыс дәрежесіне қарай өз рационын қалай құру керек екенін, қазіргі заманғы жеке басының тазалығы ережелерін орындауды, сапасы төмен ауыз судың зиянын қалай тигізбеуді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіруден жалықпауы керек. Экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мен стандарттау органдары қойылған мақсаттардың басымдығына сәйкес жұмыс жүргізуге тиіс. Кез келген сапасыз тамақ өнімдерін өткізушілер мен жасап шығарушыларға, табиғи ортаны ластаушылардың бәріне берік және қат-қабат тосқауыл қойылуы қажет.

Мемлекеттік ведомстволардың басшылары осының бәрінде де үлгі көрсетуге тиіс. Сонымен қатар дінбасылар мен қоғамның басқа да құрметті адамдарын осы процеске қосылуға шақырамын. Бұл — маңызы зор мәселелер. Адамдардың денсаулығы мен он мыңдаған отандастарымыздың өмірі осы шараларға тікелей байланысты.

5-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ: ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫ

*БАЙЛЫҚ— БАЙЛЫҚҚА ИЕ БОЛУДА
ЕМЕС, ОНЫ ҰҚСАТА БІЛУДЕ.*

Сервантес

Қазақстан табиғи ресурстардың, әсіресе энергетика ресурстарының орасан зор қорына ие. Біздің еліміздің аумағында, бағам бойынша мұнай өндіретін алғашқы он елдің қатарына қосарлық мұнай мен газ кен орындары бар. Сонымен қатар Қазақстанда көмірдің, уранның, алтынның және басқа да бағалы минералдардың мол қоры бар.

Соған қарамастан, біз көп жылдар бойы өзіміздің ішкі қажетімізді қамтамасыз ете алмай келеміз. Бұл — кеңестер кезеңінде жасалған бөліс жүйесі, сондай-ақ өзімізде қажетті инфрақұрылым болмауының салдары.

Сайып келгенде, халықаралық рынокқа мұнай мен газ экспорттау үшін қажетті коммуникациялардың болмауы дамуымыздың жоспарларын жүзеге асыруға керекті қаражат алатын мүмкіндігімізді бәрінен шектеп отыр.

Энергетикалық ресурстарды пайдалану стратегиясы мынадай элементтерді қамтиды:

Біріншісі, біз өз қорларымызды жедел әрі тиімді пайдалану үшін үздік халықаралық технологиялар, ноу-хау, ірі капиталдар тарту мақсатымен басты халықаралық мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді әріптестікке барамыз. Біз қазірдің өзінде бірсыпыра ірі контрактілерге қол қойдық, ал басқа контрактілер әзірлену үстінде.

Біз ұзақ мерзімді келешекке өзімізге міндеттері сәйкес келетін әріптестер іздейміз. Контрактілерде біз Қазақстанның мүддесін, экологиясын, өзадамдарымыз-

дың жұмыспен қамтылуы мен даярлануын, әлеуметтік міндеттерді шешу қажеттігін қатаң әрі парасат тұрғысынан көздеріретін боламыз.

Өзіміздің табиғи ресурстарды пайдалануда біз үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін және Қазақстанның мүдделеріне жауап беретін орнықты келісімдерге мүдделіміз.

Біздің кірістеріміздің тұрақтылығы және контракттеріміздің әділеттілігі, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың қолдауының кепілдігі, міне, осында жатыр.

Біздің стратегиямыздың *екінші* бөлігі — мұнай мен газ экспорты үшін құбыр арналарының жүйесін құру. Тәуелсіз экспорт арналары көп болғанда ғана біз көршіміздің біріне тәуелді болудан және келесі тұтынушыға баға жөнінен кіріптар болудан құтыламыз.

Үшіншісі. Отын ресурстарын пайдалану жөніндегі біздің стратегиямыз әлемдік қауымдастықтың ірі елдерінің мүддесін Қазақстанға, оның әлемдік отын өндіруші ретіндегі рөліне бағыттау. Бұл ретте біздің мұнай-газ бизнесімізді инвестициялауға тиіс компаниялар мен елдер АҚШ-ты, Ресейді, Қытайды, Жапонияны және Батыс Еуропаның мемлекеттерін қамтиды. Бұл елдер мен компаниялардың біздің ресурстарымызды тұрақты және тұрлаулы негізде экспорттауға деген экономикалық мүдделері Қазақстанның тәуелсіз және қарыштап дамуына жәрдемдесетін болады.

Төртіншіден, шетел инвестицияларын тарту арқылы біз ішкі энергетика инфрақұрылымын құру мен дамытуды, ішкі қажеттілік пен тәуелсіз бәсекелестік проблемаларын шешетін боламыз.

Ақыр соңында, *бесіншіден*, бұл стратегия осы ресурстардан түсетін келешек кірістерді барынша үнемшілдікпен пайдалануды көздейді.

Біз өзіміздің стратегиялық ресурстарымызға қатаң бақылау қоюға, үнемшіл болуға әрі қаражатты ұқыпты жұмсап, олардың бір бөлігін өзіміздің болашақ ұрпақтарымыз үшін жинақтауға тиіспіз.

6-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

*АДАМҒА АБЫРОЙ ӘПЕРЕТІН ҮШ ІС БАР:
ҚҰМДА ҚАЗЫЛҒАН ҚҰДЫҚ;
ӨЗЕНГЕ САЛЫНҒАН КӨПІР; ЖОЛ
ЖАҒАСЫНА ОТЫРҒЫЗЫЛҒАН САЯЛЫ АҒАШ.*

Шығыс мақалы

Тарихи тұрғыдан алғанда, еліміздің аумағы арқылы шығыстан батысқа және кері қарай көлік легі тоқтаусыз өтіп жатты, ал олардың жылжу жиілігі бүгінгі күні де саябырситын емес. Қазақстанның міндеті отандық көлік-коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілетін және аумағымыз арқылы өтетін сауда легінің ұлғайтылуын қамтамасыз етуде жатыр.

Белгілі бір дәрежеде бұл сала біршама дамыған, ал ұзақ мерзімдік келешекте жан-жақты өсу стратегиясына ілесуге тиіс, мұның өзі ұлттық рынокты жан-жақты жетілдіруге және біздің көлік және коммуникациялық қызметімізге ден қоятын жаңа рыноктар іздеуге саяды. Бұл стратегия автомобиль жасау, туризм, қызмет жүйесі, жол және күрделі құрылыс салаларын барған сайын дамыта беруге және отандық өнімнің өзіндік құнындағы көлік шығасысын кемітуге жәрдемдесетін болады.

ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ

Аумағымыздың ауқымын және экономикамыздың шикізаттық бағдарын ескерсек, Қазақстанда жүк та-

сымалының негізгі көлемі темір жол арқылы жүзеге асырылатын болады. Көліктің осы түрінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін ба-
сымдықтар ретінде мыналарды атау керек:

— Халықаралық көлік және сауда байланыста-
рын, сондай-ақ Трансазия магистралі бойынша тран-
зиттік жүк тасқынын қамтамасыз ететін негізгі темір
жол бағыттарын жаңарту;

— «Достық» станциясын дамыту мен Достық —
Ақтоғай учаскесін нығайтуды аяқтап, оның өткізім
қабілетін жылына 10 млн тонна жүк тасымалына
дейін жеткізу;

— Жүк жинақталатын аудандарда көп модульды
терминалдар ұйымдастыруға кірісу, сол арқылы
көліктің сан түрлерінің технологиялық бірлігін қам-
тамасыз ететін контейнерлік және бумалық тасымал-
ды қолдана бастау;

— Барлық көліктік-коммуникациялық монополия-
ларды батыл қайта құрылымдауды жүзеге асыру,
оларды бейімі сәйкес келмейтін кәсіпорындардан
арылту.

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АВТОКӨЛК

— Автомобиль жолдарын шапшаң аралықтар
құру арқылы халықаралық тасымалды қамтамасыз
ететін бағыттарда дамыту;

— Жеке меншік автомагистральдар салу, қазіргі
барларын жекешелендіру мен концессияға беру
жөніндегі жұмыстарды бастау. Оларға осы заманғы
халықаралық талаптар деңгейінде қызмет көрсетілуін
қамтамасыз ету;

— Ауылдық жерлердегі автожолдардың желісін
басымдық тәртібімен дамыту және ұзақ мерзімді

келешекте олардың тығыз табанды жолға көшірілуіне жету, автомагистральдар мен көпір конструкцияларының өткізім қабілетін жақсарту.

ӘУЕКӨЛПІ

— Авиацияда тәртіп орнату және ұшақтар паркін лизинг пен жоғары сыныпты ұшақтардың белгілі бір көлемін сатып алу есебінен толықтыру;

— Әуежайларды қайта жаңартуды қолға алу, қызмет көрсету мен сервисті қамтамасыз ету деңгейін халықаралық стандарттарға дейін жеткізу;

— Қазақстан арқылы өтетін транзиттік әуе желілерін дамыту мақсатында әуе қозғалысын басқару жүйесін қайта ұйымдастыру.

СУКӨЛПІ

— «Ақтау» айлағын қайта жаңарту және флотты «өзен-теңіз» түріндегі кемелермен толықтыру үшін шетел инвестицияларын тарту;

— Өзен пароходстволарының жұмысын, әсіресе жүк және жолаушы тасымалындағы өзіндік құны төмен кемелерді іске қосып, олардың жұмысын жандандыру.

БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ЖЕЛІЛЕРІ

Телекоммуникациялар нарықтық тетіктер қызметін ақпарат алуды кеңейту мен олардың берілуін жүзеге асыру арқылы қуаттап отырады.

Телефондар, факстар мен электрондық пошта — осы заманғы бизнесті дамытудың өмірлік маңызды әрі объективті тұрғыдан қажетті шарты.

Ақпараттық технологиялар, оның басқа түрлерімен салыстырғанда, өз мәнісі жағынан неғұрлым

«көпшіл» әрі икемді бола отырып, бизнесті, экспорттық қызметті дамытуға және экономиканы орталықсыздандыруға барынша жәрдемдеседі. Олар ұлттық экономикаларды шоғырландырады және аймақтың ауқымын кеңейте отырып, әлемдік экономикалық байланыстарды нығайтады.

Сонымен қатар телекоммуникациялар жаңа жұмыс орындарын бере отырып, ауылдық және қалалық аймақтардың арасындағы экономикалық көші-қонды азайта отырып, әлеуметтік салалардағы кереғарлықтар мен келеңсіз құбылыстарды азайтуға барынша жағдай жасай алады. Ақпараттық технологиялардың денсаулық сақтау мен білім беру салалары үшін, сондай-ақ айналадағы ортаны жақсарту үшін маңызы баға жеткісіз.

Баршаның пайдалануына ортақ әрі толығымен іске қосылған телекоммуникациялық жүйенің келесі бір жақсы жағы — жолдың ауырлығына, жекелеген аймақтардың алыстығына және жолаушы тасымалы бағасының қымбаттығына қарамастан, күллі жұртқа ақпарат алуға мүмкіндік беретін кепілдігінде жатыр.

Біздің үкіметіміз шалғайдағы әлсіз дамыған аудандарға, ең кемі, байланыс қызметінің ең төмен деңгейін беретін болады. Айталық, балалар мен жастарға арналған аймақтық оқыту бағдарламаларын таратып отырады. Мұның өзіндік құны өте арзан әрі алдағы уақытта едәуір пайда келтіреді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында, ең алдымен, болашақта әлемнің дамыған елдерінің осындай инфрақұрылымдарымен бәсекелесуге қабілетті дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін құру міндеті тұр.

Қазақстан телекоммуникацияларының қазіргі жай-күйі басқа елдермен салыстырғанда өз желілерінің жетерліктей тығыздығына қарамастан, елеулі экономикалық проблемаға айналып отыр.

7-ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМДЫҚ: НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛЕТІН КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ

БАСТЫҒЫ КӨП ЕЛ ЗАҢНАН ТАЯДЫ.

Соломон

Қазір мемлекеттік аппаратты қайта ұйымдастыру мен жетілдіру қолға алынды, алайда бұл процеске неғұрлым қуатты қарқын беру қажет. Менің биылғы жылдың басынан бері үкіметіміз бен оның дербес құрамын түбегейлі реформалау стратегиясын іске асыруға кірісуім де сондықтан. Үкімет орталық және аймақтық деңгейлерде қысқартыла бастады және бұл процесс жалғаса береді.

Біздің міндет — Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау; басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру; ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру.

Кеңестік әміршілдік экономика дәуірінде мемлекет бастан-аяқ бәрін бақылауға тырысты. Соның салдарынан ол көптеген қайталанатын қызмет буындары көп ебедейсіз құрылымға айналды. Қалыпты дамыған елдерде кеңес мемлекеті бақылауына алуға әрекеттенген міндеттердің 80 пайызы мемлекеттердің функциясына жатпайды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін мемлекеттік құрылыс пен басқару мәселелерін көп ретте жаңадан

шешуге тура келді. Ең алдымен, бұл жаңа тәуелсіз мемлекеттің өмір сүруінің заңдық-құқықтық негізін қамтамасыз етуге, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты дәйектілікпен орнықтыруға қатысты болды.

Бүгінгі күні қоғамның және экономиканың күрделі жүйелік қайта жаңғыруларын, мемлекеттік басқару жүйесінің өзін жүйелі ету мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Әрине бұған біртіндеп, соның өзінде мемлекеттің функцияларын ұзақ мерзімді реформалаудың үйлестірілген, дәйекті жоспарын алдын ала әзірлеген жағдайда ғана жетуге болады.

Үкімет пен жергілікті өкіметті түпкілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеті негізгі стратегия принциптері мынаған саяды:

1. Неғұрлым маңызды бірнеше функцияларды ғана орындауға жұмылған ықшам әрі кәсіби Үкімет.

2. Стратегиялар негізіндегі іс-қимыл бағдарламалары бойынша атқарылатын жұмыс.

3. Нақтылы жолға қойылған ведомствоаралық үйлестіру.

4. Министрлердің өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін, олардың есептілігін және олардың қызметіне стратегиялық бақылауды арттыру.

5. Министрліктердің ішінде, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жекеше секторға қарай орталыққа тәуелділікті жою.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл да ымырасыз күрес.

7. Кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйелерін жақсарту.

Табысқа жеткен үкіметтер, әдетте ықшам келеді, әрі мемлекет қана атқара алатын ең басты бірнеше функцияларға жұмылады. Әлбетте, оңтайлы үкіметтер өз қызметін аз санды басымдықтарға және

осы мақсатқа жету жолындағы стратегияларды іске асыруға ұмтылады.

Үкіметтің тиімділігі өзара байланысты үш факторға: оның құрылымдық ұйымына, стратегиялық үйлесімділігіне және кадрлар даярлығының дәрежесіне негізделеді. Біздің таяу болашақтағы міндетіміз стратегиялық жоспарлау әдістерін меңгерген қабілетті әрі адал кадрлардан тұратын шағын, оңтайлы аппарат құру болады.

Әлеуметтік экономикалық өмірдегі дағдарысты құбылыстардың негізгі себептерінің бірі — министрліктер мен ведомстволар арасында, аймақтар арасында үйлестірудің болмауында екенін айтып жату артық. Нақтылы міндеттерді шешу жолындағы жауапкершілік көлемінің бір-біріне сәйкес келмеуі, функцияларды қайталау және жең ұшынан жалғасу сан түрлі кедергілерге және бюрократиялық ішараздыққа, қағазбастылық пен ұжымдық жауапсыздыққа әкеліп соғады. Бүгінгі мемлекеттік басқарудың діңі де, тіні де осында жатыр.

Бұл проблеманың тамыры — стратегиялық жоспарлардың жоқтығында болып отыр.

Әрбір министрліктің, ведомствоның, әкімшіліктің жұмысы, сайып келгенде аймақтық дамудың өзі мақсаты айқын, міндеттері нақты жалпымемлекеттік стратегияға бағындырылуға тиіс.

Мұның тың көзқарас пен жаңа әдістемені талап етері даусыз. Стратегиялық жоспарлау, қаржылық бағдарламалау мен жобалық менеджмент таяу болашақтағы мемлекеттік басқарудағы жаңарудың өзегіне айналуға тиіс.

Ведомствоаралық және аймақаралық үйлестіру, басым мақсаттарға жедел жетуге деген саяси ерік-жігердің көрінісі ретінде ауадай қажет.

Ведомстволардың стратегиялық міндеттерді іске асыру жөніндегі қызметі мен күш-қимылын бақылай-

тын біртұтас билік жүргізуші үйлестіруші орган құру қажет.

Мемлекеттік үйлестіру жүйесі тиімді әрі қарымды болуға тиіс. Оның жұмысының нәтижелері барлық есепті органдар үшін ашық болуы қажет.

Министрліктер мен ведомстволардағы бүгінгі қалыптасқан ахуалға келетін болсақ, жауапкершілік деңгейі өкілеттілік көлемінен асып түсіп отыр. Өкілеттіктер мен жауапкершіліктер арасалмағының бір жағына қарай ауытқуы басқару тиімділігін күрт төмендетеді. Әлемдік тәжірибе мекеме басшысына ішкі басқару жөнінен кең өкілеттік берудің билікті асыра пайдалану мүмкіндігінен келетін залалдан гөрі әлдеқайда көп артықшылықтар беретінін дәлелдеп отыр.

Министр мен әкім кең өкілеттіктер иеленуге тиіс және солай болуы керек, алайда олардың қызметі жоғары тұрған органдарға есепті болуы қажет, әрі ұдайы жасалып отыратын тәптіштеуші бақылау емес, стратегиялық бақылауға алынуы керек.

Бір қолға шоғырланған барынша кең өкілеттіктер қабылданған міндеттемелердің орындалмай қалғаны үшін барынша кең дербес жауапкершілікті көздейтіні анық.

Менің айтып өткенімдей, әр министрлік пен ведомство өзіне тән емес функциялардан арылуы керек, оларды мүмкіндігінше орталықтан аймақтарға қарай, мемлекеттен жекеше секторға қарай ойыстыру қажет. Сатылар мен аралық буындар аз болған сайын, өкілеттіктердің ара жігі де айқын ашылады.

Билікті орталықтан алудың және өкілеттіктерді өздері шұғылданатын объектілерге тікелей қатысты неғұрлым төменгі деңгейлерге ойыстырудың қажеттігі айдан анық, сонда орталық және өзге мемлекеттік органдар өзінің іс жүзінде керектігін және пайдалылығын ұдайы дәлелдеуге мәжбүр болады.

Нарықтың көмегімен біз аймақтар арасында: тұрмыс жағдайы жоғары аймақ, таңдаулы аймақ принципі бойынша бәсекелестікті туғызып, күшейте беруге тиіспіз. Сонда өндіргіш күштер неғұрлым қолайлы жағдай жасалған аймақтарға шоғырлануға тиіс.

Аймақтардың жарыстас болуы олардың, әсіресе бюджет мәселелеріндегі дербестігіне көбірек сүйенуі керек, шамадан тыс орталықтандыру, міне, осы тұста айқын көрінеді.

Бет-жүзіне, лауазымына қарамай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажет. Басқару корпусы батыл тазаруға және жаңаруға тиіс.

Жаңа тұрпатты шенеунік — өз ұлтының отаншыл әрі әділ, ісіне адал және кәсібилік білікті қызметшісі болуға тиіс. Мемлекеттік қызметтің беделін биік көтеру және қолдап отыру — біздің таяу жылдарда шешуге тиіс стратегиялық міндетіміз.

Күні кешегі өткенімізден бойымызда қалған ескі ниет-пайымымыз, әсіресе идеологиялық кертартпалығымыз, нарықтық шаруашылықтың жаңа жағдайында жұмыс істеуге қабілетсіздігіміз бен білместігіміз — әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы үлкен тосқауыл. Иә, алғашқы жалт еткен жағымды көріністер бар. Алайда тұтасынан алғанда, жаңа тұрпатты басқарушылар даярлау — таяу болашақтың кезек күттірмес міндеті. Басқаруға білек сыбана іс тындыруға әзір, басым мақсаттар мен міндеттерге жетуге қабілетті білімдарлар келуге тиіс.

Кәсібилік, отаншылдық, ұзақ мерзімді міндеттер қоюға қабілеттілік, оларды жаңа жағдайда шеше алатын білімділік пен жігерлілік — кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың басты өлшемдері.

Республикада кәсіби мемлекеттік қызмет негіздері қазірдің өзінде қаланды. Алайда әлі де көп іс тындыру керек.

Кадрларды басқарудың жалпы мемлекеттік жүйесін құру қажет, онда оларды елімізде және сырт жерлерде нысаналы әрі тиімді даярлаудың, оларды қызмет бабында жоғарылатудың әділетті тәртібі, бірыңғай ақпарат тетігі, әлеуметтік қорғау кепілдігі әрі басқарудың ең іргелі ресурсы — адамға деген сергек көзқарас қамтылуға тиіс.

Сонымен бірге бұл мемлекеттік жүйенің білімсіз, біліктілігі төмен қызметкерлерді ығыстыра алатын қабілеті де болуы керек. Әр қызметкер іс жүзінде өзінің пайдалы екенін және керектігін ұдайы дәлелдеп отыруға тиіс.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: 1998–2000 ЖЫЛДАР

БҮГІНГІ БІР КҮН ЕРТЕҢГІ ЕКІ КҮНГЕ ТАТИДЫ.

Франклин

Егер біз ХХІ жүзжылдықтың басына дейін келесі үш жылға арналған қысқа мерзімді міндеттерімізді белгілеп, оларды орындай алмасақ, осы айтқанымыздың бәрінің де құрғақ қиял, жел сөз болып қалу қаупі бар.

Біздің көптеген азаматтарымызды дәл бүгін алыс келешектің онша алаңдатып отырмағаны аян, өйткені қазіргі проблемалар еңсе жаздырмай тұр.

Адамдардың көпшілігі таяу уақытта аздап болса да, нақтылы нәтижелерді сезінбейінше, олардың ұзақ мерзімді мақсаттар мен жақсы деген уағдалардың өзіне сенімсіздікпен қарары анық.

Біздің стратегиялық жолымыздағы алғашқы қадамдар мен алғашқы нәтижелерді неғұрлым тереңірек аңдау мен қадағалау мүмкіндігі бар. Солардың негізінде таңдап алған жолымыздың дұрыстығын терең пайымдайтын боламыз, мемлекетке деген сенім артады, ортақтық және отаншылдық сенім беки түседі.

Біздің азаматтарымыз парасатты. Бірталай жылдардың ішінде экономика сауығып қарқын алмайынша, барлық әлеуметтік өткір проблемаларды шеше алмайтындығымызды олар жақсы түсінеді.

Таяудағы бірнеше жылдың ішінде ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыру және ұзақ мерзімді стратегияның шеңберінде қысқа мерзімді нақтылы іс-қимыл жоспарларын орындау үшін мемлекет ресурстарының шектеулі екенін де олар түсінеді.

Соған қарамастан, адамдар ғасырымыз аяқталғанға дейін азды-көпті жақсылықтар күтуге де және оларды алуға да хақылы, сондықтан да мен осы тұста, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізінде 1998-2000 жылдарға арналған неғұрлым маңызды міндеттерге тоқталып кетемін.

Басым мақсаттар былайша түзілуге тиіс:

— ілгері елдермен белсенді қарым-қатынас жасау, Қазақстанның энергетикалық секторына капитал тарту және еліміздің әскери доктринасын әзірлеу арқылы ұлттық қауіпсіздікті нығайту;

— ауылдың неғұрлым өткір проблемаларын шешу;

— кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес;

— ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігін нығайту жолымен экономикалық өркендеуге жету;

— барлық әлеуметтік-экономикалық реформаларды аяқтау, ең алдымен, бюджет саласындағы реформаларды аяқтау, соның нәтижесінде зейнетақыларды, жалақыны және әлеуметтік жәрдемақыларды толық көлемінде уақтылы төлеу;

— қолайлы инвестициялық ахуал туғызу;

— Үкімет пен мемлекеттік қызмет реформаларын жеделдету, сыбайлас жемқорлық пен қиянатқа қарсы күресті күшейту.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

2000 жылға қарай:

— Қазақстанның төңірегінде қалыптасып келе жатқан стратегиялық тепе-теңдікті, еліміздің геосаяси тұрғыдағы ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін тұрақтылықты мемлекеттің сыртқы саяси институттары арқылы көтермелеу.

— Біз Ресеймен және Қытаймен, Орталық Азиядағы көршілерімізбен, ислам мемлекеттерімен және Батыспен қарым-қатынастарымызды нығайтуда едәуір алға жылжитын боламыз.

— Каспий шельфі мен Қарашығанақ кен орындарын игеруге АҚШ-тың, Ресейдің, Қытайдың, Ұлыбританияның және басқа ілгері мемлекеттердің ірі компаниялары мен капиталы тартылды, ол алдыңғы қатарлы державалардың біздің еліміздің тәуелсіздігіне деген мүдделілігін күшейтеді. Ал мұның өзі әлемдік рынокқа отын шығарып тұрудың тұрлаулылығын қамтамасыз етеді.

— Сыртқы саяси және барлау органдарының күшжігері мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге жұмылдырылады.

— Қазақстанның әскери доктринасы әзірленеді, ол қалыптасқан жағдайға қарай әлсін-әлі нақтыланып тұратын болады.

— Демографиялық стратегияны іске асыру қаражаттың жетіспеуі себепті негізінен оның жоғарыда аталған шығасысыз элементтерінен басталады. Дегенмен, Үкімет балаларды және көп балалы аналарды қолдауға арналған жәрдемақыларды одан әрі төлеп тұратын болады.

АУЫЛ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ауылдың ең бір елеулі проблемаларын шешуге келетін болсақ, біз 2000 жылға қарай:

— жергілікті әкімшілікті нарықтық қатынастарға араласудан шеттететін боламыз;

— жеке меншік пен тиесілі бөлістерді заттай айқын телитін күмәнді жеке шаруашылықтарға жекешелендіру жүргіземіз;

— банкроттық тетіктері арқылы ауыл экономикасын сауықтыратын боламыз;

— ең алдымен, фермерлер мен нағыз жеке шаруашылықтар үшін кредиттерді арзандатамыз;

— Азия және Еуропа Қайта жаңарту және даму банкітері заемдарының, басқа ұйымдар мен тілеуқор елдердің көмегінің есебінен ауылдағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытамыз;

— 25-30 мың теңге көлемінде кіші кредиттер үлестіреміз. Үкімет үш жыл ішінде мал мен мүлік сатып алуы үшін, заңда тыйым салынбаған кез келген бизнеспен шұғылдануы үшін, жан бағып, өздерінің іскерлік дағдыларын ұштауы үшін өте қиын жағдайда қалған кемінде 150 мың ауыл адамына қажетті осындай қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті;

— тікелей отандық және шетел инвестицияларын тартатын боламыз;

— фермерлерге өнімдерін өткізуге жәрдем көрсетеміз;

— сумен жабдықтау және ирригация проблемаларын шешетін боламыз;

— барлық министрліктер мен қорлар желісі бойынша ауыл проблемаларының басымдықпен қаржыландырылуын қамтамасыз етеміз.

КЕДЕЙШІЛІК ПЕН ЖҰМЫССЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Осы жылдардың ішінде кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес стратегиясы:

- кіші кредиттер жүйесін енгізуге;
- шағын және орта бизнесті дамытуға;
- еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамытуға және бұларға шетел инвестициялары мен ұлттық капиталды белсенді тартуға;
- шарттар мен контрактілер және бюджеттік сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң түрғыдан келуге;
- қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен, жол құрылысы мен орман отырғызуды дамытуға;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту жолындағы қажетсіз әкімшілік кедергілердің бәрін алып тастауға;
- қызмет көрсету саласын және әсіресе туризмді белсенді дамытуға негізделеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

Өзіміздің осы бағыттағы ұзақ мерзімді басымдықтарымызды іске асыру мақсатында келесі үш жылдың ішінде:

- қатаң монетарлық саясат бұлжытпай жүргізіледі;
- жекешелендіру аяқталатын болады;
- заң шығару жетілдіріліп, жақсартыла түседі, мұның өзі еліміздегі инвестициялық ахуалды барлық жерде бірдей жақсартып түседі;
- шетел инвестицияларын тарту бұрынғыдан да белсенді жүргізілетін болады, олардың көлемі мен нәтижелері жайында халыққа егжей-тегжейлі ақпарат беріліп тұруға тиіс. Энергетикалық ресурстарға келетін болсақ;

— Қазақстан КҚК құбыр арнасы құрылысын аяқтау және 2000 жылы оны іске қосу, ал 2004 жылы басқа құбыр арнасын — Қытай Халық Республикасына жеткізу үшін қолынан келгеннің бәрін істейді;

— Жерорта теңізіне, Парсы шығанағына, Араб теңізіне балама құбыр арналарын тартуды қаржыландыру мен салу мәселесін пысықтайтын боламыз. Қазақстан өнеркәсібі мен тұрғын үйлерге, сондай-ақ халықаралық рыноктарға отын жеткізу үшін газ құбыры арналары тартылады;

— Каспий шельфіндегі мұнай және газды барлау мен өндіру, Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында газ конденсатын өндіру, тасымалдау және өңдеу жөніндегі келісімдерге қол қоямыз.

Инфрақұрылымды дамыту жоспарында мыналар қарастырылған:

— 2000 жылдың соңында «Достық» және «Ақтоғай» станциялары арасындағы темір жол инфрақұрылымын жақсарту, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында темір жол көлігінің қуаттарын ұлғайту;

— 1999 жылдың соңына қарай Ақтау қаласындағы теңіз айлағын қайта жаңартудың бірінші кезегін жүзеге асыру;

— 2000 жылдың соңына қарай Алматы—Астана —Бурабай жолын жаңғырту;

— 2002 жылдың соңына қарай Семей қаласында Ертістегі көпір мен оның кірме жолдарының құрылысын аяқтау;

— 2000 жылы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК РЕФОРМАЛАР

2000 жылға қарай:

— Жалақы мен зейнетақы төлемеу деген болмайды — бұл өткен уақыт құбылысына айналады;

— Қоғамымыздың барынша мұқтаж топтары, соның ішінде 150 мың адам кіші кредиттердің көмегімен және 3,5 миллионнан аса адам (зейнеткерлерді қоса) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі арқылы мемлекеттен көмек алады;

— Барлық өнімділігі төмен және шығынмен істейтін зауыттар банкроттық жосығынан өткізіледі;

— Ұзақ мерзімді басымдықтарымызды қолдауға бағытталған бюджет реформаларын батыл жүргіземіз, қолымыздағы қаражатымызға қарай өмір сүру принципін ұстанатын боламыз;

— Қазақстандықтар үшін салық төлеу үйреншікті іске, отаншылдық парызға айналады;

— Зейнетақы реформасын нысаналы түрде жүргізе беретін боламыз;

— Өз қаржы секторымыздың реформасын тәмамдап, құнды қағаздар нарығын іске «қосамыз».

КӘСІБИ ҮКІМЕТ

2000 жылға қарай:

— Үкімет пен мемлекеттік қызмет реформасы аяқталатын болады;

— Біліктілігі саяз шенеуніктерден арылуға және мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық пен билікті асыра пайдалануға қарсы күреске бірінші кезекті мән беріледі.

ҮКІМЕТКЕ 1998 ЖЫЛҒА СЕГІЗ НАҚТЫ ТАПСЫРМА

*ҚОЛ ҚУСЫРЫП ҚАРАП ОТЫРСАҢЫЗ, ТҮЗУ ЖОЛДЫҢ ҮСТІНДЕ
ДЕ ТАБАН АСТЫНДА ҚАЛАСЫЗ.*

Годфрей

Мен өзіміздің ұзақ мерзімді басымдықтарымыз ішіндегі келесі үш жылдағы міндеттерімізді айқындап бердім, алайда сонымен қатар, келесі жылдың өзінде шешуіміз қажет бірсыпыра міндеттер бар. Сондықтан да мен Үкіметке 1998 жылға мынадай сегіз нақты тапсырма беремін:

1. Зейнетақыларды, жәрдемақыларды және бюджеттік ұйымдарда жалақыны толық және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету.

2. Бір жыл ішінде кемінде аз қамсыздандырылған 30 мың азаматқа, бірінші кезекте ауылды жерлерде жұмыс орындарын құруға 3 жыл мерзімге 400 АҚШ долларына парапар сомада кіші кредиттер беру.

3. Үстіміздегі жылдан бастап шағын және орта бизнесті, фермер қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға кемінде 100 млн АҚШ доллары сомасында кредиттердің берілуін қамтамасыз ету.

4. Мектептерді, ең алдымен, ауылдық жерлердегі мектептерді компьютерлендірудің кең ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісу, бұл мақсатқа 1998 жылдың өзінде кемінде 22 млн АҚШ долларын бөлу.

5. Шаруа және фермер қожалықтарына арналған кредиттердің кемінде 2,5 млрд теңгеге арзандатылуын қамтамасыз ету.

6. Салауатты өмір салты жолындағы қоғамдық науқанды бастау.

7. Осы мақсатқа кемінде 40 млн АҚШ долларын бөле отырып, тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісу. 1998 жылғы сәуірде осы бағдарламаны жүзеге асырудың принциптері мен одан күтілетін нәтижелер жайында жұртшылыққа баян ету.

8. Балалардың мектепке толық баруын қамтамасыз ету.

ҚОРЫТЫНДЫ

*КҮШТІМІН ДЕГЕН СЕНИМНІҢ ӨЗІНДЕ
КҮШ ЖАТЫР.*

Боуви

Ұзақ мерзімді басымдықтарды таңдап алу, 1998-2000 жылдарға арналған міндеттерді белгілеу және келесі жылдың іс-қимыл жоспарын әзірлеу — аса күрделі міндет. Алдын ала бәрін болжау мүмкін емес, бұл жолда қандай қиындықтардың тосып тұрғаны да беймәлім. Алайда осынау ұзақ мерзімді басымдықтарды әзірлеу бірден бәріміздің қажырымызды жанып, іске жұмылдырары анық, ал бұл бізге жетіспей жүрген қасиет.

Бүгінгі ұрпақтың көпшілігінің осынау стратегиямыздың іске асқан кезіне жетер-жетпесі де неғайбыл. Ендеше оның нақтылығы мен дұрыстығын бағамдау — біздің балаларымыздың еншісі. Біздің күнбе-күнгі мақсаткерлігіміз бен табандылығымызға баға бере отырып, оны әлем жұртшылығы саралайтын болады.

Осынау ұзын сонар жолда бізді орасан зор ішкі және сыртқы қиындықтар тосып тұр. Өз дамуының стратегиясын әзірлеуге қауқары жетпеген көптеген елдер әлемге аян. Өз жоспарларын іске асыра алмаған мемлекеттер болғанының мысалы одан да көп. Жағдаяттардың ыңғайы, бастаушыларының саяси ерік-жігері мен қабілетінің әлсіздігі оларды мұратына жеткізбеді.

Егер күн сайын енжарлығымызды еңсеріп, бойымыздағы барша күш-қуатымызды басты бағыттарға жұмылдыра алмасақ, табандылық пен икемділік, тәртіп пен шығармашылық қарым таныта алмасақ, біздің де сондай күйге ұшырауымыз ықтимал.

Күнбе-күнгі қам-қарекет пен ағымдағы істердің ыңғайына жығылып, басты нысанамызды біртіндеп естен шығару, жеңіл, тіпті кейде керексіз жұмыстарға ауысып, ауырын, алайда стратегиялық тұрғыдан маңыздысын кейінге ысыру — ежелгі сіңісті дертіміз. Сондықтан да күн сайын алдымызда тұрған басымдық-

тарды бажайлау, әр күн ертеңгілік алдағы мақсатымызға қарай алға жылжудың аз да болса қамын ойлау, содан кейін әр кеш сайын уақытымызды қаншама тиімді пайдаланғанымызды бағамдап отыру абзал.

Жыл соңына дейін барлық 7 басымдығымыздың әрқайсысы бойынша оларды іске асырудың үш жылдық және жылдық нақтылы жоспарлары әзірленіп, олар кейіннен даму жоспарлары мен бюджеттердің негізіне алынады.

Үкіметтің құрылымы біздің стратегиялық басымдықтарымыз бен жоспарларымызға сәйкес келтіріледі.

Биылдың өзінен бастап Президенттің, Үкіметтің, Парламенттің және жергілікті өкіметтің қызметі өзіміздің ортақ стратегиямызды іске асыруға бағындырылады.

Қазақстан Үкіметінің әрбір министрінің қолында стратегиялық жұмыс жоспары болады, әрі ол өз ведомствосының, сол жоспардың әрбір нақтылы тармақтарын орындау жөніндегі қызметі жайында тоқсан сайын есеп беріп отырады.

Жыл сайын мен сіздердің, еліміздің азаматтарының алдында не істегеніміз, нені істемегеніміз және неліктен істемегеніміз жайында есеп беремін. Әрбір жыл сайынғы Жолдауда мен біздің стратегиялық мақсаттарға қарай ілгерілей түсуіміз үшін келесі жылға жаңа міндеттер қойып отырамын.

Алдымызда тұрған қиындықтардың көптігіне қарап, бұл жоспарларды байыпсыздық санар көптеген күмәншілдер де табылар. Бәз біреулер біздің мұратымыз бен стратегиямызды бос сөзге балар. Енді біреулері Орталық азиялықтар, оның ішінде, қазақстандықтарды Барыс болуға қабілетсіз дер.

Қазақтың халық мақалы «Шапшаң жүргенге шаң жұқпас» дейді. Сондықтан да бізге — уақыт төреші. Мұратына жүрген жетеді.

**ЕЛІМІЗДІГІ ЖАҒА САСЫРДАСЫ
ТҰРАҒЫТҒЫСЫ МЕН ҒАУІПСІЗДІГІ**

**ҒАЗАҒЫСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІГІ
ҒАЗАҒЫСТАН ХАЛҒЫНА ЖОЛДАУЫ**

1999 жылғы 14 желтоқсан

Қадірменді отандастарым!

Әрбір буынның өзі өмір сүрген уақытты өзекті кезең санайтыны бар. Дегенмен, мыңжылдықтар межесінде ғұмыр кешуді тарих тек біздің буынның ғана маңдайына жазыпты. Бұл бүгінгі буынның басына қонған бақ қана емес, сонымен қатар оның басына түскен уайымы да, бұл бізге берілген мүмкіндік қана емес, сонымен бірге бізге төнген қатер де. Соңғы он жылдың ішінде біз бастан кешкен оқиғалардың шиыршық атып тұрғандығы, күнделікті өмірдің уайым-қайғысы мен қауіп-қатерінің шығанға шыққандығы сондай, кей-кейде көне тарихтың бел-белестері де, келешектің көкжиегі де көмескіленіп кете береді. Сонда да жүріп өткен жолымызды еске алып, таяу болашаққа ой көзімен үңілетін сәттеріміз де болып тұруға тиіс. **«Өзіңнің өткеніңді ұмытсаң, ол болашақта алдыңа келеді»** деген ғибратты сөз бар.

1. Тарих және тәуелсіздік

Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұлан-байтақ Еуразия даласының нақ кіндігінде көне түріктердің ұлы империясы дүниеге келді, ол империя кейін мына

шеті Қытайдан басталып, ана шеті Византияға тіреліп жатқан алып кеңістікті бағындырып алған қуатты мемлекеттік бірлестіктерге айналды. **Сол уақыттардан бері біздің бабаларымыз Солтүстік Еуразияның төсінде, тұрақ-мекенін ауыстырмай ғұмыр кешіп келді, қазір біз де тап сол өңірде өмір сүріп жатырмыз.**

Екінші мыңжылдықтың бас жағында даламыз монғол көшпелілерінің шапқыншылығына ұшырап, аса жойқын апатқа тап болмағанда Қазақстанның тарихы басқаша түзілер еді. Алайда тарих болжам жасап, бал аша бергенді мойындай қоймайды, сондай-ақ ақ-қара деп қана айыра салғанды да құп көрмейді. Монғолдардың шағын қолы жергілікті халыққа араласып, сіңісіп кетті, одан кейінгі Алтын Орданың, Ақ Орданың, Көк Орданың тарихы, шынтуайтына келгенде, түрік халықтарының тарихы болып табылады.

Он бесінші ғасырда алғашқы Қазақ хандығының құрылуы халықтың тарих төсіндегі, уақыт кеңістігіндегі өзіне тиісті бөлекше орынды алып тынғанын тиянақтады. Ұлы хандарымыз Керей мен Жәнібек оны саяси тұрғыдан бедерлеп берді. **Ұлттық тарихымыздың соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Біз өзіміздің өткендегі өмірімізге кілең бір кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарамауымыз керек.** Шұғыл өркендеп кеткен Еуропа мен дами түскен Қытай XVI-XVII ғасырлардың өзінде көшпелі халықтардың мүмкіндіктерін күрт кемітіп, олардың бойындағы күш-қуатын бір-бірін жойып жіберуге жұмсатып қойды. Қазақтар мен жоңғарлардың трагедиясы осылайша басталды. Ұлттың бойындағы қуат кернеуінің күштілігі сондай, біз сол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» да төтеп бере алдық, сөйтіп жеңіп шықтық. Бір болсақ бізді алар жау

жоқ деген қарапайым ғана, қарапайым да болса мәңгілік ақиқат ойға да сол тұста ден қойғанбыз. Елді қос өкпеден қысқан құрсаудан халықтың басын қосқан айбынды ханымыз Абылайдың сөзі мен семсері құтқарып қалатыны да сол тұста болатын. **Алайда ол жеңістің қызығын ұзақ көре алған жоқпыз. Біз тарихи тұрғыдан көштен қалып қойған халыққа айнала бастадық.**

Ресей империясының құрамында болған кезіміз көшпеліліктің тарихтағы бағы баянды еместігіне көз жеткізді. Абылай ханның немересі Кенесарының қияпатты тұлғасы, тәуелсіздік үшін арпалысқан басқа да ерлердің бейнесі біздің жадымызда жатталып қалады. Бұл трагедияның түйіні ер жүрек номадтардан уақыттың өзі бетін бұрып алғанында болатын.

Жиырмамыншы ғасырдың бас жағында біздің сан ғасырлық тарихымызда тұңғыш рет халықты әлемдік айдынға алып шығуға нақты мүмкіндік туды. Ол мүмкіндікті туғызғандар «Алаштың» ардақты азаматтары еді. Алайда енді басқа трагедия — тоталитаризм трагедиясы алдан шығып, тарихымыздың жүз жылға жуық белесін жапты да тастады. Тікелей немесе жанама шығындардың кесірінен тек қазақтардың өзі айналасы бірнеше жылда халықтың 40 пайыздайынан айырылып шыға келді. Ондаған миллион орыстар, украиндықтар, еврейлер опат болды... Тоталитаризм ұлтқа қарап жатпайды. Этностың басына түскен осынау ақырзаманда ешқандай ұлттың кінәсі жоқ екенін, мұның өзі сол жүйенің табиғатынан туындағанын түсінетін шақ жетті. Ол Жүйе тіпті тұяқ серпитін сәтінде де Алматының алаңында жігіттер мен қыздардың қанына қол батырып қалудан шіміріккен жоқ...

Ұзақ жылдар бойы халықтың бойындағы қуат дамуға емес, өлместің күнін кешуге жұмсалып жатты. Біз жаңа жүзжылдықтың табалдырығына қилы-қилы мұраны арқалап жеттік, сонымен бірге ұлттық тарихта бізге дейін ешқандай ұрпақтың қолына тимеген

мүмкіндікті де ала келдік. **Қияметті де қияпатты соңғы онжылдықта бұған дейінгі жүздеген ұрпақтардың қолы жетпегенге қол жеткіздік: тәуелсіз мемлекет құра алдық. Бізді енді ешқандай тарих желі жер бетінен жойып жібермейтіндігінің басты кепілі, міне, осы.**

2. ХХІ ғасырдың салар сынағы

«Қатыш-семіп қалған уақыттың» құшағына қайта түспес үшін біз нақтылы ойлай білуіміз керек. Жиырма бірінші ғасырдағы Қазақстан — әлемдік экономикалық және саяси кеңістіктің бір бөлігі.

Әлемнің басқа аймақтарындағы дағдарыс Қазақстанды да шарпып, шалдықтырып кеткен шақта біздің бәріміз де алапат ауқымдылықтың салмақ-салдарын сезіне алдық. Әлемнің бағыт-бағдары ұлттардың да бағыт-бағдары болып барады. Бүгінде оқшауланушылық саясаты, әсіресе Қазақстан үшін жеңіліспен тең. Ұлт пен мемлекеттің аман қалуының жалғыз жолы — экономиканы ашық ұстау, әлемдегі қуатты экономикалық аймақтармен ықпалдаса араласып-құраласу.

Айрықша жолды ойлап табуға тырысушылық экономикада ғана емес, саясатта да жарға жықпай қоймайды. Қазақстан әлемдік тенденцияларға қарсы тұра алмақ емес. Ашық қоғамды демократиясыз құруға болмайды. Бұл сапарда кідірістер де кездесер, алайда қандай саяси қажеттілік талап етсе де, Қазақстанда кері шегінуге жол жоқ. Монархтардың, бас хатшылардың немесе президенттердің белден баса беретін кезі келмекке кетті.

Алайда осынау міндеттердің бәрінің үдесінен шығу елдің қауіпсіздігіне келіп тіреледі. Сонан да жиырма бірінші ғасыр біздің алдымызға ауыр сынақ тосқалы тұр. Екінші дүниежүзілік соғыстан бері әлемде кем қойғанда 170 рет соғыс өрті тұтанды. Қазір де төрт құрлықта 24 жерде соғыс сипатындағы қақтығыс орын алып отыр.

Көршілес жатқан елдердегі қарулы қақтығыстар және олардың Қазақстанға ауысу қаупінің бар екендігі — таяудағы жылдарда біздің қауіпсіздігімізге салынар басты сынақ. Бұл — құр теория емес, нақты қатер. Бұл қатер босқындардың баса-көктеп еніп кетуінен де, Қазақстанды қарулы қақтығыстарға ұрындыру мақсатымен жасалатын арандатушылықтан да, ел аумағында террорлық әрекеттер жасаудан да, шекарадағы жағдайды ушықтырудан да көрініс табуы мүмкін.

Жаңа ғасырдың басында саяси және діни экстремизмнің кеңінен таралуының қаупі де мұнан кем емес. Экстремизмнің неше атасы — өтіп бара жатқан ғасырдың қорқынышты «жаңалығы», оны ойда-жоқта шыға келген сұмдық деп қарауға болмайды. Оның бастау-бұлағы, себеп-салдары бар. Тек күш көрсетумен бұл мәселені шеше алмайсың. Күш көрсету күш көрсетуді туғызатыны тағы бар.

Қазақстан есірткі тоқтаусыз тасымалданатын белдеуде жатыр. Орналасқан жеріне байланысты Қазақстан есірткі бизнесінің халықаралық құрылымдарының мүддесі үйлескен аймаққа айналған. Бұл мәселенің географиялық, экономикалық тұрғыдан қарағандағы өлшемдерінің маңыздылығын ескерумен қатар, **есірткіге салынушылық пен есірткі бизнесімен күресті қазақстандықтардың өздерінің қолдауынсыз жүргізуге болмайтынын да түсінуге тиіспіз.** Проблеманың ауқымын мемлекет қана емес, тұтастай алғанда қоғамның өзі де шамалауға міндетті.

Өкімет билігін Конституцияға жат әдістермен тартып алуға шақыратын күштердің іс-қимылын қырағылықпен қадағалап отыруға тиіспіз. Иә, бәлкім, біз қателіктер жіберетін де шығармыз. Біздің уақытымызға әділ бағаны тек болашақтың тарихшылары ғана бере алады. Алайда осындай өтпелі

кезеңдердің бірінде айтылған «тозаққа барар жол да ізгі ниетпен төселген» деген ақиқат сөз де бар. Мемлекеттің айналасындағы жағдай қазіргідей өте нәзік те тұрлаусыз күйде тұрған кезде іштен іріп жату дегеніңіз дәл сол тозаққа барар жол болады да шығады. Осыны түсінгісі келген адам көршілеріміздің қайғылы халіне көз салса жетіп жатыр. Немесе өткенімізге көз жіберсін — ұлттың басы бірікпеген кездеріне мысал жетіп артылады. Мұндай қателіктерді біз қайталамақ емеспіз. **Өзінің мемлекеттілігіне қол жеткізген халықтың тағдырын ешкімнің де, мейлі олар қандай ұранды бетперде етіп ұстаса да, тәлкегіне түсіріп қоя алмаймыз.**

3. Ауытқымалы дүниедегі қауіпсіздік

Ғасыр соңында қауіпсіздіктің бүкіл халықаралық жүйесінің тас-талқаны шығуға шақ қалды. Соғыста жеңіп шығу бейбітшілікке қол жеткізуден жеңілірек деседі. Ұлттық егемендіктің мызғымастығы принциптеріне арқа сүйейтін халықаралық құқыққа негізделіп құрылған бейбітшілік «сыр бере» бастады. **Таяудағы тарихтың «адамды адастырып жіберетін сипаты» бізді өзіміздің қауіпсіздігіміздің мәселесіне айрықша ықылас қоюға мәжбүр етеді.**

Тәуелсіздік алғалы бергі Ресей біз үшін көп көршінің бірі емес. Мына қарапайым жайды — **алдағы ғасырда Ресеймен серіктестік қарым-қатынастарымыз біздің еліміздің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін міндетті шарттардың бірі болатынын** — түсінетін, мойындайтын шақ жетті.

Өзінің мыңжылдық тарихында Қазақстан тұңғыш рет Қытаймен заңды түрде бекітілген шекараға ие болды. Ол шекара достық шекарасына айналды. Қытаймен тұрақты қарым-қатынас жасаудың Қазақстан үшін

мән-маңызы ерекше. **Осынау ұлы мемлекетпен қатынастарымызды «Шанхай бестігі» шеңберінде нығайта түсу планетаның осы бөлігіндегі аймақтық қауіпсіздіктің негізі болмақ.**

Қазірдің өзінде Қазақстандағы инвестицияның үштен бірі Америка Құрама Штаттарына тиесілі, **Американың экономикасы мен саясатының Қазақстанға қатысын кеңейте түсу, демократиясы дамыған елдермен сан салалы байланыс жасау да біздің ұлттық қауіпсіздігіміздің іргелі мәселесі.**

Орталық Азияның екінші мыңжылдықтағы тарихы құрлықтың орталығында орналасқан, әлемдік коммуникация жүйесіне шыға алмайтын халықтардың болашағы болмайтынын көрсетіп берді. **Орталық Азиядағы барлық халықтардың тарихы, егер жекелеген жайларды алып тастар болсақ, біз әлемдік маңызы бар транспорт арнасы бола аламыз ба, әлде тағы да жолдың бір жиегінде қалып қоямыз ба деген басты мәселенің қалай шешілетініне байланысты.** Расында да, «өміршілер келеді, кетеді, ал халықтар қала береді». Жаңа ғасырдың табалдырығында тұрғанда Орталық Азия мемлекеттерінің саяси ұмтылысы мәселесінен гөрі, қауіп-қатерін де, мүмкіндіктерін де ішіне бүгіп жатқан мына әлемде ел болып қалудың стратегиясы мәселесі әлдеқайда маңызды. Орталық Азия халықтарының бір-біріне сенімі мен өзара жақындаса түсуі біздің ортақ қауіпсіздігіміздің мүддесіне сай келеді.

Тағдырға мойынсұнған құл күйінде өмірден өтеді деген сөз бар. Тағдырымыз қаншама күрделі күйде қалыптасса да, белсене әрекет етпейінше болашағымыздың баянды болмайтынын біз білеміз. Бұл арада әңгіме игі жемісін қазірдің өзінде көріп отырған біздің дипломатиямыздың белсенділігі жөнінде ғана емес. Біз ұлттық қауіпсіздіктің стратегиясын бекітіп алдық. 2000 жылдың басында жаңа әскери доктрина қабыл-

данбақ, онда әскерді жеткілікті деңгейде қаржыландыру көзделетін болады. Ел басшылығы артық шу шығарып, дабыра жасамай-ақ саяси және діни экстремизмнің жолын кесудің нақты шараларын жүзеге асырды. Бұл бізге жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығына аспай-саспай қадам басуға мүмкіндік жасайды. Жер көлемі жағынан әлемдегі тоғызыншы ел болып табылатын Қазақстанның шекаралары, қандай экономикалық қиындықтарға да қарамастан, таяудағы жылдардың өзінде сенімді түрде бекітілетін болады.

Дүниеде екі дүлей күш бар, оның бірі — уақыт, енді бірі — жағдаят деген сөздің осыдан екі ғасырдан бұрын айтылып жүргені тегін емес. **Алда тұрған уақыт біздің тарихымыздағы онша оңай уақыт емес, жағдаят жақсы боп кетер деп үміт етудің де жөні жоқ.**

Уақыт деген зымиян, айтпай-ақ жетіп келеді. Жиырма бірінші ғасыр табалдырыққа тақап қалды деу аз, ол ғасыр біздің тереземізді тықылдатып тұр. Біз жаңа ғасырға өзімізді-өзіміз алдарқатпай, бірақ сонда да барша қазақстандықтардың жағдайының тұрақтылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі деген сеніммен қадам басқалы отырмыз.

* * *

Өткен тарихымыз бізге талай-талай тағылым қалдырды. Халық өзекті өртер өкінішті сәттерді бастан кешудей кешті. Ал бүгін қазақстандықтар өз тағдырына өздері ие болып отыр. Жаңа ғасыр келіп қалды. Мен бұл ғасыр Қазақстанның тарихындағы ең ғажап ғасыр болады деп сенемін. Бұл ғасыр біздің тарихымызға жасампаз іске толы, бейбіт өткен ғасыр болып енеді деп сенемін.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ — ҚОҒАМНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ БІРЛІГІНДЕ

1993 жылғы 12 мамыр

Мемлекеттің қоғамдық-экономикалық формациясының ауысуымен нақты байланысты болатын орасан зор өзгерістер әрқашанда адамдар санасындағы күрделі өзгерістермен бірге жүретінін түсінгендіктен, осының өзі мені кез келген қоғамның тіршілігі үшін қажетті көкейкесті проблемаларды ой елегінен өткізу және талдау жасау жолындағы талай қатпарлы ойларға әкеліп тіреді. Ал біз маңызы бойынша да, уақыты жағынан да елеулі өтпелі кезеңнен өтуге тиіспіз. Бұл орайда қоғамда өзгерістерге сай келетін рухани ахуал туғызу керек, мұның өзі мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде идеология сияқты ерекше салада, тек байсалды саясат арқылы ғана қолдау табады.

Идеология керек пе, керек емес пе деген дау-дамайдың еш жөні жоқ. Оның үстіне өткен ғасырда өмірге енгізілген бұл атау талай құйтырқының амалына түскеннен кейін алғашқы мағынасынан біршама айырылып қалды. Осындай жағдай өктем жүйенің қатаң жағдайында ондаған жылдар өмір сүрген біздің қоғамымызда да болғаны рас. Ол жүйе күйрегеннен кейін «идеология» ұғымының көлеңкелі қырлары басым болып, соңғы уақытта оны саяси сөздікте мысқылмен қабылдайтыны да айқын болып отыр. Бірақ идеологияның өзіне осындай көзқарас лайық па? Кез келген, әсіресе дамушы мемлекетте көзқарастар мен идеялардың бүкіл кешені ішкі және сырт-

қы саясатты жүзеге асыру, ғылымды, мәдениетті, білімді дамыту, жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру мақсатында жасалып отырса, идеология хақында бөтен сөздің не жөні бар?

Қазіргі заманғы үлгідегі қоғам идеологиялық деп айқындайтын жүйе болмайынша өмір сүре алмаса керек.

Дүние жүзінің жетекші мемлекеттері қашан да өзінің азаматтары үшін ғана емес, сондай-ақ басқа елдердің азаматтары үшін де тартымды саяси, экономикалық қана емес, сондай-ақ идеологиялық та бейнелерді жасауға ұмтылып келген. Егер мемлекет осы салада бос орын қалдыратын болса, онда мұны өзгеше дүниетанымдық қағидалар толтыратын болады. Шын мәнінде, идеология — бұл адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру механизмі, бірақ бұл күштеп-зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғынамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі. Бұл орайда басқа да көзқарастар мен пікірлердің болуы тәркі етілмейді. Өмір алға озып, қоғам мен мемлекет өмір сүріп отырған кезде әр түрлі идеологиялық ағымдар бола бермек.

Қазақстандағы қазіргі заманғы қоғамдық-саяси жағдай

Қазақстан бұрынғы империяның көлеңкесінде бас сауғалап келген өмірден түбегейлі және түпкілікті бас тартып, нарықтық экономикасы әлеуметтік бағытталған және жаңа принципті түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарға негізделген күшті

егемен мемлекетті құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыс түбегейлі түрде өзгеріп келе жатқаны, республиканың демократиялық бағытқа, халықаралық нормалар мен принциптерге адалдығы айқын. Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы — адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр. Адамдардың заң жүзінде құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі қамтамасыз етілген, топтасу, адамгершілік, ұлтаралық келісім, барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі идеялары негізделген.

Осының бәрі — сайып келгенде, реформаларды дәйекті түрде жүзеге асырудың берік негізі. Алайда саяси және экономикалық жүйелердің ауысуына байланысты қоғамдық санада өзгерістер өздігінен болады деу сенімсіз болар еді. Бұл құбылыстың өзі айтарлықтай елеулі әрі күрделі, өйткені әлеуметтік өмірдің терең процестерімен, дүниетанымдық тағылымдардың өзгерістерімен, психологиялық таптаурындармен, сонымен бірге қоғам өмірімен, әрбір адамның тұрмыс салтымен байланысты. Әрі бүгінгі таңда біздің бәрімізге қос ауыртпалық түскен тәрізді: экономика мен қоғам өткен мен болашақтың ортасында сияқты. Артқа қайырылар жол жоқ екенін біле отырып, біз шаруашылық жүргізу жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, рухани өмірдің бүгінгі таңда өткеннің сарқыншағынан арыла алмай отырғанын мойындауға тиіспіз.

Тап осындай жағдай қоғамдық санада да болып отыр. Өткен ғасырдың өзінде ғылымда «аномия» деген ұғым қалыптасқан болатын. Мұның өзі адамның қалыптасқан құндылықтар жүйесі қайтадан ой елегінен өткізіліп, бүкіл ғұмырлық мұраттардың бәрі түбегейлі түрде өзгерген жағдайда адамның абдырап-сасқан кезін білдіретіні шындық. Мұның өзі жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғам үшін ауыр сын. Осыған

орай қазақстандықтардың басым көпшілігі реформа жөніндегі бағытты қолдап отырғанына қарамастан, өзгерістердің қажеттігін білгенімен, былайша айтқанда, жүрекпен жете түсінсе де, ақыл-оймен мән-мағынасына ой жүгірткен жоқ, адамдар өз болашағы үшін әлі сенімсіз, келешегін әлі де айқын көре алмай отыр.

Күнделікті тіршілігіміздегі күйкі күйімізді экономикалық жағдай үдетіп отыр. Мұның өзі қарапайым адам үшін ең алдымен, бағаның шексіз өсуінен, тұрмыс деңгейінің құлдырауынан, көптеген әлеуметтік проблемаларының шешілмеуінен көрініп отыр. Оның үстіне адамдарды саяси күрестердің ұшқарылықтары да адастырып отыр. Кейде саяси жымысқы алдап-арбаудың қоғамдық санада өзіне орын тауып жататын кездері де бар.

Бүгінгі таңда Қазақстанның саяси саласында қалыптасып жатқан жағдайды түсіну үшін баспасөздің беттерінде, партиялардың пікірталастарында, экономикалық топтарда, сондай-ақ қоғамның қалың қатпарларында талқыланып жататын идеялардың мазмұнына мұқият талдау жасау қажет.

Саяси пікірлердің бүкіл күрделі жағдайының өзінде, ал олардың жиынтығы өте көп, қазіргі қоғамдық-саяси алуан түрліліктің екі полюсі ретінде социалистік және либералдық пікірлерді қарастырыған жөн. Әрине бұл қарапайым баяндау, бірақ мұның өзі бар болмысты толық көруге мүмкіндік береді.

Социалистік тұғырнама қоғамда белгілі бір дәрежеде жақтастар тауып отыр, бірақ реформалау кезеңінде оған иек арту, сірә жөн болмас. Социалистік мұраттарды оғаш, ретсіз әрі әділетсіз сынаудың кезеңі өтті, социализмнің кеңестік нұсқасында халыққа не бергенін және оның біз мүлдем қабылдамайтын жақтарына елеулі талдау жасайтын кезіміз жетті.

Кеңес өкіметі жылдарында жасалған қуатты өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, бірегей технология-

лық кешендер, жапшай сауаттылық, абаттандыру және басқалары Қазақстанды индустрия жолына көшірмей мүмкін емес еді. Біздің бүгінгі күш-қуатымыз — белгілі дәрежеде кешегі құрылыстың нәтижесі. Мұны тек пікірталас қызбалығына салынғанда ғана жоққа шығаруға болар.

Социалистік идеялардың әсіре жақтастары өткенді сағына еске алып, оның қайта орнауын қалайды, сөйтіп «атқарылған істер» үшін тіпті саясаткерлерді жауапкершілікке тартуға шақырып отырған жайы бар. Мәселенің бұлай қойылуының өзі қисынсыз: оппозиция бүгінгі таңда өзінің назарын жеке адамдарға, кездейсоқ немесе уақытша жағдайларға аударып отыр. Әрине мемлекеттің ыдырауына сол уақыттағы жекелеген көшбасшылардың ықпалы болғаны белгілі. Алайда қызбалыққа салынбай, шыннайы тұрғыдан қарайтын болсақ, социализм әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастар жүйесі ретінде түпсіз дағдарысқа тап болғаны айдан анық. Қазір енді кең ауқымдағы дағдарыс жөнінде айтуға болады.

Бұл — экономикалық дағдарыс. Қоғамдық жүйелер тиімділігінің түйінді өлшемі — бұл экономикалық тиімділік. Осы өлшем бойынша алғанда орталықтандырылған жоспарлы экономика, сайып келгенде, нарықтық экономиканың алдында жеңіліс тапты.

Бұл — саяси дағдарыс. Боямаланған халық билігі мен ішкі партиялық бюрократияның үстем тобының қолына шоғырланған билік арасындағы қарама-қайшылық қисынды шегіне жетті. Сырт көзге қарағанда саяси құрылымдар демократияны сөз жүзінде ғана көрсетіп, шын мәнінде барлық шешімдер жергілікті және орталық деңгейде партия көшбасшыларының айтуымен қабылданды.

Бұл — ұлттық дағдарыс. Интернационализмді жариялағанына қарамастан, социалистік жүйе

ондаған жылдар бойына халықтардың еркін дамуын қатаң түрде бұғаулап келді. Атап айтқанда, Қазақстанда, сарапшылардың бағалауы бойынша, күштеп ұжымдастыру жылдарында бүкіл қазақ ұлтының жартысынан астамы қаза тапқан және шетке кеткен. Елдің бүкіл халықтары орасан зор зардап шекті. Ұлттық дағдарыс — көп ретте экономикалық дағдарыстың салдары. Орталық пен аймақтар арасындағы қарым-қатынас жартылай отарлық сипатта болды. Республиканың экономикасына шикізаттық бағыт, оның шетін сипаты саналы түрде таңылды. Тап осындай жағдайда Қазақстан сыртқы рынокқа өз еркімен шықпауы үшін көліктік жүйе бойынша орталықпен және басқа аймақтармен қатаң байланысқан еді. Ішкі ұлтаралық шиеленіс тек күштеп-зорлаудың арқасында ғана тежеліп отырды. Жүйе күйрегеннен кейін бұрынғы КСРО-ның аумағында ұлтаралық жанжалдар мен соғыстар өрті басталды. Мұның өзі халықтың емес, өткендегі және қазіргі саясаткерлердің кінәсінен болып отыр. Тұтас халықтарды тікелей құртудан бастап ұлт тілдерінің қолданылу аясын тарылтуға дейінгі зорлық-зомбылық қайшылықтарды елемеуге соқтырды. Оларды шешудің басқа әдістері болған жоқ. Интернационализм туралы барлық мәлімдемелерге қарамастан ресми идеологияның тасасында белгілі бір халықтарда басқа халықтар туралы берік, жаттанды теріс пікірлер қалыптасып жатты, мұның өзі тұрмыстық деңгейде күні бүгінге дейін жаны сірі күйінде қалып келеді. Барлық ұлттарды біртұтас әсіре этностық қауымдастыққа — кеңес халқы аталатын бір қалыпқа салу әрекеті айқын сәтсіздікке ұшырады.

Одан әрі — экологиялық дағдарыс. Социалистік экономикалық жүйенің абстрактілі-жалпы-халықтық тұрғыдағы, ал іс жүзінде ведомстволық меншік тұрғысындағы ерекшеліктері министрліктер

мен ведомстволардың шектен шыққан экологиялық қиянаттарына душар етті. Проблеманың мәні мынада болатын: жер мен табиғи ресурстарға бақылаусыз қожалық еткен ведомстволар, сонымен қатар экологиялық тұрғыдан таза өндірістерге мүдделі болған жоқ және сөзсіз қасіреттер үшін нақты жауапкершілік арқалаған емес. «Ешкімнің де иелігінде болмаудың» осынау өлшемі өткен тарих естіп-білмеген ғаламдық апаттарға киліктірді. Экологиялық сауатсыздық қоғам мен табиғаттың тайталасына әкеліп тіреді. Қазақстан бұл ретте аса қиын жағдайда қалды.

Семей ядролық полигоны қазақ халқына аса ірі қасірет әкелді. Қазақстанда ядролық қаруды, соның ішінде жер бетінде сынауды жүргізе отырып, жүйе өз мемлекетінің азаматтарына қарсы адамзат тарихындағы ең қайғылы қылмыстардың бірін жасады. Тек біздің республикада ғана жарты миллионнан астам адам радиациядан зардап шекті. Олардың көпшілігі бойындағы күш-жігері толысатын кезде өмірден өтті, жүздеген мыңы денсаулығынан біржола айырылды. Балалардың бірнеше ұрпағы туғанынан өмір бойы мүгедек болып қалды. Сөйтіп, қазірде мүгедектер туып жатқан көптеген отбасыларында бұл қасірет әлі де жалғасуда.

Қазақстанға келген апаттың бірі — жер бетінен құрып бара жатқан Арал теңізі. Бұл қырсық кең байтақ Орталық Азия аймағының халықтарын шексіз азапқа салып отыр. Және оларды ғана емес: ғалымдар Аралдағы апаттың планетаның орасан зор аумағына ғаламдық бүлдіруші ықпалы бар екені туралы негізделген қорытындылар жасады.

Жүйе «жарқын болашақ үшін» күрес ретінде көрсетіп келген осы эксперименттерден ең алдымен, Қазақстан халқы бәрінен де көп зардап шекті.

Біздің алдымызда адамдарға, жерге, жалпы ал-

ғанда табиғатқа келтірілген бүкіл шығынды есептеу міндеті тұр. Бұл тым болмаса апаттың шынайы ауқымын бағалау үшін және оның салдарын жою жөніндегі шараларды белгілеу үшін қажет. Оның үстіне бүкіл дүние Қазақстандағы экологиялық жағдай туралы нақты түсінік алуға тиіс.

Имандылық дағдарысы. Идеологиялық рәміздер мен адамдардың нақты құндылықтары арасында шыңырау пайда болды. Басқарушы топтың қосарланған моралі сан түрлі саяси шараларға— жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, т. б. формальды түрде қатысушы, жарияланған ұрандарға мүлдем иланбаған адамдарды осындай моральға душар етпей қоймады. Бүгінгі таңда бұл жүйенің оп-оңай ыдырай салғанына таңтамаша қалушылар аталған жүйенің баяғыда-ақ халықтың сенімінен айырылғанын, ол халықтың біздің Батыстан барған сайын кейін қалып отырғанымызды және кеңестік экономиканың дағдарысқа қарай зымырап құлап бара жатқанын көріп, түсінгенін ұмытып отыр. Социалистік мұраттар соңғы жылдары тек мысқыл ғана туғызатын. Мұны жұрттың бәрі білетін, алайда идеология билік басындағы іріктелген қалаулы топтың шамшылдығына одан әрі қызмет етуін табандылықпен жалғастыра түсіп, олардың мүдделерін жалпы мемлекеттік мүдделер ретінде ұсынумен болды. Болмыстан алшақ жатқан кеңестік қолтума идеологияның аңызы — ұлттардың ұласуы теориясы, мемлекет пен адамның өзара қатынасы практикасын еске түсірейік. Мұнда адамға «бұранда» рөлі ғана берілген еді. Ал ғылымға, әдебиетке, өнерге таңылған партиялылық ше? Тіпті, Отанға сүйіспеншілік, жақынына деген қамқорлық, ата-баба дәстүрлеріне адалдық сияқты таза сезімдердің өзі «коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінің» тар аясына сыйғызылған еді. Ал түптеп келгенде, бұл идеология емес, адамның имандылық ұстындарымен жалдаптық жасау болатын.

Алайда көптеген адамдар үшін ескі үміт-қиялдардан бас тартудың тым қиынға түсетінін ескерген жөн. Олардың сенімдерін мазақ етудің еш реті жоқ. Олармен сауатты да адал пікір таластырудың жөні бөлек.

Мынадай жайттарды барынша айқын ұғыну керек: қазіргі жағдайда мемлекеттік тұрғыдан қайта бөлу, мемлекеттік жіктелу, идеологиялық біркелкілік арқылы келетін теңдік, жеке меншік пен нарықты түншықтыру Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдас-тықтан шеттетеді. Өткенге қайтып оралудың болашағы жоқ, ол тек қоғамды талқандап, азаматтық соғысқа киліктірмек. Мына жайтты да ескеру аса маңызды, жер-жерде пайымдалып жүрген социализм аңызының — біздің бәріміз басымыздан өткерген аңыздың — тек ТМД-да ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінде күлі көкке ұшты.

Бұл жүйенің бірқатар пайдалы және практикада жүзеге асырылған жетістіктеріне қарамастан, кезекті тарихи тұйыққа тірелуге болмайды.

Қоғамдық ойдың тағы бір бағыты дәстүрге, халықтылыққа сүйенеді. **Дәстүрлік идеологиясының** социалистік идеологияның дағдарысымен қисынды байланысы бар. Шынында да, бұрынғы қасаң қағидалар жарамсыз болып қалған кезде неге назар аудару керек? Сірә, қарапайым әрі түсінікті, сонымен бірге әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге — дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу — бұл, әрине, оң процесс. Сонымен бірге дәстүрлер мен қоғамдық прогрестің өзара қарым-қатынасын қарадүрсін түсіндіруден бас тартқан жөн. Қазіргі заманғы дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің ар-

насына етене жалғасатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылдықтың да болуы мүмкін емес. Нақ осы дәстүр адамның «жоғалып кетпеуіне», өз тұрмысының сипатын қазіргі дүниенің күрт өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті, соның ішінде, тұрмыстық мәдениетті, отбасын дамытуға барынша қолдау жасалып отыр. Бұл орайда қоғамдық құрылымның көне формаларын жандандыруға, қазақ қоғамының XVIII–XIX ғасырлардағы аумақтық ұйымдасуына тән рулық-тайпалық психология мен құқықтық көзқарас жүйесін қайта жандандыруға негізделген дәстүрлі сипаттағы саяси идеология мүлдем қабылданбайтын болады.

Қазақтардың Каспийден Қытайға дейін алып жатқан орасан зор аумағы әлдебір құрылымдық қалыптасуды, басты біріктіретін белгілі бір орталықтың болуын талап етті. Оның өзі түрлі аймақтардың тарихи дамуының ерекшеліктерімен түйісіп жатты, ал кейіннен патшалық құрылыстың әкімшілік бөлу жүйесін саналы түрде енгізуімен ұштасып жатты. Екінші жағынан, шаруашылықты жүргізудің ерекшеліктері де ауқымдық мәселелерді айқын реттеуді талап етті. Сондықтан аймаққа қатыстылық әуел бастан саяси құрылыста елеулі рөл атқарып келді. Бірақ осының бәрін жиырма бірінші ғасырға өзімізбен бірге ала барғанымыз жөн бе? Өйткені, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени жүйелерінің қазіргі заманғы жағдайдағы даму қарқыны сол кезеңмен салыстыруға мүлдем келмейді.

Сонымен өз тарихымызда тиімді саяси тұтқаларды табуға деген ұмтылысты ішінара түсіне отырып, біз реалист болуымыз керек және өткен ғасырлардың саяси идеялар мен идеологиялық рәміздері осы ғасырдың аяқ шені үшін мүлдем жараспайтынын түсінуіміз керек. Айтқандайын, тіпті өткен кездерде

де біздің ұлы ағартушыларымыз қазақ қоғамын жікке бөлуге жол бермеуге шақырған болатын.

Қоғамдық топтарда **либералдық идеялар** да танымал болып отыр. 80-жылдардың аяғы мен үстіміздегі онжылдықтың басындағы олардың салтанаты, жалпыадамзаттық мұраттардың басымдығын, жоғары құндылық ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын баянды етудің табыстарына жаппай шаттану сезімі демократия мен демократиялық принциптердің түпкілікті жеңісі жөніндегі оптимистік қорытындыға жеткізгендей еді.

Бірақ бүкіл дүние жүзінде кезенді либералдық идеология тұсында күрделі процестердің болып жатқаны жөніндегі түсінікті де үдете түсті. Егер планетаның басқа аймақтарын қозғамай-ақ, өзіміздің бұрынғы ортақ кеңістігіміз туралы айтар болсақ, онда қоғамда бел алып отырған әлеуметтік шиеленіс туралы айтпай өте алмаймыз, бұл шиеленіс кейде ең шетін түрде — қарулы жанжалдардан, саяси тайталастан, экономикалық былықтан, адамдардың не нәрсені болса да өзгерту мүмкіндігіне деген сенімін жоғалтудан көрініс табуда. Өркениетті нарықтың қанат жаюының орнына барлық салада — қаржы, сауда, сыртқы экономикалық байланыстар саласында алыпсатар капитал екі бірдей серігі — қылмыстық элементтермен және номенклатураның жемқор бөлігімен жүген түйістіріп қатар келеді. Бұл процестердің осы заманғы дүниежүзілік нарықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, бірақ олар ақиқат өмірде орын алып, либералдық идеологияның мәніне қарсы келуде. Ұлтаралық жанжалдар демократия туралы, жалпы адамзаттық қазыналар туралы пайымдаулар адамның өмірі мен қадір-қасиетін қорғауға әзірше дәрменсіз екендігін айқын көрсетуде.

Әлбетте, тоталитаризмнің мұраларын алға тарта отырып, либералдық идеология мен қатаң ақиқат

шындық арасындағы қайшылықтарға түсінік беруге болады. Бұл дұрыс та болар еді, бірақ белгілі бір шекте ғана. Мұның мейлінше терең себептері де бар.

Либералдық мұраттар мен либералдық идеология — Батыс өркениетінің ұзақ та сан ғасырлық эволюциясының нәтижесі. Бұл идеологияның негізінде жеке меншік, жеке бастың психологиясы және демократиялық саяси институттар сияқты объективті алғышарттар жатыр. Олардың нышандары бізде әлде болмаған, әлде жүз жыл дерлік бұрын үзілген. Одан басқа, өркениетті мемлекеттерде либералдық идеяларды жүзеге асыруды жеңілдетуші қуатты құқықтық жүйе құрылған болатын. Осы объективті алғышартсыз бұл процесі жасау төтенше қиындатылған...

Республикада либерализм идеологиясының негізі және барынша бұқаралық тірегі — орташа таптың жоқ екенін де көре білуіміз керек, ал оны қоғамтану ғылымында осылай атап жүр. Сондай-ақ нақты мәдени және тарихи жағдайды да ескеруге тиіспіз. Мәселе мынада, Батыстың либералдық идеологиясын Қазақстанға сол күйінде көшіре салу оны жүргізушілер кең мағынада, соның ішінде, саяси тұрғыда да мәдениет сияқты құбылысқа келіп тіреледі. Оның сипаты мен мұраттарын табан астында өзгерте салуға болмайды. Саяси мәдениет тұрпатын нақты реформалар негізінде біртіндеп, өркениетті тәсілмен өзгерту қажет.

* * *

Осылайша, қазіргі Қазақстандағы саяси және идеялық бағыттарға жасалған талдау идеологиялық тұғырнаманың қалыптасуында өзіндік жол іздестірудің қажеттігін айғақтайды. Біз социалистік те, дәстүрлі де, либералдық та көзқарастарды өз

бойына жинақтаған құндылықтарды да жоққа шығармаймыз. Алайда Қазақстанның алдында тұрған міндеттер біздің көзқарасымызша, біршама басқа жалпыұлттық басымдықтарды ой елегінен өткізуді талап етеді.

Нақты тәуелсіздікке

Біз өтпелі кезең туралы айтып отырмыз. Оның мән-мағынасы неде? Біз неге ұмтылудамыз? Конституцияда, атқарушы және заң шығарушы өкіметтердің құжаттарында, Қазақстанның кейбір партияларының бағдарламаларында баяндалған бірқатар нақты экономикалық және саяси бағыттар бар. Алайда нақты міндеттермен қатар ғаламдық мақсат та бар. Оған қол жеткізбейінше біз қоғамды реформалау жолымен ойдағыдай ілгерілей алмаймыз. Әңгіме **республиканың нақты тәуелсіздікке қол жеткізуі** туралы болып отыр. Оның көптеген ерекше белгілеріне, егемендіктің танылуы мен баянды етілуіне қарамастан, Қазақстан толық тәуелсіздік алды деуге ертерек.

Таяудағы жылдарда біз барлық күш-жігерімізді нақ осы процеске шоғырландыруымыз қажет. Қорыта айтқанда, бұл үшін мынадай өзекті проблемаларды шешуге — **мемлекеттік бастауларды нығайтуға, құқықтық қоғам орнатуға, жаңа технологиялық, құрылымдық, институттық негіздегі толыққанды ұлттық нарықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіспіз**. Мәселені осылай қою, тегінде, партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, еңбек ұжымдарының, кәсіпкер топтардың, ғылыми және шығармашылық ұйымдардың, республика халқының барлық жіктері өкілдерінің түсіністігін табатын болар. Өйткені, аталған басымдықтардың жалпы мемлекеттік сипаты бар, оларды жүзеге асыру

ісі Қазақстан қоғамын терең жаңғыртуға қабілетті. Егер біз осындай қажетті келісімге қол жеткізсек, онда мынадай сөзсіз шартпен де келісеміз: нақты тәуелсіздікке қол жеткізу қуатты саяси, интеллектілік, рухани қолдауды талап етеді. Бізге бұл бағыттарда тек экономикалық, ұйымдық, кадрлық ұмтылыстарды ғана қамтамасыз етіп қоймай, қоғамды топтастыратын ахуалды да жасауымыз қажет. Және де бұл жерде таяудағы да, сондай-ақ біршама әрідегі де перспективаға есептелген біздің ісімізді идеялық тұрғыдан ой елегінен өткізбей болмайды.

Біз үшін алдағы жұмысымыздағы басты саяси аспектілердің бірі — **мемлекеттікті нығайту** болып табылады. Жалпы алғанда, бұл әлемдік өркениет тәжірибесінің заңды тұжырымы: терең дағдарыстар мен сілкіністер дәуірінде мемлекеттің реттеуші ықпалын күшейтудің объективті қажеттілігі пайда болады. Ал бұл, бірінші кезекте, дағдарыстан шығуды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру үшін қажет. Бұл орайда негізгі күш-жігерді біз атқарушы биліктің рөлі мен жауапкершілігін арттыруға, басқару көлбеулерін нығайтуға, күшті Президенттік басқаруды қалыптастыруға шоғырландыруымыз керек.

Келесі міндет — орталық мемлекеттік және жергілікті органдардың өкілеттіктерін заң жүзінде бөлу. Ол бойынша атқарушы және өкілдікті өкіметтер жергілікті жерлерде өздерінің проблемаларын шешуге барынша өкілетті болар еді. Сонда орталық құрылымдар сан түрлі ағымдағы жұмыстардан қолдары босайтын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамудың стратегиялық бағыттарына шоғырланатын болады.

Сот жүйесін де реформалау қажет. Өкінішке қарай, адамдар әлі де жергілікті жерлердегі сот

билігінің беделі мен құқықтығына сенбейді. Соттардың әділеттілігі мен олардың қызметтерінің сындарлылығы туралы айтуға әлі ерте. Олар қоғам проблемаларынан аулақ жатқан тәрізді. Сот жүйесін барынша тиімді ету, оларды, әсіресе, жергілікті жердегі билікті құрылымдар тарапынан қысым көрсету мүмкіндігінен құтқару қажет. Бұл реформаның мейлінше нақты жолдарының бірі — Жоғары сот кеңесінің ұсынысымен соттарды тағайындауды мемлекет басшысының заңмен бекітуі болмақ. Соттардың нағыз тәуелсіздігін нақ осылайша қамтамасыз етуге, әділ сотқа кез келген қол сұғушылықтың жолын кесуге болады.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан мемлекеттігін құру процесі — күрделі, көп еңбекті қажет ететін, сан қырлы міндет. Бұл тұста ойланбаған асығыстық пен орынсыз жайбасарлық болмауға тиіс. Биліктің барлық тармақтарының өзара түсіністігін, өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды. Егер бір сәттік саяси пайда үшін мемлекет іргесін шайқайтын болсақ, біз болашақ ұрпаққа солақай тәрбие көрсетеміз.

Негізгі жалпыұлттық басымдықтардың қатарына **түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды** жүзеге асыруды қосқан жөн. Бұл — қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік алуындағы өзекті мәселе. Реформалар тағдыры саяси саланы мемлекеттік басқарудың тұтқаларымен тікелей байланысты. Өйткені, Қазақстанның соңғы онжылдықтардағы дамуы өте күрделі де ауқымды процестермен сипатталып отыр. Нақ осы кезде республика аумағында бірқатар аса зор бағдарламалар жүзеге асырылды. Олар — тың және тыңайған жерлерді игеру, өнеркәсіптің орасан зор шикізат базасын құру, ядролық және ғарыштық зерттеулерді жүзеге асыру.

Алайда бұл процестердің экономикалық және әскери жақтарының сыртында осы бағдарламалар-

ды жүзеге асыруда Қазақстанға сырттан енгізілген ұлттық, әлеуметтік және мәдени проблемалар зерттелмеген және ой елегінен өткізілмеген күйде қалып келді. Сапалық ілгерілеу болды — қала халқының үлесі алғаш рет ауыл тұрғындарының үлесінен асып түсті. Аймақтар дамуының әркелкілігі күрт күшейді. Елдің еуропалық бөлігінен орасан көп көші-қон есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Ұлттың негізгі бөлігі ауылда шоғырланғанымен, қалада қазақ халқының айтарлықтай тобы пайда болды.

Осының бәрі саяси және мәдени бағдарларда аса күшті айырмашылықтардың пайда болуына душар етпей қоймады. Сонымен бірге сырт қарағанда идеологиялық бірлік әдейі баса және асыра көрсетіліп, айырмашылықтар мен проблемалар ескерілген жоқ. Нәтижесінде халықтың әр түрлі жіктерінің идеялық-саяси қарама-қайшылығы өсе түсті. Олар бүгінде белсенді түрде байқалып отыр.

Міне, сондықтан да жаңа экономикалық көзқарасты қалыптастыру бүгінде айрықша орын алады. Ең алдымен, бұл оның реформалар барысын жеделдетуге тікелей ықпалымен байланысты. Идеялар плюрализміне негізделген демократиялық, құқықтық қоғам идеологиясы меншік пен шаруашылықты жүргізу формаларына көзқарастар бейнесінің нақ өзі. Шынайы нарықтық тетіктер мен әлеуметтік бағдардағы көп укладты нарықтық экономика құруды біз өз алдымызға стратегиялық мақсат етіп қойдық. Яғни біз жеке адамның экономикалық бостандығы мен экономикалық мүддесі талассыз болып табылатын осындай қоғам құру жолын таңдап алдық. Ал пікірі мен рухани құндылықтарын еркін білдіруге мемлекет пен заң кепілдік береді.

Бұрынғы идеологиялық таптаурын атаулылардың жанының сірілігінен бұл нормалардың орнығуы кінәратсыз өте қояр ма екен. Бізде билікті деңгейде

де, тұрмыстық деңгейде де реформаны ашықтан-ашық қабылдамаудың сирек кездеспейтіні ешкімге де құпия емес. Бұл жағдайда не істеуге болады: қатал бағыт таңдау, мемлекеттің тікелей өктемдігін орнату, үкіметті сынағаны үшін оппозицияны қуғын-сүргінге салу керек пе? Айтқандайын, экономикалық реформаларды жүргізудің осы заманғы тарихында бұған мысалдар аз емес.

Қазақстандағы нақты қоғамдық-саяси жағдай республиканың халықаралық беделін түсіретін мұндай күш қолдану әрекетіне бармауымызға мүмкіндік береді. Тек мемлекеттікті нығайту мәселесіндегі сияқты, экономикада да үкіметтің және негізгі саяси қозғалыстар мен партиялардың реформа мәселелері жөніндегі айқындамаларын екі жақтан да өзара жақындастырмай болмайтындығын атап өткен жөн. Әрине әңгіме әлдебір келісімпаздық, үкіметтің іс-қимылына сындарлы сынға тыйым салу, балама бағдарламалар белгілеу жайында болып отырған жоқ. Қауіп басқада. ТМД-ның бірқатар елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ол ұлтаралық және саяси тұрақсыздыққа байланысты. Ал ол бірде-бір саяси партияның, көп ұлтты Қазақстанның бірде-бір тұрғынының мүддесіне сай келмесе керек.

Қазақстанның экономикалық кеңістік пен уақыт аясында суырылып алға шығуына шын көңілден мүдделі жұрттың бәрімен мәдениетті, өркениетті диалог қажет. Осының бәрін ескере отырып, экономика саласындағы идеологияның негізгі принциптерін тұжырымдау қажет. Ол принциптердің бағыттары мыналар:

— **әлеуметтік бағдарланған аралас нарықтық экономика құру.** Бұл өндірістің бәсеке арқылы өздігінен реттелуін және экономикалық дамудың негізгі өлшем-ауқымының мемлекет тарапынан реттеліп отыруын ұштастыруға негізделген;

— **өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау.** Нақты материалдық игіліктер өндіретін салаларда, қызмет көрсету, құрылыс, көлік және сауда салаларында жеке кәсіпкерлік басым болатын барлық түрдегі өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау;

— **өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру,** отын-энергетика, металлургия комплекстеріне, азық-түлік және халыққа қажет тауарлар нарығына, коммуникация жүйесіне басымдық бере отырып, бірыңғай шикізат өндіретін бағытынан арылту;

— **халықты әлеуметтік қорғау,** әсіресе оның әлауқаты аз, еңбек етуге жарамсыз топтарын жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты, бетімен кеткен көші-қон процестерін жою;

— республиканың орталық «еуразиялық» геосаяси жағдайынан туындайтын экономикалық артықшылықтарын, мемлекетаралық байланыстар үшін **экономикалық-саяси серіктестер таңдауда прагматизмді пайдалану.**

Экономикалық тиімділік, жеке адамның өз басының экономикалық еркіндігі және жеке меншік деген бағдарлы ұғымдарды қалың бұқара түсінбейінше нарықты құруға болмайды. Тиісті әлеуметтік базасы болмаса, бұл категориялар санаға сіңе алмайды, бұл базаны қалыптастыру енді ғана басталды. Мұндай жағдайда нақ мемлекет өзіне жаңа экономикалық идеологияны қорғау қызметін алады. Мемлекеттің пәрменді идеялық қолдауынсыз нарықтық психология қалыптаса да алмайды. Бұл орайда шынайы нарықтық экономика оның құндылықтарын насихаттауды ғана емес, қажетті тұтқалары мен дағдыларын игеруді де талап ететінін түсіну керек. Қазақстанда мұндай тәсілдерді меңгерген кадрларды ауқымды түрде даярлауды тек мемлекет қана жүзеге асыра алары анық.

Мемлекеттік бастауларды нығайту құқықтық қоғам орнатумен бірге жүргізілуі тиіс. Бұл — жалпы-

ұлттық абзал міндет. Сөз, ең алдымен, **республикадағы құқық мәдениеті** мен **құқықтық реформа** мәселелері туралы болып отыр, өйткені оларсыз қоғам өрге баспайды, ал тәуелсіздік толыққанды болмайды.

Өркениетті қоғамда құқық мәдениеті әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл болатындықтан, бұл жөнінде мейлінше салиқалы сөз қозғау қажет.

Нарық, ең алдымен, тауар өндірушілер мен тұтынушылардың қарым-қатынасын сапалы заңдар негізінде өздігінен реттеуді көздейді. Сондықтан мүлтіксіз жұмыс істейтін заңдарсыз ешқандай нарық та жоқ және болуы да мүмкін емес.

Демократия тежеусіз билеушіліктен де, босбелбеуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді. Оны міндетті құқық тәртіптерін сақтау арқылы ғана қорғауға болады, өйткені азшылықтың, сондай-ақ керісінше, көпшіліктің зорлық жасауы да бірдей қауіпті. Сондықтан құқық жоқ жерде демократия да жоқ.

Өркениеттіліктің нысаналы идеясы ретінде жеке адамның бостандығы жеке адамның егемендігін, кімнің болса да — бұл бала немесе ересек адам, жұмыс беруші немесе жалданушы, мемлекет шенеунігі немесе қатардағы қызметкер екендігіне қарамастан, оның қол сұғылмас құқықтарын қорғауды көздейді. Мұндай заң жүзіндегі тең құқықтылық демократиялық жолмен қабылданған заңдарды жаппай жұрт орындаған кезде ғана орнығуы мүмкін. Әлеуметтік жанжалды тек сот қана өркениетті диалогқа айналдыра алады. Демек, құқықсыз бостандық та жоқ.

Құқық реформасы өзінің маңыздылығы мен күрделілігі жағынан экономикалық реформамен тең екенін атап өткен жөн. Құқықтық мемлекет құруды мемлекеттің өзінен бастау керек. Бұл нарықтық экономиканың, демократиялық қоғамның қатаң талабы. Егер сапалы заңдар қабылданбаса — оларға үнемі түзетулер мен өзгертулер енгізуге тура келеді. Заңдар жұмыс істемесе, бұрынғысынша «телефондық құқық» жұмыс істейтін болады, адамдардың санасында құқықтық ойлау орнықпаса, әкімшіліктің, тергеу және құқық қорғау органдарының қызметіне қол сұғушылар да табылады.

Егер біздің құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні рас болса, онда әрбір азамат мектеп қабырғасында жүргенде-ақ құқықтың қарапайым бастауларын, біздің әрқайсымыз қарапайым есеп-қисапты білгеніміздей, игеріп алуға тиісті.

Кез келген егемен мемлекет сияқты **Қазақстан қорғаныс қабілеттілігін сақтайтын, ұлт қауіпсіздігін нығайтатын болады.** Біз әскери доктрина және әскери заңдар жиынтығын қабылдадық, оларда соғысты болдырмау шараларымен бірге республиканың егемендік пен аумақтық тұтастықты қорғау әдістері де тұжырымдалған. Біздің доктрина тек қана қорғаныс бағытына негізделген. Бұл орайда біз ТМД елдерінің доктриналарын ескердік және бірлесіп қорғану міндеттерін шешуде олармен ынтымақтастық жасауды көздедік. Алайда әскери мәселелерде қандай жағдайлар қалыптасса да, мемлекеттер мүдделерінің тең болуын ескеретін саяси әдістер ғана халықаралық реттеудің өркениетті тәсілі болып табылады. Осы бағытқа адалдығын Қазақстан бірнеше рет дәлелдеді. Сонымен бірге біздің геосаяси факторды да мұқият ескергеніміз жөн. Әскери саладағы шешімдер барынша байсалды болып, аймақта

сақталып отырған тұрақтылықты ешқандай жағдайда да бұзбауға тиіс.

Қорғаныс қабілеттілігін сақтау мемлекеттің аса маңызды қызметі болып табылады. Бұл тұста саяси аспектінің де маңызы бар. Біздің Қарулы Күштеріміз қазір қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Мемлекет оларға күнделікті қолдау көрсетіп келді және көрсете де береді. Республика әскері өзінің алғашқы қадамдарынан бастап әскери өзірлігін арттыруға, жастар үшін Отанға шынайы адалдықтың мектебі болуға, біздің халқымыздың шын мәнінде даңқты жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін дамытуға міндетті. Сонымен бірге қоғамда Отан қорғаушыларына құрметпен қарау сезімін орнықтыру қажет. Әскери қызмет орасан зор абыройлы болуға тиіс, әскердің халық арасындағы беделін мызғымастай ету керек. Мұнда көп нәрсе әскерилердің өздеріне де, үкіметке де, қоғамдық ұйымдарға да, бәрінен бұрын жастармен жұмыс істейтіндерге байланысты. Біз әскери қызметшілер өздерін екінші сортты адамдар деп сезінбеуі үшін әскердің төңірегінде кінәратты ахуалдың қалыптасуына жол бермеуге тиіспіз.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайта отырып, біздің **сыртқы саясаттағы бағытымызға** талдау жасауды жалғастыруымыз керек. Біз Қазақстанның халықаралық бағыт-бағдарына қойылып отырған назарды, көтеріңкі мүдделілікті сезіп отырмыз. Кейде республиканың сыртқы дүниеге шығуының бағытын алдын ала белгілеуге айқын немесе жасырын әрекеттер де жасалуда.

Осыған байланысты өзіміздің географиялық жағдайымызды, этнодемографиялық және басқа факторларды ескере отырып, көп қырлы бағдар ұстану аса маңызды. Біздің халықаралық байланыстарымыздың негізіне таяу және алыс шет елдердің бәрімен өзара тиімді саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарды орнату ұмтылысы алынған.

Тарихи дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, біз Ресеймен, Орталық Азия республикаларымен, ТМД-ның басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бірінші кезекте көңіл аударамыз және ерекше көңіл бөлетін боламыз. Олардың көпшілігімен бізді тығыз бірлесу, одақтастық, соның ішінде, қорғаныс келісімдері байланыстырып отыр.

Экономикалық одақты құру мемлекетаралық байланыстарды, өзара шаруашылық іс-әрекеттерді нығайтуға, жаңа жағдайда ұтымды байланыстарды қалпына келтіруге, тиімді салалық ынтымақтастықты орнатуға, ақпараттық және мәдени алмасуды кеңейтуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Біз құрлықтық дамудың серпініне үлкен мән береміз. Біздің Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсынған белгілі бастамаларымыз, сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі шақыруға, Азиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымының қызметіне байланысты қадамдар дәл осыған негізделген.

Сыртқы саяси қызметте біз жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларды дәйекті түрде ұстанып, өзімізге алған міндеттемелерді қатаң орындайтын боламыз. Егемен Қазақстанның қалыптасуындағы тағы бір аса маңызды фактор — онсыз идеялық тұғырнаманы құру мүмкін болмайтын **ақпараттық тәуелсіздік** туралы.

Біз барған сайын ауқымды ақпараттық алмасуға кеңінен еніп келеміз, бұл оң құбылыс екені даусыз. Алайда бұл процесті қарабайыр түсіндіруге болмайды. Халықаралық ақпарат жүйесінің кеңеюі аймақтағы демократиялық процестердің өздігінен тереңдеуін білдірмейді. Әлемдегі ақпараттық арналар біркелкі тамыр жаймаған және қызмет ауқымы да әр түрлі, бұл ақпаратты мазмұндау тілдері тобының

ауқымы шектеулі болуына және мемлекеттердің қаржылық деңгейі мен техникалық мүмкіндіктеріне байланысты.

Жас тәуелсіз мемлекеттер көбіне сырттан танылатын пікірлердің қатал қысымына ұшырайды. Нәтижесінде өз қисыны бар аса күрделі ішкі процестер сырт көзқараспен бағаланып, көбінесе үстірт, ал кейде біржақты түсіндіріледі. Бұл көптеген мемлекеттердің шынайы тәуелсіздікті нығайту жолында өзіндік кедергіге айналады. Алайда сыртқы ақпарат көздерін жабу біз үшін өзімізді-өзіміз оқшаулау болар еді.

Шығар жол ақпараттық хабарлардан саяси мақсаттарды көре білуде болмақ. Мемлекет ақпараттық тепе-теңдікті реттеп отыруға міндетті. Бұл ашық қоғам принциптеріне ешқандай да қайшы келмейді және сонымен бірге шынайы ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізуге байыппен жақын келуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне бізде өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті.

* * *

Негізгі жалпыұлттық басымдықтар осындай. Оларды бұлжымай ұстану бізді нақты тәуелсіздікке жеткізетін жолға шығарады. Бұл қоғамда бірлесу, тұрақтылық, рухани келісім жағдайын туғызғанда ғана мүмкін болмақ.

Идеялық топтасуға

Қазір ұлттық қозғалыстардың, әсіресе, жаңа тәуелсіз мемлекеттерде орасан зор рөл атқаратынына ешкімнің де көзін жеткізіп жатудың қажеті бола қоймас. Кез келген халықтың сана-сезімінің, мәдениетінің, рухының, салт-дәстүрінің, тілінің қайта өрлеуінен көрініс табатын ұлттық мүдделерді елеулі дәрежеде қорғайтын да нақ осы қозғалыстар. Ұлттық идеяны жүзеге асыру қоғамға көптеген оң нәтижелер берді. Мұны көрмеу, ұлттардың қайта өрлеуге деген табиғи ұмтылысын тек басқалардың құқықтарын шектеу немесе әлдебір үрдіске үстірт еліктеу, көбінесе сыртқы сипаты ғана бар өткенге үнілу деп қарау үлкен қате болар еді.

Жоқ, бұл адамның қалыпты жағдайына қайта оралу. Республика халықтары, бір жағынан, қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған рухани және интеллектуалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге тиіс. Екінші жағынан, жаңа жағдайда басқа халықтар да қалыптасудың күрделі процестерін бастан кешіп отырғанын, бұл да қазақ ұлты жағынан осындай түсіністік пен қатынасты талап ететінін көре білу қажет. Басқаларға бұлай қарамайынша, өзін, өзінің ұлттық қадір-қасиетін күштеп сыйлатуға болмайтыны әркімге де түсінікті болуға тиіс.

Көп ұлтты Қазақстанда жалпыұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету. Кез келген басқа жол апатты қақтығыстарға, демократиялық реформалардың тежелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты біз үшін өзекті идеологиялық міндет — **ұлтаралық келісімді** қамтамасыз ету болып табылады.

Қазір Қазақстанның өтпелі кезеңдегі ұлттық саясатының арнайы біртұтас тұжырымдамасын жасау өте қажет. Оған республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктеріне тән мұқтаждарын зерттеу, олардың еркін дамуына қатысты Конституция ережелерін жүзеге асыру кіруге тиіс. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметі әуел бастан халықтардың өзара іс-қимылын дамытуға, қойылған мақсаттарға жету үшін олардың рухани бірлесуіне бағытталуы өте маңызды. Біздің міндетіміз — қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру.

Бұл міндетті жүзеге асыруда білім беру жүйесі, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттармен қатар ұлттық-мәдени орталықтар да маңызды рөл атқара алады. Олар тек ұлттық сана-сезімді сақтап қалу, өзіндік ерекшелігі бар руханилықты дамыту ошақтары ғана емес, сонымен қатар шынайы интернационализм мектептеріне айналуға тиіс. Өздерінің адамдармен тікелей жұмыс жүргізу мүмкіндігін пайдалана отырып, олар ұлттық шектелу мен оқшаулануды, шовинизмнің, ұлтшылдық пен сепаратизмнің көріністерін жою үшін көп іс тындыра алады. Олардың ықпалы ерекше тиімді болатын сала да бар. Бұл жерде біздің тұрмысымыз, адамдардың күнделікті өзара қарым-қатынасы айтылып отыр. Дәл осы салада кейде елеусіз болып көрінетін, бірақ қатерлі салдары бар ұлтаралық қақтығыстар шығып жатады.

Олар мемлекеттік институттармен қатар халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамыту, пікір алуандығын қамтамасыз ету, мәдениеттердің әрқайсысының еркін дамуы жағдайында олардың барынша бірігуі үшін көп іс тындыруға қабілетті.

Осы тұрғыдан алғанда, халықтар арасындағы келісімді, бірігуді жүзеге асыратын қызметті өз мойнына алатын үкіметтік емес бір құрылым керек болар. Ол Қазақстан халықтары форумының басшы органы бола

алар еді. Оның құрамында барлық этностық топтардың өкілдері, белгілі қоғамдық қайраткерлер, республикадағы неғұрлым беделді адамдар, әкімдер болуын көздеген жөн. Қоғамдық ұйымдармен, ұлттық-мәдени орталықтармен бірлесіп, халықтың барлық жіктерінің күш-жігерін жасампаздық арнаға бағыттап, ол әр түрлі әлеуметтік және ұлттық топтардың өзара қарым-қатынасындағы тереңде жатқан процестерді зерттеп, елдің кез келген аймағында ұлтаралық және әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға бағытталған дәйекті саясат жүргізуге тиіс.

Осы ізгі іске қоғамдық қозғалыстар мен партиялар белсене қатыса алар еді. Ең алдымен, реформаларды ілгерілету жолындағы қазақстандық қоғамды біріктіруге бағытталған бағдарламалық қағидалары бар қозғалыстар мен партиялар қатыса алар еді.

Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар, Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, **ұлт ішіндегі бірлікті нығайту** да маңызды. Қазір бұл мәселе орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық идеяның біріктіруші, сындарлы рөл атқаруында жатыр.

Қазақтардың ішіндегі жүзге, руға, аумақтық топтарға бөлінудің тарихы мен табиғатын оның өткен уақытта және қазіргі кезде қоғамның дамуына әсерінің әр түрлі сипатын зерттеу тұрғысынан әлі де ой елегінен өткізу қажет. Бірақ мәселе мынада, қазір ұлт ішіндегі бөлінудің жаңа, тіпті де зиянсыз емес үрдісі пайда болды. Қоғамдық өмірдің демократиялануын, аймақтардың белгілі бір дербестігін жергілікті үстем топтар ресурстарға жеке-дара бақылау жасау тұтқалары ретінде пайдалана бастады. Рулық тамыр-таныстықтың, туыстық және аумақтық бөлінудің әр түрлі формалары өкімет құрылымдарында, қаржы және коммерция салаларында өркен жая бастады.

Жалпы алғанда, қазіргі ру-тайпалық идеология — бұл ішкі ұлттық ыдырау және бағдардан айырылу-дың өте қауіпті түрі. Сондықтан да мемлекеттік идеология өзегінің бірі рулық таптаурынды жою болуға тиіс. Ол үшін мүмкіншілік бар. Бұл — ең алдымен, тарихи қалыптасқан ұлттық мемлекеттік. Бұл — Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Бұл — сан ғасырлық мәдениеттің бірлігі. Осындай ұранмен бүгінде республиканың барлық халқы бірігуде, оның үстіне, олар қазақ халқын ұлттық бірігуге шақыруға тиіс.

Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз — **қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу**, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Мамандар мұны «өзін-өзі теңестіру» деген терминмен атайды. Әңгіме мұнда тіптен де айқын заңдық мәні бар құқықтық актілерге қатысты азаматтық туралы болып отырған жоқ. Азаматтықты қабылдау мен өзін Азамат ретінде сезінудің арасында елеулі айырмашылық бар.

Өкінішке қарай, бүгінде біздің барлығымыздың бұрынғы КСРО-ның немесе ТМД-ның емес, тәуелсіз, егемен Қазақстан мемлекетінің азаматы екендігімізді түсінуіміз атүсті сипатта болып отыр. Оның үстіне, халықтың бірқатар жіктері бұрынғы мұраттарын жоғалтып және жаңаларына ие бола алмай, бүгінде біршама абыржушылықты сезінуде. Ал мұның өзі оларды **аты шулы** «әлеуметтік атомдар» дейтіннің жиянтығына айналдырады. Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке адамның өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді.

Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтаншпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуға тиіс.

Сондай-ақ бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық

ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал оны елдің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан — менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн.

Идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арнасында **қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығуы** мәселесі де болуға тиіс. Бұл проблема таяу уақытқа дейін тым күшті саясаттандырылып келді. Ал оған осылай істеуге тырысқанындай, мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, қайта керісінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуге тиіс. Және де мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттілігін айқын түсінуі керек. Оның үстіне, барлық адамдар, біздің заңдарымыз жалпы және соның ішінде Тіл туралы Заң оларды мемлекеттік және кез келген басқа тілді білу немесе білмеуі тұрғысынан қандай да бір шектеулер мен қуғындаудан қорғайтынын білуге тиіс.

Қазақ тілінің біріктірушілік рөлін көтеру мәселесі соңғы онжылдықтарда қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің тілдік ортадан шет қалуынан да көкейкесті болып отыр. Ал мұның өзі ана тілді қолдану аясын жасанды тарылтудан шыққан.

Бұл проблеманы барынша өркениетті шешуге болады. Қазақ халқының осы бөлігінің өзіндік ұлттық

тамырларынан нәр алуға деген тілегі зор, әзірлігі де жоғары. Демек, жағдайды шиеленістіре бермей, ақтандақтардың орнын толтыру үшін жағдай жасау керек. Ұлттық мәдениет, тіл өзіне табиғи да етене болған адамдар тарапынан оларға имандылық сергектік те қажет.

Тіл проблемасы жайында айтқанда, оны біздің ортақ мақсаттарымызбен байланыстыру қажет. Қазақстан әлемдік қауымдастыққа терезесі тең дәрежеде кіруге ұмтылуда, ал тіл жөнінен өзін-өзі оқшаулауы бұған еш сыйыспайды. Қазіргі дүниеде ақпараттың орасан зор ағынына қосылудың бір арнасы — орыс тілі. Сондықтан оны білу республика халықтары үшін оң фактор болып табылады.

Тұтас алғанда барлық ұлттардың жастарының бойында тілдік мүмкіншіліктерін ұдайы байытып отыруға деген ұмтылысын тәрбиелеу қажет. Өз ана тілі және мемлекеттік тілмен қатар қазір Еуропа, Шығыс тілдерін де оқып-үйрену үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Қазақстанда кез келген сындарлы, бұлдіргіш емес идеология біздің мемлекетіміз тек көп ұлтты ғана емес, сондай-ақ көп дінді екенін де ескеруге тиіс. Өмірге деген діни көзқарас жүздеген мың азаматтарға тән және әр түрлі діндерді ұстанушылар саны артып келеді. **Діннің қоғамдағы орны** да өзгерді. Таяуда ғана ол, жұмсартып айтқанда, тек шет жақтарда ғана болатын, қазір бұл — әлеуметтік және рухани өмірдің нақты бөлігі. Діннің қайырымдылық қызметі, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім және мәдениет (балалар үйі мен қарттар үйін, ауруханалар мен білім беру мекемелерін құру) саласында кеңейіп келеді. Қай діннің болсын адамгершілік қағидаларының негізіне жалпы адамзатқа ортақ мұраттар алынғаны баршаға да белгілі. Діни қауымдастықтар қоғамда жақсы ахуалды, бейбітшілік пен келісімді, руханилық негіздерін қолдау үшін көп іс тындыруда. Әр түрлі дінді ұстанатындар жаңа мемлекетті құруға өздерінің де қатысты екендіктерін сезініп, оны нығайту

мен дамытуға бар ділімен мүдделі болуы маңызды. Дінге идеологиялық қарсы тұрудан бас тарту, Конституцияның және «Діни наным бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануы бұл тұрғыдан кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Сонымен қатар мемлекеттің зайырлы сипаты кез келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселесін барынша демократиялық түрде шешуге мүмкіндік беретіндігін, әр түрлі діндердің теңдігін қамтамасыз ететіндігін баршаның санасына жеткізу қажет. Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлудің дін қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасап қана қоймай, сонымен бірге олардың кез келген мемлекеттік институттар мен ұйымдардың жұмысына араласпауын да көздейтінін түсіну де маңызды.

Діни негізде саяси партиялар құру және діни бірлестіктердің саяси қызметіне жол бермеу туралы Конституция ережесін орындауға қол жеткізген жөн. Діни сезімдерді қоғамда жанжал туғызу үшін пайдалануға қарсы тұру, діни мекемелер қызметінің оң бағыттарына жәрдемдесу керек. Жаңа идеологиялық қағидалардың тиімділігі, сондай-ақ негізгі қоғамдық күштердің, соның ішінде, әр түрлі діндер басшылығының диалогты қаншалықты кең әрі табысты жүргізетініне, оған қатысушылардың Қазақстан халқының игілігі үшін өзара түсіністік пен ынтымақтастық жолын бірлесіп іздестіруде қаншалықты ерік-жігер танытатынына да байланысты.

Қоғамның бірігуін нығайтуға **тұрақтылық, азаматтық келісім ахуалын** құру елеулі әсер етеді. Бұл тұста мемлекеттің жаңа саяси институттармен, саяси партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен жақсы жолға қойылған диалогына көп нәрсе байланысты. Жалпы алғанда, сапалық және сандық жағынан қалыптасқан көппартиялық туралы айтуға әлі ерте. Алайда біз қоғамда саяси оппоненттердің

көзқарастарына шыдамдылықты тәрбиелеуге тиіспіз. Жалпы алғанда, оппозиция — қалыпты, тіпті пайдалы құбылыс. Бірақ, ең бастысы, партиялар, қозғалыстар сындарлы рухта іс-қимыл жасап, сынампаздықпен айналыспай, шынайы сынмен айналысқаны жөн. Бізге жалпы әңгімелер мен сөз жарыстырулар емес, ортақ игілікке қызмет ете алатын белгілі бір бағдарламалардың идеялары мен нұсқалары қажет. Мемлекеттік органдар қазіргі кезде партиялар мен қозғалыстарға қатысты қоғамның бір бөлігінің мүддесіне емес, қайта жалпы мемлекеттік мүддені сақтауға жәрдемдесетін центризмді ұстануда. Біз алдағы уақытта да саяси тұрақтылықты нығайтатын құрылымдарды белсенді қолдайтын боламыз, сонымен бірге экстремистік идеяларға негізделген, Конституцияға қарсы, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесетін боламыз.

Сондай-ақ саяси мәдениетті қалыптастыруда, біздер үшін жаңа саяси дәстүрлерді жасауда партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың рөлі аса маңызды. Мұнсыз бірігу негізі ретінде тұрақтылыққа, азаматтық келісімге қол жеткізу қиын.

Тұрақтылық бізге реформаны жалғастыру, оның дұрыс қарқынын, тиісті кезеңділіктерін анықтау үшін қажет екенін түсінген жөн. Атап айтқанда, жекешелендіруді жалғастыру үшін белгілі бір мәдени бейімделу қажет. Былайша айтқанда, қашан аялдау және өткен жолды байыппен талдау керек болған кезде өзінше бір «есептеу нүктесін» белгілеу қажет. Ол түзету енгізу мақсатында ғана емес, сондай-ақ оған қоғамдық сана-сезімді әзірлеу, бойын үйрету мақсатында да керек. Мұндай тәсіл саяси реформалауда да өте маңызды. Біз радикалдардың наразылығына қарамастан саяси жүйені біртіндеп өзгертуге саналы түрде бардық. Айтқандайын, кадр мәселесінде де асығыстықтың қажеті жоқ. Тұрақтылық, біз үшін аса маңызды.

Революциялық секірістер көрінісі — қоғам үшін аса қауіпті дерт. Әлеуметтік-саяси революциялар — мемле-

кет дамуының ең тәуір тәсілі емес. Бүгінгі қазақстандықтар ұрпағының міндеттерінің бірі — эволюциялық тұрпаттағы тұтқалар жұмыс істейтін, оның жанаруы дәйектілікпен жүретін қоғам құру.

Жаңғыру идеологиясының да біріктіргіш бастаулары бар, ал оның өзі күрделі көп деңгейлі құбылыс болып табылады. Бұл экономикалық реформалардың идеялық тұғырнамасы да, саяси институттардың өзгеруі де, әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа тұрпаты да.

Бүгінде Қазақстандағы жаңғырудың қауіптілігі туралы айтып, 1930 жылдардағы қайғылы тәжірибені еске салған кезде, ондағы екі жағдайды ұмыт қалдырады. Біріншіден, әңгіме мүлдем басқа жаңғыру туралы болып отыр. Екіншіден, ол зорлық-зомбылықты сипатта емес.

Рас, күштеп ұжымдастыру мен шаруашылықты жүргізудің басқа тәсілдеріне зорлап көшіру, санаулы жылдардың ішінде ең алдымен, бүкіл тұрмыс салтын бұзып, халыққа аса зор соққы болып тиді. Ол кездегі жаңғыру саяси тұрғыдан алғанда қоғамның барлық салаларында тоталитарлық идеяның үстемдік құруына әкеліп тіреген болатын. Осы біржақтылықты біздің жеңуіміз қажет. Егер қоғамды жаңғыртпасақ, онда біз перспективадан айырыламыз. Ал нашар нұсқасында белгілі бір формадағы тоталитаризм қалпына келетін болады.

Жаңғыру дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді. Ал бұл ең алдымен, адамдардың ерікті түрдегі бірлестіктерінің жиынтығын: отбасын, қоғамдық ұйымдарды, діни, мәдени, шаруашылық бірлестіктерін, кәсіптік одақтарын және тағы басқаларын өз бойына жинақтайды. Олардың ортақ сипаттамасы — бұл шын мәніндегі ерікті, мемлекеттік емес және саяси емес ұйымдар болып табылады. Бұл, адамдардың бүкіл жеке өмірі, белгілі бір әдет-ғұрыптары, дағдылары мен құқықтары. Бұл, өмірдің сырт көздің араласуын қажет етпейтін саласы.

Осындай азаматтық қоғамның қалыптасуы тұрақты эволюцияны қажет етеді. **Экономикалық тұрғыдан** оның негізі — мемлекеттік емес кәсіпорындар, яғни азаматтардың ерікті және жеке инициативалары негізінде құрған барлық шаруашылық бірлестіктері. Экономиканың осы секторы мемлекеттік сектор сияқты соншалықты маңызды болған кезде, экономикалық бостандық дәрежесі азаматтарға өз болашағын олардың өздерінің айқындауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік тұрғыдан — бұл ең алдымен, отбасы және азаматтардың саяси мақсаттар үшін құрылмаған барлық мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктері. Олар ғалымдар қауымдастығы немесе бұқаралық ақпараттың ресми емес құралдарынан бастап, спортклубқа немесе экономикалық ұйымға дейін өзгере алады.

Ақыр соңында, **идеялық тұрғыдан** — бұл идеологиялық пікірлер алуандығы, нақты сөз бостандығы мен ождан бостандығы.

Қазақстанды жаңғырту әрбір азамат бостандығының шарты және жалпы алғанда қоғамдағы тұрақтылық болып табылатын азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді.

Бұдан басқа саяси институттарды белгілі бір жаңғырту және жашпай демократиялық сана-сезімді қалыптастыру қажет.

Демократияны әлдебір анархиялық бостандық ретінде утопиялық тұрғыдан түсіну шын мәніндегі демократиялық қоғамның саяси құрылысына сай келмейді. Шындығында, олардағы саяси өмірді ұйымдастыру біршама өзгеше. Ондағы саясат кәсіптік қызмет саласына айналады, халық оған жергілікті өзін-өзі басқару, сайлау мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қатысады. Бұқаралық митингілік анархия емес, қайта нақ осындай құрылыс демократия тұрақтылығының көрсеткіші болып та-

былады. Бұл жүйе көппартиялылықты, көптеген азаматтық қозғалыстарды, ұлттық-мәдени орталықтарды, экономикалық және мәдениет қорларын өзіне қосады. Бірақ ең бастысы, азаматтық қоғамда мемлекет жеке адамның экономикалық және жеке өміріне өзінің араласуын күрт азайтады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы құндылықтарды жаңғыртпайынша мүмкін еместігін де ескеру керек. Мемлекеттік әсіре қамқорлықтан бас тарту қажет. Әңгіменің кім туралы болып отырғанына — өзінің бар өмірін қоғамдық еңбекке арнаған зейнеткер туралы немесе еңбекке әбден жарамды адам туралы болып отырғанына қарамастан мемлекеттің барлығы үшін және бәрі үшін жауапкершілігіне біздің етіміз үйреніп кеткен. Бұдан былай қолдау шын мәнісінде халықтың оны қажет ететін жіктеріне ғана көрсетілетін болады. Мақсатты әлеуметтік саясат ең алдымен аз қамтамасыз етілгендерге, көп балалыларға, мүгедектерге, зейнеткерлер мен оқушыларға бағытталған. Бірақ бұл проблеманың бір жағы ғана. Кез келген экономикалық тұрғыдан дербес адам, әсіресе, жеке секторда, экономикалық бостандықтың жауапкершілікті де талап ететіндігін түсінуге тиіс. Егер әр түрлі жағдайларға байланысты ол әлеуметтік осал жіктерге жатпайтын болса, адам өз игілігіне өзі жауап беруге тиіс. Өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайына осы бір жоғары жеке жауапкершілік басты моральдық-имандылық нормаларының біріне айналуға тиіс.

Сондай-ақ топтық таңдаудан жеке адамның өз таңдауына көшуді жүзеге асыру керек. Жаңа экономикалық, саяси және мәдени салада жеке бостандық, жеке таңдау асыл құндылық болып табылады. Қазақстан жеке бостандық пен таңдауға басымдық

беретін халықаралық құқықтық актілерге тактикалық ой-ниеттен қосылған жоқ. Бұл, қазіргі дүниенің бұлжымас идеологиялық қағидасы. Топтық бақылаудың бұрынғы жүйесі қирап бітті. Ішкі өзін-өзі бақылау тұтқаларын жасау қажет, бұл тәрбиенің бүкіл жүйесін өзгертуді талап етеді.

Ақыр соңында, **жаңа идеялық тұғырнаманы жүзеге асыратын институттарды** айқындау қажет.

Біздің саяси майданнан кеткен идеология туралы айтқанда, біз оның институттарының да, сол идеологияға қызмет еткен зор аппараттың да бірге кеткенін білеміз. Әрине оны қалпына келтіру туралы әңгіме болуы мүмкін емес, өйткені біз идеологиялық қызметтің мазмұнына ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырылуына да мүлдем өзгеше принциптер мен әдістерді жариялаған болатынбыз.

Алайда кез келген демократиялық мемлекеттердегідей бізде жүргізіліп жатқан өзгерістерге сай қазіргі заманғы білімдерді, қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық ақпаратты таратудың, имандылық құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын насихаттаудың жүйесі жасалуға тиіс. Бұл үшін кәсіби аппарат керек. Оның қызметі біздің өміріміздің тіпті де оңай емес мәселелерін адамдардың түсіне білуіне, саяси-қоғамдық құбылыстарды, экономикалық, халықаралық проблемаларды талдай алуына көмектесу болып табылады.

Қоғамды реформалау ісі насихатшылар мен идеологтардың, оның ішінде, бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің терең білімдер топтарына сүйенуі қажет. Олар қалың бұқараға, әсіресе жергілікті халыққа экономикалық стратегия мен тактиканы белсенді түсіндіріп, жеткізушілер болуға тиіс. Біліксіз, кертартпа көңіл күйдегі шенеуніктерді озық ойлы, саясаттану, әлеуметтану, психология негіздерін білетін, сенімі берік және қажырлы, терең пайымдауға және өз бетінше баға

бере білуге қабілетті мамандар, нарықты басқара білетін адамдар ауыстыруға тиіс.

Қоғамның саяси мәдениетін қалыптастыруға, оның прогресс жолымен дамуына көмектесетін имандылық идеяларын жүзеге асыруға білім беру жүйесі, ғылым, мәдениет, шығармашылық ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары қатысуға тиіс.

* * *

Идеялық күш-қуатты біріктіру тұғырнамасы жан-жақты талқылауды талап етеді. Қазақстан қоғамының жаңа дүниетанымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңде тұр. Алайда біз өзіміздің ертеңгі істеріміздің нақты бет-бағдарын көре білуге тиіспіз. Болашақ ұрпақтар бұдан да әріге көз сала жатар.

Бүгінгі таңда біз дәуірлік идеологиялық құрылымды орнатып жатқан жоқпыз. Алайда өтпелі кезеңнің биліксіз мезгіл емес екенін түсіну маңызды, оның өз даму қисыны, алысқа ұмтылған мақсаттары, идеялық негізделуі бар. Еліміздің болашақ өркениетті дамуының, өзіміз бара жатқан қоғамның негіздері нақ бүгін қалануда.

Біз бұрынғы ойлаудың құрсауынан, әлі өтпеген жолдан қорқудан арылуымыз керек. Жалпы алғанда, біз дүниежүзілік өркениет із ашқан жолмен келе жатқанымызды түсінуіміз қажет. Бірақ біздің ерекшелігіміз бен қиындығымыз мынада: бізге дейін нарыққа көшуді мемлекеттікті құру мен қоғамды демократияландыру ісімен бір мезгілде ешкім де жүзеге асырған емес.

Қазақстан прогресс жолын түпкілікті таңдап алды. Бұл жолдан біз өзімізге іскерлік пен мақсаткерлікті одақтас етіп алғанда ғана асқақ идеяларды иемдене, ұлан-ғайыр материалдық және адамгершілік күш-жігерді жұмылдыра отырып қана өте аламыз.

БЕРЕКЕ БАСЫ— БІРЛІК

**XVIII ҒАСЫРДЫҢ АСА ІРІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ
ТӨЛЕ БИДІ, ҚАЗЫБЕК БИДІ ЖӘНЕ ӘЙТЕКЕ БИДІ
ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛЫП ОРДАБАСЫДА БОЛҒАН
САЛТАНАТТАҒЫ СӨЗ**

1993 ЖЫЛҒЫ 28 МАМЫР

Ардақты ағайын! Қадірлі меймандар!

Бүгін біздің бәрімізді осынау қасиетті биіктің басына бір ой, бір тілек, бір мақсат жетелеп әкеліп отыр. Өскісі, өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан бергі тарихын айрықша қастерлеп, ондағы дара тұлғаларды, ел болып еңсе көтерулеріне ерекше еңбек еткен асыл азаматтарын айрықша ардақ тұтатынын жақсы білеміз. Шүкір, біздің тарихымызда да елім деп еңіреп өткен ерлер, халық қамын жеген қайраткерлер аз болмаған.

Дешті Қыпшақты билеп тұрған Шайбан тұқымымен ат құйрығын кесісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек. Бұрын бір-біріне тәуелсіз үш мемлекеттің құрамында жүрген көшпелі тайпалардың үш жүз аталып, жаңа саяси одаққа бірігуін тиянақтап берген, Хақназар ханның аты алты алашқа мәлім. Өз тұсында жаңа бой көтерген елдің есесін ешкімге жібермей, бір жорықта екі жүз мың кісіні атқа қондыра алған, өзінен кейін қасқа жол қалдырған Қасым ханның да қасиеті ерекше. Мықты білегімен де, түкті жүрегімен де айбынды атқа ие бола білген Еңсегей бойлы ер Есім мен Салқам Жәңгір де ел есінен мәңгілік орын алды. Есімнің

немересі, Жәңгірдің бел баласы Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы — қазақ елінің абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезеңі болды. Бұл жайында белгілі тарихшы А.И. Левшин былай деп жазыпты: «Тәукенің атын атасақ-ақ, бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаныш билейді. Қазақ ордасының ликурғы, драконты — сол адам. Тәуке алауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы талай жылғы қан төгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлеуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тезге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты».

Тәуке Қазақ хандығын бір орталықтан басқарудың нақты тетігін тапты, жыл сайын атақты Мәртөбеде үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, ел өмірінің келелі мәселелерін талқылады.

Қазақ қоғамына осындай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы — атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті жарғы» — дана бабаларымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен халық билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тірлігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді.

Әрине тарихтың талай соқталаңын бастан кешкен дала жұртының қабырғалы халық, іргелі ел болып кете қоюы оңай шаруа емес еді. Ол екі тізгін, бір шылбырдың көреген көкірек, қайратты қолға тигенінің арқасы еді. Ел мен ер, тәуекел мен парасат біріге қимылдап, бірлесе қайрат көрсеткенінің арқасы еді. Ендеше сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу

кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған рухани ізденіске мұрындық болғандар кімдер еді?

Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кеменгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті, басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан-ғасырға жұрт жадында жатталып бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра — билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды. Билер данышпандығының бір ғана сәтін бүгінгі жиында еске түсіре кетейік. Қалмақ Қонтайжы: «Датыңды айт» дегенде Қаз дауысты Қазыбек бабамыз:

— Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды! Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір

болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз, қазақ, қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен — арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт! — деп төгілткен екен.

Сонда Қонтайшы не дерін білмей сасып қалған дейді.

Елім деп, жерім деп жан ұшырған асыл аталарымыздың мұндай жан айқайын бүгінгі ұрпақ — біз айрықша айқын ұғынып, айрықша терең түсінеміз.

Сол бір халық тағдыры таразыға түскен тар кезеңге, елдің есінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалған қасіретті оқиғаға түп-тура 270 жыл толып отыр.

1723 жылдың ерте көктемінде бейқам жатқан Қазақ еліне жоңғарлар бұрын-соңды болып көрмеген жойқын шапқыншылық жасады. Ел еңсесін езген қатал қыстан шығар-шықпаста, көтерем мал әлі шыр жимай жатқан кезде Шу мен Талас бойына тұтқиылдан тап берген дұшпанға қарсылық көрсетер қауқар болмай қалды. Бас-аяғы екі-үш айдың ішінде исі қазақ баласының басына қаратүнек орнады, қазақ аспанын қасірет бұлты торлады. Желдің өтіндегі, жаудың бетіндегі өзге өңірлер тұрмақ, қасиетті Қаратаудың өзінен ел көшті. Сол кезде дүниеге келген атақты «Елім-ай» әнінің зарлы үні қазақтың ұлан-ғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Бүкіл дала:

Мына заман қай заман, бағы заман,

Баяғыдай болар ма тағы заман.

Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,

Көздің жасын көл қылып ағызамын,—

деп «елім-айлап» күңіреніп жатты. «Елім-ай» елдікті жоқтады. «Елім-ай» ерлікке бастады. Дана халық өз бойынан елдікті де тапты, ерлікті де тап-

ты. Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді? Азаматынан айырылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді?

Иә, ағайын, бәріңіз білесіздер, олар да жаңа ғана аттары аталған қасиетті бабаларымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді.

Үш ұлы би тарихтың дәл мұндай тар өткелінде бірліктен қалған жұрттың тірліктен де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жиынға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын. 1726 жылы дәл осындай кезде, көктемнің жазға ұласар жайсаң шағында, Қаратаудың күнгеі бегіндегі оқшау биік Ордабасыда үш жүздің игі жақсысының, биі мен бегінің, батыры мен бағланының басын қосқан ұлы жиын өтті.

Ауыздан ауызға тарап, ұрпаққа жеткен әңгімеде сол жиында сөзді Төле би алып, сөзін Болат ханға арнапты дейді.

— Уау, Болат тақсыр! Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан ел көріп қабырғам қайысып барады. Бұлаң кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тыңдар құлақ бар ма? Шаңырағың күйреп, аңырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шыңдар шырақ бар ма? Тақсыр! Батқан күнге, туған айға бата ғып өткен халқың бауырын жаралап, жанын қаралап алдына тізіліп келіп отыр. Тынышын алған ойраттан намысын қайтарар күнді күтеді. Тынысын үзген жаудан туысын, танысын қайтарар шақты күтеді. Зар тілегіміз — бірлік. Соған құлай ұйысаң, бейіл болсаң, жақыным, барым, бауырым деп құлшынған ықыласыңды түгел бер. Ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Бөліп алып, таласып, жұлмалап әкетпе. Жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Бірғасып кіріспейік, жалғасып келісейік. Ол — бас сардарды тағайындау. Үш жүздің қолын басқарар бір білекті бетке

ұстау, қауым боп қауқылдасып, іріленіп шоқтық көтеру. Келелі тобына кеңесімді салдым, кірісіндер де келісіндер, ағайын!— деп бір тоқтапты дейді Төле бабамыз.

Осы Ордабасыда үш жүздің баласы бір бәтуаға келіп, ата жауға аттануға анттасқаны, Қаз дауысты Қазыбектің ұсынысымен қазақ қолына бас сардар етіп Әбілқайырды сайлағаны — бүгінде баршаға белгілі тарихи шындық. Бас біріктіріп, күш қосқан соң-ақ халқымыздың жалы күдірейіп шыға келді. Дәл сол жылы үш жүздің қолы жаз бойы қаруланып, соғыс өнерін ұштап, күзге салым Сарысу бойындағы Бұланты өзенінің жағасында жоңғар қолын қирата жеңгені де тарихтан мәлім. Сол жеңіс елдің еңсесін көтерді, өз күшіне сенімін арттырып, бірлікке үндей түсті. Қазақ сарбаздарының құрамында қоңсы жатқан өзбек, қырғыз жұртының жаужүрек жігіттері де қолдарына найза ұстап, ортақ жауға тойтарыс беруге үлес қосты. Халқымыздың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ең ірі жеңісі — Балқаш бойындағы Аңырақай шайқасы. Ойраттардың аңыраған дауысын күллі қазақ түгел естігендей болған соң шайқастан кейін ұрыс даласы Аңырақай аталып кеткені де белгілі. Бұл жеңіс те ұлы бабаларымыздың бастамасының, халықтың бірлігінің жемісі еді. Амал қанша, қазақ ол жеңістің қызығын ұзақ көре алмады.

Бұл кезде Орталық Азиядағы саяси жағдай бұрынғыдан да қиындай түскен еді. Патшалық Ресей бір жағынан, Цин империясы екінші жағынан, қазақ даласына қос өкпеден қатер төндіріп тұрған болатын.

Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы, міне, осындай қысталаң шақта ерекше білінді. Олар елдің ертеңін дәл болжап, ұрпақты сақтап қалудың, туып-өскен жерді сақтап қалудың жолында асқан кемеңгерлік көрсетті.

Міне, осы сияқты бір мақсат жолында бірге күрескен үш ұлы бидің өмірінен бүгін де біз алатын тағылым толып жатыр.

Құрметті қауым! Ғасырлар бойы халқымыз бойына жинақтап келе жатқан рухани бірлігіміздің тарихында кейде ақаулықтар да болып, өкіндіріп жүретіні рас. Соның бір дерті — Ресей империясының тұсында қазақ даласын отарлау барысында жүргізілген сұлтан, болыс сайлаулары кезінде ағайын арасына әдейі араздық дарытып, бір-біріне қарсы қоюшылық саясаты, сол арқылы бүкіл елдің ішіне іріткі салу әрекеттері. Бұл зымиян саясатты Кеңес Одағының тұсында да орталық басқару жүйелері асқан жымысқылықпен пайдаланды. Осы дерттен арылу-арылмауымыз бүгінгі таңда бүкіл ұлт тағдырын шешеді. Мұны әрдайым есте ұстауға тиістіміз.

Біз мына дүниенің ең қуатты қозғаушы күші — мүдде екенін, негізгі тарихи қадамдарымыздың сол мүдде ортақтастығы қағидасына сай жасалу керектігін де ерте ұғып, ерте жүзеге асыра алдық. Бұл ақиқат қағиданы да санамызға ерте сіңірген осы дана билеріміз еді.

Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды жақындастырмай қоймайды. Тағдыр жақындығы мүдде жақындығын туғызады. Мүдде жақындығы жоқ жерде жер жақындығы мен шекараластықтың да бақастық пен дұрдараздық өрбіткеннен басқа бітірері шамалы. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер — мүдде жақындығы. Бүгінде Орталық Азияда қоян-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мүддесі біреу. Ғасырлап күтіп, өзер қолы жеткен азаттықтан айырылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу. Бауырлас, тағдырлас өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен ағайындармен әуелден де тату-тәттіміз. Оның бір дәлелі — Өзбекстан басшылығының шақыруы бойынша мен осы жиын алдында басына барып, тәу етіп қайтқан Төле би бабамыздың туысқан елдің астанасы — Ташкентте жерленгені,

бейітінің қадірленіп күтілетіні. Осы риясыз достық сезімі үшін де біз өзбек бауырларымызға, осы елдің тұңғыш Президенті Ислам Каримовке шын ризашылығымызды білдіреміз. Мүдде жақындығы біздерді баяғыда іргеден қол салған басқыншы дұшпандарға қарсы бірге күресуге шақырды, мүдде жақындығы кеше ортақ тағдырымызды фашизмнен бірге қорғатты. Ежелден ағайын-дос қырғыз еліне, оның Президенті Асқар Ақаевқа игілік пен баянды болашақ тілейміз. Тарихта біздің елдеріміздің арасына от жағып, сырттан қақтығыстыру әрекетін жасағандар аз болған жоқ. Дегенмен бірге болған кезде қандай жаудан да басым түсіп жаттық. Дәл қазіргі кезеңде де біздің халықтарымыздың бірлігі егемендігімізді, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін өте қажет деп санаймын.

Бүгінде Қазақстан айдай әлем алдында экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, келешегі сенімді мемлекет ретінде де абыройы асып тұрса, ол да ең алдымен, сол тағдыр ортақтастығын, мүдде ортақтастығын қастерлей білуіміздің арқасында мүмкін болып отыр.

Сондықтан да біз жақында өткен республикалық кенесте таяу жылдардағы ең басты міндетіміз — ынтымақтастық идеологиясын түпкілікті орнықтыру деп белгіледік. Қазақстан — осы ұлан-байтақ өңірді мекендеп жатқан барша ұлт пен ұлыстың ортақ Отаны деген қарапайым да қастерлі қағиданы бүгінгі адамдардың да, келер ұрпақтың да санасынан бір сәтке шығармауымыз керек.

Осындай татулықтың үлгісін барша жұртқа ең алдымен, бұл жердің ежелгі иесі, біз — қазақ халқы көрсетіп, бүкіл Қазақстан халқының тату тұруының ұйытқысы болатынымызға сенемін.

Тәуелсіздік туын қолда берік ұстау — әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты. Құқықтық

мемлекетке, демократияшыл қоғамға тән заңдылық қағидасын қатаң сақтай алсақ қана, ол борышты адал ақтап, ол мақсатқа қапысыз жете аламыз.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау — құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Әз Тәукенің тұсындағы қазақ қауымының дәуірлеуі ең алдымен, осы заңға жүгінуге байланысты болғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңды жетік білмейінше, оны сыйламайынша, берік ұстанбайынша біз өмірдің қай саласында да қиыншылықтан арыла алмаймыз.

Біздің болашағымыз — жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көксеп, «бұрын жақсы еді, арзаншылық еді», «бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлеткеннен басқа ештеңе бермейді» дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін. Қазақтың ұл-қыздары өмірдің қай саласына да қабілетті екендігін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менеджменттің, коммерцияның, компьютерлік техниканың қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымызды заңды игеру, құқықты, өркениетті мемлекет құру, жауапкершілігін арттыру бағытында бейімдеу аға ұрпақтың борышы болса, жас ұрпағымыз ХХІ ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезінгені абзал. Қырандар түлегін қияға самғатып баулитыны аян. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нар тәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым. Қазақ тарихында тұңғыш рет тұрақты әскер құрдық. Елімізді, жерімізді, бостандығымызды сақтау үшін бұл бізге қажет болды. Кезінде қазақ даласының әр түкпірінен осы Ордабасыға жиналып, елім, жерім деп еңіреген, бастарын ажалға байлап, қан төккен ата-бабаларымыздың аруағы разы болсын десек, біз елімізді қорғауды азаматтық та,

перзенттік те борышымыз деп санауымыз керек. Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді алдымен өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды?! Біздің туған жер ұғымының аясын әбден тарылтып жібергеніміздің салдарынан талай адам өз облысын, өз ауданын ғана туған жерім деп танитын таяз түсініктен әлі арыла алмай жүр. Оқу бітірген жастардың қайткенде де ауылына оралуға тырысып, мамандығы бойынша жұмыс табылмаса да ата-анасының жанынан шықпайтын психологиясын құптай беру қиын.

Табиғаты сұлу, топырағы құнарлы небір шұрайлы өлке, өңірлеріміз отаншыл жастарымыздың перзенттік жүрегі мен қуатты білегін күтіп жатыр, ағайын. Бір шаңырақтың түлектері Қазақстан дәулетін асырар сан салада еңбек етсе, бір атаның отаулары кең-байтақ даламыздың қай тарабынан да табылып жатса, жаман ба?! Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу — ол жалпақ Қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілегін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өзімізді-өзіміз көкіректен кері итермеуге, сен анаусың, мен мынауымын деп алаламауға үйренуге тиіспіз. Осыдан үш ғасырдай бұрын бас қосқан, қазақ даласын қорғау жолында шейіт болған бабаларымыздың негізгі аманаты осы.

Қазақстандықтар бұрынғы құқықсыз өмірден біржола бас тартты, өзінің әлеуметке бағдарланған нарықтық экономикасы және жаңа қоғамдық қарым-қатынастары бар күшті егемен мемлекетін құруға кірісті. Қоғамымыздың ең қастерлі қазынасы адам болып табылады, оның құқығы мен бостандығына кепілдік беріледі деп заң жүзінде жарияладық, республикадағы барша халықтың тең құқылығы қамтамасыз етіледі деп кепілдік бердік.

Мен бұл арадағы сөзімде республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, өтпелі кезеңнің күрделі мәселелері, оларды шешудің жолдарын табу

бағытындағы ізденістеріміз, іркілістеріміз туралы баяндаудан тартынғалы тұрмын. Олар жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Өздеріңіз теледидардан көріп, газеттерден оқып жатырсыздар. Сөз орайы келгенде, қымбатты ағайындар, осындай қиын шақта Президенттің, үкіметтің саясатына қолдау көрсетіп, ұстамдылық, сабырлылық таныта білгендеріңіз үшін, біздің бүгінгі таңдағы басты байлығымыз тыныштық, ұлтаралық жарасым екенін терең түсінгендеріңіз үшін шын жүректен разылық білдіруді парыз санаймын. Осы әрекеттің барлығы ең алдымен қазақ халқының болашақ ұлы мүддесіне бағытталғанын түсінгендеріңіз үшін тағы да разылығымды білдіремін.

Республика үкіметі жақында дағдарыстан шығу жолындағы шұғыл шаралардың бағдарламасын белгіледі. Шетелдердің іскер топтарымен ірі-ірі келісімшарттар жасалып, инвестициялар келе бастады, өнім көлемін сақтап қана қоймай, бұрынғыдан да өсіруге қол жеткізіп отырған кәсіпорындар қатары көбейіп келеді. Ең бастысы, халықтың нарыққа көзқарасы аздап болса да өзгере бастады. Көзін тауып еңбек ете білсе, ерінбесе, бойкүйездіктен, масылдық психологиядан арылса, адамша лайықты өмір сүруге, тіпті дәулетті тұруға да мүмкіндік ашылғанын қазірдің өзінде талай жұрт түсініп қалды. Ал алаңсыз, өнімді еңбек етудің негізгі кепілі — қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы. Мұны мен республика Президенті ретінде ең басты мақсат деп санаймын.

Осы мақсат жолында жаңа нақты қадамдарды да ойластырып жатырмыз. Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру идеясы көптен айтылып жүр. Бұл ұсыныс республика халықтарының форумында да қолдау тапқан болатын. Үкіметтен тыс тұратын, қоғамдық ұйым ретінде ойластырылған мұндай ассамблея біздей көп ұлтты мемлекеттің бітім-болмысына сәйкес келер еді.

Ардақты ағайын!

Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыспен Бөгенге, күншығыстағы Қазығұртқа, Арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға серттескен екен, Әбілқайырдай бас сардарын сайлап, ата жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет, Бөкенбайлардай талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел арылтып алғанын білеміз.

Енді сол бабалар алып берген кең байтақ өлкемізді түгел құлпыртып, түгел көркейту — бүгінгі біздер мен ертеңгі жеткіншектердің үлесіне тиіп тұр. Азаттыққа жетер жолдың қаншалықты ұзақ, қаншалықты тауқыметті екенін көрдік. Ал азаттықты баянды ете білудің де оңай шаруа емес екенін түсіне бастадық. Осы арада тағы да ұлы бабалар даналығын еске аламыз: **«Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?! Ел тірегі — ері, ер тірегі — елі бола білген қауымның басынан бағы кетер ме?! Есті еріңді ез тұтсаң — өзіңді-өзің қорларсың, есеріңді ер тұтсаң — іргеңізден жау кетпей, төріңізден дау кетпей, сойқаннан сойқан жолығып, сорларсың да зарларсың. Ел мұраты — көрешек, ер мұраты — келешек. Көрешегін күйттеген — түбі қоймас сүрінбей, келешегін күйттеген — түбі қоймас сүйінбей. Жетелі ер адаспас — бағзыдан қалған із бар ғой»**, — деген екен Әйтеке би Күлтөбедегі бір жиында.

Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз. Талай-талай алқалы кеңес өткен атақты Күлтөбе баяғыда жыртылып кетіпті. Сайрам түбіндегі Мәртөбе

күні кеше құртылып кетіпті. Қасиетті орыннан қалғаны — Ұлытау мен осы Ордабасы бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ.

Бүгінгі жиын — сол жаңылмағандығымыздың, адаспағандығымыздың куәсі.

Бізді де бұл киелі төрге арманды тілек, елім деген перзенттік жүрек алып келіп отыр. Біздің де ойлағанымыз — бірлік. Біздің де аңсарымыз — еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат — бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол. Жалғыз-ақ айырмасы — қасиетті бабаларымыз басын қосып берген қазақ халқы енді бүкіл Қазақстан халқының бірлігіне ұйытқы болуға тиіс. Осы мақсат жолында республикадағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіргені лазым. Болашағымыз баянды болсын, балаларымыз бен немерелеріміз де ата-бабаларындай тату тұрсын десек, осындай алмағайып уақытта, жоқшылық жүйке жұқартып тұрған жіңішке шақта баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық танытуға тиіспіз. Мен мемлекет басшысы ретінде Қазақстанның көпұлтты халқы осынау сәтте тарихи жауапкершілік көрсете біледі деп кәміл сенемін.

Береке басы — бірлік.

Бірлігіміз берік болса, болашағымыз баянды болары даусыз.

Лайым, ынтымағымыздан айырмасын!

Толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халқымыздың үш данасы, үш көсемі, қасиетті бабаларымыз — Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің аруағы қолдап жүрсін!

Жоба

ЕУРАЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕР ОДАСЫН ҒЫРУ ТУРАЛЫ

Қазіргі кезде ТМД-ның барлық елдері қоғамдық өмірдің барлық салаларында — экономикада, саясатта, идеологияда, ұлтаралық қатынастарда терең дағдарысты бастан кешіріп отыр, әлеуметтік-экономикалық шиеленіс үдей түсуде. Мұның өзі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының дамуы екі тенденция бойынша айқындалып отырған жағдайда өтіп жатыр. Бір жағынан, ұлттық мемлекеттіліктің одан әрі қалыптасуы жүріп жатыр. Ал екінші жағынан, Достастық елдерінің бірігуге деген тенденциясы байқалып отыр.

ТМД, мемлекетаралық бірлестік ретінде, өзіне енетін елдердің мемлекетаралық қатынастарын құқықтық тұрғыдан хаттауда оң рөл атқарып отыр. ТМД-ның іс-қимыл әлеуеті әлі таусылған жоқ. Бірақ бұған қарамастан қазіргі кезде жұмыс жасап отырған ТМД органдарының құрылымы қолда бар бірігу әлеуетін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр. Бұған Достастық елдерінің басшылары ғана емес, сонымен бірге осы мемлекеттер халықтарының басым көпшілігі де назар аударып отыр.

ТМД-ның өмір сүрген өткен жылдардағы тәжірибесі бірлесудің жаңа деңгейіне көшудің қажеттігін көрсетіп отыр. Мұның өзі барлық қатысушы мемлекеттердің бірлесе отырып қабылдаған міндеттемелерін қадағалауға кепілдік беретін болады.

Халықаралық тәжірибе кез келген мемлекетаралық бірлестік өзінің дамуында әр түрлі кезеңдерден өтетінін, ынтымақтастықтың жаңа нысандарымен толыға түсетінін көрсетіп отыр. ТМД-ның елеулі артықшылығы бар — экономиканың бірлесуінің жоғары дәрежесі, әлеуметтік саяси құрылымдарының бірдейлігі және халықтарының қадір-қасиеті, сондай-ақ көптеген республикалардың сан ұлтты құрамы, жалпы тарихи дәстүрлері бар.

Осының бәрі ұлттық-мемлекеттік құрылыс процесін осы негізде мемлекетаралық бірігу процестерін сақтауды және дамытуды үйлестірудің қажеттігін көрсетеді. Тарихтың тағылымы мынадай: ондаған жылдар бойы қуатты бірігу әлеуетін пайдаланып келген Достастықтың барлық елдерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана бүкіл дүниежүзілік қоғамдастыққа бірігуге болатынын дәлелдеп отыр.

Қалыптасқан жағдай ТМД-дағы тұтқаларды жетілдірумен қатар мұны бірлесудің жалғыз ғана нысанасы ретінде қарауға болмайтынын айқындап отыр. Өмірдің өзі көрсеткеніндей, ТМД елдерінің одан арғы дамуын ол елдердің әрқайсысындағы ішкі әлеуеттің жеткіліксіздігі тежеп отырғанын байқатты. Бұлардың дамуы кеңестік ғасырдан кейінгі кеңістікте жаңа, нарықтық негізде экономикалық бірігу кезінде ғана мүмкін болатынын көрсетіп отыр.

Біртұтас халық шаруашылық кешені құрылымының бізге қалған мұрасы әлі де бүлінуде. Экономикалық байланыстардың күні өткен нысандары қазір өзінен-өзі жойылуда. Сонымен қатар біздің елдердің таяудағы және алдағы келешектегі экономикалық мүдделеріне сай келетін технологиялық пысықталған байланыстары үзіліп отыр.

Нарықтық өзгерістердің бесаспап заңдылығы бар. Бұл орайда кез келген ел экономикалық романтизмге бой ұрмауы мүмкін емес. Бұрынғы одақ елдерінің

ондаған жылдардың ішінде қалыптасқан тығыз шаруашылық қарым-қатынастарының негізінде олардың экономикаларын нарықтық реформалау бойынша күш-жігерлерін біріктірген жөн.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ұжымдық күш-жігер кезінде ғана өтпелі қоғамдар табысты жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілетті екенін көрсетіп отыр. Сонымен бірге бұл мәселені ТМД елдерінің жекелеп шешу жөніндегі іс-қимылдарының табыссыз екендігін біз көріп отырмыз. Мұның бәрі экономикалық бірігуді жаңа жағдайда жүзеге асырғанға дейін қала бермек. Басқа жағынан алғанда ол алыс шетелдердегі әлдебір аймақтық экономикалық бірлестіктерге қайта құру жөніндегі әрекеттердің қисынсыз екендігін көрсетіп отыр.

Мемлекеттер үшін сыртқа шығарылатын шикізат жөніндегі баға саясатының келіспеушілігі елеулі проблема болып отыр. Мұның өзі олардың экономикалық жағдайына теріс әсер етуде. Екінші жағынан алғанда, мұның өзі қалыптасқан дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына тұрақсыздық элементін енгізіп, үшінші елдерді қатаң санкциялар қолдануға мәжбүр етеді. Біздің мемлекеттеріміз үшін шикізат пен энергия ресурстарын сыртқа шығаруы неғұрлым маңызды табыс баптары болып табылады. Осыған байланысты ТМД елдерінің сыртқа шығару саясатының біртұтас жүйесін құру қажеттігі келіп туады. Осыған орай, қатысушы мемлекеттердің барлығының мүддесіне сай келісілген квоталар мен бағаларды сақтамаған жағдайда елеулі шараларды қабылдауды қажет етеді.

ТМД елдеріндегі ұлттық заң шығаруды жетілдіру нарықтық реформаларды табысты түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұдан арғы жаңғырту шаруашылық қызметінің заң шығару негізін жақындатпайынша мүмкін емес, өйткені олардың арасындағы орын алып отырған ал-

шақтықтар экономикадағы бірігу процестерінде елеулі бөгет болып отыр.

Нарықтық экономиканы дамытудағы елдердің арасындағы айырмашылықтарды, саяси процестерді демократияландырудағы айырмашылықтарды ескере отырып, біз бірігудің қосымша құрылымын құруды — ТМД-ның қызметімен үйлесетін Еуразия одағын құруды ұсынамыз. Бұл орайда бірігудің түрлі нұсқалары, түрлі қарқындары, ТМД елдерінің дамуындағы әр түрлілігі және әр қалыптылығы ескерілмек. Мұның өзі ТМД-дағы жаңа экономикалық нысанды құрудың қажеттігін табанды түрде талап етуіне негіз береді. Біздің мақсатымыз — қатысушы мемлекеттердің экономикалық саясатты келісуі және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі бірлескен бағдарламаларды атқару жөніндегі міндеттемелерін қабылдауы.

Әлеуметтік-экономикалық саяси дағдарыс шын мәнінде ТМД-ның барлық мемлекеттерінің көпұлтты құрамының аясында өтіп жатыр. Осының нәтижесінде ішкі мемлекетаралық шиеленіске ғана емес, сонымен қатар бірқатар жағдайларда мемлекетаралық жанжалдарға ұласып жатқан этникааралық шиеленістерге ұласуда. Мұндай жағдай Тәуелсіз Мемлекеттер одақтастығы институтының өзіне абырой әпермей отыр. Демек, бірлескен күшжігердің арқасында алуан түрдегі жанжалдарды тежеу, оқшаулау және жою тұтқаларын талдап жасау жөніндегі бірлескен күшжігерлерін қажет етеді.

Қазіргі кезде ТМД-ның барлық елдері мемлекеттік құрылыстың нысандарын, ішкі жағдайларға барабар келетін нысандарды іздестіруде. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ТМД мемлекеттерінің бірегей де, федеративті де нысандары толық дәрежесінде тұрақты деп мойындалмай отырғанын көрсетуде.

Экономикалық бірігудің мәселелерін шешу өкілеттіктердің жеткілікті көлемінде негізі бар саяси

институттарды құрудың қажеттігін талап етіп отыр. Бұлар, мемлекеттердің экономикалық, саяси, құқықтық, экологиялық, мәдени, білім беру саласындағы өзара қарым-қатынастарын реттеудің қызметтерін біріктіруге тиіс. Сонымен, неғұрлым жоғары деңгейдегі өзара қарым-қатынастардың кедергілерін жоюдың және бір мезгілде олардың құралдарын жасау жөніндегі уақыт келіп жетті.

Қазіргі сәтте ғылым, мәдениет, білім беру саласында оқшаулану процесі жүріп жатыр. Бір кездегі мәдени-білім беру кеңістігі қазір үзіліп жатыр. Осындай жағдайда «ғылымда жоқ шекара» деген пайымдаудың өзі орынсыз болып отыр.

Шиеленісіп отырған әлеуметтік-экономикалық қиындықтардың аясында ғылым, мәдениет, білім беру салаларынан мамандардың шеттеп кетуі белең алып, зиялылық әлеуетінің кемуі, білім берудің деңгейі мен сапасының төмендеуі байқалып отыр. Бұл процестер бір кездегі біртұтас жүйенің үзілуіне әкеліп қана қоймай, сонымен бірге дүниежүзілік өркениеттің мәдени-ғылыми жетістіктерінен оқшаулануға әкеліп отыр.

Сонымен бірге экономика мен саясаттағы бірігу процестерін жеделдетуге деген ұмтылыс мәдениет, білім беру және ғылым саласындағы келіскен саясатты сақтау мен дамытуға сүйенуі тиіс. Жаңа білімді алу мен іске асыру жөніндегі процестерді интернационалдандыруды сақтау және нығайту қажет. Ғылыми-техникалық саладағы зерттеулер мен талдамаларды біріктіру жалпы алғанда ғаламдық дәрежеде өнеркәсіп қызметінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Кеңестік заманнан кейінгі кеңістікті дүниежүзілік мәдени және ғылыми қауымдастықтан оқшаулау технологиялық саладағы артта қалудың жаңа кезеңіне апарып соғуы мүмкін.

Жаңа мемлекеттер үшін аумақтық біртұтастығы

мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету түйінді міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде кеңестік заманнан кейінгі кеңестік тұрақсыздықтың аймағы, алуан түрдегі жанжалдардың үйлесу аймағы, сондай-ақ ТМД-дан сырт жердегілердің ықпал ету ошағы болып отыр. Сыртқы шекараларды қорғау және жанжалды аймақтардағы жағдайды тұрақтандыру барлық мүдделі мемлекеттердің бірлескен күш-жігерлерінің арқасында ғана жүзеге асырылуы мүмкін және қатысушылардың қорғаныс сипатындағы мәселелерге қатысты келісілген көзқарастарын талап етеді.

Экологиялық қауіпсіздік проблемасы ТМД елдеріндегі толғағы жеткен және шешілмеген мәселелердің бірі болып қалып отыр. Экологиялық шиеленіс бірқатар себептерге байланысты. Бұған ядролық қаруларды сынауды, атом электростансаларының қызметін, қоршаған ортаны өнеркәсіп қалдықтарымен ластауды, адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде табиғи ортаны аздыруды (су бассейндерінің тартылуын, ормандарды отауды, топырақ эрозиясын және т. б.) қосуға болады.

Бұл проблемалар ТМД-ның барлық елдері үшін шын мәнінде көкейкесті, өйткені, экологиялық апаттың негізгі аймақтары, әдетте, шекаралық аудандарға орналасқан. Бұл проблемалар қалыптасқан технологиялық базалардың, шаруашылық қызметін жүргізу тәсілдерінің ортақтығынан туындаған. Ал бұлардың негізіне шаруашылықты экстенсивтік түрде жүргізу бағыты алынған болатын. Бүгінгі таңда осы проблемалардың бірде-бірін бір ғана, тіпті ең ірі мемлекеттің дербес күш-жігері арқасында шешу мүмкін емес. Қоршаған ортаны сақтау ірі қаржы жұмсауды, барлық мемлекеттердің бірлескен күш-жігерін талап ететін ғаламдық тұрғыдағы міндет.

Талқылау үшін «Еуразия одағы» (ЕАО) деген шартты атпен жаңа интеграциялық бірлесуді құру жөніндегі жоба ұсынылып отыр.

ЕУРАЗИЯ ОДАҒЫ (ЕАО)

ЕАО — тең құқылы Тәуелсіз Мемлекеттердің одағы. Ол ортақ бірлескен әлеуеті бар әрбір қатысушы елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. ЕАО егемен мемлекеттердің кеңестік заманнан кейінгі кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды нығайту мақсатымен бірлесу нысаны болып табылады.

Экономикалық мүдделер тәуелсіз мемлекеттердің жақындасу жөніндегі негіздерін айқындайды. ЕАО-ның саяси институттары осы мүдделерді барабар бейнелеуге және экономикалық бірігуге жәрдемдесуге тиіс.

I. Бірлесу принциптері

Еуразия одағын құрудың төмендегідей принциптері мен механизмдері ұсынылады:

— Мемлекеттердің ЕАО-ға кіруі туралы ұлттық референдумдар өткізу немесе парламенттердің шешімдерін шығару;

— Шартқа қатысушы мемлекеттердің ЕАО-ны теңдік, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралардың бұлжымастығын құрметтеу негізінде құру туралы шартқа қол қою. Шарт экономикалық, валюталық және саяси одақты құру бағытындағы бірлесу ісін тереңдету жөніндегі заңдық және ұйымдық алғышарттарының негізін қалауға тиіс;

— ЕАО-ға қауымдастық мүшелігіне жол берілмейді;

— ЕАО-ға қабылдау жөніндегі шешім қатысушы елдердің жалпы санының; білікті көпшілігі — бестен төрті дауыс беру принципі негізінде жүзеге асырылады.

ЕАО-ға Тәуелсіз мемлекеттер төмендегідей алғышарттарды орындаған жағдайда ғана ене алады:

— мемлекетаралық қабылданған келісімдерді міндетті түрде орындау;

— ЕАО-ға қатысушы елдердің қалыптасқан мемлекеттік-саяси институттарын өзара мойындау;

— шекаралардың аумақтық біртұтастығы мен мызғымастығын мойындау;

— мемлекетаралық қарым-қатынастарда экономикалық, саяси және басқа нысандағы қысым көрсетуден бас тарту;

— өздерінің арасындағы соғыс іс-қимылдарын тоқтату.

ЕАО-ның құрамына жаңа елдердің кіруі олардың ЕАО-ға кіру жөніндегі өзіндігі туралы сараптық қорытындылар жасалғаннан кейін, ЕАО-ның барлық мүшелерінің бірауыздан дауыс бергенінен кейін жүзеге асырылады. Сараптық қорытындыны ЕАО-ға мүше болуға ниетін білдірген мемлекеттердің тепе-тең негізде тұратын органы береді.

ЕАО мемлекеттері басқа да бірлескен бірлестіктерде, соның ішінде, ТМД-да да, қауымдастық немесе тұрақты мүшелік негізінде қатыса алады немесе бақылаушы мәртебесіне ие бола алады.

Әрбір қатысушы басқа мемлекеттерді кем дегенде шешім қабылданғанға дейін алты айдан қалдырмай алдын ала хабардар еткеннен кейін ЕАО-дан шыға алады.

Ұлттан тыс төмендегідей органдарды қалыптастыру ұсынылады:

ЕАО мемлекеттер басшыларының және үкімет басшыларының кеңесі — ЕАО саяси басшылығының жоғары органы болып табылады. Әрбір қатысушы мемлекет ЕАО-да орыс әліппесіне сәйкес алты ай бойы төрағалық етеді.

Жоғары консультациялық-кеңесші орган ЕАО-ның Парламенті болып табылады. Парламент әрбір

қатысушы елдің тең өкілділігі немесе тікелей сайлау негізінде қатысушы мемлекеттер парламенттерінің депутаттарын ұсыну жолымен құрылады. ЕАО парламентінің шешімі ЕАО мемлекеттері парламенттерінің мұны бекіткеннен кейін күшіне енеді. Бекіту жөніндегі мәселе бір айдың ішінде қаралуға тиіс.

ЕАО Парламенті қызметінің негізгі бағыттары біртұтас экономикалық кеңістікті дамытуды қамтамасыз ететін қатысушы елдердің заң шығару қызметін үйлестіру, адамның әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді шешу, мемлекеттік егемендікті және ЕАО мемлекеттеріндегі азаматтардың құқықтарын өзара құрметтеу болып табылады.

— ЕАО Парламенті арқылы қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара қарым-қатынастарын реттейтін ортақ құқықтық базаны;

— сыртқы саяси қызметті үйлестіру мақсатымен ЕАО сыртқы істер министрлерінің кеңесін;

— тұрақты жұмыс істейтін атқару-бақылаушы орган — ЕАО-ның мемлекетаралық атқару комитетін (атком) құрады.

Аткомның басшысы қатысушы елдер өкілдерінің ішінен ЕАО мемлекеттері басшыларының ұсынуымен белгілі мерзімге кезектесіп тағайындалады. Аткомның құрылымы барлық қатысушы елдер өкілдерінің ішінен құрылады.

ЕАО өзінің аткомы арқылы бірқатар ірі халықаралық ұйымдарда бақылау мәртебесіне ие бола алады.

ЕАО атқару комитетінің ақпарат бюросы. Шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа нұқсан келтіруі мүмкін осы елдер атына қаскөй пікірлердің орын алынуына жол бермеу туралы қатысушы елдердің арнайы міндеттемелерін немесе заңдарын қабылдау.

Білім беру, мәдениет, ғылым мәселелері бойынша кеңес. Келісілген білім беру саясатын, мәдени, ғылыми ынтымақтастық пен алмасу саясатын қалыптастыру, оқулықтар, құралдар жасау жөніндегі бірлескен қызмет.

ЕАО елдерінің қызметін неғұрлым терең үйлестіру және тиімді ету мақсатында осы елдерде ЕАО-ның істері жөніндегі мемлекеттік комитет (министрлік) құру.

ЕАО елдері министрлерінің деңгейінде денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және жұмыспен қамтамасыз ету, экология, мәдениет, қылмыспен күрес және т. б. мәселелер бойынша тұрақты кездесулер мен консультациялар өткізу.

ЕАО-ға қатысушы елдердің ұлттық заңдарына сәйкес ынтымақтастықтың түрлі салаларындағы үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ынталандыру. Тіл жөніндегі ұлттық заңдардың қызмет атқаруымен бірге ЕАО-ның ресми тілі орыс тілі болып табылады.

Азаматтық. ЕАО-ның шекарасында азаматтардың еркін барыс-келісі үшінші елдерге қатысты ішкі үйлестіруді, виза саясатын талап етеді. ЕАО аймағында тұру жөніндегі елді ауыстыру кезінде әрбір адам өзінің қалауынша басқа елдің азаматтығын бірден алады.

ЕАО-ның астанасы ретінде Еуропа мен Азияның түйіскен жеріндегі қалалардың бірін, мәселен, Қазан, Самара қалаларын ұсынуға болады.

II. Экономика

ЕАО ауқымында біртұтас экономикалық кеңістікті құру мақсатымен ұлттан тыс бірқатар үйлестіруші құрылымдарды құру ұсынылады:

— ЕАО мемлекеттері басшыларының кеңесі жанындағы экономика жөніндегі комиссия. Ол ЕАО ауқымында экономикалық реформалардың негізгі бағыт-

тарын ұлттық мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, талдап жасайды және оларды ЕАО мемлекеттері басшылары кеңесінің бекітуіне ұсынады;

— ЕАО-ның сыртқа шығарушы шикізат ресурстары жөніндегі елдерінің комиссиясы. Бұл сыртқа шығарылатын шикізат тауарлары мен энергия көздеріне деген бағалар мен квоталарды келісу және бекіту, тиісті мемлекетаралық келісімдерге қол қою мақсатында құрылады. Алтын және басқа да бағалы металдарды қазып алу, сату саласындағы саясатты үйлестіру;

— экономикалық және техникалық ынтымақтастық істері жөніндегі қор. Бұл ЕАО елдерінің үлестері есебінен құрылады. Қор ғылымды көп қажет ететін келешегі зор экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландырады, міндеттердің кең тобын, соның ішінде, құқықтық, салықтық, қаржылық, экология және т. б. мәселелерді шешуге көмек көрсетеді;

— мемлекетаралық қаржы — өнеркәсіптік топтар және бірлескен кәсіпорындар бойынша комиссия.

— ЕАО-ның халықаралық инвестициялық банкісі;

— ЕАО-ның экономикалық мәселелер жөніндегі мемлекетаралық арбитражы; ол даулы мәселелерді құқықтық жолмен шешеді және айыптық санкциялар салады;

— Есеп айырысу жөніндегі ақшалай бірлікті (аудармалы рубль) енгізу жөніндегі комиссия.

Ш. Ғылым, мәдениет, білім беру

Осының алдындағы ондаған жылдар ішінде қол жеткізілген әлеуетті сақтау және осы саладағы бірлесуді күшейту жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

— қазіргі заманғы білім саласындағы іргелі зерттеулер жөніндегі ЕАО-ның ортақ зерттеу орталықтарын құру;

— түрлі елдердің ғылыми ұжымдарын біріктіретін ЕАО-ның ғылыми-зерттеулерді дамыту жөніндегі қорын құру;

— ЕАО үкімет басшыларының кеңесі жанындағы мәдениет, ғылым, білім беру саласындағы байланыстар мәселелері жөніндегі комитетті құру;

— мәдени-білім беру және ғылыми саладағы үкіметтік емес қауымдастықтар мен бірлестіктерді құруға жәрдемдесу;

— ЕАО аткомы жанындағы стипендиялық қорды тағайындау.

IV. Қорғаныс

ЕАО ауқымында төмендегідей келісімдерді жазау ұсынылады:

— ЕАО-ға мүше елдердің ұлттық қарулы күштерін нығайту және ЕАО-ның сыртқы шекараларын қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдары туралы шарт.

ЕАО қорғаныс қызметін үйлестіру мақсатымен біртұтас қорғаныс кеңістігін құруды көздейді:

— ЕАО-ның ұжымдық бітімгер күштерін оған қатысушы елдер мен олардың арасындағы тұрақтылықты қолдау және жанжалдарды тыюға тарту. ЕАО-ға қатысушы мемлекеттердің келісімімен халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес ЕАО ауқымында жанжалды аймақтарға бітімгер күштерді жіберу;

— ЕАО-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға, соның ішінде, БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесіне, бітімгершіл күштердің бірлескен контингенті мәртебесін беру туралы ұжымдық өтінішті енгізу;

— халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен ядролық қарусыздану проблемалары жөніндегі мемлекетаралық орталықты құру.

ЕАО-ның барлық мемлекеттері, Ресейден басқа, ядролық қарусыз мәртебесін сақтайды.

V. Экология

Таяудағы уақыттың ішінде төмендегі тұтқаларды құру қажет:

— ЕАО ауқымында экологиялық бағдарламаларды және қатысушы мемлекеттердің барлығы қаржыландыратын экологиялық бағдарламаны жүзеге асыратын ЕАО мемлекеттері басшылары кеңесінің жанындағы экология жөніндегі қор;

— экологиялық ластану деңгейін төмендету жөніндегі халықаралық ұйымдар мен іс-қимылдарды үйлестіру;

— қоршаған ортаны қалпына келтірудің ірі проблемалары және экологиялық апаттардың салдарын жою жөніндегі (Арал, Чернобыль, Семей ядролық полигоны) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын қабылдау;

— ЕАО-ның ядролық қалдықтарды көму жөніндегі мемлекетаралық шартты қабылдау.

* * *

Тарих бізге ХХІ ғасырға өркениетті жолмен еруге мүмкіндік беріп отыр. Кеңестік заманнан кейінгі дамудың қисынын және бұрынғы КСРО халықтарының бірігуге деген ниетін білдіретін Еуразиялық қоғамды құру жөніндегі бастаманың біріктіруші әлеуетін жүзеге асыру, біздің ойымызша, осындай мүмкіндіктің бірі болмақ.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ

1994 жылғы 3 маусым

**ОРТАҒ ЫЙІМІЗДЕ ТАТУЛЫҒ
ПЕН КЕЛІСІМ БОЛСЫН**

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҒ
БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДАСЫ БАЯНДАМА**

1995 жылғы 24 наурыз

Ассамблеяның құрметті делегаттары!

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынтықыласының арқасында тарихтың тұңғығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі, сайып келгенде, Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының басқа да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артуларға жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып болашақты көре білген жөн. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп

отыр — балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекетімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті түр. Біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезінуіміз керек.

Ал мұның өзі өткенді есте сақтай отырып, болашаққа көз жүгіртуді, басқа халықтармен тату және жарасымды өмір сүруді, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын құрметтеуді білдіреді. Қазақтар «Береке басы бірлікте» деп тегін айтпаса керек.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының делегаттарына 120 ұлттың мүдделерін білдіру, әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр.

Ассамблеяны құру бастамасы біздің қоғамымыздың қойнауынан туындап отыр. Соған сәйкес республикада үлкен дайындық жұмысы жүргізілді. Облыстарда кіші ассамблеялар құрылды, оған ең лайықты адамдар сайланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясы өткен жолға және болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге талдау жасау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу үшін шақырылды. Бұл үшін республиканың барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін сіздермен кең сұхбат жасап, кеңесу қажет. Қоғамдық тұрақтылықты қалай сақтап, нығайту, келесі Парламент сайлауына дейінгі кезеңде істі қалай жүргізу, қоғамды реформалауды қалай тездету керек екені жөніндегі сұрақтарға жауап беру біздің алдымызда тұр. Халық бұл туралы күмәнды көздерден емес, мемлекеттік саясатты таңдап жасаумен және жүзеге асырумен тікелей айналысатын ең білікті көздерден, бүгінгі таңда

сіздермен бірге жұмыс істеп отырған өкіметтен білуге тиіс.

Біз қазірдің өзінде жолдың екі қиын кезеңінен өтіп, дағдарысты жағдайды өзгертудің алдында, өрлеудің карсаңында тұрмыз деп айта аламыз. Алайда өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың бір-бірімен өзара байланысты және бір-бірінен туындап жататыны соншалықты, өзіміздің тарихи тәжірибемізді және басқа мемлекеттердің тәжірибесін ой елегінен өткізбейінше нақты оң өзгерістерге қол жеткізу өте қиын.

Қазіргі әлемнің этникалық проблемалары

Адамзат өркениеті — халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренаға келуінің, гүлденуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы. Көбіне бұл процесс ғаламдық сипатқа ие болады. Тек ХХ ғасырдың өзінде ғана кем дегенде осындай маңызды оқиғалар үш рет болып өтті: ең алдымен Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Мұнда бірқатар империялардың күйреуінің нәтижесінде егемен мемлекеттер — Австрия, Чехословакия, Югославия, Венгрия, Польша, Финляндия және басқалары құрылды. Жаңа мемлекеттердің пайда болуының екінші толқыны ұлт-азаттық қозғалыспен және колониализмге қарсы күреспен байланысты. Сол кезеңде, 50–60-жылдардың шегінде кейбір бұрынғы колониялар сол кездегі шекараларды қайта қарауды талап етіп, күштеу тәсілдерін қолдануға әзір екені туралы ашық жариялады. Сөйтіп, Сомали мен Эфиопияның, Гана мен Тоганың, Үндістан мен Пәкстанның, Марокко мен Алжирдің және басқалардың арасында аумақтық таластар пайда болды. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін және 90-жылдарға дейінгі

кезеңде елуден астам аумақтық жанжалдар болып өтті, сөйтіп 15 миллион адам соның құрбанына айналды.

Көптеген елдерге тән этникалық сан алуандылық жағдайында этникалық шептерге сәйкес мемлекеттік шекараларды белгілеу жөніндегі әрекеттер жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін уақыт пен қасіретті тәжірибе түсінуге мәжбүр етті.

Тәуелсіз мемлекеттердің шекаралары мен аумақтық біртұтастығының мызғымастығы жөніндегі тұжырым біртіндеп белең ала бастады. Мұның өзі аумақтық статус-квоны, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан сақтау қан төгісті жанжалдардан гөрі жақсы екендігінен туындап отыр. Осы тәсілдің орнығуына байланысты мемлекеттер өз дамуының көкейкесті проблемаларын шешуге кірісу үшін мүмкіндік алып, алғашқы табыстарға қол жеткізді. Өткен кезеңде өздерінің өзара талаптарын жене алмаған басқа елдер осындай жанжалдарда күшқуатын кемітіп, ұлттық ресурстарын азайтуда және сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтағы өз мүмкіндіктерінің аясын тарылтып отыр. Міне, сондықтан, **егемендіктің сабақтастығы принципіне, яғни шекараларды сол күйінде қабылдау және оларды күштеп қайта бөлуден бас тарту принципіне ешқашан балама жоқ.**

Қазір әлем социалистік системаның күйреуімен байланысты үшінші кезеңді бастан кешіріп отыр. Кеңес Одағының тарауы халықаралық тұрақтылықты сақтау туралы мәселені алға қойды. Осыған байланысты дүниежүзілік геосаясатта тепе-теңсіздік пайда болып, ол ТМД-да ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақсыздықтың өсуіне әкеп соқты.

Әр елдің өз болашағын таңдауға деген құқығы даусыз. Алайда осы құқықты жүзеге асыру басқа

этностардың құқықтары мен мүдделерін бұзбауға тиіс. Югославиядағы оқиғалар және кеңестік кезеңнен кейінгі кеңестіктің кейбір аймақтарындағы қасіретті жанжалдар орасан зор күші бар дүмпулерге әкеліп соғатын, бірліктен айыратын, күйретуші тенденциялардың бар екенін айқын көрсетіп отыр. Мұның ең шетін көрінісі этникалық және аумақтық негіздегі үлкен және шағын соғыстардан байқалуда. Мұның өзі Әзірбайжан мен Арменияда, Босния мен Тәжікстанда, Грузия мен Молдовияда орын алып отыр.

Ұлтаралық шиеленіс пен түрлі дәрежедегі қақтығыстар адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін тән құбылыс. Сондықтан социалистік дүниеден кейінгі қазіргі жанжалдардың өршуі де сөзсіз еді. Мұның өзі көптеген халықтардың өздерін бір-бірінен шеттетудің кезеңінен өтуіне байланысты. **Мен осы қақтығыстардың бұл кезеңі де біраз уақыттан кейін тұрақтылықтың жаңа саласына әкелетініне — бір-бірінен іргесін аулақ салған елдер мен халықтар бөлінудің пайдасыз екенін түсініп, бірігу жолына оралатынына сенемін.**

Өкінішке қарай, халықаралық қоғамдастық бүгінгі таңда шағын бөлектенуді жеңе алмай отыр. Ол бір сәтте өршіген проблемалардың тасқынын тоқтата алар емес. Бұл проблемалар кейде соғыстарға ұласуда. Барлық «ыстық» нүктелерде, қазір сөнген, сондай-ақ соғыс өрті өршіп жатқан нүктелерде нақ осылай болды. Қарабақтың, Тәжікстанның, Днестр өңірінің, Осетияның, Абхазияның және ақыр соңында Чеченстанның қасіреті бұларды мекендеген халықтардың ғана емес, сонымен бірге біздің де ортақ қасіретіміз. Таудағы Қарабақта босқындар мен еріксіз көшкен адамдардың саны бүкіл Әзірбайжан халқының кем дегенде 10 пайызына жетіп отыр. Соғысқа дейін 5,6 миллион халқы бар Тәжікстан

соғыс қимылдары кезінде 300 мыңнан астам адамынан айырылды. Мұнда да босқындар мен көшіп кеткен адамдардың жалпы саны кейбір бағалауларға қарағанда бір жарым миллионнан астам адамға жеткен. Олардың жартысы елден еріксіз кеткендер. Абхазиядағы жанжалдың нәтижесінде бірнеше мың адам қаза тауып, 150 мыңға таяуы босқындарға айналды. Биылғы қаңтардағы деректер бойынша Чешенстаннан қашып шыққан адамның саны 130 мың адамнан асып отыр. Ал құрбандардың санын айқындау әзірге қиын.

Бүлдіргіш тенденциялар бұдан бұрын ешқашанда ұлтаралық жанжалдарға байланысты болмаса керек. Африкада апатты ұлтаралық соғыстар болып өтті.

Жүздеген мың адам қаза тапқан Руандадағы қақтығыстарды айтсақ та жеткілікті. Демократиясы тұрақтанған жоғары дамыған елдер үшін де белгілі бір шиеленістер тән, мұнда да шетін жағдайлар жетіп жатыр. Бұл Бельгиядағы Фламанд мәселесі, Ұлыбританиядағы Ольстер, Франциядағы Корсика, Испаниядағы Баск, Канададағы Квебек проблемалары және тағы да басқалары.

Осының бәрі ұлт мәселесін шешуде әмбебап тәсілдердің жоқ екенін көрсетеді. Соңғы жылдардағы жанжалдар мен ұлтаралық соғыстардың ащы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Өкінішке қарай, біз нәзік те тұрақсыз әлемде өмір сүріп отырмыз. **Осы айқын шындықты басшылыққа ала отырып, өз елімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда да жол бермеуге тиістіміз. Әйтпесе сырттан көрсетілетін қандай да көмектің еш қайраны болмайды. Сондықтан осылай қайшылықтарды жоюдың тұтқаларын өзіміз талдап жасауымыз қажет.**

Д. И. Менделеев өз кезінде жердегі зұлымдыққа жауап беретін космостың, «әлемдік эфирдің» бар

екені туралы айтқан болатын. Ұлы ғалымның айтқаны дұрыс. Өйткені, кінәсыз адамдардың қаны төгіліп жатқан мемлекеттерде ең ауыр табиғат апаттары болып жатады.

Қазақстан тарихының тағылымдары

Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеу және ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Егер бүгінгі таңда кеңестік заман біржолата өткенге айналып, біз оны жеткілікті дәрежеде жақсы білеміз деп ойласақ — қателесер едік.

Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек. Міне, осыдан барып тұжырымдаудағы ұшқарылықтар — «Ақтаңдақтарға» тек қана қара бояу жағудан бастап, таяудағы өткенді мінсіз етіп көрсетуге дейін орын алды. Осының екеуі де жаңарып жатқан қоғам үшін бірдей қауіпті, өйткені адамдардың наразылығын туғызғаннан басқа ештеңе де бермей, олардың жауапты шешімдер қабылдауына бөгет жасап, неше түрлі саяси жалдаптықтың негізіне айналады. Оның үстіне демократиялық институттарды енгізудің өзі жағдайды өздігінен түзеп, ұлтаралық қатынастардың проблемаларын шешеді деп есептеу қате болар еді.

Бұрынғы системаның басты тарихи кемшілігі неде? Меніңше, оның себебі тоталитарлық мемлекеттің аясына, оның үстіне пролетарлық интернационализм туы астында бүтіндей халықтардың күшпен көшірілуінде жатыр. Ал іс жүзінде бұл ұлттық сана-сезімнің серпінін ширықтыруға әкеп соқты. Қоғам капиталистік немесе социалистік даму жолын тандап алса да, қорғау институттарын нығайту және ұлттық сана-сезімді дамытпайынша

мемлекеттік құрылыстың сөзсіз жеңілетінін тарих көрсетіп отыр.

Бүкіл кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылғанын және тікелей геноцид фактілерінің орын алғанын көрсетеді. Бұл миллиондаған азаматтар қаза тапқан 20–30-жылдардың аштығы. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, орыс және басқа халықтар миллиондаған адал еңбеккерлерінен, білімді де кәсіби адамдарынан айырылды. Көптеген ұлттардың гендік қорына нұқсан келтірілді. Бұл мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең таңдаулы өкілдерін жаппай қуғынға салу мен ату болды. Бұл халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою болды.

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және «ғасырлар жобаларын» жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл аумағын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Мұның біз үшін Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды. Мұндай саясат кәдімгі қарсылықты туғызды. Ол кей жағдайда қоғамдық игілікті, ұлттық құндылықтарды қорғау жөніндегі ашық әрекеттерге де ұласты. Бұлардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық теңдікке жету болатын.

80-жылдардың соңында елеулі дәрежеде шиеленіскен ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар халықтардың сана-сезімін ұзақ жылдар бойы қанаудың нәтижесінен туған болатын. Нақ осы сала қоғамдағы толғағы жеткен проблемалардың бүкіл тереңдігін көрсеткен неғұрлым сезімтал барометр болып шықты. Мұның өзі бірқатар республикалардың тоталитарлық системаға ашық қарсы тұруына

жағдай туғызды. Осы кезеңде халықтардың ұлттық-мемлекеттік теңсіздігі аса үлкен мемлекеттік саяси бөлінуінің басты негізіне айналды. Ол халықтардың нақты мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге деген етене ұмтылысына төтеп бере алмады.

Біз болған оқиғалардан тағылым алуымыз керек. **Ұлттық саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстан халқының ұлттық құрамын және жеңіл де оңай өте қоймаған оны құрудың процесін ескеруіміз керек.** Сарапшылардың бағалауы бойынша, шаруалық отарлау барысында революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан 1 миллион 150 мың адам келген. Ұжымдастыру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың тәркіленген шаруалар жер аударылды. Соғыс алдындағы жылдарда өнеркәсіп құрылысы үшін елдің барлық түкпірлерінен, әсіресе еуропалық бөлігінен 1 миллион 200 мың адам көшірілді.

Қазақстанға әр жылдарда 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілдері зорлықпен көшірілді. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтардың өкілдері Қазақстанға өз еркімен келген жоқ.

Халықтарды күштеп көшірудің салдарынан республика халқы 1 миллион 500 мың адамға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам көшірілді. Тынға 1,5 миллион адам келді, ал жабық әскери объектілер мұның үстіне 150 мың адамды қабылдады. Осының бәрі басқа ведомстволардың жұмыс күшін «ұйымдастырып жинауын» және біздің республикаға өз бетімен көшіп келгендерді есептемегеннің өзінде-ақ орын алды.

Соның нәтижесінде ғасырдың басынан бері ғана Қазақстанға 5 миллион 600 мың адам көшіріліп

қоныстандырылды, соның ішінде жер аударылғандар мен көшірілгендерді есептемегенде, 3,5 миллион адам соңғы 40-50 жылдың ішінде келді.

Екінші жағынан алғанда, сталиндік қылмысты ұжымдастырудың қасіреті салдарынан бір жарым миллионға таяу қазақтар қаза тапты. 1930–32 жылдары 1,3 миллион қазақ КСРО-дан шет елдерге оралмастан көшіп кетті. Қазақстан халықтары үшін жаппай жазалау саясатының қасіретті сипатын көрсететін екі деректі келтірейін. 1930 жылы республикада 5 миллион 873 мың адам тұратын. Сонша адам осында көшірілді. Ал 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адамға кеміп кетті.

Құрметті делегаттар!

XX ғасыр қазақтарды өзінің Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалардың ғасырына айналғаны үшін қазақтардың еш кінәсы жоқ. Сондықтан бүгінгі таңда осы халықтың мемлекеттікке деген құқына күмән келтірушілер оның қасіретінің тереңдігін білмейді немесе білгісі келмейді. Қазақ ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттікке лайық екеніне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен көз жеткізіп отыр.

Біздің республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлы емес. Сондықтан қазіргі көшіп-қонудың себебі экономикалық проблемаларда ғана емес, сонымен бірге күштеп көшірілген орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің және басқа халықтардың ұрпақтарының тарихи отанына оралуды қалайтынында, ұлттық мемлекеттік құрылысына қатысуға деген ынтасында жатыр.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар (оның үстіне мұның негізінде көптеген халықтардың қасіреті жатыр) Қазақстан бірін-бірі қырып жатқан ТМД елдеріндегі біздің жақын көршілеріміздің қайғылы жағдайына жол берген жоқ. Сондықтан мен

мемлекетте бейбітшілік пен ұлтаралық тұрақтылықты одан әрі де сақтай алатынымызға сенімдімін.

Бұл сенім неге негізделіп отыр?

Ұлттық мәселені шешуде үш тәсіл бар деп есептеймін. Біріншісі — кейбір елдер ұлты басқа халықты «күштеп көшіру» саясатын жүргізуінде. Бұл көшіп келген халықты туысқаншылықпен қарсы алған қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Мен бір халықтың екінші халыққа қоятын кез келген талаптары еш мағынасыз және өзінің салдары бойынша қауіпті деп ойлаймын. Тайталасу жолы орасан зор сілкініске және сан мыңдаған адам құрбанына әкеліп соғады. Екіншісі — ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сөйтіп бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп сену. Бұл жайлы жол емес. **Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл — түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқашан міндеттерді шеше алмаймыз.**

Біздің басты бағытымыз мәмілеге келу және біріктіретін бастауларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделуге тиіс. Біздің қоғамды біріктіретін тұтқалардың бірі Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болуға тиіс.

Мен, еліміздің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Ол аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мені де, сіздер сияқты кейбір жауапсыз саясатшысымақтардың экономикалық қиындықтарды пайдалана отырып, қоғамды бөлуге тіпті ашықтан-ашық шақыратыны қынжылтады. Кейбіреулері тіпті тұрақтылық пен келісім Назарбаевтың өзіне ғана керек деп көшіреді. Иә, мен

біздің жеріміздегі татулық пен тыныштықты жақтаймын. Және ең алдымен, мұны миллиондаған қазақстандық отбасыларына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, ал балалардың мүгедек болмауын, қарт адамдардың өзінің күйреген үйінің алдында жыламағанын қалаймын. Осы жасымда талайды көрген адам ретінде билікке ұмтылған саяси сұрқиялардың жауапсыз мәлімдемелерінен қан төгіліп, былық басталатынын айтқанымда маған сеніңіздер. Ал оларды адамның көз жасы да, не құрбандықтар да тоқтата алмайды. Жұртшылықтың оларға үзілді-кесілді баға беретін кезі жетті. Мен Ассамблея мүшелеріне, республикамыздың барлық парасатты азаматтарына ақыр соңында қоғамды ұлт-аралық жанжалдарға саналы түрде итеріп жүрген адамдар туралы пікірлерін ашық айтуға шақырамын. Қолына қару алып, туысқанның туысқанға, көршінің көршісіне қарсы қол көтеретіні үшін халықтар емес, қайта нақ осындай «қайраткерлер» кінәлы.

Біз әрқашанда сақ болып, алуан түрлі саяси жымысқы әрекеттер ұлтаралық қана емес, сонымен қатар ішкі ұлттық жанжалдарды туғызатын нақты қауіптің бар екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек. Өйткені қазіргі қасіреттердің көп жағдайда ұлттардың өз ішіндегі бөлінуіне тікелей байланысты екенін көріп отырмыз.

Бұл халықтың бір ұлттық құрамының өзі барлық қырсықтан құтқармайтынын көрсетеді. Түрлі кландардың, аймақтық топтардың арасындағы күрес кейбір ұлттардың өзін-өзі қырып жатқан соғыстарға әкеліп соғып отыр. Байқаушылардың көзқарасы бойынша, бұл қазір Ауғанстанда, Тәжікстанда және басқа кейбір елдерде болып жатыр. Белгілі бір белгілері бойынша біздің халқымызды бөлгісі келетіндерге бүкіл халық сайлаған Президент ретінде

мұндай әрекеттерге батыл да сенімді түрде тойтарыс беретінімді мәлімдеуге тиіспін.

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықты, шенеуніктік мейірімсіздікті, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл жеке-жеке оқиғалар болып көрінуі мүмкін, бірақ ол ауыр зардаптарға әкеліп соғуы ықтимал.

Біз өзіміздің күнделікті жұмысымызда сүйенуге тиісті тарихтың оң тағылымдарының даусыз басымдығын атап көрсеткім келеді. Мен бұдан бұрын өткенді беталды қаралаудың келешегі жоқ екенін айтқан болатынмын. Тоталитарлық режимнің біздің халықтарымызға түзетуге келмейтін зиян келтіргеніне қарамастан, тіпті сол жылдардың өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін-бірі байыту процесі жүріп жатты. Біз халықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, космосқа шыққанымызды әрқашан есте ұстауымыз керек. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген көрнекті өкілдері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Прибалтикада білім алды.

Мен сондай-ақ сталиндік жаппай күштеп көшіру жылдарында қазақ халқы қуғынға түскен орыстарға, украиндықтарға, немістерге, корейлерге, чешендерге және басқа да көптеген халықтардың өкілдеріне қолдан келген көмегін аямағанын ұмытпайды деп сенемін.

50 жылдығын біз биыл атап өткелі отырған фашизмді тас-талқан еткен Жеңіс халықтардың жанқиярлығы мен адамдар ерлігінің аса жарқын көрінісі болды. Олар өзінің бостандыққа және адами қадірқасиетіне деген құқығын және елімізді қорғап қалды. ТМД мемлекеттері басшыларының соңғы

кеңесінде осы даңқты датаны бірлесіп мерекелеу туралы, соның ішінде, соғыс ардагерлерін — Достастық азаматтарын Жуков орденімен және медалімен наградтау туралы шешім қабылданды. Мен ардагерлерге үкімет тарапынан өткен шайқастардың орындарына, полктастарымен кездесуге тегін барып-қайтуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгіздім. Сондай-ақ ТМД-ға қатысушы елдердің ардагерлер ұйымдары өкілдерінің тобын 1995 жылғы мамырдың 9-ында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан біздің адамдарымызға құрмет көрсету үшін Германия Федеративтік Республикасына жіберу ұсынылды. Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл идеяны қолдады. Ортақ жеңісті бөлмей, ардагерлерге толығымен құрмет керсетуді дұрыс әрі әділетті деп есептеймін.

* * *

Құрметті делегаттар!

Ішкі мәселелермен, соның ішінде, ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты тығыз байланысты. Басқа мәселелермен қатар менің Еуроазия одағын құру жөніндегі идеям ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық проблемалар мен қайшылықтарды өркениетті жолмен шешуді көздейді. Өрескелдікке жол бермеу керек. Және меніңше, саясаткердің ең жоғары парызы өз еркінен тыс кенеттен түрлі елдерге шашырап кеткен миллиондаған адамдардың тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін түсінуде деп ойлаймын.

Егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этникалық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі — Еуроазиялық кеңістікте бейбіт дамудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы.

Еуроазиялық одақ жобасының арқасында ТМД-да бірігу процесі жандана түсті. Өткен жылдың аяғында Ресей мен Қазақстан арасында ізгі ниетті көршілік қатынастарды нығайту жөнінде бірқатар

маңызды шешімдер қабылданғанын өздеріңіз білесіздер. Азаматтық, әскери ынтымақтастық, біртұтас кеден кеңістігін құру және басқа да көптеген көкейкесті проблемаларды шешудің жолдары белгіленді. Екі елде тұрақты тұратын біздің азаматтарымыздың құқықтық мәртебесі туралы, азаматтықты қабылдауды жеңілдету туралы келісімдер халықаралық қоғамдастықтың принциптеріне сай келетін маңызды қадам болып табылады және қарапайым адамдардың алдында тұрған проблемаларды өркениетті жолмен шешеді. Енді қазір әрбір ресейлік немесе қазақстандық жаңа жерге көшіп келгенде өз қалауы бойынша күрделі заңдық бұлталақсыз осы мемлекеттің азаматы бола алады.

Аймақ бойынша өзіміздің ең жақын көршілеріміз — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен бірігуді дамытудың республикамыз үшін зор маңызы бар. Біз олармен біртұтас экономикалық кеңістік құрып жатырмыз. Оның үстіне Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарын жою жөнінде бірлесіп жұмыс істеуде.

Алматыда ТМД мемлекеттері басшыларының ақпандағы кездесуі барысында міндеттердің бүтіндей кешені шешілді. Біздің республика ұсынған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау туралы меморандумның» қабылдануын ерекше атап өткім келеді. Біз Достастық ішіндегі орын алып отырған проблемалардан, әсіресе қан төгіспен, адамдардың қаза табуымен, шаруашылықтың күйреуімен, бейбіт халықтың қасіретімен байланысты проблемалардан бойды аулаққа салмауға тиіспіз деп есептейміз. Меморандум қазіргі жанжалдар мен ықтимал жанжалдардың алдын алуға бағытталған. Осы құжаттың қабылдануы ТМД-ға қатысушы елдердің аумақтық біртұтастықты және шекаралардың бұлжымастығын, қазіргі қоғамдық-саяси

құрылымды құрметтеуге, сепаратизмнің, ұлтшылдықтың, шовинизм мен фашизмнің кез келген көріністерінің жолын кесу жөніндегі шаралар қабылдауға деген ұмтылысын тағы да бір дәлелдеп отыр.

Біз бірігуге батыл барып отырмыз. Біздің мемлекетіміздің бұлжымастығына қатер төнеді деп қорқатындар үшін Қазақстан бүгінгі таңда кез келген экспансияға, тіпті ол әскери араласу, саяси немесе экономикалық қысым жасау, сепаратизм немесе ұлтшыл-шовинизм болсын қарсы тұруға қабілетті екенін тағы да еске салғым келеді. АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Қытайдан қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз маңызды фактор болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі тарихи фактіге айналып, халықаралық саяси, экономикалық және дипломатиялық құқық актілермен сенімді қорғалған. Біз өз тәуелсіздігімізді, аумақтық біртұтастығымызды құрметтеп, оны қорғай аламыз.

Қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Құрметті делегаттар!

Қазақстан мемлекеттік егемендігін жариялап, тәуелсіздік алғаннан кейін өткен уақыттың ішінде талай өзгерістер болып өтті. Ол реформаны ілгерілетуге, экономикалық дағдарысты жоюдың шебіне шығуға, дүниежүзілік қоғамдастықтың тануына қол жеткізуге мүмкіндік берген көптеген нақты істерге және оқиғаларға толы болды. Әрине кейбір олқылықтардың да орын алғаны рас.

Бірақ ең бастысы, біз стратегияда қате жіберген жоқпыз. Әуел бастан-ақ ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын белгілей отырып, біз тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді

нығайтуды ерекше бөліп алдық. Бұл идеология сала-сындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың принциптерін тұжырымдаған «қоғамның идеялық бірлігі — Қазақстан прогресінің шарты» концепциясында бекітілген.

Сол кезде менің баяндамада осы концепция бойынша қоғамның белсенді саяси, біріктіруші күші болуға қабілетті Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру идеясы ұсынылған болатын. Бүгін міне ассамблея құрылды, сөйтіп ол барлық мәселелерді шешуге, біздің ұлттық саясатымызды одан әрі жетілдіруге, соның ішінде, мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде де барынша белсенді қатысуға тиіс. Осыған байланысты Ассамблеяға Президенттің жанындағы, ал облыстық бөлімшелерінде әкімдердің жанындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді. Сіздердің алдарыңызда орасан зор жұмыс тұр, бірақ сол үшін бүкіл жауапкершіліктің тереңдігін де сезіне білу керек.

Осыдан бастап қоғамдық проблемалардың барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық саясатта мемлекеттік актілер ассамблеяның пікірлерін ескере отырып және оның тікелей қатысуымен қабыдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық халықтардың мүдделерін ескере отырып сараптан өткізілуі керек. Бұл орайда біздің республикамыздағы бай тәжірибеге сүйену қажет. Бұл тұста осы құрылымның ұйтқысына айналған ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңестері ерекше рөл атқаруға тиіс. Менің тарапымнан әкімдерге жергілікті жерлерде сіздердің қызметтеріңіздің проблемаларына жіті зер салу және осы қызметке тікелей қатысу жөнінде нақты тапсырма берілді.

Біздің жұмысымызды жетілдіруге жағдай туғызатын шаралардың арасында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл жөніндегі

комитетті ұлт және тіл саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетке айналдырған жөн болар деп есептеймін.

Ұлтаралық қатынас саласындағы кейбір нақты проблемалар және оларды шешуге сіздердің қатысуларыңыз туралы әңгіме қозғамастан бұрын, меніңше, маңызды екі жағдайды атап өтсем деп едім.

Біріншіген, көбіне екі ұлттың — қазақтар мен орыстардың, өзара қарым-қатынасы туралы айтып та, жазып та жатады. Бірақ осы орайда 20 пайызға таяу қалған қазақстандықтардың мүдделері ұмыт қалады. Ал олардың да осы жағдайда өз мүдделеріне қысым жасалды деп сезінуге барлық негіздері бар емес пе?

Қазақстанның, осы сөздің толық мағынасында, көпұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етіліп қана қойылатын тұжырым емес, шындықтың өзі. Міне, сондықтан Қазақстанда тұрып жатқан — «кіші» немесе олар «үлкен» болсын — барлық халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау біз үшін өте маңызды міндет. Олардың әрқайсысының өз түп-тамырлары, біз бағалауға тиісті өткеннің бай тарихы, ұлы бабалары бар.

Біз ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне арналған салтанаттар қазақ жерінде ғана емес, сонымен бірге ЮНЕСКО-ның аясында бүкіл дүние жүзінде өтетінін зор шабытпен қабылдадық. Сонымен бірге біз пірәдарлар Кирилл мен Мефодидің еңбегінен туған славян жазуының 1100 жылдығын да атап өтеміз.

Осыған орай әрбір ұлттың дүниежүзілік өркениеттің қазынасына өзінің үлесін, оның рухани әлеуеті үшін ұлы үлесін қосқанын және мұны халықтың санымен ғана бағалауға болмайтынын атап өтпекпін. Біз алдағы уақытта да осы әлеуетті сақтау және көбейту жөніндегі республика халықтарының ұмтылысын қолдайтын боламыз.

Екіншіден, Қазақстанның тек көпұлтты ғана емес, сонымен бірге **көп дінді мемлекет** екенінің де елеулі маңызы бар. Мұсылмандармен қатар, ал еліміздегі халықтардың 60 пайызы өздерін соған қосады, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддалықтар, католиктер, дүниежүзілік басқа да діндердің өкілдері өмір сүреді.

Бұл қоғамдық-саяси тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені барлық діндердің негізінде шын мәнінде бірдей имандылық принциптері, адамдарға деген сүйіспеншіліктері, жаман қылықтарды айыптап, жолдан тайғандарға кешірім жасау, басқа да ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатыр. Басқаша айтқанда, ұстанған дініне қарамастан республикадағы барлық дінге сенушілер бірдей тең, иманды және бейбітшілік сүйгіш жандар.

Жауыққан атеизмнің өктем билігі кезінде барлық діндер бірдей жағдайда мемлекеттің қатаң қысымында болып келді. Сондықтан өз дінінің қағидаларына көз жеткізе, өз уағыздарын басшылыққа ала отырып, адамдар басқа діндердің құқықтарының кемсітілуіне және қудалануына соншалықты ішкі түсіністікпен қарап келді. Міне, өзіне жақын адамды қолдау, оның қиындықтарды жеңе білуіне көмектесу жөніндегі ұмтылыс осыдан туындап отыр.

Қазақстан басшылығының конфессиялардың жоғары басшыларымен ізгі, өзара құрметке толы қатынасы қалыптасты. Олардың ешқайсысына да артықшылық берместен, біз барлық дінге сенушілердің қажеттері мен талаптарына жауап беруге тырысамыз. Осындай жақсы қарым-қатынас аймақтық деңгейге де орнатылса жақсы болар еді.

Осының бәрін өз жұмысымызда ескеруіміз керек. Бұл жағдайларды Қазақстан халықтарының Ассамблеясы да ескеріп, қазіргі кезеңде аса маңызды міндеттерді шешуге барынша пәрменді қатысуға тиіс.

Мәдени-ағарту қоғамдар, ұлттық-мәдени орталықтардың білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен кеңінен ынтымақтастық орнатуы қажет. Мұның өзі көптеген мақсаттарға жетуге:

Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға; ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге;

бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға;

ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайтуға көмектеседі.

Егер бұдан гөрі егжей-тегжейлі айтатын болсақ, онда таяудағы уақыттың ішінде **тілдерді дамытудың бағдарламасын қабылдамақпыз. Бұл бағдарлама оқитындардың қабілеті мен ықтимал мүмкіндіктерін толық ескеруге, ойдан туған емес қайта нақты мақсаттарды алға қоюға, қомақты материалдық-техникалық базаға сүйенуге тиіс. Бұл орайда азаматтардың екі немесе бұдан көп тілді білуін мемлекет барынша ынталандыратын болады.**

Сондай-ақ **білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасын** әзірлеу қажет. Бұл салалар аса шетін бюджеттік тапшылық жағдайына тап болып, өздерінің өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр болып отыр. Өйткені, бұл экономика салалары емес, қайта азаматтардың тұрмысын қамтамасыз ету саласы болып табылады. Ал ол қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін реттейтін қазіргі заңдарға өмірдің өзі талап етіп отырған өзгерістерді енгізетін кез жеткен сияқты.

Ұлттық мәдениет саясатының нысандарын елеулі түрде жаңарту жұмысы алда тұр. Сіздердің өз ұлттық мәдениеттеріңізді, дәстүрлеріңіз бен салттарыңызды насихаттай отырып, жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз біріктіруші бастау қызметін атқаратыны

сөзсіз. Алайда қазір тек қана эстетикалық тәрбие берумен, мәдени-бұқаралық шаралармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Мәдениетті дамыту проблемаларымен кешенді түрде айналысу керек деп ойлаймын, бұл орайда ұлттық білім беруді, ұлттық бұқаралық, ақпарат құралдарын да, ұлттың жалпы интеллектілік әлеуетін де түсіну керек.

Егер Ассамблея өздері үшін және өздерінің облыстық бөлімшелері үшін жоғары оқу орындарына түсу үшін квотаны қайта қарау керек деп ойлайтын болса, Министрлер Кабинетіне және облыс әкімдеріне тиісті тапсырмалар берілетін болады.

Бізде Қазақстанда газеттер сегіз тілде шығатын, телерадио хабарлары жеті тілде жүргізілетін, Қазақстан халықтарының бірнеше тілдерінде мектептер істейтін, оларға арналған педагогикалық кадрлар Қазақстанның жоғары оқу орындары мен шетелдерде дайындалатын болса да, соған қарамастан бұл жұмысқа жаңа сапа беруіміз керек. Кезі келгенде Ассамблея жанынан біздің еліміздің барлық халықтарының өмірін көрсететін жалпы республикалық газет ашу жөн болар деп есептеймін. Республикалық теледидар Ассамблеямен бірлесе отырып, Қазақстан халықтарының тілдерінде хабар таратуды жақсарту жөнінде шараларды ойластыруы тиіс.

Айтқандайын, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ. Мысалы, біздің «Українські новини» — Украинадан шет жердегі украиндық емес, үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Сондай-ақ біздің байырғы басылымымыз «Коре ильбо» туралы да осыны айтуға болады. Алматыдағы корей театры — корейлердің тарихи отанынан тыс қары жерлерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Біз Ассамблеядан, ұлттық-мәдени орталықтардан, ардагерлер кеңестерінен тарап жататын кез келген ізгі бастаманың мемлекеттік деңгейінде қолдау

табатынына кепілдік береміз. Осыған байланысты үкімет Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметін мемлекеттік қаржыландыру жүйесін ойластыруы қажет.

Көші-қон проблемалары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Өкінішке қарай, біздің отандастарымыздың республикадан сыртқа кетіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда шет жерлерге көшудің себептерін, меніңше, бізде орын алып отырмаған ұлттық белгілері бойынша кемсітуден іздеу ақылға қонымсыз. Ашығын айтсақ, Ресей, оның үстіне ТМД-ның басқа да елдері бүгінгі таңда барлық көшіп барғандарды қабылдауға экономикалық тұрғыдан әзір емес. Сөйтіп көшіп кеткендер ол жақта қиындықтарға тап болады. Ал бұл қиыншылықтарды олардың елеулі мемлекеттік қолдаусыз женуге жағдайлары келмейді.

Міне, нақ осындай қолдаудың жоқтығынан біз үшін жаңа құбылыс — қайтадан көшіп келу пайда болып отыр. Бұл орайда көптеген адамдар мен бүтіндей отбасылар республикадан тысқары жерде өмір сүруге үйрене алмай, Қазақстанға қайта оралуда. Демографтардың деректері бойынша, тек өткен жылдың өзінде ғана қайтадан көшіп келушілердің саны 50 мыңға жетті. Бұған таңдануға болмайды: біз ішкі азаматтық соғысқа жол берген жоқпыз, бізде адамдарды бірінші және екінші сортты азаматтарға бөлетін қатаң заңдар, оппозицияны тұтқынға алу, цензура жасау жоқ. Парламенттік дағдарыспен байланысты соңғы оқиғалар біздің заңға адал екендігімізді тағы да бір дәлелдеп берді.

Біз тоталитарлық мұраны және оның жаппай жазалау идеологиясын жеңе отырып, демократиялық жолға түстік. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір газет жабылмағанын, ешкім де саяси қызметі үшін қамауға алынбағанын айтсақ та

жеткілікті. Бірақ демократия мен бостандық қылмыскерлер үшін тасаға айналмауға тиіс.

Ал таяудағы уақыттың өзінде-ақ бәрі де басқаша болатын. Көптеген белгілі ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері өз кінәсынан емес, республиканы тастап шығып, одан тысқары жерлерде бағын сынауға мәжбүр болған еді. Системаның идеологиялық қарсы әрекеттерін бастан кеше отырып, олардың мұнда өздерін толық көрсетуге мүмкіндігі болмаған еді. Бірақ еріксіз көшкендердің аузынан Қазақстанның атына бірде-бір шайпау сөз шыққан емес. Қайта керісінше, жылы лебізбен және алғыс сезімімен республиканы еске ала отырып, олар өздерінің қазақстандық түптамырларын әрқашан атап отырады. Ал сонымен бірге біздің кейбір саудагерсымақтарымыз, қолда өскен саясатшыларымыз кез келген шетелдік ұсынған бір шыны аяқ кофе үшін өзінің туған анасын, бұл орайда біз Отанымызды да анамыз деп есептейтінімізді еске алсақ, сатып кетуге әзір.

Ал кең ауқымда айтатын болсақ, **Қазақстан Ресейдегі, Орталық Азиядағы, Түркиядағы, Ирандағы, Қытайдағы, жақын және алыс басқа да шетелдердегі қазақ диаспорасымен неғұрлым берік және тұрақты қатынастарды қолдауы тиіс.** Өйткені 12 миллион қазақтың 4 миллионнан астамы сол жақтарда өмір сүріп жатыр. Олардың кейбіреулері саясатқа ықпал жасай алмаса да, олар адами қызметтің ең сан алуан салаларында толайлы табыстарға қол жеткізген адамдар. Сөйтіп, Қазақстанда оларға қалай қарайтын болса, республиканың дүниежүзілік жұртшылықтың алдындағы беделі де көп ретте соған байланысты болады.

Айтқандайын, өздерінің тарихи отанына көшіп кеткен біздің көптеген жерлестеріміз Қазақстанмен байланысын үзбеуге, бұрынғы отандастарымен ақпарат және мәдени алмасуға ұмтылуда. Мұның өзі

қуатты, бейнелеп айтқанда, тұрақтылықтың күшті белдеуін құрады. Біздің ұлттық-мәдени орталықтарымыз осы ізгі ұмтылысты барынша қолдауға тиіс деп санаймын, өйткені **біздің еліміз туралы шындықтың таяу және алыс шетелдерге тарауы Қазақстанның достарының, біз жүргізіп отырған саясатты қолдаушылардың қатарын объективті түрде көбейте бермек.**

Бұл жұмысқа Сыртқы істер министрлігі, біздің бүкіл дипломатиялық корпусымыз белсенді ат салысуға тиіс.

Қазір «**Халықтық дипломатия**» туралы да көп айтылып жүр.

Ассамблея мүшелерін ұлттық саясатты жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу үшін шетелдерге шығуын ұйымдастыруды, сондай-ақ оларды Қазақстанның ресми делегацияларының құрамына қосуды өте пайдалы деп есептеймін.

Мен біздің саясат зерттеуші мамандарға, **қоғамдық ғылымдар** саласының ғалымдарына сөзімді ерекше арнағым келеді. Меніңше, ұлтаралық қатынастар проблемалары сіздердің бүгінгі таңдағы зерттеулеріңіздің өзегіне айнала алады және айналуға тиіс. Осы салада болып жатқан процестерге, оның үстіне Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан процестерге айқын сипаттама беруді, этникааралық қатынастардың қалыптасуының ықтимал келешегі туралы білімді қоғам аса қажет етіп отыр. Сайып келгенде, қоғамдық институттарға, басқару органдарына социологиялық сауалдарға сүйенетін және ұлттық саясатты жүргізудің аймақтық ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар қажет. Әзірге мұндай зерттеулер өте аз, ғылыми ой өткеннің таптаурындарынан, бізді өміріміздің күрделі құбылыстарына үстіртін және жай ғана атап өтетін тәсілдерден әлі де арылта алмай отыр. Ал өмірдің өзі осындай ой-пікірлерге көптеген негіздер беріп отыр.

Ұлттық саясат проблемаларын қорытындылай келіп, ол алдағы уақытта да айқын және әділетті принциптерге құрылатынын айтпақпын. Олардың ішінде ең бастылары:

- **мәмілеге келу жолын іздестіру;**
- **ұлттық мәселені әділетті шешудің базасы ретінде қоғамдық тұрақтылық;**
- **заңның үстемдігі;**
- **мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді бірігу саясаты.**

Біздің қазіргі өмірімізде, бүгін жетіп отырған қоғамды реформалаудың қазіргі кезеңінде еліміздің әрбір азаматына қатысты емес проблемалар жоқ болар. Сондықтан Қазақстан халықтарының Ассамблеясы тәрізді өкілетті орган біздің қоғамымыз үшін аса көкейкесті міндеттерді шешуге қатыса алады және қатысуға тиіс деп санаймын.

Реформаларды ілгерілету — ортақ міндет

Парламенттің жаңа құрамы сайланғанға дейін маған, сондай-ақ облыс әкімдеріне заң қосымша өкілеттіктерді бергені белгілі. **Мен бұл өкілеттікті ең алдымен, экономикалық проблемаларды шешу үшін, реформаларды ілгерілету және елді дағдарыстан шығару үшін пайдаланбақпын.**

Қазақстанның барлық аймақтарынан өкіл бола отырып, сіздер басқалардан гөрі жергілікті жерлердегі жағдайды, ал ең бастысы, әлеуметтік-экономикалық ахуалды, адамдардың ой-пікірлерін жақсы білесіздер. Оның үстіне сіздер мемлекеттің жоғары өкімет құрылымдары мен халықтың арасындағы екі жақты байланыстың қазір өзіндік бір арнасына айналып отырсыздар. Сондықтан мен экономикалық саясатты жүзеге асыруға сіздердің тікелей ат салысатындарыңызға сенемін.

Біздің таяудағы міндетіміз — әрбір отбасына, республиканың барлық азаматтарына қалыпты тұрмысты қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық өз еңбегінің жемісін жеп, өзін толық көрсете білу үшін барлық жағдайларды туғызу керек. Біз осы жұмыспен айналыса отырып, отандастарымызға еңбек жолын таңдауға ерік береміз. Мұның өзі әлеуметтік тұрғыдан жікке бөлінбеген қоғамда, кедейлер мен байлардың арасында тұңғыық болмайтын, ал адамдардың басым көпшілігінің орташа игілігі бір-бірімен салыстыруға келетіндей қоғамда ғана мүмкін.

Біз реформалар жолын саналы түрде таңдап алдық. Мұның өзі біздің тұрмысымызды жақсартудың міндетті шарты болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нарық әлеуметтік қиял емес, қайта нақты әрі пәрменді жүйе. Ол көптеген халықтарды, соның ішінде біздің табиғи ресурстарымыздың тіпті шағын бөлігі де жоқ халықтарды өркендеуге жеткізді.

Бұл таңдауды өмірдің өзі талап етті: экономикалық қатынастар жүйесін өзгертпеудің өзі біздің қоғамымызды тұралау мен құлдырауға әкеліп соғар еді. Ортағасырлық философ Фома Аквинский дәл атап көрсеткеніндей: «Теңіз капитанының ең биік мақсаты кемені сақтап қалу болса, онда ол кемені айлақта мәңгі ұстар еді».

Ал мемлекетті басқару менің маңдайыма жазылған болса, мен сенімді жолды басшылыққа аламын. Ал бұл жол кез келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғам үшін қауіпті екенін көрсетіп отыр.

Бұл орайда көш басшысының жүгі сырттан қарағандағыдай жеңіл емес екенін айтпақпын. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез келген басшысы біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін,

бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға тиіс. Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келеді. Және әңгіме біздің еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан, мен де ба-тыл, тіпті қатаң шаралар қолданбақпын.

Мұндай айқындама өзін ақтап, қазірдің өзінде жемісін беріп жатыр: жоғарыда айтып өткенімдей, Қазақстан түбегейлі реформалардың ең күрделі кезеңінен өтті, сөйтіп экономикада жанданудың ал-ғашқы белгілері аңғарылып отыр.

Әділетті түрде прагматиктердің үкіметі деп ата-лып жүрген жаңа Министрлер Кабинеті істі сауатты жүргізе, оқиғалардың алдын ала жұмыс істеп отыр деп есептеймін. Мұны берілген өнім үшін ауылмен есеп айырысу, өнеркәсіп өндірісінің біраз өсімі, инф-ляция қарқынының төмендеуі көрсетіп отыр.

Үкімет өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы кешенді саясаттың негіздеріне талдау жасап, халық шаруашылығының осы аса маңызды салаларын бас-қарудың экономикалық тұтқаларын дәйекті түрде іске қосуда.

Таяу күндерде мен барлық тұтынушылар үшін **энергия шығынының тарифтерін едәуір төмендету** туралы тиісті құжатқа қол қоймақпын. Мұның өзі инфляцияны тежеп, экономиканың өрлеуіне жағдай жасайтын болады.

Біз **салық жүйесін жетілдіруге** тиіспіз. Ол әзірге тауар өндірушілерді ешқандай да ынталандыра ал-май отыр. Салық қысымын таяудағы уақыттың ішінде едәуір азайту көзделіп отыр.

Жеңілдіктер беруге аянбай-ақ, Қазақстан эконо-микасына инвестицияларды тартуды ынталандыру үшін жағдай туып отыр. Оның үстіне күрделі қар-жылар өзінің табиғаты бойынша инфляцияға түспейді. Ал әзірге капитал негізінен сауда-делдалдық салаға жинақталуда.

Иә, көптеген отбасыларының материалдық жағдайын қазір жақсартудың қажеті жоқ. Және бұл қиындықтарды саяси проблемалардың шиеленісуі есебінен қолдан шиеленістірудің қажеті жоқ. Өйткені экономиканы қалпына келтіріп, адамдарға лайықты өмірді қамтамасыз еткеннен кейін бұл проблемалардың бірқатарын кейін де шешуге болады. Біз бүгінгі таңда айтысып жүрген көптеген мәселелер қазақстандықтар үшін барынша аз шығынмен шешілетін болады. Экономикадағы табыс пен тәртіп қоғамдық тұрақтылықты бұрынғыдан да нығайта түсіп, неғұрлым өткір проблемаларды шешетін болады.

Осы тақырыпты аяқтай келіп, реформалар процесі экономикалық істерден мұндай былық, өндірістің құлдырауы және жоғары инфляция өздеріне тиімді болып отырған пысықайлар мен саясатшыларды сөзсіз шетке шығаруға тиіс екенін атап өтпекпін. Егер реформа жасаушылардың маскасын бүркеніп, олар үкімет басына келетін болса өндірісті дамытуға, оның құрылымдарын қайта құруға келтірілетін зиян айқын жалдаптық тенденцияны күшейте түсетінін айттып түсіндіру керек. Ал мұның өзі барлық өзгерістерді толық тоқтатуға әкеліп соғумен бірдей.

Құрметті сессияға қатысушылар, мен сіздерді өзімнің одақтастарым деп санайтын болғандықтан, барлық осы проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамын.

Конституциялық реформа жолында

Экономикалық өзгерістерді, сондай-ақ саяси, әлеуметтік өзгерістерді жүргізуде, бізде әлсіз заң шығарушылық база жетілдірілмей, сот жүйесін аса өткір қылмыстық жағдай тежеп келгені және әлі күнге дейін тежеп отырғаны ешкімнен де құпия емес. Осы салалардың әрқайсысында жеке мәселелерді шешумен

қаншалықты айналыссақ та, біз ең басты қадамды жасамасақ — конституциялық реформаны жүзеге асырмасақ — бәрі бір қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Бұл шынында да біздің мемлекеттігімізді нығайтудың аса маңызды міндеттерінің бірі. Әлбетте, ең алдымен, қазір парламенттің тағдыры жұртшылықты толғандырып отыр.

Тек **екі палаталы жүйесі бар Парламент** қана заң шығару қызметімен білікті айналысуға, тыңғылықты сарап жасаудың және мәміле жолдарын іздестіруден кейін бөтуаға келуге қабілетті деп ойлаймын. Өкіметтің әрбір тармағы өз ісімен айналысып, бірін-бірі «қыспаққа» алмауға тиіс. Осының алдында шақырылған Жоғарғы Кеңес туралы мұны айта алмайсың. Ол депутаттардың өзін-өзі көрсетуінің саяси аренасы болған тәрізді. Осы сөздің толық мағынасындағы заң шығарушы орган бола алған жоқ. Парламентшілердің күш-қуаты заң жобаларымен күнделікті, дәйекті жұмысқа бағытталмай, атқарушы өкімет пен қарым-қатынасты айқындаудың ұсақ-түйек мәселелерінен аса алмады. Бұл кикіл-жіңдерді туғызып, ол үкіметтің парламентке деген қысымы ретінде көрсетілді. Шын мәнінде бәрі керісінше болды: атқару өкіметі заң шығарушы өкіметтің қол сұғуынан өзін қорғауға мәжбүр болды.

Соңғы жылдарда біздің Жоғарғы Кеңесімізде, жұмсартып айтқанның өзінде, елдің мүдделерінен алыс, шамадан тыс шамшыл және аса сөзшең адамдар белең алғаны жұртшылыққа белгілі. Оның үстіне атқару өкіметіне қарсы тұруда парламенттік көпшілікке бүкіл оппозиция тұрақты түрде қосылып отырды. Ал бұл оппозиция саяси ағымның мүлдем қарама-қарсы жағында болатын. Бұдан оның ерекше қасиеті — бұлардың ұқсастығы және саяси одақты таңдай білмеуі айқын көрінді. Ұлтшыл-патриоттар,

шовинистер мен коммунистер өздерінің топтық немесе жеке мүдделері туралы әңгіме болған кезде бір одаққа бірігуде. Мұның өзі бізде демократизм мен парламенттік мәдениеттің мүлдем жоқтығынан ғана мүмкін болып отыр.

Шын мәнінде парламентарийлер атқару өкіметін тежеп, оны өзіне бағындыруға, сөйтіп осы нақты биік арқылы кредиттерді, инвестицияларды, қаржыны – қысқасы, ақшаны бөлуге зор ынтамен кірісіп кетті. Сонымен қатар сот билігін де бағындыру басталды. Әрине әңгіме барлық бұрынғы депутаттар туралы болып отырған жоқ. Қайта шағым жасауға жатпайтын Конституциялық соттың шешімімен де келіскісі келмейтін жанжалқұмарлар туралы болып отыр.

Егер өкілетті өкіметтің тікелей қызметі туралы айтамын болсақ, онда Францияның тәжірибесіне сілтеме жасаған жөн. Осы елдің Конституциясымен парламенттік заң шығару қызметі айқын белгіленген. Ал бұдан тысқарының бәрі атқару өкіметінің нормативтік ерекше басымдығы болып табылады. Егер Қазақстанда осылай болатын болса, біздің қолымызда өскен сарапшылар бұдан демократиялық нормалардың бұзылуын табар еді. Ал олардан Франция туралы сұрайтын болсаң, осы Еуропа мемлекетіндегі демократияның салтанаты туралы өршелене айтар еді.

Сот реформасы конституциялық өзгерістердің маңызды бөлігі болып табылады. Еріктен тыс мәмілелердің жемісіне айналған біздің Конституциямыз сот билігін, Конституциялық сотты қоса алғанда, қоғам мен өкіметтің мемлекеттік институттарының, соның ішінде Президенттің де бақылауынан тысқары қойды. Әрине билікті құрылымдардың сот ісіне араласуына жол беруге болмайды.

Конституцияда, сондай-ақ **тежеу мен қарсы салмақ жүйесі жоқ**, бірақ бұл принцип онда жария-

ланған. Өңгіме белгілі бір жағдайларда парламент мемлекет басшысының өкілеттігін тоқтатуға және керісінше Президент Жоғарғы Кеңесті тарата алатыны туралы болып отыр. Ата Заңды әзірлеу процесінде мен осы принциптерді кіргізуді талап еттім, бірақ XII шақырылған парламент оны қабылдамай тастады. Ал мен қазірдің өзінде мемлекет пен қоғамның мүдделері осындай тежеу мен қарсы салмақты талап етіп отырғанына сенімдімін.

Аймақтарда мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы **әкімдер** болып табылады. Бірақ, олардың жағдайына толық айқындық енгізу керек. Олардың қазіргі мәртебесі Президент шын мәнінде атқару өкіметінде басқарған кездегі жағдайға сай келеді. Қазір бұл жағдай түбірімен өзгерді. Соның нәтижесінде облыс әкімдері құқықтық бос кеңістікте болып шықты: бір жағынан, олар Президенттік жоғарыдан төмен басқарудың жалғасы бола отырып, екінші жағынан, жергілікті жерлерде жоғары атқару билігінің өкілі емес.

Жергілікті мәслихаттарға деген көзқарасты да қайта қарау талап етіліп отыр. Қазақстан — біртұтас мемлекет, мұның өзі Конституциямен бекітілген. Демек, жергілікті өкілетті органдардың заң шығару өкілеттігі жоқ, сондықтан олар шын мәнінде атқару өкіметінің қызметін орындайды.

Сондықтан белгіленген процедура бойынша халық алдындағы бүкіл жауапкершілікті әкімге тапсырып, сонымен бір мезгілде мәслихат басшысы қызметін соған жүктеу қисынды болар еді.

Осы демократиялық норма қалыптасқан шындыққа сай келер еді. **Халық жергілікті жердегі жағдай үшін жеке басымен кімнің жауап беретінін, аймақтық саясатты кімнің талдап жасайтынын және оны жүзеге асыруға кімнің жауап беретінін білуге тиіс.** Айтқандайын, мұны азаматтардың өздері де талап етіп отыр.

Қысқасы, жергілікті жерлерде тәртіп орнату керек және оны тездеткен жөн. Өйткені күшті аймақтық билік болған жағдайда қазіргідегідей түрлі жылпостар мен қылмыскерлер өздерін еркін сезіне алмас еді. Ал қазір өкімет құрылымдары бірін-бірі алмастырып, тіпті кейде бір-бірімен келісе алмай жатады.

Жалпы алғанда, Конституциялық реформалар орталықта да, сондай-ақ жергілікті жерлерде де тұрақты әрі теңдестірілген өкіметті құруға әкеліп жеткізуге тиіс. Қоғамның мүддесі үшін, атап айтамын, қазақстандық қоғамның мүддесі үшін жұмыс істеуіміз керек, ал басқа мемлекеттерде қолданылып жүрген бөтен, өздеріне ғана тән ерекше практиканы еш ойланбастан әрі көзсіз көшіріп алмауымыз керек.

Барлық осы проблемаларды Ассамблеяның келесі сессиясы талқылайтын болар деп ойлаймын.

Оның үстіне жаңа парламентті сайлауға дейінгі кезеңді мен мемлекетте құқық тәртібін нығайту, қылмыспен күресті күшейту үшін пайдаланбақпын.

Мен осы шараларды бұрынғы парламентке енгізбек болған едім. Ал бірақ оның сіздерге белгілі заң күшін «өнімділігі» кезінде оны қашан қабылдайтыны белгісіз еді. Және де өзінің баяулығымен және сөзбұйдаға салуымен қылмыстық жағдайды одан әрі шиеленістіре түсер еді. Енді құқық тәртібі Президенттің Жарлығымен бекітілетін болады және бұл жұмыс қазірдің өзінде басталып кетті. Таяуда Жарлықтардың бірімен жемқорлықты жоюға бағытталған қазіргі заңға елеулі өзгерістер енгізілді.

Қылмыскерлікті ауыздықтау үшін мен қолымнан келгеннің бәрін жасауға сендіремін. Біз қоғамға қылмыстық дүниеден қорғау жөнінде кепілдік беруге тиіспіз. Ал бүгінгі таңда жағдай шегіне жетіп отыр. Сондықтан жағдайды жедел әрі батыл түрде өзгерту керек.

Кезінде византиялықтар былай деген: мақсатқа жетудің екі жолы бар — бірі заң жолы, екіншісі, жыртқыштық жолы. Сіздер мен біздер және ең алдымен, менің өзім алғашқы жолды — заңның салтанат құрыш, басым түсуі жолын орнықтыруымыз керек. Азаматтар заңды құрметтемейінше ешқандай қоғам тұрақты болып, гүлдене алмайды. **Заңның жарияланған емес, қайта нақты басымдығы демократиялық қоғамның бұлжымас атрибуты болып табылады.**

Митингілік қызбалықтар мен тұрақсыздандырушы саяси ұрандар емес, билігі барлардың жеке еркі емес, қайта азаматтардың қоғам талдап жасаған және қабылдаған ережелерін қадағалау заңды болып табылады.

Конституциялық соттың шешімдерімен байланысты соңғы оқиғаларға орай әр түрлі үндер естілуде: диктатура орнағалы жатыр дейді. Иә, диктатура, бірақ бұл Конституция мен заңның диктатурасы. Ал мұның өздеріне қатерлі салдары болатынын сезгендер байбалам салуда.

Егер жалған демократиялық ұрандармен елде былық басталып, қылмыстық жүгенсіздік белең алатын болса, шынында да диктатураның орнауы мүмкін.

Олар көбіне ұлттық мүдделерді қорғауды тілге тиек етеді.

Ұлттық идеяны бұрмалай, адамдардың ширыққан азаматтық сезімдерімен ойнай отырып, кейбір саясаткерсымақтар мен кәдімгі қылмыскерлер осы картаны өздерінің жымысқы мақсатында пайдаланғысы келеді. Жаңа Өзенде, Өскеменде, Есікте болып өткен нағыз қылмыстық әрекеттерді талдап жатпастан оған ұлтаралық жанжалдар бояуын жаққысы келген талпыныстар да болды.

Жаңадан пайда болған қазақтардың бірін «ұрлап кетумен» байланысты оқиға да солардың қатарынан.

Қысқасы, қылмыстық әлемнің ұлтаралық жанжалдарды қолдан туғызғысы келетін әрекеттерін жоққа шығаруға болмайды.

Құқық қорғау органдарының назарын расизмнің, шовинизмнің, ұлтшылдықтың, антисемитизмнің ең болымсыз деген көріністерінің өзіне бірден және ең қатаң түрде тыйым салу қажеттігіне аудармақпын. Соңғысын ерекше атап өтемін. Өйткені бірқатар басылымдар қазірдің өзінде антисемиттік өзара сөз сыйысына түскен тәрізді. Қазақстанда ешқашан да мұндай болып көрген жоқ және болмайтынына сендіремін. Конституция мен Баспасөз туралы Заңның тиісті ережелері бар. Ендеше соны мүлтіксіз орындайтын болайық.

Осындай күйкі дүниетаным — тоталитаризмнің мұрасы. Ол өз халқын моральға жат тұрғыдан билеп-төстеп келген және дүниежүзілік тарихта кез келген басқа бір режимнен гөрі өзінің халқын көп қырған система. Ол адамдардың ойын тізгіндеп ұстап, саудасаттық жасау ұят, ал өз азаматтарын ату ұят емес, ұрлық жасау беделді іс дегенді сендіруге тырысып келді. Ол диссиденттікті қоғамдық құбылысқа айналдырып, өзгеше ойлайтын ерекше жандарды түрмелерінің ар жағында немесе психикалық ауруханада ұстап келді.

* * *

Құрметті делегаттар!

Сіздер Қазақстанның, оның ұлттық сан алуандығының, мәдениеттері байлығының, осы Ассамблеяға — мемлекет басшысы жанындағы ресми органға өздеріңізді сайлаған азаматтардың сенімін арқалаған өкілісіздер.

Мен ыңғайы келгенде әрбір қазақстандықты соңғы он жылдың ішіндегі жағдайда біздің басты бай-

лығымыз — бұл қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық алауыздықтың және осының негізінде қан төгістің жоқтығы екеніне сендіруге тырысамын.

Менің осы табандылығым үйдің есігін соғыс пен ажал қаққан кезде басқаның бәрі де — игілік пен шағын кикілжіңдер, байлық пен ізгілік, адамның қоғамдағы жағдайы және басқалар өзінің құны мен мағынасынан айырылатынымен түсіндіреді. Өйткені соғыс ең басты құндылықты — адамның өмірін үзіп түседі. Ал өмірден артық ештеңе жоқ. Сөйтіп соғыс адамдарды үйренген жерінен аяусыз қудалап, оларды күнәсыз босқындарға айналдырады.

Құдайдың шапағатымен бұл қырсық бізден аулақ болып отыр. Сол үшін де біздің азаматтарымызға мың алғыс айтамын. Алайда сонымен бірге бұл өздігінен болып отырған жоқ. Мұның сыртында терең ойлардың, талдау мен салғастырудың, келісім мен өз тағдырын сенің қолыңа тапсырып берген көп ұлтты халық үшін орасан зор жеке жауапкершілік сезімнің талай тынымсыз күндері мен ұйқысыз түндері тұр.

Соғыс орасан зор орны қиындықпен толатын материалдық зиян алып келеді. Осы ғасырдың өзінде ғана жер бетіндегі бүкіл халықты 50 жылдан астам тегін тамақтандыруға болатын немесе 500 миллионнан астам отбасын жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге болатын қаржыны соғыс жалмап кетті.

Чешенстанда, Тәжікстанда, Әзірбайжанда және ТМД мен әлемнің басқа да ыстық нүктелерінде болып жатқан оқиғаларға көз салып көріңіздерші. Сонда сіздер біздің тұрақтылығымызды бағаламайтындар, өзінің жеке шамшылдығы немесе саяси адасуы арқасында біздің тыныштығымызды бұзуға тырысатындар өз халқының мүддесін сатқан ашық жау екенін түсінесіздер. Сондықтан адамдар қырағы болып, жеңіл өмірді тез орнатуға жалған уәде беретіндердің құрығына түспеуге тиіс. Мұндай жеңіл жол жоқ.

Мен 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде өзіме көрсетілген сенімді есімде сақтап, оны бағалаймын. Сондықтан оны ақтау үшін барлық тайталасқан күштер мен факторларға қарамастан бәрін де істеуге тырысамын. Бұған сіздердің сенулеріңізге болады.

Сіздерді және өзімнің барлық отандастарымды осындай жауапкершілікті түсінуге шақырамын, өйткені ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар, тарихи да мәні бар. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, біздің балаларымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны өзімізге байланысты.

**ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ : ТАРИХ
ТАСЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
5 ЖЫЛДЫСЫНА АРНАЛСАН САЛТАНАТТЫ
ЖИНАЛЫСТАСЫ БАЯНДАМА**

1996 жылғы 16 желтоқсан

Салтанатты жиналысқа қатысушы қымбатты достар!

Құрметті отандастар!

Баршаңызды, сіздер арқылы бүкіл Қазақстан халқын біздің қайта туған мемлекетіміздің тұңғыш мерейтойымен — тәуелсіздігіміздің бесжылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Осынау Ұлыстың ұлы күні — ет жүрегі Отан деп соққан әрбір азаматтың қасиетті мерекесі, еліміздің ең басты тойы.

Тәуелсіздіктің бес жылы — тым тереңдеп тұжырым түйіп, барынша байыпты баға беруге аздық ететін келте кезең. Бірақ Қазақстанның тәуелсіздігінің тарихы алдағы болашаққа қарай зымырап бара жатқан біздің ғасырдың соңғы онжылдығына ғана тіреліп тұрған жоқ.

Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол, негізінен, тәуелсіздік жолындағы күрестен өтті. Бүгінгі Қазақстанның алдына уақыт қойып отырған міндеттердің ауқымы мен артар жауапкершілік жүгін әлгіндей оқиғалардың

жанды тізбегін, ата-бабаларымыздың жүздеген ұрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бағалау да, бағамдау да қиын.

Қазақстанның тәуелсіздік тарихы ашпақ парақ бетіне күні кеше түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

Біздің мемлекеттігіміздің тарихи белестері

Осыдан бір жарым мың жылдай бұрын біздің ата-бабаларымыз өздерінің тұңғыш ұлы мемлекетін — Түркі қағандығын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, олардың ішінде біздің еліміз де сол қағандықтың бүгінге келіп жеткен сілемі болып табылады.

Ұлан-ғайыр аумақта арлы-берлі жөңкіліп күн кешкен Азия көшпелілері тұтас құрлықтардың этникалық және мемлекеттік келбетін талай өзгеріске түсірді. Түркілердің көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары бүгінгі көптеген халықтардың, ең алдымен, түркі тілдес халықтардың қалыптасуына негіз жасап берді. Олар ұлан-ғайыр аймаққа орналасты. Бір шеті сонау Саха елінен бастап, екінші шеті сонау Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы 10 мың шақырым жерді жайлап жатты.

Бір елден кейін бір елді жаулап алып, жетінші ғасыр мен он үшінші ғасырдың аралығында жер-жаһанға қанатын жайған арабтарды, ұлы географиялық жаңалықтар кезеңінен кейін ашылған құрлықтарды, отаршылдықпен басып алған еуропалықтарды қоспағанда, бұрын-соңды бірде-бір халық немесе тіпті халықтардың тұтас бір тобы мұндай аса ұлан-ғайыр аумақты қоныстанып көрмепті.

Осыншама ұлан-байтақ аумақты басқалар емес, тап көшпелілердің игеретін жөні де бар. Өйткені, олар қоғамдық өндірістің ерекше табиғи жағдайларға бейімделген, төрт түлікті бағып-күтуге лайықталған бітімі бөлек мәдени-шаруашылық тұрпатын жасақтады. «Жылқы ысқырса желдікі, айдаса жаудікі» дейді қазақ. Сондықтан да көшпелілер малшы ғана емес, жауынгер де бола білді. Әскери тұрғыдан даусыз басымығының арқасында ғана көшпелі халықтар әлгіндей кең-байтақ аймақтарға ие бола алды.

Түркі көшпелілерінің әлем тарихында алар орны ерекше. Сан ғасырлар бойында түркілер құрған империялар, о баста жаугершіліктің арқасында дүниеге келгенімен бара-бара едәуір дәрежеде өркениетті рөл де атқарды. Сондықтан да көшпелілерге «жабайы ордалар» деп қарау тарихи әділеттілікке жатпайды. Оның үстіне әлемдегі көптеген мемлекеттердің — Қытайдың, Үндістанның, Мысырдың, тағы басқа елдердің дамуына көшпелілердің қосқан үлесі қомақты екені даусыз.

Түрік қағандығы тұсында бастау алған мемлекеттігімізді кешегі тарихи оқиғалар көп өзгеріске ұшыратты. Еуразия құрлығының келбетін Шыңғысханның басқыншылығы астан-кестен етті. Монғол шапқыншылығы Қазақстан аумағында халықтың қалыптасуын күрт тоқтатып тастады. Ірі тайпалар тобы сапырылысқа түсіп кетті. Қыпшақтардың бір тобы Қазақстанның солтүстігі мен Батыс Сібірдің ту сыртына көшті. Қуғынға түскен наймандар мен керейлер де солай қарай жөңкілді. Қыпшақтардың талайы Жерорта теңізінен Үнді мұхиты мен Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы елдерге тарап, сіңіп кетті. Амалсыз қоныс аудару монғол билігі орнағаннан кейін де тоқтай қалған жоқ. Монғол билеушілері Шығыс Қазақстан мен Жетісудың шұрайлы жайылымдарын басып алды. Сол жерлердегі тұрғылықты халықтың

тоз-тозын шығарды. Өздері меншіктеген өлкелерді ұлыс-ұлысқа бөліп тастады. Бұл этникалық тұрғыдан туыстас тайпалардың бір-бірінен қол үзіп, бөлшектеніп кетуіне әкеп соқтырды. Басқыншылық біткеннің бәрі де қатыгездікпен жүзеге асырылғанында дау жоқ. Дегенмен, басқа жайды да естен шығаруға болмайды. Елді бір орталықтан басқарудың негізі тап сол кезеңде қаланған-ды. Тап сол ұлыстардың негізінде кейіннен Батыс, Оңтүстік, Солтүстік хандықтары құрылды. Шыңғысхан көшпелілерді қарудың күшімен біріктіргенде бір орталықтан билік жүргізуді және салық төлетуді көздеген болатын. Бұл өз кезегінде, қазақ жерінің бірігуіне жағдай жасады.

Монғол империясының қиратылған жұртында көптеген мемлекеттер дүниеге келді. Қазақстан жерінде басқыншылық тоқтатып тастаған халықтың, мемлекеттің қалыптасу процесі қайта өріс алды.

Қазақ хандығының дүниеге келуі — монғол басқыншылығы қарсаңында қазіргі Қазақстан жерінде бастау алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды нәтижесі болды. Қазақ мемлекетінің дүниеге келуі Жәнібек пен Керей хандардың есімдерімен, ал 1480 жылдан бастап Бұрындық ханның атымен байланыстырылады. XV ғасырдың үшінші бөлігінде Жетісудағы тайпалар мен рулардың бірте-бірте Қазақ хандығына қосылуы үдей түсті. Сырттан қазақ билеушілерінің қысымы жиілеп, іштен алауыздық күшейіп, бір кездегі тегеурінді Моғолстан хандығы бет-бетіне бытырап кетті. Моғол билеушілері Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға ығысуға мәжбүр болды. Осы кезеңде қазақ хандары Орта Азияға иелік еткен хандармен Сыр бойындағы қалалар үшін күресті өршітті. XVI—XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, шек-шеңбері кеңі түсті. Енді оның аумағы қазақтардың этникалық жер-суларының негізгі бөлігін тұтасқа жуық

қамтитын болды. Шектес жатқан Орта Азиямен, Астрахан, Сібір хандықтарымен, Орыс мемлекетімен алыс-беріс, барыс-келіс жиіледі. Туған жерді түгендеуді тездете түскен көрнекті қазақ хандарының арасында Қасым ханның орны айрықша.

Қазақ мемлекетінің құрылуы оның құқықтық негізін жасақтауға мүмкіндік берді.

Сол дәуірдегі заң жәдігерліктері деп біз бүгінгі күнге жетпей қалған «Қасым ханның қасқа жолын», осы дәуірге дейін сақталған Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» атаймыз.

Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы күрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ен шалғынға башқұрттар таласуын қоймады. Оның үстіне қалмақтар да, башқұрттар да орыс патшалығының бодандары еді. Мұның өзі, айналып келгенде, орыс-қазақ қатынастарының шиеленісе түсуіне себепкер болды.

Дегенмен, басты қауіп шығыстан, ойраттардың бір орталықтан басқарылатын қуатты көшпелі мемлекеті — Жоңғар хандығы тарапынан төніп тұрды.

Орталық Азия тарихындағы осы бір қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы азулы басқыншыға қарсы екіжүзжылдық күрестің ең ауыр жүгін жеке өз мойнымен көтерді. Бұл жолда елім деп еңіреген ерлер мен кемел қолбасшыларды алға шығарды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Тайлақ, Саңырақ, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты көптеген батырлар сондай тұлғалар болды. Олардың ерен еңбегін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Ер есімі — ел есінде. Еркіндік алған елдің бүгінгі ұрпақтары өздерінің батыр бабаларына тағзым етіп, өзін аттарын ардақтайтыны, әбден әділетті іс.

1726 жылы Түркістанның оңтүстік шығыс бетіндегі Ордабасы биігінде қазақтың барлық тайпалары мен руларының жақсысы мен жайсаңының басы қосылған ұлы жиыны өтті. Сол жиында бүкіл қазақ қосынының басын біріктіру жөнінде тарихи мәні ерекше шешім қабылданды. Халықтың үш ұлы перзенті — Әлібекұлы Төле би, Келдібекұлы Қазыбек би, Бәйбекұлы Әйтеке би елдің бірлікті аңсаған арманын жүзеге асырды. Қазақ әскерінің бас сардары болып өзінің жау-жүрек қолбасы екенін талай танытқан Әбілқайыр сайланды.

Жоңғар қолы мен қазақ жасағының алғашқы ірі шайқасы 1727 жылы Бұланты өзенінің бойында болды. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен де, кейінгі тарихқа ықпал-әсері жөнінен де кешегі кеңес дәуірінің ғылымы жете бағаламай кеткен сол қаңқасап қырғынға тең келер шайқас болған емес. Ойраттарға ойсырата соққы берілді. Шайқас даласын халық содан бері «Қалмақ қырылған» деп атап кетті.

Шыңғысханның ұлы жорықтарын қайталауды ниет еткен Жоңғар хандығына қарсы күрестің негізгі ауыртпалығы қазақ халқына түсті. Бұланты бойындағы жеңіс ұлтты ұйытып, тастүйін жұмылдырды, жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы барысындағы бетбұрыс кезеңнің басы болды. Содан бері қарай стратегиялық басымдық қазақтар қолына көшті. 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы жеңіс соның айқын айғағы еді.

XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының Қазақстан мен Орталық Азия халықтары үшін қасіретті зардабы өте зор болды. Қалалар қирап, сауда мен қолөнер тоқырады, халық мың-мыңдап босқындыққа түсті. Көші-қонның дәстүрлі реті мен бағыт-бағдары бұзылды. Көшпелі

тұрмыс пен отырықшы өмір арасындағы экономикалық байланыс үзілді. Аймақтағы өндіргіш күштер әлсіреді. Бұл жылдар қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» атанды. Ел өміріне ұзақ уақыт жазылмайтын жара салды.

Жоңғар хандығымен күреске бел шеше кірісу үшін батыс тараптағы елдермен бейбіт қарым-қатынас орнату қажет болды.

Оны Ресейдің патша әміршілдігі де жақсы түсінді. Ол сол кездің өзінде халықтарды бір-біріне айдап салу саясатын шебер жүргізе бастағанды. Атап айтқанда, мұндай әдістер екі халықты да қирату мақсатымен, қазақтар мен ойраттар арасында соғыс өртін тұтату үшін пайдаланылды. XVIII ғасырда мұнан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғышарттары осылай болды. Соның салдарынан алдымен батыс, одан кейін басқа да аймақтар тәуелсіздігінен айырылды, ақыр аяғында Қазақстан Ресей империясының отарына айналды.

Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Сол кездегі Қазақстанның екі империяның арасында қалған қиын халін Мағжан Жұмабаев:

*Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Арты — ор, алдында — көр, жан-жағы жау,
Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?! —*

деп күйзеле суреттеген болатын.

Ел басына ауыр күн туған XVIII ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де таныла білді. Пекинмен елшілік және сауда байланыстарын үдете дамыта отырып, Абылай Ресеймен немесе Қытаймен бірлескен яки қапталдасқан түрде олардың

бірде-біріне қарсы әрекет етудің қай-қайсысынан да бойын аулақ сала алды. Дегенмен, тарих доңғалағы тоқтамай алға жылжи берді. Көшпелі мемлекеттердің біртіндеп басынан бағы тая бастады. Сан түрлі жағдаяттар жинала келіп, Қазақстанның тәуелсіздігінен айырылар күнін жақындата түсті.

Қазақстанның Ресейге қосылуы бір жарым ғасыр уақытқа созылды. Ол бейбіт жолмен де, әскери күшпен де жүзеге асырылды. Қалай дегенде де ол басып алу болатын. Қазақстанның Ресейге қосылуының әдіс-тәсілдерінің әрқилы екендігіне қарамастан оның мәні, айналып келгенде біреу — отарлау.

Бұл бір жағынан, Қоқан мен Хиуаның басып кіруіне қарсы күресіп жатқан қазақ халқының табанды қарсылық көрсетуіне тап болды.

Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаған Сырым Датов, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов сынды талай-талай көсемдер мен батырлардың айрықша ардақты аттары дәл сол жылдарда елдігіміздің тарихына мәңгі-бақи жазылды.

Қазақ даласында тәуелсіздік жолындағы жалпы ұлттық қозғалыс басталды. Оның тізгінін атақты Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов ұстады. Бас-басына босып жүрген қазақ рулары қанқұйлы көршілердің оңай олжасына айналатынын, сондықтан да қоғамның ұйысуы, қазақтың мемлекеттігін қалпына келтіру өмірлік қажеттілік екенін нақ Кенесары айқын түсінді. Кенесары ханның қазақ даласын біріктіру әрекеті әбден пісіп-жетілген болатын.

Даланың дәстүрлері мен құқықтық негіздеріне сүйене отырып, ол өзін хан сайлатып алды да, патша әміршілдігі мен Орта Азия хандарының басқыншылық ниеттеріне кесе-көлденең тұрды.

Кенесары Қасымовтың қазақ жерін отарлауға қарсы 10 жыл бойы жүргізген соғысына Қазақстанның көпшілік бөлігі көтерілді. Ол күрес тарих шежіресіне ел рухының қайта өрлеген кезеңі және ең соңғы көшпелі Қазақ мемлекетінің біржола күйреген кезеңі болып енді. Кенесары хан мерт болғаннан соң қазақ рулары отаршылдық басқыншылыққа қарсы жеке-жеке қарсыласып жатты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Кенесары Қасымовтың, басқа да қазақ сұлтандары мен батырларының отаршылдыққа жан аямай қарсылақаны арқасында Ресей империясының Орталық Азияға қарай жылжуы едәуір кешеуілдеді.

XIX ғасырдың соңына қарай Қазақстан аумағына Ресей империясының еуропалық бөлігінен көшіп келушілер ағыла бастады. Ғасырдың алпысыншы жылдарында патша үкіметі Қазақстанды отарлауды әскери-казактарға қоса шаруалардың қолымен де қатыгездікпен жүргізуге көшті. Отарлау барысында тұрғылықты халықтың жерлері жаппай тартып алына бастады.

Патшалық Ресейден қоныс аудару саясаты қазақ қоғамының шаруашылық өміріне аяусыз соққы болып тиді. Бұл кезде ең шұрайлы, шүйгін жайылымдар, егін алқаптары бастау-бұлақтарымен қоса тартып алынды, қазақ елінің мұң-мұқтажын аяқ асты етудің салдарынан жұрт атамекенінен айырылып, ежелгі көш жолдарынан көз жазып қалды. Қазақ ауылдары өсіп-өнген өңірінен аластатылып, үй-мүлкі қиратылды. Байырғы жұртты зорлап жаппай көшіріп жіберіп, олардың жерін жаңа келгендерге еншілей салу әдеттегі іске айналды.

Ендігі жерде азаттық қозғалысының тізгінін ұлттың бірлесуін мұрат қып ұстаған алаштың білімді де білікті асыл азаматтары қолға алды.

Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер және басқалар болды, олардың көпшілігі Петербургтің, Мәскеудің, Варшаваның, Қазанның, Омбы мен Орынбордың жоғары оқу орындары мен училищелерін бітіріп шыққан, асқан сауатты адамдар еді.

1905 жылғы желтоқсандағы Орал қаласында Бірінші жалпықазақтық құрылтай болып өтті. Онда ұлттық саяси партия құру міндеті алға қойылды. Құрылтайға қатысушылар патша өкіметінің, оның ішінде, әсіресе, жер мәселесіндегі саясатын қатты сынға алды.

1906 жылғы ақпан айында Әлихан Бөкейхановтың қамауға алынғанына қарамастан, Екінші жалпы-ұлттық құрылтай болып өтті, оған 150 делегат қатысты. Құрылтай қазақтарға барлық тартып алынған жерлерін қайтарып беруді, шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтатуды, мектептер, медреселер мен университет ашу жөнінде заң қабылдауды талап етті.

Ресей қатысқан Бірінші дүниежүзілік соғыс қазақтарды тіпті титықтата түсті. 1916 жылы «бұратана» халықтарды тыл жұмыстарына шақыру арқылы үкімет арзан жұмыс күшін пайдаланып қалуды, сонымен қатар бұдан босаған орыс жұмысшыларымен, шаруаларымен әскер қатарын толықтыруды көздеді.

1916 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың бас шенінде Қазақстанда өз-өзінен құрылып жатқан көтерілісшілер жасақтарының кәсіби әскермен қиян-кескі шайқастары жүріп жатты.

Олардың арасында Торғай төңірегіндегі көтеріліс басқаларынан гөрі ұйымшыл, ұзағырақ болды. Көтерілісті Кенесарының жауынгер серігі Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов бастады.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін өкімет басына келген уақытша үкімет империялық ұлт саясатының салдарларын жоюға, сөйтіп ұлттық бітім-бөтуа саясатын жүзеге асыруға әрекет жасап көрді. Сол жылғы наурыздың 20-сында уақытша үкімет Ресей азаматтарының дінге, нанымға және ұлтқа қатыстылығына байланысты құқықтық шектеулерінің барлығын да алып тастады. Сәуірдің 7-сінде Түркістан комитетін құру туралы үкіметтің қаулысы қабылданды.

Осы шешімнің арқасында Қазақстанды басқаратын ұйымдардың құрамына қазақтың озық ақыл-ой иелері алғаш рет енді. Мұның өзі Алаш қозғалысы қайраткерлерінің Дала өлкесінің саяси өміріндегі белді орнын мойындаудың белгісі болатын.

Патшаның тақтан түсуі, елдегі қоғамдық-саяси өмірдің демократиялануы қозғалысты ұйымдық тұрғыда бекітіп, оның негізінде 1917 жылғы шілдеде Орынбор қаласында өткен Жалпықазақтық құрылтай «Алаш» партиясын құруға мүмкіндік берді. Көп ұзамай партия бағдарламасының 10 тараудан тұратын жобасы да жасалды. Партияның негізгі мақсаты — қазақтың мемлекеттік егемендігін бастапқыда Ресей құрама демократиялық республикасының құрамында автономияны жүзеге асыру болатын.

Қазақ халқы өзінің басты мақсатына жетуге, ұлттық мемлекеттігін қайта қалыптастыруға мүмкіндік алды. Алайда Ресей қоғамындағы жаңа тығырық оқиғаларды одан әрі бейбіт түрде дамытпады, соның салдарынан большевиктер партиясының диктатурасы орнатылып, елді азамат соғысының өрті шарпыды.

Ұлттық мемлекет десе аза бойы қаза болатын большевиктер өздерінің билігін нығайту үшін оянған Ресей халықтарының ұлттық мүдделерін атымен ескермей тұра алмады, сөйтіп ұлттық-мемлекеттік құрылымдар түзуге көшуге мәжбүр болды. 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-і дүниеге осылайша келді.

Жиырманшы жылдардың екінші жартысынан бері қарай большевиктік мемлекеттік жаңа экономикалық саясат қисынынан бірте-бірте аулақтап, өз саясатын Қазан революциясы тұсында межеленген халықты жазалай отырып, алға жылжу бағытына бұра бастады.

Қазақтарды күштеп ортақшылдандыру мен отырықшыландыру, ауылдағы қарама-қайшылықтарды қолдан ушықтыру, қоғамның бір бөлігін бір бөлігіне айдап салу ақыр аяғында ұлттық апатқа ұрындырды.

Социалистік утопия идеяларын қазақ ауылында жиырманшы-отызыншы жылдардың өзінде жүзеге асырып тастаймыз деген әсіренкілік бұрын-соңды көрмеген қасіретке әкеліп соқтырды. Дәстүрлі шаруашылық жүргізудің негізі болып табылатын мал шаруашылығы толықтай қирап тынды.

Демографиялық апаттың ауқымы бәрінен де сұмдық болып шықты, 1929-1933 жылдардағы аштықтан, соған байланысты індеттен қайтыс болған, шет жерге көшіп кеткен қазақтардың саны әлі күнге анық болмай тұр. Айтушылар бұл жылдарда опат болғандар санын 1 миллион 750 мың мен 2 миллион 200 мың деген сандардың арасын айтады. Демек, ұжымдастыру барысында осы елдегі негізгі этностың 42 пайызы мен 49 пайызы аралығында құрбан болған.

Аштық жылдарында 1 миллион 30 мың адам республикадан шет жерлерге көшіп кетті, олардың 616 мыңы қайтпай қалды.

Мемлекеттің тезге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жұртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбайтындар көбейе түсті. 1929–1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері Созақ, Ырғыз, Ақсу,

Абыралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер еді. Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды.

Бұған сол жылдарда республикада кеңінен қанат жайған сталиндік жаппай жазалауды қосу керек. Оның барысында қазақ мәдениетінің, ғылымы мен білімінің аса көрнекті өкілдері атып-асылды, лагерьлерде көзі жойылды.

Дәл бүгінгідей күні 1937-1939 жылдардағы жазықсыз жазалаудың құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердиевті, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мұхамеджан Тынышбаевты, Мағжан Жұмабаевты, Санжар Асфандияровты, Ораз Жандосовты, Тұрар Рысқұловты, Сәкен Сейфуллинді, Ілияс Жансүгіровті, Бейімбет Майлинді, Сұлтанбек Қожановты тағы басқа да мыңдаған адамдарды еске алмау мүмкін емес.

Социалистік утопияны жүзеге асырамыз деп әлектенген большевиктік эксперимент қазақ халқын осындай күйге түсірді. Алайда халықтардың тарихындағы сол бір қасіретті, қанқұйлы кезең туралы сталиндік режимнің тұсында да, жеке басқа табынушылықты әшкерелеген жылдарда да ешкім тіс жара алған жоқ.

Тоқырау жылдарында мұны ешкім ауызға алмады. Кешегі кезеңді боямалап көрсетуге бейім тұрғандар қазір де ол күндерді ұмытуға тырысады. Бірақ ол күндерді ұмыту дегеніміз қанды режимнің миллиондаған құрбандарының аруағын қорлау деген сөз.

Социализмнің бұдан кейінгі «ұлы» құрылыстары аса ауқымды экологиялық апатқа — Арал трагедиясына әкеліп соқтырады. Әскерилердің әсіреңкі әрекеттері Семейдегі, Қазақстанның өзге де аймақтарындағы қасіретке ұласты.

Қазақ халқы мен қазақ жері ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейін

алдымен Ресей, содан кейін кеңес империясының отарлық шылауы болып келді.

Ондаған жылдар бойы айтылмай келген тарихи шындық тұжыра айтсақ осындай.

КСРО-ның батыс бөлігі жауда қалған Екінші дүниежүзілік соғыс, Батыспен теке тіреске түскен «қырғи қабақ соғыс» кеңес үкіметінің экономикасын бір жерге шоғырландырмай, елдің шығыс бөлігінің де өлеуетін дамытуға мәжбүр етті. Көбіне-көп шикізат өндіру мен өңдейтін кәсіпорындар салынды.

Қазақстан басқа аймақтарға минералдық шикізат шығарып, жаппай экологиялық зиянды өндіріс республикасына айналды.

Соғыстан кейінгі жылдары екпінді құрылыстар салғанда да коммунистік басшылық осындай жымысқы саясат жүргізді.

Біз мемлекеттік тәуелсіздікке көп ұлтты және көп дінді күрделі құрамда жетіп отырмыз. Сондықтан да, тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап, барлық ұлттар адамдары арасындағы теңдікті, туысқандықты, достықты және бірлікті өз саясатымыздың өзегі қылып ұстандық. Ол «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталатын біздің Ата Заңымызға да жазылып, болашақ дамуымыздың да негізі болып саналады.

Біз өз халқымыздың тарихын шындыққа адалдық тұрғысында айтып отырмыз. Бірақ бұдан қосымша астар іздеудің қажеті жоқ. Қазақстандықтардың бүгінгі көзі тірі ұрпақтары — біздің еліміздің азаматтары. Осы бәрін де ұқтырады.

Қазіргі Ресей, патшалық Ресей, Кеңес үкіметі — әрқайсысы әр сипатты мемлекет. Қазақстан көршілерінің бәрімен де, оның ішінде, Ресеймен де достық және ынтымақтастық жөнінде келісімшартқа отырды. Оны бұлжытпастан орындаймыз.

Жаңа Қазақстан, өз мемлекеттігін орната отырып, күллі адамзаттық қауымдастықпен тату-тәтті өмір сүруді, өз ішінде ұлтаралық ынтымақты нығайтуды көздейді.

Бірақ біз бұл туралы тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында ғана емес, бұл істе белгілі бір өкімет билігі жүйесі алпауыттарының ерік-жігерін атқарушы болып келген қарапайым адамдардың ешқандай кінәсы жоқ болуы себепті де айттып тұрмыз. Сол жылдардың қатынастарын Қазақстан достық пен ынтымақтастық қатынастарын орнатып отырған, демократияға қарай қадам басып келе жатқан бүгінгі Ресейге ойсыз, бейғам түрде ауыстыра салмауға тиіспіз.

Оның үстіне орыс халқымен қатынастарды отаршылдау кезеңінің өлшемдеріне қарап құруға тиіс емеспіз. Қазақтардың ол халықпен тарихтың небір аумалы-төкпелі қиын-қыстау кезеңдеріне қарамастан туысқандық пен сенімнің шынайы қатынастары қалыптасқан болатын. Осы қатынастарды қазіргі заманның ақиқат шындықтарын ескере отырып нығайту екі халықтың түбегейлі мүдделеріне сай келеді.

Біз бүгін тағы бір датаны — 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығын да атағалы отырмыз. Сол бір жан күйзелтер күндер мен түндерде болған оқиғалардың кездейсоқ еместігі әуел бастан-ақ айдан айқын еді. Алайда ол оқиғалардың ауқымы мен тарихи мән-маңызын біз уақыт өте келе ғана толығырақ пайымдай алдық.

1986 жылғы желтоқсанда Алматы ұлт мәселесін шешудің социалистік доктринасының күлі көкке ұшқанын айдай әлемге әйгіледі. Біз бүгін таптық сезім ұлттық сезімнен басым тұрады деген тұжырымға арқа сүйеген кез келген доктринаның түптің түбінде аяғы аспаннан келмей қоймайтындығының

басын аша айтуымыз, айқын ұғынуымыз қажет. Кәдімгі айта беретін кеңес халқы дегеннен «аға халықтың» ерекше орны бар-мыс дегенге дейінгі талай аңыздар шынтуайтқа келгенде ұлттық сезім мен ұлттық сананы езіп-жаншудың талай жылға созылған жымысқы саясатын бүркемелеп тұратын бетперде ғана болатын.

Ұлт мәселесін шешудің тоталитарлық тәсілдері тұңғыш рет Қазақстанда сыр берді. Шығыс Еуропада өз алдына мемлекеттер құрып отырған Венгриядағы 1956 жылғы, Чехословакиядағы 1968 жылғы ұлттық бой көрсетулердің өзі дәрекі күш қолдану арқылы басып тасталған еді. 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ халқын ұлтшыл деп байбалам салған айыпты режимнің өзі алып тастауға мәжбүр болды.

Аңызбен апталып, қалыппен қапталған ұлттық сана-сезім соғыстан кейін алғаш рет саяси іс-қимылға айналды. Ашықтан-ашық саяси қарсы шығудың мұндай жана үлгісі бүкіл Кеңес Одағындағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың дамуына орасан серпін бітірді. Тбилисидегі, Бакудегі, Киевтегі, Вильнюстегі, Мәскеудегі, елдің басқа да қалаларындағы осы тектес оқиғалардың барлығы Алматыдан кейін болған еді.

Ескі саяси жүйенің аясында да тізгін үзуге болатындығы айқын көрінді.

Әрине мемлекетте демократиялық процестердің мұндайлық қарқынмен өрістеуінің басқа да сан түрлі себептері бар. Дегенмен, бұл істегі негізгі тетіктің бірін өздерін басқаның айтқанынан шықпайтын құлақкесті орындаушылар емес, азаттыққа жаны құштар ата-бабаларының мұрагерлері деп сезінген қазақ жастарының қозғап жібергендігі даусыз.

Сондықтан да өзінің туған мемлекетін оңды-солды сынап сөйлейтіндердің кейбірі тәуелсіздік өзі келіп қолымызға қона қалды деп көкіп жүрген

бүгінгі күндерде мен тәуелсіздік жолында халқымыздың сан ғасырлар бойы күресіп келгенін, осыдан дәл он жыл бұрын өрімдей жастар Тәуелсіз Қазақстан үшін қан төккенін арамыздан шыққан мәңгірттердің есіне әдейі сала кетпекпін.

Бүкіл қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетін аспандатқан азаматтардың аруағын, ең алдымен, жастарымыздың батыл да қалтқысыз іс-әрекеттерін ардақтай отырып, мен жастай қыршынынан қиылған есіл ер Қайрат Рысқұлбековке біздің еліміздің ең жоғары наградасы — «Халық Қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бүгін бесжылдығын тойлап отырған біздің тәуелсіздігіміз, қазақ халқының талай ғасырлар бойғы тарихындағы миллиондаған жандардың еркіндік жолындағы күресінің, төгілген қанының өтеуі. Біз Екінші дүниежүзілік соғыста Отан мүддесі жолындағы қаза тапқан жүздеген мың отандастарымызды да ұмыта алмаймыз. Сол жолда шейіт болған бабаларымыздың аруағына бас иіп, қолдай гөр деп орындарымыздан тұрып еске алайық!

1997 жылы Сталин жүргізген қайғылы жаппай жазалауға 60 жыл толады. Осы алдымыздағы жылды тоталитарлық жүйенің құрбаны болған барлық бабаларымызды еске алып, елдің басын біріктіретін жыл ретінде атап өткен дұрыс деп санаймын.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің саяси және экономикалық негіздері

XX ғасырдағы ең тамаша тарихшылардың бірі былай деген еді: «Империяларға, корольдер мен саяси режимдерге бөліп-бөлшектеуге жұрттың неге құмар болатынын түсіну оңай. Мұның астарында өкімет билігінің белгілеріне баяғы дәстүрлер бойынша берілер марапат қана тұрған жоқ.

Уақыт өлшемінде белгілі бір оқиғаның нақты анықталған орны, жылына, тіпті күніне дейін көрсетілген уақыты болады.

Дегенмен, дәлме-дәлдік деген ойдан шығарылған тәңірге табынбай-ақ қоялық. Әлеуметтік құрылымның, экономиканың, наным-сенімнің, ойлау жүйесінің өзгеріске түсуін хронологиялық тар аяға сол күйінде енгізе қою мүмкін емес».

КСРО-ның құлауы — бір күнде, тіпті бір айда жүзеге асты деп кесіп айта қоятындай оңай оқиғаға жатпайды. Мен бұл кезеңге өз бағамды мұнан бұрын айтқан болатынмын.

Уақыттан өткен әділ қазы жоқ. Қазірдің өзінде бұл оқиға ерекше қуатты державалардың бірінің экономикалық, геосаяси, идеологиялық тұрғыдан стратегиялық жеңілісі болғандығы талас тудырмайды. Әрине КСРО-ның құлауының себептерін сөз еткенде, геосаяси бәсекелестің қатаң қысымы да бар екенін байқамау үшін барып тұрған идеалист болу керек шығар. Бірақ мұны ешкім жасырып жауып та жатқан жоқ. Солай бола тұрса да, негізгі себеп — жүйенің іштей ірігені еді.

Бұл арада, ең алдымен, экономиканың бүгінгі заман талаптарына сай еместігін айту шарт. Кеңестік жүйенің қирауының алдындағы хал-ахуалын көзге елестету үшін ұзыннан-ұзақ шұбатылып жататын кезектерді, талон-карточкасыз ештеңе берілмеуге айналғанын, құны кетіп, қадірі қашқан ақшаны еске алсақ та болады. Экономиканың әбден тұралауы жаппай зат алмасуға әкеліп соқтыратын еді. Кешегі Одақтың көптеген аймақтарында азаматтық және ұлттық қақтығыстар жүріп жатқан сол тұста Қазақстан экономикалық құз шатқалға құлап кетудің аз-ақ алдында тұрған еді, мұның аяғы неге соқтырарын болжау қиын болатын.

1993 жылдың соңына дейін біздің өзіміздің экономикалық саясатымыз болған жоқ. Бюджетті жоспарласақ та, инфляцияға қарсы шараларды, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын ойластырсақ та біз күннен-күнге «семіп» бара жатқан сол баяғы сомға қарайлайтынбыз. Оның үстіне бәріміз бір «қаржы қайығына» мінгесіп алғаннан кейін жеріне жете ойластырылмаған ырықтандыру бағдарламасына амалсыздан қосылдық. Енді бүгін мына жайды ашық айтуға болады: біздің жас мемлекетімізге апат қаупі анық төнген еді. Сол апаттан бізді КСРО құламай тұрып бірқатар ең тиімді өндіріс салаларын өз бетінше қызмет етуге бейімдеп алғанымыз ғана сақтап қалғанын атап айтқым келеді. Президенттік билік институтын енгізу жөніндегі шешіміміздің маңызы да мұнан кем болған жоқ. Бұл арқылы сондай күрделі жағдайда өкімет билігін орнықты ұстап, мемлекетті басқару тетігін қолдан шығармадық.

Тарихи таңдау жасаған кезеңде еркіндік аясы неше түрлі қисындардағы құрғақ қиялға құрылған кеңістіктерден әлдеқайда тарлау болып келеді. Осы онжылдықтың екінші бөлігінде: «шын мәнінде нарықтық реформалар стратегиясына балама жол болды ма?» деп сәуегейситіндер көбейе бастады.

Әрине болды. Бұл арада алдымен баяғы «бұйрық соқпағына» түсіп тарта беруді айтар едік, ал оған түссек, бұл соқпақ талон-карточка жүйесіне біржола көшіріп, жұртшылықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық ынталылығынан біржола айырылып тынар едік. Бұл баламаңыз бейберекеттікке, мемлекеттің құлауына соқтырар еді.

Бейберекеттігі мұнан кем соқпайтын тағы бір жол бар болатын. Ол жол — экономиканы жүз, екі жүз немесе бес жүз күн ішінде ерекше революциялықпен ырықтандыру еді. Қазақстан жағдайында бұл өндірісті

басқарудан толықтай айырылып қалуға апаратын қауіпті жол болатын. Бұғанасы қатпаған мемлекетіміз мұндай сілкіністі көтере алмайтын.

Революцияны алысұшпа албырт жандар жүзеге асырады, ал реформаны бәріне байышпен қарайтын ақылды жандар жүзеге асырады. Біз елімізді эволюциялық даму арнасына салып, іргелі институттық реформаларды табанды түрде жүргізе алдық.

Бүгінгі әлемде бұған дейін ойлап табылғанды қайта ойлап табудың қажеті жоқ. Біздің стратегиямыз экономикалық трансформацияны ойдағыдай жүзеге асырған елдердің классикалық тәжірибесіне арқа сүйейді. Дегенмен, өзгенің істегенін айнытпай қайталауға да болмайды.

Ал жаңғыртудың Түркиядағы, Оңтүстік Кореядағы, Қытай мен Мексикадағы тағы басқа елдердегі талай-талай үлгілері қатаң қалыпқа салмай, белгілі бір жағдайға бейімдеп жүргізілген жұмыс өз жемісін беретінін дәлелдей түседі.

Қазақстанда бүгінгі күні болып жатқан оқиғаларды бағамдау үшін Робинзон Крузоның психологиясынан арылу шарт. Біз адам мекендемейтін аралда емес, қым-қуыт тірлікке толы ашық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Жас мемлекет өлшемдердің бүгінгі жүйесінде өз орнын таба білуі керек. Оқиғалар ауқымының кереметтей кеңеюі Қазақстандағы ішкі экономикалық және саяси процестерге ықпал етпей әрі өте нақты ықпал етпей қоймайды.

Бүгінгі әлемге біз ондаған жылдар бойы өзімізбен-өзіміз болып, томаға-тұйық күй кешкен күннен келіп отырмыз. Өз бетімізбен, талай жерге сүріне-қабына жетіп отырмыз, бірақ осылай етпесек, онда біржола тоқырап, артта қаламыз. Біз онсыз да бұл істі кешігіңкіреп қолға алдық. Енді баяуласақ, осы қалғанымыз — қалған.

Қазіргі хал-ахуалымызға баға бергенде, біз кешегі күннің қатаң қалыптарынан шығып, жалпы қабылдаған өлшемдер бойынша ой түюге тиіспіз.

Алайда экономикалық даму үлгісін таңдау өткен бесжылдықтың басқа бір маңызды құбылысын ескермеуге апарып соқтырмауы керек, ол құбылыстың мәні — ХХ ғасырдың соңындағы ұғымдарға сай келетін төл мемлекетімізді құру.

Он сегізінші ғасырдың жасыны жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай армандап өткен, мұң-шерге толы он тоғызыншы ғасырда Кенесарыны мерт еткен, жаппай қырып-жоюдың қарсаңында Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ. Ол арман-аңсардың барлығы да «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде — 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында жүзеге асты.

Осы бес жылда біз толыққанды тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандарына ие болып үлгердік. Азаматтық институтының маңызын ескере отырып, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін төрт күн өткен соң «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заң қабылдадық. Бір ғана 1992 жылдың өзінде мемлекеттің төл күш-құрылымдары — әскери күштер, Республикалық ұлан, ішкі және шекара әскерлері құрылды. 1993 жылдың сәуір айынан бастап біз ұлттық тарихымызда тұңғыш рет төл Әскери-Теңіз Күштерімізді құруға кірістік. Сөйтіп, жас мемлекеттің қорғаныс және қауіпсіздік жүйесін құру ісі аяқталды. Елдің жаңа мемлекеттік рәміздері қабылданып, төл наградларымыз тағайындалды.

Бұл істің соңғы нүктесі 1993 жылғы қарашаның 11-інде Қазақстанның өзінің ұлттық валютасы — теңге енгізілген күні қойылды.

Осынау бес жылда елдегі саяси-құқықтық жағдаят түбегейлі өзгерді. Мемлекеттілікті қалыптастырудың мән-маңызы айрықша белесі артта қалды.

Қазақстан әлемдік қоғамдастық түгел таныған мемлекетке айналды. Президенттік басқару нысаны біржола қалыптасты. Демократиялық институттар мен принциптерді бекіткен жаңа Конституциямызды қабылдадық. Негізінен алғанда, елдің жаңа тұрпатты құқықтық жүйесі қалыптасты. Мемлекет өмірінде өкімет билігін бөлу принципі нақты жүзеге асты, соның арқасында билік құрылымдарының өзара іс-қимыл жасау мәселелері өркениетті жолмен шешім тапты.

Мемлекеттің біртұтастығы және оны басқарудың тиісті деңгейі қамтамасыз етілді. Мемлекет құру тәжірибесі мемлекеттік институттардың өміршеңдігіне, Қазақстандағы реформалардың жедел жүруіне кепілдік беретін іргетас — елдің біртұтастығы екендігін көрсетіп берді. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін мемлекеттің біртұтастығына нұқсан келтірмейтіндей етіп жөнімен шешудің де жолы табылды.

Осы бес жыл бойында біз көптеген мәселелер бойынша ымыраға келу жолымен жүріп отырдық. Конституциялық құрылыс мәселелерінде де біз дәл осылай еттік. Мұның өзі түсінікті жайт. Өйткені, үлкен саясат дегеніміз, «ұлы мәртебелі ымыра» мен басты саяси шешімдердің кейде адам айтса нанғысыз, кейде қисынға келе бермейтіндей қосындысы, құйындысы болып келеді.

Алайда ымыраның да ымырасы бар. Мемлекеттік құрылым мәселелерінде ақтап алғысыз босбелбеулік пен көңілжықпастық мемлекеттік билік тетіктерінің ойдағыдай жұмыс істемеуіне әкеліп соқса, тілдердің мәртебесі, Қазақстан мемлекеттігінің табиғаты мен жерге жеке меншікті енгізу мәселелерінде ымыраға келу ауадай қажет болды. Осы іргелі мәселелер біздің тәуелсіздігіміз жариялануынан бес жыл өткеннен кейін лайықты конституциялық шешімін тапты.

Соңғы бес жыл ішінде жүргізіліп жатқан реформалардың құқықтық негізі жалпы алғанда қалыптасып үлгергенімен, мұның өзі азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғауға, отандық тауар өндірушіні қолдауға, шетел инвестицияларын тартуға неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға, қылмысты ауыздықтауға, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға қызмет ететін ұғынықты да әділетті заңдарды қабылдау қажеттігін күн тәртібінен түсірмек емес. Елдің құқықтық және экономикалық жүйесінің даму келешегін дәл осылайша болжайтыным менің Қазақстан халқына Жолдауымда баяндалған.

Неміс философы Лейбниц туралы айтылған: «Ол не нәрсенің де дәл анықтамасын береді, бірақ сол айтқан анықтамасы сөзбен ойнайтын тұстарда әлгіндей еркіндігінен айырылып қалады» деген сөз бар екен. Сыртқы саясат та дәл сондай сала, мұнда анықтама-ны дәл беру ерекше қажетті.

Бес жыл бұрын Қазақстан дербес сыртқы саясат жүргізуді тақыр жерден бастаған болатын. Рас, КСРО-ның тұсында да бізде Сыртқы істер министрлігі бар еді, бірақ республиканың сол министрлігін нағыз сыртқы саясат мекемесі деп атау тым жөнсіздеу болады. Осы жылдарда халықаралық ынтымақтас-тықтың толық келісімдік-құқықтық негізі жасалды. Осы кезеңде шет елдермен және халықаралық ұйымдармен барлығы 800-ден астам құжатқа қол қойылды. Сыртқы саясат саласындағы жаңа тари-хымызда Қазақстан аумағындағы ядролық қару-жар-ақтың тағдырын шешкен ерекше бір сәттер де болды. Бұл жөніндегі шешім оңайлықпен қабылдан-ған жоқ, сол бір күндердің шиеленісті жағдайы — тарихшыларымызды толғандырардай тақырып.

Алайда неше түрлі жобалардың арасынан, олардың ішінде отандық «геосаясатшылардың» қиял жетпестей ұсыныстары да бар, біз бірден-бір дұрыс

шешімді таба алдық, мұның өзі, сөз жоқ, еліміздің халықаралық беделінің артуына септігін тигізді.

Біз қазір Қазақстанның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығына әлемдегі ең ірі державалардың кепілдігін алып отырмыз. Қолымызда Америка Құрама Штаттарымен Демократиялық серіктестік туралы хартия, Ресей Федерациясымен келісімдердің тұтас бумасы бар. Осы жылдарда біз Қытаймен арадағы шекара мәселесін шешуге қол жеткіздік. Кеңес дипломатиясы ондаған жылдар бойы бұл міндеттің үдесінен шыға алмай-ақ кетіп еді.

Бауырлас үш халықты байланыстырған Орталық Азия одағымен ерекше қарым-қатынас қалыптасты. Кейінгі жылдарда түркі тілдес мемлекеттердің тоталитарлық томаға-тұйық жүйе кезінде үзіп тастаған экономикалық, саяси диалогы қалпына келтірілді, бұл істе біздің құрметті мейманымыз — Түркия Президенті Сүлеймен Демирельдің зор еңбегі бар. Мұның өзі әлемдік саясатта үстемдік алып тұрған фактор, Қазақстан осы бағыттағы біріктіруші байланыстардың нығая түсуін белсенді түрде жақтайды. Біз, сондай-ақ араб әлемімен мәдени, іскерлік ынтымақтастықты кеңейтуді де қолдаймыз.

Республикаға ірі көлемде шет ел қаржысы келе бастады. Алайда бізде сарыуайым сапырып, өз егемендігімізді шет ел инвестицияларына сатып жатырмыз деп пайымдайтындар да бар. Алайда бұл жекешелендіру үрдістерін жандандыру және экономиканы көтеру мақсатымен жасалып отырған жоқ па.

Ендеше, әлгіндей ойлайтындардың мынадай қарапайым жайды түсіне алмағаны ма: өзінің қаржысын Қазақстанға салған инвестор ұзақ уақытқа деп есеп жасайды, мұның өзі басқа жақтарын айтпағанның өзінде, біздің тәуелсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызға берілетін қосымша кепілдік емес пе. Осы соңғы

жылдар ішінде жан-жағымызда қолайлы сыртқы саяси орта қалыптасқаны ішкі реформаларды жүзеге асырудың аса маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Біз о бастан-ақ Қазақстанның сыртқы саясатын көп тармақты етіп құрған болатынбыз. Өткен бес жылдың тәжірибесі, мұның өзі Қазақстанның геосаяси жағдайына әбден сәйкес келетінін көрсетіп берді.

Құрметті отандастар!

1990 жылдардың бірінші жартысы кейбір жылдар кәдімгі тарихтың ондаған жылына татиды деген ежелгі ойдың әділ екенін дәлелдеді. Уақыттың жүрдек ағымы «интеграция» терминінің мазмұнын да өзгертіп жіберді. Алғашқы кезде Қазақстан бұл орайда кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте бұрыннан қалыптасып қалған экономикалық, саяси, сондай-ақ кәдімгі адамдық байланыстарды сақтап қалу қажеттігін алдымен айтатын.

Көптеген қайраткерлердің ақыл-есі, өкінішке қарай, саяси конъюнктураға сәйкес кейде кіресілі, кейде шығасылы болып тұратыны бар. Сондықтан да Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру идеясы, ең алдымен, Қазақстанның сындарлы бағытының арқасында аман қалғанын сондайлардың есіне сала кеткім келеді.

Алайда сол алғашқы кезеңнің өзінде-ақ біз жаңа интеграциялық құрылымдарды құруға қатыстық, олардың арасынан Экономикалық Үлгімақтастық Ұйымын және Орталық Азия одағын бөле айтуға болады.

Қазақстан Еуропаның Қайта құру және даму банкісінің, Азия Даму банкінің мүшелігіне өтті, НАТО-мен, Еуропа Одағымен, сондай-ақ Ислам Конференциясы ұйымымен қарым-қатынасын жолға қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылғаннан

үш жыл өткеннен кейін осы құрылымның сөзге бейімделіп бара жатқанын байқап, оған тың серпін беру қажеттігіне көзіміз жетті. Қазақстан Еуразия Одағын құру жөнінде үлгілі бастама көтеріп, ұсыныс жасады. «Қалғып» бара жатқан Достастықты бір сілкінткен жай осы болды. Біздің үлгілік жобамызда көзделген идеялардың көпшілігі кейіннен екі жақты, көп жақты шарттар нысанында жүзеге асты. Мұның өзі экономикалық салада, кеден одағын құруда, азаматтық мәселелерін шешуде нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Өтіп бара жатқан ғасырдың соңында «интеграция» ұғымының мәнін салиқалы түрде қайта пайымдап алмасақ болмайды.

Біріншіден, біз ешқандай идеологиялық, діни немесе өркениеттік аңыздар мен өлшемдерге артықшылық атаулыны қабылдамаймыз. Басты өлшем — тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасының ұлттық-мемлекеттік мүддесі.

Екіншіден, біз қай істе де прагматизмді ұстанамыз. Иә, тарихтың ұлы ұстаз екені рас, дегенмен мәңгі-бақи оның аясында қалып қоюға болмайды. Біз өткенді көксей бермей, Еуразия кеңістігіндегі тарихи байланыстарымызды жаңаша сипатқа көшіруіміз керек.

Үшіншіден, әр түрлі интеграция құрылымдарында болып көргендегі тәжірибеміз бүгінгі таңдағы интеграцияның әмбебап принциптерінің артықшылықтары мол екенін дәлелдеп отыр. Бұл принциптер — теңдік пен еріктілік. Күштеп біріктіру деген «империялардың қаңқасын құрап» жүретіндердің сандырағында ғана қалған.

Төртіншіден, интеграция эволюциялық жолмен дамыса ғана сенімді болмақ. Революциялық оқыс сілкіністер, аяқ астынан біріге қалу, байыбына бармай

жатып конфедерация құра салу сияқты қадамдар қалыпты және табиғи дамып келе жатқан процеске тек залал келтіруі мүмкін.

Ақыр аяғында, бір бағыттағы интеграция қадамдары басқа бір бағыттағы қадамдардан бас тартуға соқтырмауға тиіс.

Бүгінгі әлемде аймақтық одақтардың неше түрі бар, олар сонысымен де мықты болып отыр. Мұның өзі Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделерімен әбден орынды қабысады.

Рас, реформа қазірше өзінің артықшылығын барлық қазақстандықтарға дәлелдеп үлгерген жоқ. Бізге бюджетке қарайтын саланы қаржыландыруға, тұрмысы нашар адамдарды, мүгедектерді, зейнеткерлерді қолдауға, ескірген өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, қорғаныс қабілетін ойдағыдай деңгейде ұстауға қыруар қаражат керек. Бізге жер қойнауындағы қазыналарымызды сыртқа алып шығып, мемлекет мүддесіне жарату үшін жаңа, экологиялық таза және ғылымға негізделген өндіріс жасау үшін ғаламат күш-қуат жұмсау керек.

Дегенмен біздің еліміздегі өзгерістердің стратегиялық бағытын айқындап келген және алда да айқындай беретін ортақ қағидалар бар. Сол қағидаларды берік ұстана білу — реформаның жемісін бүкіл халық көретіндігінің кепілі.

Ең алдымен, реформалар саяси тұрғыдан қолдауды қажет етеді. Басқаша айтқанда, реформалардың экономикалық жағынан орынды болуы жеткіліксіз, олар саяси жағынан қорғалуы да шарт.

Бұған қоса реформаларды тез жүргізу керек. Тез жүргізген соң халыққа онша жаға бермейтін шаралар болмай қоймайды. Ал жай жүргізу — адамдардың тұрмысын жақсартуды баяулату деген сөз. Демек, бұлай асықпаудың әлеуметтік құны да арта түседі.

Реформалардың жақсы жемісін адамдар өздерінің күнделікті өмірінен нақты сезінуге тиіс. Қоғамның үміті үзілмеуі қажет. Иә, бүгінгі таңда көптеген қазақстандықтар жаңа саяси және экономикалық жағдайларға әлеуметтік бейімделу кезеңінен өтіп болып қалды. Көптеген адамдардың ашып алған өз кәсібі бар. Өнеркәсіп орындарының бірқатары шаруашылық жүргізудің жаңа тиімді түрлерін тауып үлгерді. Ендігі жерде сонда жұмыс істейтін адамдар реформаларды тежеп, кешегі күнге қайтып оралуды әсте де қаламайды. Алайда тәуелсіздігіміздің жаңа бесжылдығына және өзіміздің қаржы-ақша жүйеміз жұмыс істей бастағалы бергі төртінші жылға аяқ баса отырып, біз нарықтық өзгерістердің әлеуметтік әсері қалың жұртшылықтың көпшілігіне тиетіндей болуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Ақырында, реформаларды жүзеге асыра отырып, принципті мәні бар мәселелер бойынша келісімпаздыққа салынуға болмайды. Келісімпаздық саясаты реформаны жүргізушілердің өзіне келісімге келіп отырған саяси күштердің тарапынан қолдауды да, тіпті бейтарап қарауды да кепіл ете алмайды. Өзгерістердің ең басты өлшемдерінің бірі деп біз саяси өлшемді айтуымыз керек. Қазіргі таңда ол өлшем өзгерістердің жүзеге аспай қоймайтыны болуға тиіс. Нағыз оппозиция болуы керек, оның болғанының өзі жақсы да. Оппозиция — демократияның бір белгісі.

Сондықтан да біз барлық саяси күштерді сындарлы диалогқа шақырамыз, сонымен бірге мұндай әңгіме өткізудің шарты заң шеңберінде саяси іс-әрекет жасау екенін еске саламыз. Бұған қоса, Конституцияға қарсы келетін іс-қимыл жасауға шақыратындарға байланысты ұстанатын біздің бағытымыз да айнымақ емес — мемлекет заңды саналы түрде бұзып, саяси және материалдық ұпай жинап қалғысы келетін, қоғамның негіздерін шайқалтпақ болған арандатушыларға төзіп отыра бермейді.

«Бүгінгі күннің байыбына уақыт өте келе ғана баруға болады» деген сөздің мәніне зер салатын күн жеткен сияқты. Қазір болып жатқан өзгерістердің және алдымызда тұрған мәселелердің ауқымын бағамдау үшін бүгінгі күнге кешегімен салыстыра отырып көз тастау қажет. Жалақы мен зейнетақының уақтылы төленбеуі, коммуналдық қызмет саласындағы қиындықтар, бюджетке қарайтын әлеуметтік салалардың проблемалары, тағы басқа мәселелердің барлығы да таяу жылдарда өз шешімін табады. Сонда бүгін біз негізін қалап жатқан нәрселердің арасынан принципті маңызы ерекше деп нені айтқан жөн? Келешек дегеніміз келеңсіздіктерден арылған бүгінгі күн деген сөз бар. Бүгін не істесек те соның бәрі болашақ дамуымыз үшін негіз жасауға арналады. Біз басым бағыттардың басын ашып алып, болашақ туралы телеэкранға немесе газет бетіне үңіле қалған білігі кемшін кейбіреулердей емес, сол басым бағыттар биігінен ой толғауымыз керек.

Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалудан маңызды міндет болмақ емес. Қазіргідей күрделі жағдайда өзінің қорғаныс құрылысын жүргізіп жатқаны, ол істі барлық қиындықтарға қарамастан жалғастырып отырғаны әлдебіреудің ойына түсе қалған нәрсе емес, мәні терең өмірлік қажеттілік екендігін болашақ ұрпақтарымыз бағалай жататын болады.

Соңғы жылдардың бәрінде Қазақстан қолданып келген саяси құралдардың бай арсеналы да идеализм атаулыдан ада екенін баса айтуымыз керек. Мұның барлығы да тәуелсіздік пен аумақтық тұтастықты нығайтудың құралы. Біз ынтымақтастық процестерін де осы тұрғыда қарастырамыз. Осы кезеңде біз үшін экономиканы кең көлемде нарық жағдайына көшіру де өте маңызды. Нарықтың өзі, әрине түпкі мақсат

емес, ол бізді дерт біткеннің, әлеуметтік мұқтаждық атаулының бәрінен құтқара да қоймайды, бірақ дәл бүгін тиімді экономика қалыптастырудың бұдан басқа жолы жоқ. Мұндай экономикасыз Қазақстанның нағыз тәуелсіздігі де болмайды, адамдарымыздың тұрмыс-тіршілігі де оңала қалмайды.

Осы арада мына бір тақырыпта ой қозғасам деймін. Келмеске кеткен кешегі күнімізге қайтып оралуға шақырып жүргендерді, нарық ұлттық дамуымызға қауіп төндіреді дейтіндерді, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды бөз баяғы қалпында сақтап, тұмшалап ұстауды талап ететіндерді нағыз отаншылдар деп санайтын жаттама сөздер, меніңше, қазір соны айтатын адамдардың өзін де жалықтыра бастаған сияқты.

Ұлттың, мемлекеттің мүддесін қыздырмалы қызыл сөзге қия салмай, осы іспен күнбе-күн, білек сыбана айналысатын адамдар егер біз әлемдік рыноктың қатаң талаптарына бейімделе білмесек, Қазақстанның тәуелсіз экономикасы да болмайтынын әлдеқашан ұғынып алды.

Демократиясы дамығалы, нарықтық институттары орнағалы бір жарым ғасыр өткен дәулетті елдерде халық еркінрек, жағдайы бізден гөрі жақсырақ, әлеуметтік бағдарламаға келгенде де бізден гөрі жомарттау екен деп қырық қайталап айта бергеннен ештеңе шықпайды. Оған біз де жетеміз, бірақ ондай аңсарлы күн бүгін де, ертең де орнай қалмайды. Оған қол жеткізу үшін бұдан бес жыл бұрын ешкім де көзге нақты елестете алмайтындай принциптерге негізделген толыққанды экономиканы қалыптастыруымыз керек. Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда мемлекеттің де игілігі артады. Сондай-ақ әркім осы күрделі кезеңде өз еліне қол ұшын беруге ұмтылуға тиіс. Бүгінгі таңда масылдыққа еш жерде де орын болмауға тиіс. Игілікке кенелу туралы айтпас бұрын алдымен нақты бір нәрселерді жасап алу керек.

Біздің стратегиялық мәні бар басым бағыттарымыздың бірі — ұлтаралық келісім. Біз ұлт мәселелерін шешуге біртіндеп, абайлап кірісуді жақтаймыз. Осылай еткеніміздің жемісін көріп те отырмыз. Бұл — жеке адамның пікірі емес. Мұны әлеуметтік, атап айтқанда, көші-қон статистикасы, басқа да көптеген зерттеулер қуаттайды. Экономикадағы елеулі қиындықтар тұсында, саяси-құқықтық салада түбегейлі өзгерістер жасап жатқан кезде бізде ұлтаралық қақтығыстар болмағаны осы жылдардың маңызды нәтижелерінің бірі ғана емес, мұның өзі болашаққа берік негіз қалайтын жай. Кеңес өкіметі тараған кеңістікте ұлт мәселесін күшке салып шешеміз деген тұста әрдайым жүздеген, мыңдаған адамның қаны төгіліп отырғанды. Өкінішке қарай, бұл кездейсоқтық емес, заңдылық. Қит етсе күш көрсетеміз деп үркітіп, ұлт мәселелерін тасалап, тұншықтырып ұстаған тоталитарлық жүйенің шаңырағы ортасына түскен кезде аса күрделі ұлт мәселесін реттеудің жаңа тәсілдеріне үйрену қажеттігі туындады. Бұл ғылымға алаңда айқайлаумен көзге түсіп, өкімет билігіне ұмтылып баққан талай адамдардың тісі батпай-ақ қойды. Бір халықты бір халыққа айдап салу оп-оңай. Ол кез келген жәдігөйдің қолынан келеді. Ал ұлт мәселесінде ондаған, тіпті кей тұста жүздеген жылдар бойы қордаланып қалған таптаурын түсініктер мен ұшқары ұғымдардан адамдар санасын арылта алу — көршінің терезесіне тас атқандай таңданарлық іс болмағанымен, ең бір ұсынақты зергердің шеберлігін қажет ететін қиын шаруа.

Біз мына позицияны айқын да табанды түрде ұстануымыз керек: Қазақстан барлық ұлттық мәселелер атаулыны өзінің жаңа тарихының алғашқы бес жылындағыдай бірте-бірте, тізеге салмай шешіп отыратын болса ғана қуатты да тәуелсіз, егемен, аумағы біртұтас мемлекет ретінде сақтала алады.

Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі — саяси тұрақтылық. Бұл — жай айта салған ұран сөзі емес. Бұл ұғымға ең алдымен осы өткен бес жылдың ішінде өмірге келген жаңа қоғамдық-саяси институттармен — билік тармақтарымен, партиялармен, мемлекеттен тыс бұқаралық ақпарат құралдарымен, тәуелсіз сот жүйесімен қалыпты өзара іс-әрекет ету жатады. Мұндай іс-әрекет салған беттен жемісін бере қалады деп үміт етуге болмайды. Дегенмен, осы жылдар ішінде жаңа саяси жүйенің құрылымдық әлеуеті жасалғанын да ескерген жөн. Бұл жүйе елдегі тұрақтылық негізгі саяси топтар қызметінің мақсаты мен ұстанар қалыбына айналғанда ғана ойдағыдай дами алады.

Бұл арада қоғамдық дамудың екі түрлі стратегиясын нақты көре білу шарт. Оның біріншісі — нарықтық экономика, құқықты мемлекет, дамыған азаматтық қоғам. Тұрақтылық этникалық әр алуан қоғамдарда ұлтаралық келісімге арқа сүйейді.

Бұл стратегияның баламасы қандай? Әміршіл экономика, тоталитарлық мемлекет, ұлтаралық қақтығыс па? Келісім мен тұрақтылықты қоғамдық дамудың бірінші үлгісіне ғана негіздеп құруға болады.

Тұрақтылық саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне көбірек сүйенгенде ғана сақталмақ. Осыдан біраз жыл бұрынғы күшке салып өткізілген саяси науқандарды да, бұрынғы кеңестік мемлекеттердің бірқатарындағы күш көрсетудің неге соқтырғанын да тез ұмытқандаймыз.

Иә, өздері тәңірдей тұтқан, өмір бойы сеніп өткен мұраттарының күйрегені, туысқандық, достық байланыстарының үзіліп қалғаны, тұрмыс деңгейінің бұрынғыдан нашарлағаны талай адамға оңай тиген жоқ. Одан да ашығырақ айтар болсам, жер-жерде қаулай жөнелген, біздің халқымыз бен мемлекетіміздің ерік-жігерінің арқасында ғана Қазақстанды шарпымай

өткен ұлтаралық қақтығыстардың аяусыз өртіне күйген адамдарға жаңа қоғамдық құрылысты жақсы деп дәлелдеу де оңайға түспейді. Сонда да мен бүгін қазақстандықтарға: сіздердің өздеріңіз жасаған таңдудың дұрыстығына күмән келтіретін арзымсыз саясаткерлердің сөзіне сенбес бұрын біздің қандай мұрадан бас тартқанымызды және неге қол жеткізгенімізді ой безбеніне салып көріңіздер дегім келеді. Халықтың ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсаған арманы жүзеге асқаны кімге зиян? Қазақстан бүгінде «КСРО-ның бір бөлігі» емес, жыл өткен сайын әлемдік қоғамдастықта беделі арта түсіп келе жатқан егемен мемлекет болып отырғаны кімге зиян?

Біздің жеріміздің қойнауындағы аса бай қазыналар алғаш рет Қазақстан халқына қызмет ете бастағаны кімге зиян? Біздің жерімізді адам өмір сүре алмастай уланған шөл аймаққа айналдырған өлім сепкіш қарудың сыналмайтын болғаны кімге зиян? Біздің жерімізде бейбітшілік пен тыныштық орнағаны, балаларымыздың Ауғанстанда, Таулы Қарабақта, Днестр өңірінде немесе Чешенстанда ажал құшпай жатқаны кімге зиян? Осының қадір-қасиетін білейік те, ағайын.

Біз туындап жатқан проблемаларда күш көрсетейік десек күшіміз жетпей жатқан жоқ, оған ешкім алаң болмай-ақ қойсын. Біздің Конституциямызда мемлекетті және оның демократиялық институттарын қорғаудың барлық жолдары көзделген. Қақтығыстарды күш қолданбай шешуді ұсынсақ, реформалар жүргізіп жатқан қазіргідей күрделі кезеңде бәтуаға келу ерекше қажет екенін ұғынғанымыздан деп білу керек.

Саяси тұрақтылықты аспаннан өздігінен түсе қалған сый секілді көруге болмайды. Ол саяси қарым-қатынастардың орнықтылығымен, қоғамдық дамудың дәйектілігімен тікелей байланысты. Сондықтан өкімет билігінің тармақтарының да, саяси қозғалыстардың да бұл туралы есте ұстағаны маңызды. Бар-

лық заңдарды, шешімдер мен іс-әрекеттерді олар қоғамның тұрақтылығы мақсаттарына сай келе ме деп сараптан өткізген жөн. Тек содан кейін ғана ол шешімдерді қабылдау керек. Ешкімнің де Конституция талаптарына қайшы әрекет етуге құқығы жоқ. Біз Негізгі Заңда айқындалған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермейміз.

Саяси қарым-қатынастардың орнықтылығын қамтамасыз ететін көптеген факторлардың арасында экономикалық тұрақтылықты, ұсақ және орташа меншік иелерінің тұтас бір буыны болуын, заңдардың қатаң орындалуын, әлеуметтік, ұлтаралық, сондай-ақ діни төзімділікті атауға болар еді.

Саяси тұрақтылықтың сақталуының негізгі шарты мықты экономика екенін біз жақсы түсінеміз. Біздің негізгі күш-жігеріміз алуан түрлі сауда-саттыққа ғана емес, дәл осы салаға жұмсалуды керек. Реформаларды жақтайтындардың қатарын жаппай көбейту — экономикалық қана емес, идеологиялық та міндет. Бізге қазір жартылай социалистік ұрандардың басын оңды-солды қоса салған қойыртпақ емес, реформашылық идеологиясы керек.

Алайда саяси тұрақтылықты бір келген соң басқа тепсе кетпес бақтай көруге де болмайды. Шиеленіс шығатын жерлер табылмай тұрмайды, олар, әсіресе, әлеуметтік салада көбірек. Жаңа мәселелерді шешудің тетіктерін іске қоспасақ, әр салалардағы реформалардың қарқынын үйлестіре білмесеқ, жалпақ жұртшылықтың сенімінен шыға алмасақ, онда тұрақтылықтың сақтала беруі неғайбыл болады.

Біз реформаларды күрделі жағдайларда жүзеге асырып жатқан үкіметті қолдаймыз. Бірақ біздің бұл қолдауымыз адамдардың күнбе-күнгі өмірлік мәселелері қалай шешілетіндігіне тікелей байланысты. Олай болмаған жағдайда үкіметке басқа адамдар келуі керек.

Біз өтпелі кезең туралы көп айтамыз. Бұл кезеңнің қашан аяқталатынын ешкім де нақты айта алмайды. Оның кешегі күнге қайта оралуға болмайтындай жағдай жасалғанда ғана аяқталғанын айта аламыз.

Өтпелі кезеңнің өзі әр түрлі қоғамдық-саяси күштердің қақтығысымен сипатталады. Әңгіме кез келген мемлекетте кездесе беретін саяси кереғарлықтар туралы болып отырған жоқ. Мәселе дамудың екі түрлі бағытында: оның бірі — әрқилы әдемі ұрандармен боялып, сылап-сипап қойған өткен кезеңге қайта оралу да, екіншісі — бұрынғы қоғамдық институттарды түбегейлі алмастыру. Осынау екі түрлі мүдденің, екі түрлі стратегияның, екі түрлі идеологияның, екі түрлі көзқарастың қақтығысына біз күнбе-күн куә болып келеміз, өзгерістер енді кешеуілдемейді, мемлекеттің барлық проблемалары түбегейлі шешілді деп сеніммен айтуға әлі ертерек.

Кез келген өтпелі қоғамдағы әлеуметтік құрылым орнықсыз болады да тез өзгереді. Бұл арадағы мәселе материалдық өзгерістер туралы емес, барлық әлеуметтік топтардың қоғамдық мәртебесі алмағайып күйге түсетіндігі жайында болып отыр.

Осының бәрі бас-аяғы бес жылдың ішінде болғандықтан да бұқаралық сананың бұл өзгерістерге тиісінше жауап беріп, үлгере алмай қалатынына таңданудың жөні жоқ. Мұның өзі ара-тұра жұрттың зықысына тиіп, баяғы идеологияның сарынымен сөйлеуге итермелеп те жатады, бұл кейде тоталитарлық утопияға, ал кейде ауыл арасындағы социал-реформизмге де ұласып кетеді.

Осы солшыл немесе солшыл-орталық ыңғайдағы доктринашылдық сырттай қарағанда тартымды-ақ болып көрінгенімен, ол болашақ Қазақстан үшін сүйеу бола алмайды, мұның объективті себептері бар.

Біздің қоғамымыз құрылымдық тұрғыдан алғанда осы таяу жылдардың өзінде бірнеше ірі топтардан тұратын болады. Оларды шартты түрде ұсақ және

орта меншік иелері, жалдамалы еңбекпен айналысатындар, ірі ұлттық капитал иелері деп бөлуге келеді. Әрине қоғамды басқаша өлшемдер мен жіктеулер бойынша да қарастыруға болады, дегенмен бұл арада нақты және жаппай әлеуметтік мүдделерді осы топтардың өкілдері білдіретіндігін ұғыну өте маңызды. Әлеуметтік серіктестіктің қандай тетіктері іске қосылатынын біздің күнделікті жұмысымыз бен нақты экономикалық мүмкіндіктеріміз айқындайды. Қазақстан қоғамының жаңа жағдайға, жаңа әлеуметтік құрылымға бейімделуі революциялық, ұраншылдық арқылы емес, әлеуметтік серіктестік арқылы жүруі керек.

Осы бес жылда біздегі қоғамдық институттар қандай өзгерістерді бастан кешті?

Меншік иелерінің тұтас бір буыны дүниеге келді; баға еркін белгіленетін болды; тың тұрпатты сот жүйесі жасалды; шаруашылық жүргізуші орындар қалай да жоспар орындауды емес, кіріс табуды көздеуге көшті; қатаң бәсеке өрістеуде; қаржы көздерінің мемлекеттен тыс инфрақұрылымы жасақталды; ашық экономика қалыптасты; қорлар рыногы құрылды, тағы басқа өркенді өзгерістер өмірге енді. Кейінгі екі жылда еліміздің мәдени өмірінде де елеулі жақсы жаңалықтар болды. Ұлы ақындарымыз Абай мен Жамбылдың бір жарым ғасырлық тойларын лайықты деңгейде өткіздік.

Рас, қазірше нарықтық инфрақұрылымның барлық нышандары бірдей тиісінше дамып кете қойған жоқ, дегенмен біз бүкіл дүние жүзі жүріп өткен жолға түсу үшін батыл қадам жасай алдық. Бізді сынап сөйлейтіндер мемлекет тарапынан реттеуге қайта көшу керек еді дегенде бұлай етсек, жаңа жағдайларға бейімделіп үлгерген экономиканы біржола құртып тынатынымызды түсінбейді. Ендігі міндет — жүзеге асырылып қойған реформалардан әлеуметке мүмкіндігінше көбірек пайда келтіру. Беталды сынай бергеннен береке кіре қалмайды.

Өтпелі қоғамның ерекше мәнді сипаты мен өзіндік проблемасы қоғамдық институттардың жеріне жете реформаланбауынан, әміршіл экономиканың қалдықтары мен нарықтық институттардың араласып келуінен танылады. Қазақстанның ХХІ ғасырға толыққанды жұмыс істейтін нарықтық жүйемен енуін қамтамасыз ету бүгінгі таңдағы аса іргелі міндеттердің бірі болып отыр.

Сонымен, оқиғаларды кейіннен тарих деп аталатынның бойына жинақтаған осы бесжылдықта біз не нәрсеге қол жеткіздік?

Біріншіген. Біз жаңа мемлекеттіктің негізін жасадық. Бұдан жүз жыл бұрын үзілген эволюциялық процесс қалыпты арнасына қайтып оралды. Ал бүгінгі таңда қалыптасып жатқан нәрселерді ауқымы жөнінен ұлттың өткен жолының бірде-бір кезеңімен салыстыруға болмайды.

Екіншіген. Біздің нарықтық экономика құруға қарай шешуші ұмтылыс жасауымыздың сәті түсті. Кәнеки, ауыл-аймақтық баға беруден іргені аулақ салып, шындықтың көзіне тура қарайықшы. Әлемнің нарықтық реформациялар шапшаң және дәйекті жүргізілген аймақтарында бүгінгі таңда тұрмыс деңгейі күрт көтерілді; ал табансыздық пен жартыкеш әрекеттер бой көрсеткен жерде бұл қадам тұйыққа апарып тіреді. Біз бес жыл ішінде ілгері ұмтылуымызға қажетті институттарды құрдық.

Үшіншіген. Бүгінгі таңда нашар түсінілетін, бірақ құқықты жүйеде ұзақ мерзімді нәтижелері болатын бетбұрыс жасалды. Біз ілгері қарай алыс кеттік және күні кешегі тоталитаризмнің сүргінге толы құқықтарынан мәңгіге құтылды деп үміттенемін. Және біз жеке-дара партияның өктемдігін талқандадық. Ол сөздің шын мәнінде қалыпты партия бола да алмады, керісінше өктемшіл мемлекеттік аппаратқа айналды. Егер қысқа ғана айтсақ, еркін қоғамның құқықтық негізі жасалды.

Төртіншіден. Біз өзіміздің жас мемлекетіміз қалыптасуының мейлінше күрделі учаскесін қан төгусіз өттік. Көп ұлтты және көп дінді елге бұрынғы мемлекет пен қоғамдық құрылыстың дереу ыдырауы жағдайында мұның қаншалықты күшке түскенін келесі ғасырдың тарихшылары айтатын болады. Бірақ бұл — біздің даусыз жетістігіміз, онда халықтың кемеңгерлігі де, басшылықтың саяси ерік-жігері де бейнесін тапты.

Бесіншіден. Қазақтың мемлекеттік бірлестіктері ежелгі Қытай, Араб және Еуропа дерек көздерінде еске алынғанымен, Қазақстан ешқашан да осындай дүние жүзі таныған мемлекет ретінде болған емес. Бұл соңғы бес жылдың жетістігі. Кәнеки, Қазақстанның ыдырап кеткен империяның шет аймақтағы бұрышынан дүниежүзілік қоғамдастық құрметтейтін және ядролық қарусыздану сияқты ғаламдық процесте орасан рөл атқарған тәуелсіз мемлекетке дейінгі ауқымы жағынан ғаламат қашық жолды жүріп өткенін есте сақтайық. Егер әлем бізді топтасқан, демократиялық, бір пікірлестердің экономикалық қуатты қоғамы деп көретін болса, дүниежүзілік қоғамдастық Қазақстанды осы ретте тани беретінін түсіну маңызды.

Қазақстан тәуелсіздігінің онжылдығын ХХІ ғасырда атап өтетін болады. Мынадай бір оғаш ақиқат бар: ғасырлардың тоғысында ұлттар мен мемлекеттердің алдында тарихи таңдаудың проблемалары айрықша өткір тұрады. Уақыттың үніне дұрыс жауап қайтарудан тек қазіргі ғана емес, ертеңгі ұрпақтың да өмірі байланысты болады. Біздің басым бағыттарымызды тұжырымдап көрейін.

Біріншіден. Мемлекеттік, тәуелсіздік — бұл тарихтың сыйы емес және тек қазіргі ұрпақтың бір өзінің ғана меншігі емес. Бұл — өткеннің алдындағы парыз және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Қазіргі ұрпақтың рөлі мынада — ол осы мемлекеттік пен тәуелсіздікті тек нышандармен ғана емес, олар қан-

дай сүйкімді болып көрінсе де, қайта нақты мазмұнмен толықтыруға тиіс. Жай ғана саяси тәуелсіздік пен күшті мемлекет арасын орасан зор қашықтық бөліп жатыр. Біздің мақсатымыз — Қазақстанның тәуелсіздігін ақиқат шындыққа айналдыру, экономикалық, құқықтық, әскери, ақпараттық өлшемдерді ақиқат шындыққа айналдыру. Бүгінгі мемлекеттіктің аксиомасы осындай.

Екіншіген. Біз бүгін тарих тағылымдарын жақсырақ түсінеміз. Мәселе тек түсінуде ғана емес, сонымен қатар қорытынды шығара білуде де. Ұлттық тарихымыздың ең бір алмағайып сағаттарында халық бірігу үшін әрқашан да күш таба білді, алайда ұлттық ыдырау тетіктерінің соншалық тез іске қосылуы да мәңгілік лағынетке батыратын. Біз ғасырлар бойы шыға алмай келген ескі қақпанға түспес үшін атам заманғы таптаурындықтардан іргені аулақ салуымыз керек. Сондықтан біздің міндетіміз шынайы ұлттық топтасуға қол жеткізуде болып отыр, онсыз біздің мемлекетіміздің болашағы жоқ.

Үшіншіген. Ұлтаралық келісім — бұл тәуелсіздігіміздің бірінші және екінші бесжылдығының мәселесі емес және жалаңаш саяси прагматизмнің мәселесі емес. Біз қарапайым екі ақиқатты игеріп, келесі ұрпаққа беруге тиіспіз: Қазақстан әрқашан да көпұлысты мемлекет болды және ешкім, ешқашан да қандай да бір ұлттық тазартуды жүргізбейтін экономикалық және саяси ресурс. Алдымызда қарапайым міндет түр — біздің бәріміз азаматтық ортақтығымызды сезінуге тиіспіз. Бірақ осындай қарапайымдылықтың ту сыртында орасан зор күрделіліктер бой тасалауда: өткенді аңсау да, мен ағамын, сен інісің деген сияқты жаман әдет те бар. Біз жаңа саяси болмысты — тәуелсіз Қазақстанды тезірек сезінсек — әркім өзінің оның тағдырына қатыстылығын тезірек сезінсе, біздің ұлтаралық татулығымыз да одан бетер бекем бола түседі.

Төртіншіген. Бостандық пен тәуелсіздік — бұл тек мемлекеттің сөзсіз өлшемдері ғана емес. Миллиондар мемлекеттің тағдырына тікелей қатыспайынша оның келешегі жоқ. Мемлекет саған не беруге тиіс деген сұрақ қисынды да әділетті. Бірақ оның тарихындағы ең маңызды кезеңде сен өз мемлекетің үшін не істеп жатырсың деген сұрақ та әділетті болмақ. Біздің ата-бабаларымыз, біздің өр кеуделі және бостандық сүйгіш халқымыз ең қатаң жылдарда да өздеріне осындай сұрақ қоятын. Бүгін отаршылдық пен тоталитаризм ғасырларынан кейін мемлекеттің тағдыры әрбір адамның азаматтық өлшеміне айналуға тиіс.

Және ақыр аяғында, *бесіншіген.* Бүгін біз қандай қоғам құрып жатырмыз деген сұрақтың берілмеуі мүмкін емес. Иә, жай ғана — құқықтық көзқарас тұрғысынан алғанда барлығы заңмен тұжырымдалып, айқындалған: біз әділетті қоғам құрғымыз келеді.

Бірақ әділетті қоғам нарықтың әлеуметтік проблемаларды өзінен-өзі шеше алмайтыны сияқты декреттермен құрылмайды. Нарықтық романтизмнің немесе құқықтық абстракциялардың кезекті утопиясының торына түсіп қалмас үшін біз халықтың жаппай күтіп отырған нәрселерін парасаттылықпен бағалай білуге тиіспіз. Әрине әділетті қоғам — бұл қайыршылықтағы теңдік емес, бірақ касталық иерархия да емес. Нарықтық экономикалы еркін тәуелсіз мемлекеттегі әділеттілік — бұл ең алдымен, баршаның заң алдындағы теңдігі. Жас мемлекеттердің ежелден белгілі дерттері — жемқорлық, қылмыстың жүгенсіз кетуі және бюрократтық өктемдік — ең терең реформалардың мәні мен мазмұнын бұрмалап жіберуі мүмкін. Бұқараның реформалардың әділеттілігіне деген сенбеу қаупі нақ осы арада бой тасалап жатыр, құқықтардың нақты жұмыс істейтін тетіктерін жасау — ғасырдың соңындағы ең басты міндеттердің бірі нақ осы.

Біздің буын ту сыртынан тарих тынысын сезіп тұр десек, бұл қыздырмалы қызыл сөз емес. Миллион-

даған ата-бабаларымыздың алдындағы, даланың ұлы билеушілері мен батырларының алдындағы, осы жүз жылдықтың алғашқы отыз жылының керемет дарынды мемлекет қайраткерлерінің алдындағы, бәрінен бұрын талай жылдардан кейін тәуелсіз мемлекеттердің сапында өз орнын қайта тапқан халқымыздың алдындағы ерекше жауапкершілік жүгі бізге осылай айтқызып отыр.

Мұндай тағдыр жер бетіндегі халықтардың бәрінің маңдайына жазыла бермейді, қысқа ғана уақыт аралығында осыншама күрделі міндеттерді шешу де кез келген халықтың қолынан келмейді. Өзіміздің қуатты мемлекеттігімізді құра отырып, тиімді экономиканы қалыптастыра отырып, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап қалу — XXI ғасырдың табалдырығындағы біздің міндетімізді осылайша тұжырып айтуға болар еді. Әр түрлі ғасырлар мен әрқилы дәуірлерде тарих біздің халқымыздың алдына өте қатаң, кейде тіпті қатал міндеттер қойып отырған. Мемлекеттігімізден айырылғанда да біздің халық ретінде сағымыз сынған жоқ. Ғасырлар тоғысында тұрған осы сәтте де біз жағдайды боямалаудан аулақпыз.

Алайда ұлттық тарихымыздың қандай бел-белесінде де біз өзіміздің мемлекеттігімізді сан ғасырлар бойы тапжылмай тұратындай етіп құруға дәл осындай мүмкіндік алып көрген емеспіз. Тағдырдың осы сирек сыйын пайдаланып қалу — біздің ұрпақтың маңдайына жазылыпты.

Осы бақыт үшін біз баршамыз тәубе дейміз, осы жолда біліміміз бен білігімізді, қайратымыз бен қабілетімізді, қажет болса жанымыз бен қанымызды аямай жұмсаймыз.

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Нұрлы Отанымыз — Тәуелсіз Қазақстанның бағы жанып, абыройы арта берсін!

**ҰЛТТЫҒ КЕЛІСІМ — ҚАЗАҚСТАННЫҒ
ТҰРАТЫЛЫСЫ
МЕН ДАМУЫНЫҒ НЕГІЗІ**

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ
АССАМБЛЕЯСЫНЫҒ БЕСІНШІ СЕССИЯСЫНДАСЫ
БАЯНДАМА**

1999 жылғы 21 қаңтар

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясына қатысушылар! Құрметті меймандар!

Бүгін мен бұл мінбеден айрықша тебіреніс үстінде сөйлеп тұрмын. Бұрынғылар: «Көпірге жетпей жатып, одан өттім деме» деген екен. Осыдан 11 күн бұрын еліміздегі тұңғыш баламалы Президент сайлауында — біз осындай көпірден өттік. Сонымен, 1999 жыл — менің жеті жылдық президенттік мерзімім басталған жыл болып отыр.

Сайлау алдындағы бәсекеңің бірер айы ішінде орасан зор интеллектуалдық және ұйымдастырушылық қолдау көрсеткені үшін осы залда отырғандардың көпшілігіне шын жүректен алғыс айтқым келеді. Сіздерге деген ілтипатым мен ризашылығымды қабыл алыңыздар.

Бұл ретте саяси іш тарту жасалды деген кінә тағылмауы үшін сайлау өткенге дейін Ассамблея сессиясының әдейі шақырылмағанын айрықша атап айтқым келеді.

Ассамблеяның рөлі, ең алдымен, көп ұлтты елімізде бейбітшілік пен татулықты сақтауға саяды.

Биылғы жылдың және мемлекет басында болатын алдағы жылдарымның алғашқы саяси шарасын сіздермен кездесуден бастап отырғаным кездейсоқтық емес.

Бұрын айтуға болмай келген жайттарды бүгін айту қажет болып тұр. Өткен сайлауда ел үшін екі ұлттық қатер болды.

Біріншісі — ұлттар арасына жік түсу қатері. Мұндай әрекеттерді бәз біреулердің жасағаны сіздерге мәлім.

Екіншісі — ұлттың өз ішіне жік түсу қатері. Бисмарктың «жеңілгендерге жыласын деп, көз жасын ғана қалдырамыз» деген қанқұмар қағидасын ұстанудан біз аулақпыз.

Мен өзіме қарсы дауыс берген қазақстандықтардың таңдауына да құрметпен қараймын, өйткені олар да біздің мемлекетіміздің азаматтары, сондықтан мен олардың мүдделерін де қорғауға міндеттімін. Бұл арада әңгіме ұлттық мәселені конъюнктуралық саяси мақсаттарға жету үшін пайдалануға тырысу әрекеттері туралы болып отыр. Мұндай саясаткерлерге біздің қоғамымызда орын жоқ. Бұл — өте қауіпті.

XX ғасырда көптеген тәуелсіз мемлекеттердің егемендік алғаннан кейін кенеттен өзара соғыс бастағанын немесе қол жеткен бостандығынан айырылып қалғанға дейін, тіпті ағайын арасындағы қан төгіске жеткенге дейін бөлшектеніп кеткенін біз тарихтан жақсы білеміз.

Арабтардың 1948 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін өзара соғыс бастауы, өз ішінде бөлшектенуі бұған мысал бола алады. Тарихтан тағылым алмағандар өтемін өз қанымен төлейді.

Барлық азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін тәуелсіздік пен қуатты мемлекетті сақтап қалу ұлттық татулықты сақтап қалу арқылы ғана мүмкін

болатынын біз айдай ақиқат деп тануға тиіспіз. Сондықтан да біздің бүгінгі сессиямыздың арқауы: «Ұлттық келісім — Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі». Бұл әлдебір тылсым формула немесе саяси қалып емес, бұл — шын мәнінде біздің ішкі саясатымыздың өзегі. Бірақ ол күн сайын нақты да көрнекі әрекеттермен толығып отыруға тиіс.

Осыған орай, мен барлық ұлттық қауымдастықтарға өзіміз көптен бері айтып жүрген «Ұлттық-мәдени ұйымдар туралы» заңның әзірленген жобасын талқылауды ұсынар едім. Бұл құжат, әрине барлық проблемаларды шешіп бермейді, дегенмен бұл — ТМД аумағындағы ешбір елде жоқ бірегей құжат. Сондықтан сіздердің ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңыздың негізінде біз осындай бір ірге тартар құжат әзірлеп, талқылап, қабылдау үшін Парламентке бергеніміз жөн болар еді. Бұл — Ассамблея 1999 жылы жүзеге асыруға тиісті ауқымды да маңызды заң шығарушылық жұмыс болар еді.

Бүгін мен осы мінбеден бір саяси мәлімдеме жамамақпын. Мен бұл сөзімді КСРО ыдырағаннан кейін түрлі себептер мен жағдайларға байланысты Қазақстаннан көшіп кеткен адамдарға арнап отырмын. Ортақ Отанымызға қайтып оралыңыздар! Есігіміз әрқашан ашық, бірлігіміз артқан сайын күш-қуатымыздың да арта түсері анық.

Қазақтардың ішкі ұлттық тұтастығының маңыздылығы тарих сабақтарынан ғана туындап отырған жоқ. Мен халықтың даналығына тағы да көз жеткіздім. Өйткені адамдардың нақты таңдауы, нақты мінез-құлқы кез келген теориялық үлгіден әлдеқайда маңызды да нанымды. Мұның өзі кейбір кертартпа кесірлерді қатты мазалайтын, алайда олардың не экономикада, не саясатта терең негізі жоқ, қазақтың рулық жікшілдігі, жеңістік бермес кереғарлығы мен басқа да этнографиялық ерекшеліктері жайлы қайдағы бір

өмір шындығына жанаспайтын толғаныстарынан әлдеқайда маңызды.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байыпты талдау жасаудан гөрі кімнің ата-бабасының қай жерде туғанын есептеп шығару, әрине әлдеқайда оңай.

Егер бұл тайыз ойлы адамдардың әбестігі болса бір сәрі, онда күні өткен мұндай әуестікке тек таңданып қана қояр едік. Ал егер бұл қандай да бір түрде саясатқа киліктірілетін принцип болса, онда мұндай қайраткерлерге Қазақстанда мемлекеттік қызметте орын жоқ.

Біздің Конституциямызда сословиелік және рулық жікшілдікті насихаттауға тыйым салынған. Президенттеріңізді аңқау адам деп санаманыздар, мұндай ұғымды өрбітушілер жайында мен жақсы хабардармын. Мен тиісті шаралар қолданып келгенмін және алдағы уақытта да қолдана беремін.

Сайлау барысында халық жалпыұлттық міндеттерді түсінуі мен ХХІ ғасырда ұйыған ұлт құруға әзірлігі жағынан кейбір кертартпа шенеуніктерден әлдеқайда асқақ тұрғанын айқын аңғартты.

Мәселе сайлау алдындағы тартысқа ғана тіреліп тұрған жоқ. Өтпелі кезеңнің осы он жылы ішінде жас мемлекеттің ұлттық саясатының тағы да бір түйыққа тірер жолға түсу қаупінің зор болғаны да рас.

Бірінші. Мұның ұлттық өзімшілдік болуы мүмкін еді. Мәселен, Қазақстан — қазақтар үшін, халық жоқ екен — проблема да жоқ дейтін принцип бойынша (бұрынырақта осындай жағдай да орын алған) тұрғылықты емес ұлт өкілдерінің көшіп кетуіне ықпал жасау жолын ұстану мүмкіндігіміз бола тұра, біз бірұлттық мемлекет құру жолын қабылдамай тастадық.

Неге мені бұл жол түйыққа тірейді? Ұлттық эгоизм саясатын жүргізбеген күннің өзінде эмиграция салдарынан біз халықтың экономикалық тұрғыдан

белсенді бөлігінің кеміп кетуіне ұшырап отырмыз. Бірұлтты мемлекет құру елімізге үлкен зиян келтірер еді, өйткені Қазақстанды тұрағы ретінде таңдап алған орасан көп қазақ еместер сайып келгенде, қоныс аударуға мәжбүр болар еді.

Мәселенің басқа да қырлары бар. Мысалы, көшіп келушілерді қабылдауға мүлде дайын емес мемлекеттерге халықтың жаппай қоныс аударуы біздің геосаяси айналамыздағы тұрақсыздық деңгейін күрт көтеріп жіберер еді, ал мұның өзі біздің елімізге де тиімсіз. Бұған қоса, егер империялардың күйреуі тән болған XX ғасырдың бірінші жартысы үшін ұлттық оқшаулану табиғи құбылыс болып келсе, кірігу процесі күшейіп, мемлекеттен жоғары құрылымдар белсене жасақталып жатқан қазіргі жағдайда ұлттық оқшауланудың тарихи болашағы мүлде жоқ.

Біз тұтастырып жіберуге, бір ұлттың екінші ұлтқа, бір мәдениеттің екінші бір мәдениетке сіңіп кетуіне қарсымыз.

Иә, біз қазақ тіліне мемлекеттік мәртебесін қайтарып бердік. Алайда біздің байыз таппас сыншыларымыз бұл ретте басқа ұлттар мен олардың тілдерінің құқықтары мен мүдделеріне қысым жасалмағанын байқамай ма, әлде байқағысы келмей ме екен?

Оны айтасыз, бүгінгі таңда орыс тілі Қазақстанда кеңінен қолданылып отыр ғой. Бізді қазақ емес халықтардың бәрінің мүдделеріне қысым көрсетудің тікелей немесе жасырын саясатын жүргізіп отыр деп айыптаушылардың парасаты «ақымақтан құтылғаның ақылдымен қауышқанға тең» деп Пайғамбардың күйеу баласы Әли имам меңзеген адамдарды еске салғандай.

Ендеше, ақымақтардың ықпалынан арылып, «Қазақстан — халықтар достығының зертханасы» деген сөздің шын сырына қайта оралып, қуанышқа неге кенелмейміз.

Екінші тұйық жол. Бұл — мемлекеттің ұлтара-лық проблемаларды шешуден мүлде бас тартуы. Біздің мемлекеттікті дамытудың ұлттан тыс үлгісін таңдап алуымызға да болатын еді. Біз үшін бұл нені білдіретін еді?

Біріншіден, бұл мемлекет тұрғылықты этностың ұлттық біртектілігі міндетін ғана шешуге қарай ойысады деген сөз. Мұндай алшақтау көбінесе біздің егемендігіміздің мән-мағынасын жоққа шығарады. Онда біз бұрынғы отарлаушы ел қажет етпегендіктен ғана дербестік алған, ыдыраған империяның өзіндік бет-бітімі жоқ жұрнағы ғана болып қалар едік.

Екіншіден, мұның өзі мемлекет этностар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуден бойын аулақ салады деген сөз. Мұндай жағдайда ұлттар томағатұйықталып, бір-бірінен қашықтай түсер еді, әрі өмірдің барлық салаларында бір-бірімен бәсеке бақталастыққа барар еді. Іс жүзінде бұл өзінің ұлттық бірегейлігін қорғаудың әр түрлі тетіктерін күшейтуге бағытталған стихиялы процестердің дамуына әкеп соқтыруы мүмкін. Мемлекет бәрібір осындай қарым-қатынастарға араласпай тұра алмайды. Өйткені бұл процестер қоғамды өзара тайталасқа ұрындырып, оларды бейбіт жолмен шешу әлдеқайда қиындап кеткен жағдайда, әлбетте, мұндай араласу кеш болар еді деген ойдамын.

Үшіншіден, теңдік іс жүзінде болмаған соң, қоғамдық өмірдің барлық саласында саны неғұрлым көп этностың ықпалы күшейе береді. Бұл нақты болмыста аз ұлттар құқықтарының бұзылуына апарып тірейді. Осы орайда екі мемлекеттің арасында әйгілі бір флотты бөліскені жайлы әзіл бар. Бір Президент екіншісіне: «кел, флотты ағайындарша бөлісейік» деген көрінеді. Сонда екіншісі «жоқ, тепе-тең бөлісейік» деп жауап қайтарған екен.

Үшінші ықтимал тұйық жол — қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудан бас тарту. Тарихта еш

халық ешқашан өз тәуелсіздігінен ерікті түрде бас тартқан емес. Қазақтардың да басқалардан айырмашылығы жоқ. Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке деген ұмтылысына баға берудің өзі қиын. Қазақтар бүгін ел халқының басым көпшілігін құрайды және өзінің бірден-бір тарихи-этникалық топырағында тұрып жатыр. Өзінің бірден-бір тарихи атамекенін қашан да қорғай білген қазақ халқының арқасында бүгін әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған қазақстандықтар — аумағының көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекетте өмір сүріп отыр.

Тумысынан осы топырақта қалыптасқан қазақ мәдениетінің қазіргі кезде толыққанды дамуы үшін қажетті құралдарының бәрі бар және ол дүниежүзілік мәдени процестерге барған сайын белсене араласуда. Ел халқының басым көпшілігін құрайтын қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудан бас тартуы мүмкін емес, бұл шүбәсіз жайт.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан шығатын бірден-бір қорытындының мынадай болары айқын: әлгінде аталған тұйыққа тірейтін үш нұсқаның кез келгенін іске асыру бір ғана нәтижеге ішкі және сыртқы тұрақсыздыққа және осылардың салдарынан болмай қоймайтын елдегі ұлтаралық қақтығыстарға әкеп соғар еді. Ертеде бір ағылшын жазушысы: «Мәселе дүниенің жаман болып кеткенінде емес, болып жатқан оқиғаларды бейнелеудің әлдеқайда жақсарғанында жатыр» деген екен. Шынында да, жер серігі арқылы таратылатын телехабарлар, Интернет, жүріп-тұру еркіндігі, жастар мәдениеті, жарнамалардың әлемдік стандарттары, бірыңғай тұрмыс салты ұлттық ерекшеліктер мен айырмашылықтарды бұрынғы өткен соғыстар мен бір халықты екіншісінің бағындыруынан келетін кептен де мың есе тез құртатын себептерге айналып отыр. Бұл локомотивтің жолында тұру мағынасыз, әрі қауіпті, жаншып өтеді.

Осыдан сегіз жыл бұрын бұрынғы мемлекеттігіміздің қолайсыз, қолапайсыз ыдырағанын басымыздан кешкен біз үшін бұл құбылыстар әбден түсінікті. Құндылықтардың күйреуінің қашан да ауыр тиетіні белгілі, әсіресе, ол адамдардың ұлттық сезімін қозғаған кезде қиын. Бірақ осының бәрінің астарында дұшпанның тіміскі әрекеті емес, қазіргі заман аталатын аса күрделі себептер мен жағдайлар жатыр. Ғасырлар мен мыңжылдықтардың тоғысында тұрған біз осы тұста қандай шаралар қолдана аламыз? Бүгінгі уақытқа ілесемін деп өзіміздің ұлттық «мен» дегізерлік бітімімізді жоғалтып алмау, қазақ — қазақ болып, орыс—орыс, татар—татар қалпында қалуы үшін не істеу керек? Бұл үшін бірнеше жайт керек және оларды бәріміз жеке зерделеп алуымыз керек. Олар заңда жазуға, қолмен ұстап көруге болмайтын дүниелер, бірақ олар жаңа мыңжылдыққа дейін 709 күн ғана қалғаны сияқты анық дүниелер.

Бірінші. Ұлттық рухты сақтап қалу үшін ең бастысы, сырттан жау іздемей, өзіндік ұлттық мазмұнды дамыту екенін пайымдау қажет.

Екінші. Біз өзгелерден оқшау емес екенімізді, орасан зор ғаламдық қоғамда өмір сүріп отырғанымызды түсінуіміз, ондаған жыл бұрынғы сіреспе қағидаларға малданбауға тиіс екенімізді түсінуіміз қажет. Ұлттық сана үшін негізгі қауіп-қатердің барлығы түсі басқа, көз қиығы өзге көршімізден емес, нақ сол ғаламдық қоғам тарапынан туындайды.

Үшінші. Жаңа ақпараттық технологиялармен және басқа да қазіргі заманның белгілеріне қарсы күресудің пайдасы жоқ. Оларға бейімделу керек. Бұл Қазақстанның ішкі саясатында, оның ішінде, ұлттық саясатында басқарудың жаңа технологияларының болуын талап етеді.

Төртінші. Сайып келгенде, біздегі ішкі ұлттық келісімімізде қазақстандықтардың өздерінен басқа

ешкімнің шаруасы жоқ. Соңғы 10 жыл ішінде біз планетамыздағы алуан түрлі бітімгершілік миссиялар тиімділігінің қаншалықты болатынын байқадық, оны өздеріңіз білесіздер.

Өкінішке қарай, әлдінің проблеманы күшпен шешу ниеті жиі ұшырасып жүр. Бұл, әлбетте, шешім емес, елес қана. Күл астында қашанда осы жолы күші басым түскен тарапқа деген өшпенділік қоздап жатады. Біз мұны тарихтан білеміз.

Біз жағымсыз, әрі қатал, алайда әділ әрі ақиқат сабақты айқын түсінуге тиіспіз. Егер Қазақстанда ұлтаралық қақтығыс болып, қан төгілсе, оны Біріккен Ұлттар Ұйымы да, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы да, тағы басқалар да ұзақ уақытқа дейін тоқтата алмайды. Желік қиялдан бас тартатын, істің мән-жайын тереңінен түсінетін кез жетті. Құдайға шүкір, осы жылдар бойы мұндай түсіншілік болды және Ассамблеяның ондағы үлесі аз емес. Біздің міндетіміз — жағдайды осындай қалпында сақтап қалу.

Осы залда отырған сіздер мен біздер және біздің соңымыздан ерген, қоғамымыздың салауатты күштері қырағылықты бір сәтке де жоғалтпауға тиіспіз. Нақ сіздердің және сіздерді қолдаушылардың күш-жігері арқылы елімізде тұрақтылық сақталып отыр. Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге және бүкіл халқыма шын жүректен ризамын.

Осының бәрінен қорытынды жасау керек. Өзінің ұлттық ерекшелігін, ұлттық мұраттарын сақтап қалу тек қазақтардың ғана проблемасы емес, бұл — елімізді мекендейтін барлық ұлттық топтардың проблемасы. Сондықтан мемлекеттік ұлт саясаты туралы айтқан кезде біз халықтар арасындағы бейбіт және тұрақты қарым-қатынастарды сақтап қалуды ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттерді сақтау мен дамытуды да айтамыз.

Мынадай формула ұсынамын. Ең алдымен, біздің бәріміз — қазақстандықтармыз, осында тұрып жатқандар — Қазақстан азаматтары, бәрі де — қазақстандықтар. Әңгіме тұтас алғанда, ел туралы болғанда және елден тысқары жерде жүргенімізде, біз — қазақстандықтармыз. Ал ұлттың ішкі өмірі туралы әңгіме болған кезде, әрбір ұлттық топ өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін аялауға құқылы және бұған ешкім де кедергі келтірмеуге тиіс. Осындай формуланы қабылдаймыз ба?

Американдық деген ұлт жоқ қой. Бұл географиялық аумақ. Ал онда қаншама ұлттар мен ұлыстар тұрады? Немесе австралиялықтарды алайық. Австралия — құрлық, материк.

Батысқа барсақ, біз «Чайна таун» дейтін қытай қалашықтары, жапон, корей қалашықтары бар екенін көреміз. Олар өз мәдениеттерін сақтайды. Олардың мұнысы дұрыс. Ұлттық тілді, мәдениетті, салт-дәстүрді аялау, сақтау сол ұлттың міндеті, ал заң мен мемлекет бұған бөгет жасамауға, кедергі келтірмеуге тиіс. Міне, әңгіменің мәнісі осында.

Қазақстанда тұрады екенбіз, оның азаматы екенбіз, яғни біз — қазақстандықтармыз. Ендеше осыған тоқтайық, әрі бұл пікір бізден тарасын.

Біз үшін мұның маңыздылығы Қазақстан шын мәнісінде біздің ортақ Отанымыз екендігінен туындайды. «Мен — қазақстандықпын» деген сөзді әркім де мақтанышпен айтуы үшін біздің бәріміз де аянбай еңбек етуге тиіспіз.

1999 жыл — Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып жарияланғаны белгілі. Әлеуметтік міндеттермен, қазақстандықтардың аға ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеумен қатар мұнда өзгеше бір стратегиялық идея жатыр. Кез келген ұлт мәдениетінің ұйтқысы, ұлт рухының өзегі — халықтың салт-дәстүрі. Әрбір ұрпақ осындай салт-дәстүрдің иесі, кейінгіге жеткізуші. Бірақ уақыт пен

ұрпақ байланысы үзілсе, ұлт мәдениеті мен адамның өзіндік ұлттық бітімі де құрдымға кетеді.

Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы — ұлттық негізді әмбебап ұлттық нигилизмнен қорғау тәсілі. Ұрпақтар тұтастығы мен жалғастығы — салт-дәстүрді келешек ұрпаққа жеткізу әдісі. Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы — іштей ширығу мен мазмұн қайшылықтарына толы әлемде өз қалпынан айнымау, өзінің ұлттық жаны мен мінезін сақтап қалу тәсілі. Сондықтан осы жылдың басты идеясы — аға ұрпақ жинақтаған адамгершілік және әлеуметтік тәжірибені аялау.

Бұл — мемлекет пен дәулетті азаматтардың шаурауына жататын белгілі бір қаржы көздерін ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар қоғамда белгілі бір адамгершілік ахуал қалыптастыруды да талап етеді.

Осы ғасырдың соңғы жылын кейінгі ауыр жылдары ұмыт болып бара жатқан аға ұрпаққа деген қамқорлық пен сабақтастық ұранымен өткізуге тиіс екенімізді мен, әлбетте, теріске шығармаймын. Бүгінгі жастар да есейіп ертең аға ұрпақ қатарына өтеді. Ендеше балалардың әкесіне, атасына деген ілтипаты мен қамқорлығын қалыптастыру ізгілікті саясат деп есептеймін, бұл — барлық өркениетті елдерде қолдау жасалып отырған саясат.

Полиэтникалық мемлекеттің қазақстандық үлгісіне тән сипаты қандай?

Біріншіден, ұлт саясатының негізгі элементтерінің бірі басқа ұлттардың дамуы үшін барлық жағдайды жасай отырып, қазақ ұлтының мәдениетін нысана-лы түрде дамыту екенін мемлекет басшылығы айқын түсініп отыр. Небір қатал сындарды бастан кешкен қазақтар бұл үшін басқа халықтарға кінә таққан жоқ, әрі өзінің ұлттық кеңпейілділігін, сенімі мен достыққа адалдығын да сақтап қалды. Бұл еліміздегі ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығының негізі болып отыр.

Өзге халықтардың өкілдері өз ана тілінде сөйлеу және өзгеге түсінікті болу құқығын әрқашан сақтап қалады. Бірақ қазақ тілін Қазақстандағы ұлттық топтардың барлығы да үйренетін болуға тиіс. Дегенмен біз оны күштемей, біртіндеп енгізу саясатын ұстанатын боламыз. Қайталап айтамын, бұл ретте күштеуге немесе асықтыруға бармаймыз, ондай бұра тартушылар да бар.

Қалай дегенде де ақпараттық саясатымызда, өзіміздің білім беру бағдарламаларымызда әдептіліктен аспаймыз, бірақ бағытымызды бұлжытпай ұстайтын боламыз. Нақ қазақ этносының өзін-өзі бағамдауы процестеріне қолдау көрсетуге баса назар аударған сәтте, мені қазақтардың ғана емес, сонымен қатар барлық өзге халықтар өкілдерінің де дұрыс түсінуін қалар едім.

Орыстардан, немістерден, украиндардан, татарлардан, корейлерден және басқа ұлт өкілдерінен қазақтардың бір айырмашылығы: олар басқа мемлекеттің өздері үшін осындай міндет қойып, оны шешіп беретініне үміт арта алмайды. Сонымен қатар бұл мәселені ойдағыдай шешудің кепілі мен шарты — көп этносты Қазақстандағы барлық өзге ұлттардың нақты тең құқылығының заң жүзінде бекітілуінде жатыр.

Екіншіден, біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыздың маңызды ерекшелігі — оның саналы түрде қостілді саясат жүргізіп отыруында. Қазақстанда біз мейлінше кең тараған екі тілдің — қазақ және орыс тілдерінің лайықты орындарын дәл тауып, дұрыс істегенімізді уақыт көрсетіп отыр.

Соның нәтижесінде бізде сол тілдерде сөйлейтін адамдардың арасында саяси шиеленіс туған жоқ, өйткені біз бұл екі тілдің өзімізде тұрып жатқан барлық халықтардың өмірінде қаншалықты маңызды екенін айқын сезіндік.

Дәл осылайша өзге халықтардың тілдері де біздің көпұлтты елімізде өгейшілік күйкі халге душар болмағанын және душар болмайтынын ерекше атап көрсеткім келеді.

Біз бұрынғысынша халықтарымыздың ұлттық тілдерін сақтау мен қайта түлегу саясатын жалғастыра беретін боламыз. Бұл ретте сіздер, Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрметті мүшелері, елеулі рөл атқардыңыздар және алдағы уақытта да атқара берерсіздер деп үміттенем. Өйткені Ассамблея қызметінің арқасында бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың жүздеген мекемелері жұмыс істейді, оларда Қазақстанда тұратын ондаған халықтың тілінде білім мен тәрбие берілуде.

Сонымен бірге елімізде неміс, корей, ұйғыр, поляк, түрік, өзбек және Қазақстанның басқа да халықтары тілдерінің оқытушылары даярлануда.

Үшіншіген, Қазақстан зайырлы мемлекет принциптеріне адал болып қала береді. Біз бір мемлекеттің шеңберінде әр түрлі конфессиялардың болуы онда тұратын халықтардың рухани баюына жәрдемдесетінін де жақсы білеміз.

Діннің қандай да бір этностың өміріне тарихи қалыптасқан дәстүрлі ықпалын ескермейінше, қоғамда татулық пен бейбіт өмірге қол жеткізудің мүмкін емес екені кез келген парасатты саясаткер үшін айдан анық болуға тиіс.

Менің ойымша, республикада мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастардың алтын өзегі табылған тәрізді. Мұның өзі ортақ тіл табысып, республиканың конфессионалдық ортасында болып жатқан процестерді түсінуге мүмкіндік беріп отыр.

Қазіргі кезде мемлекет пен діни қауымдастықтардың ынтымақтастығының екі ортақ нүктесі бар. Соның *біріншісі* — ең жоғары рухани қазына болып табылатын және біздің күнделікті өміріміздің жалпы сипат-

тамасына айналған бейбіт өмір мен азаматтық келісімді уағыздау.

Екіншісі — мәдениеттің дамуы мен қайта өрлеуі. Ұлттық және діни мәдениетті бір-бірінен айыру оңай емес. Бүгінгі таңда халықтарымыз мерекелеп жүрген Рамазан немесе Наурыз, Пасха мен Рождество мерекелерінің қайсысы ұлттық немесе діни мереке екенін ажырту қай-қайсымызға да оңай емес.

Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде дін атаулының қай-қайсысы да ұлттық мәдениеттерді сақтап қалудың нақты тетігіне айналды. Ұлттық және діни құндылықтардың бір-бірімен қайшылыққа түсетін уақыты әлдеқашан өткен. Біз зайырлы мемлекет бола отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуындағы осындай жаңа бағыттарды ескеруге тиіспіз.

Біз Қазақстанды зайырлы мемлекет деп жарияладық, сондықтан да діни артықшылық идеологиясын насихаттаудың кез келген әрекеттеріне қарсы күресіп келеміз және күресе береміз. Әр азаматтың өзіндік діни нанымды еркін таңдау құқығы бар. Бірақ бұл ретте мемлекет діни экстремизмнің кез келген түріне қарсы қатал күрес жүргізетін болады.

Үшіншіген, біздің моделіміздің ерекшелігі — нысаналы түрде Қазақстан халықтарының ұлттық-мәдени орталықтарын құру және диаспоралардың өз тарихи отандарымен байланыс жасауына, сондай-ақ Қазақстан халықтарының Ассамблеясы сияқты органның жұмысына қолдау көрсету.

Этностар өмірінің алуан қырларын көрсету жолында 11 ұлттық газет, белгілі бір ұлттың жинақы тұратын аймақтарында 12 тілде хабар тарататын 44 телестудия, 6 тілде хабар тарататын радиостудия жұмыс істейді. Мұндай жағдай ТМД-ның ешбір елінде жоқ. Француздың ұлы жазушысы Виктор Гюго айтқандай, халықтың ұлылығы оның санымен өлшенбейді, үлкен немесе кіші халықтар деген ұғым жоқ.

Тәуелсіз Қазақстанда барлық халықтардың өз құқықтары мен мүмкіндіктері тұрғысынан терезесі тең жатыр. Біздің ұлттық саясатымыздың ең басты принципі, міне, осындай.

Осы орайда мен мынаны мәлімдегім келеді: мен елімізде саяси мақсаттарына жету үшін русофобиялық, антисемиттік немесе антиисламдық әрекеттерге барушыларға ешқашан да жол бермеймін. Бұл біздің принципімізге айналуға тиіс. Бұл біздің Конституциямызда жазылған.

Мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде, ұлттық мәдениеттердің қайта өрлеуі мен дамуында атқарып отырған рөлін жоғары бағалаймын. Бүгінгі Ассамблея — республикамызда тұрып жатқан барлық этностар мен ұлттық топтарды білдіретін ондаған қоғамдық бірлестіктер. Ол — өткізілген жүздеген конференциялар, «дөңгелек үстелдер», фестивальдар, байқаулар, қайырымдылық шаралары, ағарту бағдарламалары.

Атап айтсақ, өткен мерзім ішінде этникалық топтар жастарының Ассамблея берген квота бойынша жоғары оқу орындарына түсу практикасы кең таранды. Төрт жылда этностық шағын топтардың осындай квотамен жоғары оқу орындарына түскен өкілдерінің саны 8 мыңдай адамға жетті.

Жергілікті жерлерде Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеялары үлкен жұмыс атқарып отыр, олар өз қызметін жергілікті ерекшеліктер мен айырмашылықтарды ескере отырып жүргізеді.

Бүгін Ассамблея — мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган бола білді деп айтуға хақылымыз. Ол тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында алдымызда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындады және жаңа қоғам орнату ісіне лайықты үлес қоса білді. Ассамблея Қазақстанның

көпұлтты халқын топтастырудың нақты институтына айналды.

Мен Ассамблея үшін мәдени орталықтардың бір жерге орналасатын жақсы ортақ үй салатын немесе сондай бір ғимарат беретін уақыт жетті деп олаймын.

Алматыдағы Достық Үйі бұған өте лайықты деп санаймын.

Бұл өзі жақсы нышаны бар ишарат.

Құрметті достар! Мен президенттік қызметімді атқаратын алдағы 7 жыл ішінде біздің ұлттық саясатымыздың сара бағыты бұрынғысынша мызғымай қала беретініне кепілдік беремін.

Біз сіздермен бірге өзіміздің көпұлтты Отанымыздың саяси тұрақтылығын, ұлттық татулықты, ұлтына, діні мен нанымына қарамастан, барлық азаматтарымыздың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін сақтап қалу жолында орасан зор жұмыс жүргізетін боламыз.

Біздің болашағымызға мен сеніммен қараймын. Біздің Шығыстағы көршілеріміздің ата-бабалары: «Жүзінде күлкі ізі жоқ адамның сауда дүкенін ашуға құқығы жоқ» дейді екен. Бұл орайда әңгіме біздің қандай мемлекеттік саясатты таңдауымыз қажет екеніне саяды.

Еліміздің ұлы болашағына деген менің зор сенімім өзіміздің адамдарымызға, көпұлтты Қазақстан халқына деген сенімге негізделеді. Назар қойып, тыңдағандарыңызға рахмет.

**БІРІККЕН ҚЛТТАР ҚЙЫМЫНЫҒ
МЫҒЖЫЛДЫҒ САММИТІНДЕГІ СӨЗ**

Нью-Йорк, 2000 жылғы 6 мамыр

Құрметті Төраға мырза,
құрметті Бас хатшы мырза,
құрметті ханымдар мен мырзалар!

Жаңа мыңжылдық бізге жай ғана ғаламдық өзгерістер әкеліп қоймай, сонымен қатар адамзат өміріндегі бетбұрыс кезеңнің басталғанын білдіретіні айдан анық.

Бірақ бүгінде жаңа әлемдік тәртіптің сұлбасын өктем ұсынатын және шүбәсіз прогресс құбылысына жататын жаһандастырудың көптеген мемлекеттер үшін, сондай-ақ келеңсіз салдары аз болмайтыны да күмән туғызбайды.

Бұл көптеген жайттармен шарттыланған, солардың арасындағы бастыларының бірі әлемдік қауымдастық елдерінің айқын тең еместігі болып табылады. Бұл, тіпті, осынау тең еместік сатыларын — байлар мен кедейлерді, дамыған және экономикалық жағынан кенжелеп қалғандарды, ресурстық әлеуеті бар және оны сарқып қойғандарды т. с. с. бейнелейтін біздің күнделікті терминологиямызда көрініс беріп отыр.

Егер жаһандастырудың жетістіктері мен жеңістерін тек жоғары дамыған елдердің азғана тобы қызықтайтын болса, онда бұл қарама-қайшылыққа, қақтығыстар мен жер бетіндегі өркениет соңғы және оның алдындағы жүзжылдықта бастан кешкендерге

қарағанда әлдеқайда ауыр әлеуметтік катаклизмдер туындауына ұрындыратыны сөзсіз! Әлем халықтары өздерінің көшбасылары, БҰҰ ғаламдық проблемаларды шешудің оңтайлы жолдарын таба алады деп үмітпен қарап отыр.

Осыған байланысты БҰҰ да, ұлттық үкіметтер де өздеріне өзара міндеттемелер алуы керек болып көрінеді. *Біріншііген*, әрбір ел мүмкін болатын келеңсіз құбылыстардың алдын алып, оларды барынша залалсыздандыру үшін жаһандастыру процесіндегі өз бағдарын нақпа-нақ әрі жауапкершілікпен айқындауы тиіс. *Екіншііген*, өз қызметтерін қайта жаңғырту аясында, БҰҰ-ның басыңқы міндеттерінің бірі ретінде барлық, шартты түрде айтқанда, бәрінен құр алақан қалған елдердің мүдделерін барынша ескеретін жаһандастыру моделін талдап жасауды өз мойнына ала алар еді. Бірақ сонымен қатар ол дамушы елдер халықтарының көпшілігі үшін әлдеқайда сәйкестенген де болуы тиіс, өйткені олардың ішінде де халықтың жіктелуінің тереңдей түсуі болмай қоймайды.

Бұл модельде уақыт талабына жауап беретін қауіпсіздік жүйелерінің бұрынғы барларының тиімділігін арттыру және жаңаларын құру жөніндегі шаралар да көзделуі керек. Үлкен жетістіктерге қарамастан, БҰҰ-ның бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау міндеттерін үнемі табысты атқара бермейтіні құпия емес. Осыған байланысты БҰҰ-ның және бірінші кезекте, оның Қауіпсіздік Кеңесінің бітімгершілік әлеуетін күшейтумен қатар, аймақтық қауіпсіздік жүйелерінің мүмкіндіктерін пайдаланудың және олармен өзара ықпалдастықты жолға қоюдың болашағы айтарлықтай болар еді.

Олардың ішіндегі ЕҚЫҰ секілді немесе нақты сипат алып үлгерген Азиядағы Өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес немесе «Шанхай бестігі» көп жағдайда айтарлықтай нәтижелі әрекет ете алатыны күмән туғызбайды. Тұрақтылық

пен қауіпсіздікті ұстап тұру процесіне аймақтық жүйелердің белсене қосылуы «гуманитарлық басқыншылық» проблемасының да түйінін шешуге мүмкіндік береді. Олардың көмегімен Қауіпсіздік Кеңесінің қолдауы жағдайында егемен елдердің ішкі істеріне баса-көктеп араласпастан, көптеген қақтығыстарды реттеуге болады.

Қазіргі кезде Азияда болып жатқан процестер де осындай көзқарастың қажеттілігін табандылықпен қойып отыр. Ауғанстан планетаның «соқталы нүктесіне» айналды. Осынау елдің көп қасірет шеккен халқы кеңес әскерлері кіргізілгеннен кейінгі жиырма жылдан астам уақыт соғыстың бүкіл қауіп-қатерін бастан кешуде. Бұл елдегі тұрақсыздық, кедейшілік оның аумағын экстремизмді, халықаралық терроризмді Орталық Азияға ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемге таратудың плацдармына айналдырды. Ауғанстанда жыл сайын үш мың тоннаға дейін апын шикізаты өндіріледі, содан кейін ол өңделген қалпында Еуропаға және АҚШ-қа жеткізіледі.

Жуырда Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның және Тәжікстанның мемлекет басшылары Ресеймен бірлесе отырып, осы проблеманы талқылады және БҰҰ мен әлемдік қауымдастыққа ахуалды қалпына түсіруге жәрдем көрсету туралы үндеу жолдады. Біз ахуалды тұрақтандыру жөніндегі нақты шараларды талдап жасау үшін Ауғанстандағы және Орталық Азиядағы жағдайды қарауға арналған Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы мәжілісін шақыру қажет деп санаймыз.

Ядролық қаруға ие кейбір елдердің үздіксіз қарама-қайшылығы төбе көрсетуіне байланысты талқыланатын мәселелер қатарына ядролық қатердің таралу проблемасын кіргізуге болар еді. Аймақтың бірқатар елдері бұл қаруға ие болудың табалдырығында тұр. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан орасан зор

ядролық қару әлеуетіне ие болып қалған еді. Біздің еліміз осынау арсеналдан ерікті түрде бас тартудың тұңғыш әрекетін жасап берді. Сондықтан да бүгін біз тағы да барлық ядролық державаларды ядролық қаруды жою жөніндегі нақты қадамдарға шақырамыз.

Жаһандастыру дәуірінде БҰҰ қызметін жетілдіру тұрғысында, оның құрылымында ахуалды ғаламдық талдау негізінде туып келе жатқан қақтығыстар туралы алдын ала ескертіп, бастапқы кезеңдерде ахуалға араласу үшін және алдын алу дипломатиясын тиімді пайдалана отырып, қақтығыстарды шешудің әскери әдістеріне жол бермеу үшін ұсыныстар талдап жасай алатын институттарды дамыту дұрыс болар еді. Олар тұрақсыздықтың көзі болып табылатын әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешудің таптырмас құралына айналар еді.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

1943 жылдың аяғында алғаш рет болашақтың әлемдік тәртіп мәселесі талқыланған Тегеран конференциясында ұлы американдық— Құрама Штаттардың президенті Франклин Делано Рузвельт кездесуге қатысушыларға қарата былай деген еді: «Біздің әрқайсымызда өзіміздің дербес философиямыз, дербес дәстүрлеріміз бен өмір салтымыз бар. Бірақ біз осында Тегеранда біздің ұлттарымыздың бір-бірінен өзгеше мұраттары бізді жалпыға ортақ игілікке бастай отырып, бүкіл әлемнің берекетіне қарай бірлесе қозғалу барысында біртұтас жарасымды тұтастыққа біріктіріле алатынын дәлелдедік».

Бұл тілек бүгінде ХХІ ғасырдың — буырқанған өзгерістер ғасырының, біз бәріміз үміт ететіндей, бүкіл адамзатқа игілік әкелетін жаһандастыру ғасырының табалдырығында тұрған біздер үшін де өзекті болып табылады деп ойлаймын.

Дүние ғаламдық, өзара тәуелділік сипат алды, онда ғаламдық әріптестік үстемдік етуші принципке айналуы тиіс.

**«ХХІ САСЫР: ЯДРОЛЫҒ ҒАРУДАН
ТАЗАРСАН ДЪНИЕНІ ҒАЛАЙДЫ»
ХАЛЫҒАРАЛЫҒ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН
АШАРДАСЫ СӨЗ**

2001 жылғы 29 тамыз

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осыдан дәл он жыл бұрын Қазақстан халқының еркіне сай әлемдегі ең ірі ядролық полигондардың бірі жабылды.

Біз, қазақстандықтар бұл конференцияны ядролық полигонды жабу арқылы алапат қарудан өз еркімен бас тартуды бастап берген елімізге деген құрмет пен сенімнің көрінісі деп бағалаймыз.

* * *

Қырық жылдан астам уақыт бойы әлемдегі ең ірі екі державаның теке тіресінде аса бай ядролық арсеналдар талас-тартыстың негізгі тіреніші болып келді. Ол кезде ядролық қауіпсіздікке қол жеткізу бәрінен бұрын ядролық әлеуетті арттырумен байланысты қарастырылатын.

Он жылдан бері әлем блоктарға бөліп өмір сүруін тоқтатты. Алайда ядролық қауіпсіздік проблемасы тарап кеткен аса қуатты державалардың бірінің ядролық арсеналының едәуір бөлігі жойылғаннан кейін де өзінен-өзі шешіле қалған жоқ.

Өкінішке қарай мыңжылдықтар межесінде біздің планетамыз кәдімгі қару-жарақ жағынан да, ядролық

қару-жарақ жағынан да бұрынғысынан қауіпсіздеу бола түспеді.

Оның есесіне ядролық қатер өзінің бұрынғы қос өлшемдік ауқымынан асып, ағзаны жаулап алған радиация сынды жаңа түрлерге ауысып, тіпті, құбыжыққа айналып барады.

Бүгінгі таңда біз соңғы он жылдың ішінде іргелі ілгерілеуіміз ауқымды ядролық қақтығыс тұрғысынан алғанда қатерді азайта тұра, «ядролық болмыстың» жаңа өлшемдері пайда болуына қалайша септігін тигізгенін пайымдап алуға тиіспіз.

Біріншіден, ядролық қауіпсіздіктің XX ғасырда екі полюсті әлемге лайықталып қалыптастырылған халықаралық жүйесі жаңа геосаяси жағдайға шыдас бере алмады, ядролық қарудың «жер бауырлап жылжу» процесін тоқтатуға шамасы келмеді.

Күштердің ара салмағы бұзылды, ядролық қару «үлкен» бестіктің ғана меншігі болудан қалды. Бұл қаруды таратпау жөніндегі жұрттың бәрі қабылдаған, енді бұзылмастай көрінетін тәртіпке қарамас-тан, ядролық қаруға ие елдердің саны арта түсті. Әлемде жаңа геосаяси полюс — «үшінші ядролық әлем» пайда болды.

Планетаның адам ең бір тығыз орналасқан өңіріндегі тұрақсыздық қазірдің өзінде Азияның екі ірі елі — Үндістан мен Пәкстанның арасында пайда болған қатерлі ядролық меже арқылы анағұрлым шиеленісе түсті.

Егер бүгінгі әлемнің сан қилы қауіп-қатерлі аймақтарында ядролық қаруға ие болудан нақты дәмелі бірқатар елдердің бар екенін ескерсек, жағдай аса бір қатерлі сценарий бойынша өрбіп кетуі де мүмкін. Өйткені жағдайда әлем аса ауқымды ядролық қақтығыстың бұрынғы қатерінің орнына атом қаруын тактикалық мақсат үшін қолдана беретін аймақтық соғыстар келетіндей күй кешуі ғажап емес.

Екіншіген, қазіргі әлемде ядролық қаруға бұрыннан ие болып келе жатқан державалар мен ол қаруға қол жеткізудің «табалдырығында» тұрған елдердің арасындағы теке тірес белгілері барған сайын айқын біліне бастады. Осының салдарынан ядролық қаруды жанталаса көбейтудің жанкешті жарысына ядролық державалармен қатар әлгі «табалдырықта тұрған» елдер де қосылатындай қауіп нақты төнуде.

Үшіншіген, аймақтық тұрақсыздықтың ұшынып кетуінің салдарынан қауіпсіздікке қатердің жаңа түрлері кеңінен өріс ала бастады.

Бүгінде ядролық материалдардың контрабандалық жолмен тасылуына, сондай-ақ бірқатар терроршыл топтардың ядролық қару-жарақты жасап шығаруға және оны тасымалдауға қажетті компоненттерге, технология мен мамандарға қол жеткізуге жанталаса ұмтылып жатқаны қатты алаңдаушылық туғызуда.

Ядролық қарудың террористердің қолына түсуі бүкіл адамзат баласы үшін қандайлық ауыр зардабы болатынына сіздердің назарларыңызды аударып жату артық та шығар.

Әлем ядролық қауіп ядролық арсеналдың санымен емес, ядролық қаруы бар болуы фактісімен өлешенетін шекке жетіп отыр.

Осының бәрі ядролық қарудың одан әрі «жылжуына» жол бермеу, оның таралуын бақылаудың халықаралық жаңартылған жүйесінің құрылысы жөніндегі дүниежүзілік қауымдастықтың күш-жігерін жандандыруды талап етеді.

* * *

Қазақстанның егемен ел ретінде қалыптасуы өткен ғасырдың 90-жылдарындағы аталған күрделі геосаяси жағдайда өтті. Ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дүниежүзілік қауымдастықтың

алдындағы айрықша жауапкершілігін сезінгендіктен де Қазақстан жалғыз дұрыс шешім екендігін кейіннен өмірдің өзі көрсетіп берген күрделі қадамға барды.

Осыдан дәлме-дәл он жыл бұрын, 1991 жылғы 29 тамызда мен Қазақстан жерін жарты ғасырға жуық уақыт бойы азапқа салып келген Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі Жарлыққа қол қойдым.

Бұл шешімнің сол кез үшін өте күрделі жағдайда қабылданғанын анық айтпақпын. Өйткені тоталитарлық қоғамда еркін ой айтудың кез келген көрінісі, халықтың кез келген шеруі қатаң жұдырыққа тап болатын, мұны біз талай рет көргенбіз.

Жариялылық саясаты келісімен қоғам өмірін демократияландырудың ұшқындары да бой көрсете бастады. Адамдар да бұған сенді. Қазақстан басшылығы 1987 жылдан бастап полигонды жабу проблемасын көтере бастады.

Ол кезде, әрине Қазақстан әлі тәуелсіз мемлекет еместігін, барлық басқа да республикалар сияқты орталықтың қатаң тәртібіне, әсіресе, әскери-өнеркәсіптік кешен сияқты саладағы қатаң тәртіпке бағынышты болғанын атап көрсете кетуім керек. Мәскеу либерализация әскери-өнеркәсіптік кешенге жүрмейді дегенді ашық мәлімдеді. Бұл саладағы мәселелерді шешуге республикалардың, тіпті бірінші басшылары да жолатылмайтын.

Сондықтан да Қазақстанның Семей полигонын жабу жөніндегі ой-ниеті қатты қыспаққа алынды. Сол жылдардың аттап бассаң аландаушылыққа толы ауанын ұмыта қоймаған адамдардың бәрі де осынау бұрын-сонды болып көрмеген қадамның қандайлық тәуекелге бел буу екендігін анық біледі, өйткені оның мән-маңызы бар елдің ауқымынан анағұрлым асып түсетін...

1992 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жер бетіндегі стратегиялық қару-жарақ (СНВ-1) Шар-

тына Лиссабон хаттамасына қол қойып, ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі өзінің міндеттемесін қуаттады.

1993 жылы Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі Шартқа қосылды, ал 1994 жылдың желтоқсанында әлемнің ядролық державалары біздің еліміздің қауіпсіздігіне кепілдік беретін Меморандумға қол қойды.

1994 жылы еліміздің аумағынан бүкіл ядролық қаруды әкету аяқталды.

1995 жылы бұрынғы Семей полигонында соңғы ядролық заряд жойылды.

1996 жылы Қазақстан ядролық сынақтарға толық тыйым салу жөніндегі Шартқа қосылды.

1997 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстанның ядролық сынақтардан зардап шеккен өңірлеріне көмек көрсету жөнінде қарар қабылдады.

2000 жылы Семей полигонында ядролық сынақтар жүргізетін ең ақырғы штольня жойылды.

Біз сондай-ақ шапшаң нейтронмен жұмыс істейтін Ақтау ядролық реакторын жауып, ондағы ядролық отынның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдадық.

Осы қадамдардың әрқайсысында тұтас елдің ядролық қарусыз жолмен жүруіне қатысты жүз мыңдаған адамдардың тағдыры жатыр.

Бұл — жүздеген сағаттар бойы қинала толғандың, айлар бойы екі жақты және көп жақты кездесулердің, келіссөздердің жемісі.

Бұл — саясаткерлердің, әскери қызметшілер мен ғалымдардың 10 жыл бойы ыждаһатты еңбегі.

Осы жайында замандастарымызға айтуға болады, айту қажет те, егер оны мұның бәрін тікелей басынан кешірген адам айтса, тіпті орынды.

Менің «Бейбітшілік кіндігі» деп аталатын жаңа кітабым осыған арналған.

Бұл — сырласу кітабы. Мен оны жаңа жүзжылдыққа өткен ғасыр қалдырған қатал «сыйлық» туралы аз-кем ғана ойланғандардың бөрінің арасындағы сенімді диалог пен ынтымақтастыққа деген мерзімсіз шақыру деп қарастырамын.

* * *

Қазақстанның ядролық қарусыз ел статусына ие болуына байланысты болып өткен оқиғаларды еске түсіре келгенде, ядролық қаруды аламыз ба, әлде сол қарусыз қаламыз ба деген проблеманы шешудің қандайлық қиындыққа түскенін бағамдаймыз.

Тарап кеткен КСРО-ның әскери машинасы Қазақстанда құрлықаралық баллистикалық зымырандар - мен бомбалаушы ауыр ұшақтарға арналған 1216 боеголовка қалдырған еді. Ядролық стратегиялық күштер кешені жашпай қырып-жоятын құралдардың және ядролық зарядтарды жеткізудің ең осы заманғы түрлерімен жарақтандырылған болатын, олардың арасында Ту-95 МС стратегиялық көп мақсатты бомбалаушы ұшақтары мен СС-18 құрлықаралық баллистикалық зымырандар бартын.

Бұл әлемдегі төртінші ядролық арсенал еді. Атуға дайын тұрған ядролық қару-жарақты қоса Қазақстан оны өндіру мен сынақтан өткізу үшін қажетті тұтас индустрияға да ие еді, бұл орайда елдің ядролық қару-жарақты жасау мен жетілдіру үшін тиісті ғылыми-зерттеу базасы болғанын да қоса айта кеткен жөн.

Семей полигоны аса маңызды стратегиялық нысан еді. Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде ол жерде ұзын саны 456 ядролық және термоядролық жарылыстар жасалған. Соған жұмсалған ядролық заряд-

тардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе асып түсетін. Қазақстан оған қоса, ядролық қарудың белсенді компоненттерін өндіру үшін қажетті ауқымды ресурстарға ие еді, еліміз оған қазір де ие. Әлемдегі уран қорының ширек бөлігі қазақ жерінде жатыр. Қазақстан аумағында табиғи уранды өңдеу мен байытуға мүмкіндігі бар атом өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары орналасқан. КСРО тарап кеткеннен кейін Қазақстан өзінің ядролық қаруын жасап шығару үшін қажетті ғылыми-зерттеу, өндіру және өнеркәсіптік инфрақұрылымның барлығына дерлік ие болып қалды. Мұншалықты қуат пен ықпал әлеуетіне қол жете тұрып, одан бас тарту жөнінде шешімге келу өте-мөте қиын еді. Аймақтық ірі державаға айналу мүмкіндігі біздің қоғамымыздың белгілі бір бөлігі үшін тым тартымды болып көрінді. Елдің ядролық статусын сақтап қалуды қолдаған нақты уәждер көлденең тартыла бастады. Өзіміздің ядролық қолшатырымыз болса, бұл елдің қауіпсіздігінің кепіліне, ықтимал қарсыластың кеудесі басылып тұратындығының кепіліне айналар еді деген ойлар да ортаға салынды. Мұндай уәжді қолдайтындардың пікірі бойынша, ядролық қару-жарақты сақтап қалу Қазақстанның сол кездегі кәдімгі қару-жарақ түрлері бойынша сандық және сапалық тұрғыдағы олқылықтарының орнын жабатын көрінеді. Ядролық қару Қазақстанды аймақтағы ірі державаға айналдырар еді деген әңгіме де айтылмай қалған жоқ. Оның үстіне ядролық кешенді сақтау ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру, іргелі және қолданбалы ғылымды өркендету үшін де маңызды екендігі атап өтілді. Қысқасы, «ядролық азғыруға» елітушілердің де елеулі негіздемелері әрі кәдімгідей қарақұрым қолдаушылары болған еді.

* * *

Алайда Қазақстан өзінің ерік қалауы бойынша ядролық қарусыз мемлекетке айналды. Осынау тарихи қадамды жасай отырып, біз бірқатар принципті сәттерді басшылыққа алдық.

Бірінші. Бұл, ең алдымен, қазақстандықтардың өздерінің мүдделеріне жауап беретін шешім болды.

Елу жылдайғы дерлік Қазақстанда өткізілген ядролық сынақтар біздің халқымыздың денсаулығына және айналадағы ортаға орны толмас залал келтірді.

Тек Семей полигонына жапсарлас аумақтағы экологиялық апат аймағы 300 мыңнан астам шаршы километрді алып жатыр. Бұл Германияның немесе Италияның аумағымен шамалас.

Мамандар белгілі бір өлшемде радиациялық сәуле алған қазақстандықтардың жалпы саны жүз мыңдаған адам болады деп санайды. Ядролық сынақтардың салдарлары біздің болашағымызды — біздің балаларымыздың денсаулығын зақымдауда.

Қазақстандықтардың туған кезде Семей полигоны дегеннің не екенін білмейтін әлі талай ұрпағы өздерінің денсаулығында ядролық сынақтардың ауыр салдарының азабын тартатын болады. Адамдар ғана емес жердің өзі де азап тартуда. Семей жерінің бүлінуіне ұрындырды. Ядролық жарылыстардың орнында ластанған радиациялық суға толы тұтас көлдер пайда болды. Мамандардың бағалауы бойынша жер өзінің өнімділік әлеуетін толық қалпына келтіру үшін кем дегенде 300 жыл қажет!

Адамдардың төзімі шексіз емес. 1989 жылы Қазақстанда өрісті «Невада-Семей» халықтық қозғалысы құрылды. Ол Семей ядролық полигонын жабуды жақтаған, әлемнің басқа да полигондарында сынақтарды тоқтатуды жақтаған ұлты, жасы мен мамандығы әр түрлі адамдарды біріктірді.

Халықтың ерік-жігерін білдіріп, оның қолдауына ие бола отырып, біз Қазақстан аумағында ядролық қару сынақтарын мәңгілікке тыю шешімін қабылдадық, ал содан кейін елдің ядролық қарусыз мәртебесі туралы жарияладық.

Екінші. Ядролық қарусыз мәртебені таңдау — бұл Қазақстанның 90-жылдардың басында қауіпсіздіктің дүниежүзілік жүйесіндегі баланс бұзылуының қатерлі салдарын түсінуінің нәтижесі.

Атомдық арсеналды сақтау ондаған жылдар бойы қалыптасқан ядролық қаруды таратпау жүйесіне шабуыл болып шығар еді.

Әлемнің саяси картасында сондайлық қуатты жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болуы әлемдік ядролық баланстың бұзылуына қатерлі түрткі болар еді.

Үшінші. Ядролық қарудан бас тарту Қазақстанның өз тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап бейбітшіл сыртқы саяси бағытты таңдап алуымен де байланысты.

Осы акт арқылы біз халықаралық қауымдастыққа өз сыртқы саясатымыздың ашықтығын, өзіміздің зорлық-зомбылық пен әскери қатерден азат бейбітшілікті жақтайтынымызды көрсетіп бердік.

* * *

Қазақстан ядролық қарудан бас тартуымен жай халықаралық бедел алып қана қойған жоқ. Біз ядролық державалардан — АҚШ-тан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Франция мен Қытайдан аумақтық тұтастығымыз бен біздің егемендікті құрметтеудің берік кепілдерін алдық.

Бүгінде Қазақстанның ядролық қарусыз мәртебесі — бұл біздің шекарамыздың бүкіл өлшем-

дері бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздіктің негізі болып табылады.

Бұл Қазақстанның басқа елдермен жемісті ынтымақтастығының нақты мүмкіндігі.

Сондықтан да осы ынтымақтастықты біз еліміз аумағындағы ядролық сынақтардың салдарын жою саласында да кеңейте түскіміз келер еді.

Бүгінде Қазақстан ядролық сынақтардың салдарын жою проблемасын негізінен дербес шешуде. Іс жүзінде біз полигонға байланысты өз проблемаларымызбен бетпе-бет қалып отырмыз.

10 жылдың ішінде біз ядролық сынақтардан залал шеккен адамдарға өтем төлеуге, халықтың арасында емдеу-алдын алу шараларын жүргізуге, полигонмен жапсарлас аймақтардың экологиясын қалпына келтіруге жүздеген миллион теңге жұмсадық.

Осы жылдары өз аумағының радиоактивтік ластану проблемаларын шешу үшін Қазақстан алған тегін көмектің жалпы көлемі бар-жоғы 20 миллион доллар болды. Ал енді залалданған аумақты дезактивациялау және рекультивациялау жөніндегі жұмыстардың ғана құны 1 миллиард доллардан асады.

Ғаламдық мәні бар проблеманы шешу жөніндегі осындайлық шығынды жалғыз көтеру бізге айтарлықтай қиын тиеді.

Бүгін конференцияға бейбітшілікті нығайту және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне, біздің еліміздің ядролық қарусыз мәртебесінің қалыптасуына зор үлес қосқан көптеген елдердің беделді өкілдері жиналып отыр. Қазақстандағы ядролық сынақтардың салдарын жою мәселесінде де сіздердің қолдауларыңызға үміт артамын.

* * *

Ядролық мәртебеден бас тарта отырып, біз, солай болса-дағы, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесінің сырттай бақылаушысы болып қала алмадық.

Өткен он жылда ядролық қарусыздану және таратпау процесіне қатысудың біз жинақтаған тәжірибесі бізге ғаламдық қауіпсіздік проблемасына деген түсінігімізді айтуға мүмкіндік береді.

Оның мәні неде?

Бірінші. Бүгінде ядролық қаруға ие болу негізінде стратегиялық тежеу принципі халықаралық қауіпсіздік жүйесінде тиімді рөл атқармайтын болуын көрмеу мүмкін емес.

«Бейбітшілікті қаласаң — соғысқа дайындал» дейтін қашанғы принцип жаңа ғасырда енді талассыз емес. Сондықтан да қауіпсіздікті, ең алдымен, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмін жетілдіру қажет.

Таратпаудың барлық принциптерін әмбебаптандыру қажет.

Ядролық державалар деңгейлік таратуды тыюға күш-жігер жұмсап бағуда, ал тіктеп тарату саласында өздерін ешқандай шектейтін емес. Яғни қолданыстағы шарттар жүйесі ядролық қаруға жаңадан ие болушылықты шектейді, бірақ оған бұрыннан ие болып отырғандардың ядролық әлеуетінің ұлғаюын шектемейді.

Елдердің барған сайын қорланып өсе түскен соғыс арсеналдары, соның ішінде, ядролық арсеналдар қазіргі кезеңде шектеушіден гөрі қарулануды қамшылаудың үдеткіші болып табылады.

Жалпыға ортақ тыйым салуға қарамастан, дүние жүзінде іс жүзінде Семей полигонынан басқа бірде-бір ядролық полигон толық жойылмағандықтан,

ядролық державалардың полигондары «отсыз» режимде жұмыс істеуін жалғастыруда.

Принципінде кез келген елдің кез келген уақытта сынақтарды жаңғыртуға мүмкіндігі бар.

Ядролық державалардың әлемдік саясатта пайда болатын мәселелерді шешудегі мінез-құлықтарының өзі басқа бірқатар елдер үшін оған сыртқы саясаттағы күшті аргумент ретінде өзіндік бір ықылас қоюшылық болып көрінеді.

Сондықтан да біздің ойымызша, таратпау саласында ядролық та, сондай-ақ ядролық қарусыз елдердің міндеттілігін, сондай-ақ ядролық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі олардың өзара міндеттілігін арттыру мақсатында қолданыстағы уағдаластықтарды жаңарту жолымен жүру қажет.

Екінші. Қазіргі уақытта ядролық қауіпсіздік проблемаларын, сайып келгенде ядролық қаруға ие елдердің тобы ғана шешуде, ал енді олардың адамзатты әлденеше рет — 1962 жылы саяси, ал 1974, 1983 жылдары техникалық себептер бойынша қатерге тіккені ақыр-тақырына дейін мәлім болып отыр.

Сондықтан да проблема бұл процеске Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойған барлық мемлекеттердің белсенді қатысуы жағдайында ғана шешіле алады.

Үшінші. Біз ядролық державалардың ракетаға қарсы қорғаныс мәселесі бойынша сындарлы диалогын жалғастыруды жақтаймыз.

Ядролық қауіпсіздік мәселелері бойынша бұл елдердің арасындағы базалық көзқарастағы тұрақтылық, түсіністік пен ынтымақтастықтың бүкіл әлем үшін ғаламдық мәні бар.

Бүгінгі жағдайда тұтастай алғанда, тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан халықаралық қауіпсіздікті, соның ішінде, ядролық салада да қамтамасыз етудің аса маңызды аспектісі сенімді кеңейту мен нығайту болуы керек деп санайды.

Нақ осы сенім принципі қақтығысты аймақтарда осы кезге дейін үстемдік етіп тұрған әскери тежеу принципін алмастыруы керек.

Сенім доктринасының нақты да айқын іске асыру тетіктері бар.

Бұл: әскери, саясаттың транспаренттігі, шекаралар ауданында әскери күштерді қысқарту, қарусызданған аймақтар құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара консультациялар, бірлескен әскери жаттығулар және с. с.

Араласу көп болған жерде сенім де көп. Сенім бар жерде қарсы тұрушылыққа орын жоқ. Бұл қарапайым, алайда өте құнды ақиқат.

Бүгінде бұл принцип «Шанхай бестігі» шеңберінде ойдағыдай байқап көруден өтті және Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметінде іске асырылуда.

Жапсарлас шекаралар ауданында сенімді нығайту және қару-жарақты қысқарту шараларынан бастап, бұл бірлестікке қатысушылар терроризмге және есірткі бизнесіне қарсы бірлескен күресті қоса алғанда, қауіпсіздіктің жаңа салаларын белсенді түрде игеруде. Уақыт өте келе ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастық біздің мемлекеттердің ядролық қауіпсіздігі саласына да көшірілетін болар.

Осылайша, Шанхай ынтымақтастығы ұйымының үлгісі Азиядағы аймақтық қауіпсіздік жүйесін құрудың және кейбір элементтері бойынша басқа да аймақтарда негізге алынуы мүмкін.

Ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне біздің көзқарасымыздың ендігі бір бастау сәті оған ХХІ ғасырда тек қана ұжымдық күш-жігер арқылы қол жеткізілетініне сенімділік болып табылады.

Қазақстанның өзінің ядролық қарусыз мәртебесін жариялаумен бір мезгілде Азияда қауіпсіздіктің жаңа

моделін құру бастамасын көтеруі — бұл кездейсоқтық емес және жай ғана қатарласа келушілік емес.

1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 47-сессиясының мінберінен айтылған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөнінде Кеңес шақыру бастамасы бүгінде Азиядағы көптеген мемлекеттердің және бірқатар халықаралық форумдардың қолдауына ие болды.

Үстіміздегі жылдың қарашасында құрлықта қауіпсіздікке төнетін қатерлерді жою жайттарындағы сенім шаралары мен өзара ықпалдастық туралы мәселелерде келісілген көзқарасты білдіретін құжаттарға қол қою үшін Азия мемлекеттерінің мәртебелі басшылары алғаш рет Алматыға жиналады.

Жаңа ғасырда ғаламдық қауіпсіздік жүйесін түзетуге деген осынау екі әмбебап көзқараста — барлық елдердің сенімін және ұжымдық күш-жігерін — ядролық қатерді жою туралы сөз етілетін жағдайларда да қолдануға болады.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Адамзат қашан да бейбіт күнге ынтық. Планетаның төбесінен Дамокл селебесі төніп тұрған жарты ғасыр ядролық қарудан ада әлем үшін толас таппаған күреспен өтті.

Егер адамзат ядролық ессіздіктің құрдымына құлап кетпей аман тұрса, мұның өзі сол қаруды таратпауды жақтаушылардың қуатты үнінің, ғалымдардың ядролық апаттың қатері жөніндегі пайымдауларының, адамдардың бейбітшілікке ұмтылуының арқасы.

Біздің конференциямыздың ізгілік мақсаты — ХХІ ғасырды адамзаттың ядролық қатерден құтылатын ғасырына айналдыру мақсатын көздейді. Біздің дауысымыз бүкіл әлемге естілуі тиіс, естіледі де!

Сіздерге жемісті жұмыс тілеймін!

ЖҰЗ ЖЫЛСА ТАТИТЫН ОН ЖЫЛ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҒ ОНЖЫЛДЫСЫНА АРНАЛСАН
САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТАСЫ СӨЗ**

2001 жылғы 16 желтоқсан

Қымбатты қазақстандықтар!

Қадірлі достар!

Құрметті меймандар!

Бүгінгі күннің еліміздің тарихындағы, халқымыздың тағдырындағы алатын орны ерекше. Бүгін — біздің өміріміздегі ең ұлы, ең үлкен қасиетті ұлттық мерекеміз.

Иә, осыдан он жыл бұрын Тәуелсіз Қазақстан Республикасы дүниеге келген еді.

Осы жылдардың ішінде бұл жолдың сорабын алдымен Түрік қағанатын, кейіннен Қыпшақ конфедерациясы мен Қазақ хандығын құрған өзіміздің ұлы бабаларымыздың бұдан мың жарым жылдан астам уақыт бұрын тартқанын біз есімізден шығарған емеспіз.

Ойлансақ, армандағанымыз, аңсағанымыз осы емес пе еді! Бүгінгі күні, менің білуімше, көкірегі ояу кез келген азамат Тәуелсіздік маған емес, бізге, менің еліме не берді, қолымызды неге жеткізді деген сауалды өзіне қоймай тұра алмайды.

Осы мінбеде тұрып, ағымнан жарылып: бұл сауалдар менің өзіммен ілесе жүретін күнбе-күнгі серігім екенін, жатсам-тұрсам ойымнан еш кетпейтін қымбат сырласым, басқан қадамымды, көкейдегі ойымды аңдып тұратын сыншым екенін айтуым керек.

Көне «Күлтегін ескерткіші» жазуында: «Елің елдікті етті, жауын бейбіт етті» деген сөздер бар екен. Осыдан мың жылдан көп бұрын айтылып, тасқа қашалған бұл сөздер біздің басымыздағы бүгінгі жағдайға тікелей қатысы бар сияқты.

Ендеше біз ең алдымен осы жылдар ішінде шындығына келгенде, осындай биікке көтеріле алдық па, барлық жағынан да еркіндікке жете алдық па дейтін ең салмақты сауалға ашық жауап қайтаруымыз керек.

Біз ғасырлар бойы сан ұрпақтың санасына сартаптанып сіңісті болып кеткен бодандық сезімінен, тоталитарлық жүйенің бойымызды әбден меңдеп алған енжарлық, масылдық дертінен ақыр аяғына дейін аршыла алдық па?

Бір жайттың басы ашық. Біз осы жылдар ішінде, сөз жоқ, талай ондаған жылдарға татырлық жолдан өттік. Біз еркін тыныстайтын, еңсе жазатын күйге көштік. Біздің санамызды, зейін-зердемізді, жанарымызды түмшалап келген бірталай көнерген сарқыншақтардан, теріс пайым-ұғымдардан арыла алғанымызға да күмән жоқ.

Яғни жоғарыдағы көп сауалдарға да қанағаттанарлық жауап бере аламыз. Барлығын бірдей шешпесек те, бағыттымыз дұрыс дей аламыз.

Адам кешегісімен, қазіргісімен және келешегімен өмір сүреді. Қазіргі сот тез өтеді, тез кешегіге, өткенге айналады. Яғни біз өмір бойы келешекке ұмтылумен ғұмыр кешеміз.

* * *

Қымбатты қазақстандықтар!

Қымбатты серіктерім, қадірлі меймандар!

Бүгін күллі еліміз, барша отандастарымыз, сырт жерлердегі достарымыз Қазақстан Тәуелсіздігінің онжылдығын мерекелеу үстінде.

Бұл күн — менің өмірімдегі ең қасиетті күн, ал бүгінгі сөзім — өздеріңізге еліміз енді тәуелсіз ел болды деп жариялаған сәттен бергі ең бір жауапты сөзім.

Өйткені, бүгін мен халықтың өзі сайлаған Мемлекет басшысы, Қазақстанның тұңғыш Президенті

ретінде, бір қарағанға, қарапайым, ал іс жүзінде өте күрделі сауалдарға жауап қайтаруым керек.

Тәуелсіздік дегеніміз не және ол бізге не берді?

Біз қандай болдық?

Біздің нені сақтауымыз керек, неден арылуымыз керек?

Ақыры, бізді алдымызда не күтіп тұр?

Бұл сауалдардың күрделі болатын себебі, оларға қайтарылатын жауап біздің әрқайсымызға, сөйте тұра біздің бәрімізге — ортақ тағдыр біріктірген халыққа, Қазақстан азаматтарына арналуы керек. Біз өз қолымызбен тұрғызып жатқан елдің азаматтарына, біздің болашағымыз байланысты елдің азаматтарына арналып отыр.

Ақыры, біз бүгін КСРО аталған ел мен оны басқарып келген жүйе арасындағы айырмашылықты айқын бағамдай бастадық.

Өткен жылдар биігінен біз елдің ыдырауы мен сол жүйені жоюдың арасындағы айырмашылықты да анық бағамдап отырмыз.

Алайда тоталитарлық, томаға-тұйық қоғамды тәркі ете отырып, біз экстремизмнің, нарықтық радикализмнің әкелетін қатерін де, қоғамымыздың тұрақтылығына төнген басқа да қауіпті терең сезіне бастадық.

Біз көпұлтты мемлекетте өмір сүрудеміз. Қазақстандықтардың сан ұрпағының еңбегі де, еліміздегі барлық халықтардың жан-тәні мен тағдыры да осында.

Біз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Біз бірлесіп жаңа ел орнаттық. Біз тәуелсіздікке талай тауқымет тартып жеттік. Біз оның мәнін терең сезіндік.

Ендеше бүгінгі күн — біздің ортақ қуанышымыз, біздің ортақ жеңісіміз.

Сіздерді, менің қымбатты отандастарым, осынау жарқын мерекемен құттықтаймын!

* * *

Қымбатты қазақстандықтар!

Осыдан он жыл бұрын біздің еншімізге жантәсілім етуге жуық экономиканың жұрнағы тиді, алайда

соның өзін де игеру мен зерделеу керек болды, өйткені республика бұрын өз әлеуетінің үлкен бөлігін басқарып көрмеген еді.

Біздің қолымызға өлшемдері тұрғысынан жаңа Қазақстанның мүддесіне жауап бермейтін темір жол, автомобиль жолдары, энергия жүйелері мен құбыр желілері тиді.

Біздің қолымызға әлемдік қалыптарға мүлде ма-найламайтын толып жатқан кәсіпорындар мен жаб-дықтар тиді.

Біздің қолымызға ахуалы мүшкіл ауылдары мен селолары қаптап жатқан экстенсивті ауыл шаруашы-лығы тиді.

Жаңа мемлекеттің Конституциясы да, нышанда-ры мен рәміздері де болған жоқ.

Біздің бүкіл заңнамамыз басқа идеологияға, бас-қа елге, басқа мақсаттарға лайықталған еді.

Алайда сол жылдары жаңа жағдайда не істеу қажет екенін білетін адамдар бәрінен де қат болды. Біз ескіше өмір сүруге болмайтынын түсіндік, дегенмен өзімізге не керек екенін, нені қалай істеуіміз керек екенін білмей дағдардық.

Бәрін де іс жүзінде тақыр жерден бастауға тура келді, дегенмен бәрінен бұрын басты бағытты таң-дап алу қажеттігі туды. Ең алдымен, нақтылы егемендікке, елімізді сыртқы дүниені тануына қол жеткізу қажет еді.

Қазақстан дүние жүзінде бірінші болып өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. Мұны жаһандық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға, Жер бетіндегі бейбітшілік ісіне қосылған теңдесі жоқ үлес десек, ешбір асыра айтқандық емес.

Сонымен қатар бұл өз қауіпсіздігімізді қамтама-сыз етуге қосылған ең қомақты үлес.

Осы орайда біз әлемнің барлық ресми тұрғыда танылған ядролық державаларының Қазақстанға бірлескен және жан-жақты қауіпсіздік кепілдіктерін беруіне қол жеткіздік.

Осы жылдардың ішінде Қазақстан ҚХР-мен,

Түркіменстанмен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен арадағы шекара мәселелерін толығымен реттеді. Бұл орасан зор тарихи маңызы бар оқиға. Жүздеген жылдарға созылып, біздің ұлы бабаларымыз армандап қана келген мәселе ақыры шешімін тапты. Таяу уақытта Ресеймен арадағы барлық шекара мәселелері шешілетін болады.

«Шанхай бестігі» шеңберінде қабылданған шаралар аса аумақты географиялық кеңістікте сенім, серіктестік пен тұрақтылық саясатының негізін қалады.

Бұл да — орасан зор тарихи маңызы бар жайлар. Өйткені өзінің қауіпсіздігіне барынша сенімді ел ғана ойдағыдай дами алады.

1992 жылғы 7 мамырда менің Жарлығыммен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Мұнда да біздің бәрін «ақ парақтан» бастауымызға тура келді: әскери штаттағы офицерлік құрамның 40-45 пайызы ғана қалып, әскерлерді басқарудың біртұтас жүйесі жоқтың қасы еді, қолымызда тозған техникаға толы қоймалар қалды, тәжірибелі ұшқыштар мен жағармайдың жоқтығынан ұшпайтын ұшақтар қалды, басқарусыз әуе қорғанысы жүйесі қалды.

1992-1998 жылдар ішінде біз Қарулы Күштерімізді қайта құрып, ал 1999 жылдан бастап оны түбегейлі реформалауға көштік.

Осы жылдардың өн бойында менің іс жүзінде күн сайын әскери құрылыс мәселелерімен шұғылдануыма тура келді, бүгін мен біздің офицерлеріміз бен генералдарымыздың өтпелі кезеңнің барлық ауыртпалықтары мен қиындықтарынан абыроймен өтіп, еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткенін айтуым керек.

* * *

Жұрттың баршасы бірдей байыбына барып пайдалана білмеген шексіз бостандық берілген Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекетаралық егестерге, ұлтшылдық сезімнің өріс алуына, қоғамдағы

бір топтың келесі бір топтарға тиісуіне жол бермеу ерекше маңызды болды. Сонымен қатар тәуелсіздік жағдайында еліміздің өз ішінде дербес шешімдер қабылдауға дағдылану да қажет болды.

Демократия негіздеріне көшкенде, біздің әуелгіде оған табынатын тылсым ретінде ғана қарап, оны орнымен пайдалана білуді үйренетін құрал ретінде көзге ілмеген де кездеріміз бар.

Өз ерекшеліктерімізді ескермей, шет елдердің тәжірибесін бас-көзсіз көшіруге ұмтылған кездеріміз де жоқ емес. Соның салдарынан зардабын күллі қоғамымыз сезінген іркілістерге де ұрындық. Дегенмен біз қауіпті әрдайым жіті аңдап, өз жауапкершілігімізді сезіне білдік, міне, мұның өзі біздің шыдап шығуымызға мүмкіндік берді.

Сонымен, біз тәуелсіз мемлекет құрдық. Өз тарихымызда тұңғыш рет осындай қалыпта, осындай аумақта құрдық. Біздің уақытымыздың бұлжымас фактісі, міне, осы!

Біз цензураға конституциялық тұрғыда тыйым салып, сөз бостандығын жария еттік. Біз ашық плюралистік қоғам қалыптастырдық. Біздің елімізде болып қайтқан мыңдаған шетел журналистерінің ешқайсысы өзінің кәсіптік қызметін атқаруда ешқандай кедергіге кезіккен емес. Сырттан көз салған оларға біздің «оң-терісіміз» тасқа таңба басқандай айқын көрінгеніне сөз жоқ. Алайда біздің елімізден алған әсерлері жайында менімен пікір алысқан кездерінде әлемдегі ең әйгілі деген бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері біздің адамдарымыздың ашықтығын, әлемнің көптеген, тіпті ең бір дамыған елдерінің өзінде мұндай емен-жарқындықтың ұшыраспағанын талай мәрте айтқан еді.

Сонымен бір мезгілде біздің экономика негіздерінің өзін түбірінен өзгертуімізге тура келді.

Дұрыс шешімін таппаған экономика терең дағдарысқа ұшырады. Инфляция шарықтады. Банк жүйесінің кембағалдығы сауданы тұқыртып, төлем тапсырымдарын орындау айларға созылып кетті.

Ахуалды ауырлатып тұрғаным жоқ, расы сол, 1990 жылдардың басында біз құздан құлауға шақ тұрдық. Қазақстанда 1990-1994 жылдары өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі тең жартысына кеміп кетті. Ауыл шаруашылығында құлдырау үштің біріне дейін жетіп, ал көлік тасымалы тіпті үштен екіге кеміді. Өнеркәсіп алыптары тоқтап, жұмыссыздық өрбіді, жаппай экономикалық қоныс аудару басталды. Мемлекеттің өз кәсіпорындарын басқаруға дәрмені жетпей, олар өнім сатуға емес, қоймаға жұмыс істеп жатты.

Сол кездегі «қызыл директорлардың» сауатсыздығынан өндірістік сектор қарызға белшесінен батты.

Айналым қаражаты мен өнім сатудан түскен ақша шетелдерде тамыр байлап немесе қалталарға түсіп кетіп жатты. Сондықтан да ол директорларды қазір еш жерден көре алмайсыздар.

Барлық учаскелерде де қаражаттан қатты зәрулік көрдік. Зейнетақы, жәрдемақы мен жалақы төлемсіздігі созылмалы сипат алды. Заттай төлем мен айырбас жаппай белең алды.

Елімізде соғыс пен күйзеліс заманындағыдай кәдімгідей ашаршылық пен жүдеп-жадаушылық қатері төнді. Экономикада батыл да жүйелі, жігерлі де жедел өзгерістер жүргізуді өмірдің өзі талап етті.

Қуатты атқарушы биліктің тік сатысы болмайынша, мұны іске асыру мүмкін емес еді. Жаңа адамдар, жаңа экономикалық стратегия талап етілді. Ал оны жүзеге асыру жолындағы кедергілерді серпіп тастау керек еді.

Біз Конституция қабылдадық, онда билік құрудың жаңа қағидаттарын бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтарын қорғауға алдық. Біздің басты жетістіктеріміз — 1995 жылы бүкіл халқымыз қабылдаған осы Конституцияның жемісі.

Президенттің өкілеттіктерін пайдаланып, мен конституциялар аралық кезеңде 1995 жылы заң күші бар жүз қырықтан астам жарлықтар шығардым, соның нәтижесінде бүгінгі күні өзіміз мақтан тұтатын реформаларымызды жеделдетуге мүмкіндік берген

батыл, тоқтамды әрі жедел өзгерістерді жүзеге асыруға жағдай жасалды.

Еліміз экономиканы мүлде жаңа арнаға бағыттанған нарықтық, әлемдік қалыптарға сәйкес заңдарға ие болды.

Біздің банктеріміз түбегейлі өзгерді. Принципті жаңа бюджет және салық жүйелері түзілді, баға мен саудаға ырық берілді. Біз 1993 жылы дербес макроэкономикалық саясат жүргізуімізге мүмкіндік берген өзіміздің ұлттық валютамызды енгіздік.

Қысқа мерзімнің ішінде, 1992 жыл мен 2000 жылдың аралығында экономикадағы реформалар мен оны барынша жекешелендірудің төрт бағдарламасы әзірленіп, Президенттің Жарлықтарымен бекітілді.

Белгіленген бағдарламаларды дәйекті жүзеге асыру экономикамызды терең құрылымдық реформаларға бастады. Осы жылдардың ішінде жеке меншік, кәсіпкерлік, шағын бизнес белсенді түрде енгізіліп, оларға қолдау көрсетілді.

Нарық өзгерістерін бойына дарытпай келген кенестік ұжымшар-кеншар жүйесі келмеске кетті.

Мыңдаған орта және ірі кәсіпорындар сатылды немесе жеке меншіктің басқаруына берілді, менеджмент алмасты.

Билік органдарына ескі жүйенің сартап қағидаларынан ада, жаңаша пайымдайтын білімді жастар батыл тартылды. Еліміздің экономикасы даму жолына түсіп, біртіндеп азаматтарымыздың әл-ауқаты жақсара бастады.

Сөйтіп, экономика мен өмірімізді тоталитарлық жүйенің сарқыншақтарынан батыл әрі аяусыз аршу жүзеге асырылды.

Дегенмен төңкерістің үлкені сол кезде нақ қазақстандықтардың санасында жүріп жатты, біздің баршамыз ендігі жерде өз тағдырымыз, өз отбасымыз, өз дәулетіміз үшін өзіміз жауапты екенімізге әбден көз жеткіздік.

Экономика мен мемлекет ретке келе бастады. Адамдар ауыр ұйқыдан ояңандай, өткеннен бойын аршып, жаңа өмірге ықылас қоя бастады.

* * *

Соған қарамастан, дамыл аларлық уақыт болмады. Ендігі жерде олқының орнын толтыру керек еді. Еліміз стратегиялық маңызды ұзақ мерзімді шешімдерден зәрулік көрді.

Біздің өзіміз де, сыртқы дүние де Қазақстанның қайда, қандай мақсатқа ұмтылып отырғанын және қай бағытқа беттегісі келетінін түсінуге тиіс еді. Баршаға, әсіресе, саналы ғұмырын енді бастаған, бағдары болмаған жастарға өзіндік бір дәл де айқын «дабыл белгісі» қажет болды.

1997 жылдан бастап біз өзіміз осы сұрақтардың бәріне жауап қайтарған ұзақ мерзімді 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес іс-қимыл жасауға көштік.

Бұл тұжырымдамалық стратегиялық және тактикалық сипаты бар, біздің басымдықтарымыз, оларға жетудің жолдары мен әдістері айқын бейнеленген құжат.

Әрине әлемдік және ішкі проблемалар өмірімізге өз түзетулерін енгізбей тұрмайды. Дегенмен негізгі тұжырым айқын: ақылға қонымды реттелетін ашық рынок қалыптаспайынша, сыртқы және ішкі инвестицияларға қолайлы жағдай туғызбайынша, экономиканың өркендеуі мүмкін емес.

Біз өзіміздің бейбітшілікті сүйетінімізді, бүкіл әлемде кімге де болсын, қандай да бір наразылығымыздың жоқ екенін мәлім еттік. Алайда сырттан қатер төнген жағдайда, ортақ шаңырағымызды, өз жерімізді қорғауға әзір екенімізді де ескерттік.

Біз өзімізге ең қымбат нәрсе еліміздегі бейбіт өмір мен татулық, тыныштық екенін, баршаның және әркімнің ортақ мақсат жолындағы бірігуі екенін қуаттадық.

Біз өзіміздің экономикалық және әлеуметтік басымдықтарымызды жария еттік, ал олар болса, қарапайым, қазақстандықтарға да, айдай әлемге де түсінікті дүниелер.

Ақыры, біз болашақ мемлекетіміздің әлеуметтік бағытын және оны халқымыздың мүддесі үшін жетілдіру жолдарын айқындадық.

* * *

Белгіленген стратегия бүкіл осынау жылдары нық сеніммен жүзеге асырылып жатыр.

Мейлінше қысқа мерзімнің ішінде біз жаңа байтағымыз — Астананы көтердік. Ол елімізге аса қажет, баршаны өзіне тартып тұратын ірі өңірлік орталыққа;

— осы заманғы технологиялар мен инфрақұрылымды «сынақтан өткізу» орталығына;

— экономиканы өркендетудің екпінді қозғаушысына;

— шетел компаниялары тарапынан көрсетілген күшті бәсекелестік жағдайында отандық құрылыс индустриясы дамуының қуатты серішпесіне;

— автожолдарды, тұтас алғанда көлік саласын күшті дамытушыға айналды.

Астананы өркендету облыстар арасындағы байланысты күшейтудің және жаңа рыноктар ашудың тегеурінді ынталандырғышына айналды. Мемлекеттік аппарат толық жаңарды. Қажыр-қайрат пен жасампаздықтың жаңа рухы біздің алып еліміздің орасан зор стратегиялық маңызды өңірін баурап алды.

Мұнда өнерді, ғылым мен білімді дамытуға айрықша жағдай туды. Біздің еліміздің түрлі мәдениеттері мен алуан ойлы адамдары рухының жан жадыратарлық өзара астасуы іске асты.

Астанада осы заманғы қалалық сәулетшілік-тұрмыстық мәдениет қалыптасу үстінде. Ол еліміздің барлық өңірлері үшін өнегеге айналды. Басқа өңірлер Астана өнегесіне сүйеніп, өздері көптен күткен жаңғыртуға кірісті.

Осының бәрін біз істедік! Көптеген күмәншілдерді де көзге ілгіміз жоқ. Әлемдік қаржы дағдарысына да қарағамыз жоқ. Бұл — біздің қабілетіміздің, мүмкіндіктеріміздің, күш-қуатымыздың, ой-ниетіміз бен табандылығымыздың ең үздік белгісі.

Біз өзіміздің қандай жағдайда болсын, өзгерістерге әзір екенімізге және оларды жүзеге асыруға қабілетіміз жететініне күллі әлемнің көзін жеткіздік, ең бастысы, бұған өз көзіміз жетті.

* * *

1998 жылдан бастап, біз зейнетақы жүйесіндегі, мемлекеттік қызметтегі, сот төрелігіндегі, білім беру мен денсаулық сақтаудағы ұзақ мерзімді реформаларға кірістік. Ауылда да айтулы өзгерістер жүзеге асырылды.

Стратегиямыз барлық бағыттарда жұмыс істей бастады. Алайда тағдыр бізді тағы да сынға салды. Біз 1997-98 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысының соққысына ұшырадық.

Еліміз зауыттардың тоқтап қалу, жаппай жұмыссыздықтың етек алу, аса күшті бюджеттік дағдарыс, зейнетақы мен жалақының төленбей қалу қаупіне қайтадан кезікті.

Біз ойға алғанымыздың талайын ығыстырып қоюға мәжбүр болдық, қарқынымыздан да көз жазып қалдық, тұрмыс деңгейі тағы да төмендеп кетті. Алайда экономиканың құлдырауына жол берілген жоқ, ол өзінің бекемдігін дәлелдеп шықты.

Дағдарыс тағылымдары бізді реформаларды бұрынғыдан да ширақ жүргізуге итермеледі, бюджет шығындарына, үнем тәртібіне жаңаша қарауды талап етті.

Ең бастысы, біз ақшаның құны мен резервтердің стратегиялық маңызын бағамдауға үйрендік, ал елімізде тиісті резервтер жинақталған еді.

Дағдарыстар келіп-кетіп жатады. Ауыртпалық салғанына қарамастан, олар, сайып келгенде, тоқыраған учаскелерде экономиканы сауықтыруға, ал бәрінен бұрын ерік-жігерімізді жұмылдыруға, жинақы да ұйымшыл болуға жәрдемдеседі.

Соңғы үш жылда экономикамызда тұрақтылық білінді, зауыттарымызға жан кіріп, жұмыс істей бастады, ауылдар да етек-жеңін жиып, қалалар мен аудан орталықтары көркейе бастады, еліміз өркендеу сатысына қадам басты.

Мен бұл туралы бүгін неге нық сеніммен айтып тұрмын?

Әлемдік тәжірибе (Жапония, ҚХР) көрсетіп отырғандай, жинақтау нормасы он бес пайыздан төмен болмайтын деңгейге жеткен кезде экономиканың тұрақты өсуі басталады. Қазақстан биылғы жылы жалпы ұлттық табыстың жиырма бес пайызға тарта жинақтау деңгейіне шығады. 2001 жылы банктер берген несие көлемі 460 миллиард теңгені (үш миллиард доллардан астам) құрады. Ұлттық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 1994 жылғы тамыздағы үш жүз қырық пайыздан биылғы жылы тоғыз пайызға дейін төмендеді.

Соңғы бес жылда ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ-нің) нақты өсімі Қазақстанда 26 пайыз деңгейіне жеткенін атап көрсеткім келеді. Мысалға, бұл көрсеткіш Венгрияда — 26,2 %, Польшада — 24,4 % болды. Нақ осы кезең ішінде инфляция біздің елімізде — 52,1 %, Польшада — 49%, Венгрияда — 70%-ды құрады.

Биылғы жылы инфляция бізде 1992 жылғы үш мың алпыс бір пайыздың орнына жеті пайыздан төмен мөлшерге түседі.

Осынау екі макроэкономикалық көрсеткіш тіпті ТМД емес, Шығыс Еуропа елдерімен салыстырғанда, Қазақстанды осал жағынан сипаттамаса керек.

Экономиканың осылайша өркендеуінің нәтижесінде еліміз жыл сайын өз азаматтарының зейнетақысы мен жалақысының мөлшерін өсіре бастады.

Біздің экономикамызда шетел инвестицияларының атқарған рөлі орасан зор. 1993 жыл мен 2001 жыл аралығында Қазақстан 14,7 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялар тартса, мұның өзі ТМД елдеріндегі барлық шетел инвестицияларының үштен біріне жуығын, ал Орталық Азия мемлекеттері инвестицияларының 80 пайыздайын құрайды.

Егер кімде-кім Қазақстанға инвестициялар оның орасан мол ресурстарына бола ағылып жатыр деп санаса, оның қатты қателескені.

Жеке инвесторлар кірістің жоғарылығы мен тәуекелдің аздығына қарай ақша салатыны мәлім. Жақын таныса келе олар дағдылы сауалдарын қояды. Өнім мен пайданы қалай әкетеміз?

Сіздердегі тарифтер, салықтар, жеңілдіктер, шығындар қандай? Елдеріңіздегі және заңдарыңыздағы тұрақтылыққа кепілдіктер бересіз бе?

Иә, шетел инвесторы есепшіл, кейде тіпті қатыгез, өйткені ол пайданың есебінен күн көреді, яғни пайда алар жерде ғана қаражат жұмсайды. Уағдаласқан адамына оның сенуі керек. Демек, олар бізге сенеді.

* * *

Соңғы жылдары біз ірі құрылыстарға, көптеген өндірістік салаларды жаңалауға кірістік. Әркімнің өзі үшін және өзінің отбасы үшін жеке жауапкершілік сезімі терең тамыр тартты, адамдар өзін мүлігі мен өндірген өнімінің иесі сезіне бастады, ал мұның, әсіресе, ауылды жерлердегі маңызы өте-мөте зор.

Қазіргі тарихымызда тұңғыш рет біз алыс мақсатымыз немесе келешегіміз жайына келгенде, нақты жүзеге асқан іс ретінде тұрлаулы, қалыпты әрі болжаулы ертеңгі тіршілігіміз туралы толғана бастадық.

Шағын бизнестің дамуы, яғни 1 миллион 600 мың адамды қамтитын шағын және орта кәсіпорындардың бүгінгі 400 мың субъектілерінің жұмыс істеп жатуы — біздің реформаларымыздың дұрыстығының тағы да бір мығым дәлелі.

Шағын кәсіпорындардың еліміздің жалпы ішкі өніміндегі үлесі іс жүзінде тұлдырдан тура он сегіз пайызға дейін өскен екен.

Біз өзіміздің қазіргі тарихымызда тұңғыш рет тұрлаулы, қалыпты ертеңгі тіршілігіміз турасында, бір кездегідей бұлыңғыр мақсатымыз бен келешегіміз ретінде емес, іске асқан мұрат, үмітімізді ақтаған уақыт ретінде ауызға ала бастадық.

Біз бүгінгі таңда мақтан тұтатын: бостандық, ашықтық, ырықты саясат пен экономика сынды дүниелерге

жүздеген және ондаған жылдардың өн бойында демократия дегенді білмеген, еркін ой-пайым атаулы аяусыз басып-жанышталып келген елде қол жетіп отыр.

Бұған бүгінгідей уақыттың өзінде, көптеген елдерде адамның қарапайым құқықтарының өзі бұзылып, миллиардтаған адам аш-жалаңаш, мешеу күй кешіп жатқан, ал демократия өскіні, тіпті, тамыр тартаған кезде қол жетіп отыр.

Мұның өзі жаңа кісі өлімі, террорлық әрекеттер, жаңа соғыс өрттері, жаңа құрбандар туралы хабарларға етіміз үйреніп кеткен бүгінгідей халықаралық жағдайдың өзінде мүмкін болып отыр.

Мұның бәрі де бізді терең ойға жетелейді. Өйткені, әлемдегі ең бір көпұлтты, әрі ең бір көпконфессиялы елдің тағдыры сіздер мен біздердің қолымызда.

Сондықтан да біз мұны пайымдау өзіміздің даму жолымыздағы кедергі емес, қайта ішкі серпін беруші күшке айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіспіз, тегінде тағдыр бізге осы сан алуандықтың өзінен жақсылық табуды жазып отыр.

Біздің қоғамымыздың ішкі тінін бүлдіруге әрекет жасап келген және әлі де жасай беретін күштер аз емес. Егер біз өз қалыптасу жолымыздың өткен он жылын татулықта өткізсек, мұның өзі тіпті де бүкіл әлем және біздің өзіміз тоталитаризм мен реакцияның дертінен әбден айықтық деген сөз емес.

Планетада болып жатқан оқиғалар баршамызды өзіміздің қаншалықты қорғалғанымыз, қауіпсіздігіміздің қаншалықты қамтамасыз етілгені жайында ойлануға мәжбүр етеді.

Адамдардың нәсілдік, діни, ұлттық және әлеуметтік бөлінісі әлі де күллі әлемнің мәңгілік мерезі болып келеді. Экстремизмнің түп-тамыры да, міне, осында бұқпантайлап жатыр.

Теріс түсінік, ұлттың ауызбірлігінің жоқтығы және діни, саяси немесе әлеуметтік себептерді бетперде тұтатын, адамға деген құрмет сезімінің болмауы әлемнің

түрлі елдерінде миллиондаған адамдардың өмірін азапқа айналдырып отыр.

Біз мемлекеттің қолында бар, өзіміздің көпұлтты Отанымыздың әрбір азаматының қолында бар мүмкіндіктерге сүйеніп, ортақ шаңырағымыздың аясындағы — Қазақстан Республикасындағы достықты, сыйластық пен сенімді, татулық пен тұрақтылықты сақтауға міндеттіміз. Өзіміздің осы алтын қазынамызды ешкімнің де бүлдіруіне жол бермеуіміз керек.

* * *

Қымбатты отандастар!

Бұл жылдардың ішінде біз қатты өзгердік. Өткен уақыт біздің бойымыздағы әділетті аңсау сезімін ұштай түсті, біз өзімізге де, өзгелерге де талапшыл бола түстік, билікке де, өмірдің өзіне де талапшыл бола түстік.

Біздің осынау онжылдық мерекеміз — ұзақ жолда тынығатын белес емес, өткенімізді ой елегінен өткізіп, екшейтін уақыт.

Кей сәттерде біздің бойымызды мақтаныш пен қаяулық, сенім мен мазасыздық, ширығу мен шаршаушылық сезімі қатар кернейді.

Жетістіктеріміз мен мұңдалап тұрғанмен, әлі кемшіндеріміз де аз емес. Біз еліміздің алдынан тосын тосқауылдардың, әсілінде өзіміз мүлде естен шығарған ескі тосқауылдардың көлденең тұра бастағанына да көз жеткізе бастадық.

Біз шенеуніктердің біліксіздігі мен өзімшілдігін, жауапсыздығы мен адамдардың мұқтажына енжарлығын түбегейлі еңсеруіміз керек екенін көріп отырмыз.

Билік пен бизнестің өзара астасып кетуінен арылуымыз керек.

Біз демократия мен сөз бостандығы мәдениетіне үйренуге тиіспіз, бұл ұғымдарды орынды-орынсыз пайдалана бермеуге, балаң демократиямыздың келбетіне көлеңке түсірмеуге тиіспіз.

Біздің өндірісті ұйымдастыруға, еңбек өнімділігін көтеруге, жаңа технологияларды енгізуге, жұмыс пен өнім сапасын арттыруға, бәсекеге қабілетті болуға

үйренуіміз керек және сыртқы рынокқа шығуымыз керек.

Сонымен бірге біздің нақтылы жағдайды әлдеқайда терең бағамдауымыз шарт. Әлемдік экономикалық пайым соңғы жылдары барған сайын «таза капитализм» дегеннің де, «таза нарықтық экономика» дегеннің де жоқ екені турасындағы тұжырымға көбірек ойыса бастады.

Біз мемлекеттің жаңа дәуірдегі, жаһандану, ғылыми-техникалық пен әлемдік реттіліктің қайта құрылуы заманындағы рөлі мен орнын терең бағамдауға тиістіміз.

Біздің алдымызға тарих тағы да қиын таңдау жасау қажеттігін көлденең тартып отыр. Алайда ілгері кетіп, көп дүниені өзгертуге кіріскендерге ілеспей, бірден қоғамдық қатынастардың қажетті «тұсы мен уақытынан» дер кезінде табылуға мүмкіндік те беріп отыр.

* * *

Қымбатты отандастар!

Біздің алдымызда әлі де көптеген қиындықтардың, жаңа сынақтар мен проблемалардың бар екенін айтпай тұра алмаймын. Біздің алдымызда іштей аршылу мен ірі өзгерістердің оңайға түспейтін сілемі жатыр.

Егер біз дұрыс шешімдер таба алмайтын болсақ, көптеген мемлекеттер мен халықтардың ондай шешімдерді таба білмегені де рас, біздің әлемдік дамудан қаға беріс қаларымыз анық.

Сондықтан, келіңіздер, қам жасайық!

Экономикасы өтпелі кезеңдегі ел болашағының екі нұсқасы бар:

Біріншісі, экономикада қалыптасқан үрдістерді қалпында қалдыру, оны үнемі интеграциядан тыс әрі әлемдік рыноктың сырттан бақылау жасалатын пұшпағына айналдыру.

Екіншісі, ең соңы осы заманғы әрі ұтымды технологиялардың негізінде өзінің ғылыми-техникалық әлеуетін жедел қалпына келтіру мен дамыту, өндіріс пен инвестициялардың өсімі.

Біз екінші жолды таңдаймыз — біз экономиканың ұзақ мерзімді серпінді өркендеу әлеуетіне ие, бәсекеге қабілетті және тиімді қазақстандық үлгісін қалыптастырамыз, мұның өзі еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтай отырып, адамдарымыздың тұрмыс жағдайын жақсарту міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Үкімет осы міндеттерді іске асыруға қабілетті болуы керек. Реформалардың заңнамалық базасы жасалды. Өзгерістердің негізгі бөлігін біз жүзеге асырып та үлгердік. Бүгінгі таңда нақты істің адамдары қажет.

Біз билік органдарында кәсіптік даярлығы жоғары, халық пен мемлекеттің мүддесімен өмір сүретін, кісілікті әрі әділ адамдардың жұмыс істеуіне қол жеткіземіз.

Кадр саясатында, болашақ басқарушылар даярлауда түбірлі өзгерістер жүзеге асырылады. Біз мемлекет қызметшілері этикасының жаңа Кодексіні әзірлеуді қолға аламыз.

Қазақстан демократияландыру жолымен одан әрі ілгері басады. Бұл арада ешқандай күмән-күдік тұмас керек. Өйткені, бір жағынан, ырықты экономика құру, екінші жағынан, жабық қоғам жасау ешкімнің қолынан келген емес.

Мәселе демократияландыру мерзімі мен пішінінде емес, оның даму барысын пайымдауға тіреледі.

Өзіміз ылғи да «естен шығара беретін» бірнеше айна-қатесіз ақиқат бар. Нақты демократияның да бірнеше қарапайым ұстындары бар. Бұлар: дамыған, орта таптың, заңнамалық базаның, нақты азаматтық қоғамның болуы, халықтың саяси мәдениеті, тарихи дәстүрлер және тиісті геосаяси орта.

Мұны ескермейінше, кез келген демократиялық ықылымдар демократияға емес, охлократияға, яғни қарапайым тілмен айтсақ, бейбастақтық пен жүгенсіздікке, ақыр соңында, қақтығыстар мен ыдырауға әкеліп тірейді.

Өткен ғасырдың басында Ресейдегі патша билігі осындай күйге түсті, 1991 жылы Кеңес Одағы да сол кепті киді. Тарихтың мұндай тағылымдарын ұмытпайық.

Осы жылдардың ішінде біз демократиялық қоғамның негіздерін шындап құра бастадық. Ғайыби орта тап енді шындыққа айналды. Еліміздің заңдары қоғамдық қатынастарды реттеу тетігін толығымен өзгертті. Ел халқы мен саяси элита талай мәрте сайлау көрігінен шыңдалып өтті. Тоталитаризмнің көптеген қасаң қалыптары қиратылды. Тату көршілік қатынастардың сенімді белдеуі жасалды.

Бұларды кім жасады дейтін сауалдың өзі де, менінше, ең негізгісі емес. Ең бастысы, мұның бәрін де біз экономикалық, сондай-ақ саяси жағынан да ашық қоғам құру үшін жасадық.

Әлі де алға жылжи беру керек. Бізге билік тармақтарының жаңа уақыт талабына сай келетін құрылымы мен мазмұны және тепе-теңдігі керек.

Біз экономиканы байсалды орталықсыздандыруға, байыпты жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құруға ұмтылатын боламыз, алайда алдымен барлық деңгейдегі мемлекеттік міндеттерді айқын саралап аламыз, бюджетаралық қатынастарды қайта қараймыз.

Жинақталған тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл мәселелерді шешіп алмайынша, сайлауға байланысты тәп-тәуір идеяны қымбатқа түсетін, демократиялық жаңғыруларға залал келтіретін саяси «сауық» ұйымдастыруға айналдырып жіберу қаупі бар.

Сот жүйесі өткеннің де, бүгінгінің де кінәраттарынан арылып, өздеріне халықтың, иә, өздерінің халыққа емес, нақ осы іске өкілеттік бергенін есте ұстап, адамдардың құқықтарын қорғауға адал да қалтқысыз қызмет етуге тиіс.

Егер біздің бизнес-элитамыз, мемлекеттік аппарат, сайып келгенде, бүгінгі таңда билік басындағылардың топтың немесе өзінің жеке басының мүддесін емес, халық пен мемлекеттің мүддесін қорғауға, мемлекеттің қазынасы мен жеке қалтасын шатастырып алмауға тиіс екенін түсінбесе, онда біз тіршілігіміздің сырқатқа ұшыраған тұстарын емдеу үшін, халықтың сау күштеріне өріс аршу үшін мемлекет тарапынан мәжбүрлеуге де баратын боламыз.

Біздің мемлекеттің бүкіл бақылау-инспекциялық жүйесін, соның ішінде, қаржы бақылау жүйесін елеулі өзгертуімізге тура келеді.

* * *

Енді біраз уақыттан кейін Қазақстан дүниедегі жетекші мұнайлы мемлекеттердің қатарына қосылады. Дегенмен, мұнай және басқа табиғат қазынасы — біздің еңбегіміздің жемісі емес. Бұлар — бізге Табиғаттың берген сыйы.

Бұл қазына ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір сарқылады. Жаңа қуат көздерінің табылуы да мүмкін. Бізге өз ұрпақтарымыздың алдында, еліміздің болашағы алдында жоғары жауапкершілік жүктеліп отыр. Сондықтан да бұл қазына ысырап етілмей, қайта қордалана беруге, озық білімге, жаңа зауыттар мен технологияларға айналуы керек.

Сондықтан да жұмыс істеуге қабілетті әрбір жан өз еңбегімен өзіне нан табуға, отбасын қамтамасыз етуге, қарттығының қамын жасауға тиіс. Мемлекет бұған қажетті барлық заңды жағдайлар туғызатын болады, еңбек еткісі келетіндерді, істің көзін білетіндерді қолдайтын болады.

Біз халықтың денсаулығын барынша жақсарту, есірткі мен жұқпалы індеттердің таралу қарқынын тежеу үшін қайрат пен ақылды, керек десеңіз, қатаңдықты қатар жұмсаймыз.

Еліміз үшін осындай маңызды да қауырт проблемаларды шешу үстінде біздің маңызды ұзақ мерзімді міндеттерді іске асыруды да естен шығармауымыз керек.

Өндіріс құрылымын мықтап өзгертетін уақыт туды. Бұл ретте басқа елдерге қарағанда, өзіміздің ежелден артықшылығымыз бар салалар — мұнай-газ және кен-металлургия кешені мен ауыл шаруашылығына басымдықтар бергеніміз жөн.

Біріншіден, басты назарды шикізатты неғұрлым терең өңдеуге, қосымша құнды көтеруге аударуымыз керек. Мұнай химиясын, прокат, металл бұйымдары өндірісін, тамақ өнеркәсібін дамыту керек.

Экспорт кешендерін қамтудың, зауыттарды жаңалаудың жекелеген бағдарламаларын әзірлеу талап етіледі.

Екіншісінен, сонымен бір мезгілде инфрақұрылым мен тиісті салаларды — көлікті, коммуникацияларды, қаржы секторын, геологиялық барлауды, труба, тыңайтқыш, құрылыс материалдары, машиналар, жабдықтар өндірісін дамыту керек.

Үшіншісінен, әлеуметтік қорғау жүйесінің, өндірістік емес саланың реформасын аяқтау керек.

Төртіншісінен, таяудағы жылдары өзіміздің негізгі экономикалық серіктестеріміз ретінде Ресеймен және Орта Азия елдерімен ықпалдастығымызды едәуір ілгері бастыруымыз қажет. ЕурАзЭҚ-ның барлық мүшелерімен саясатымыз бен заңнамаларды үйлестіруге қарай қадам жасауымыз керек.

Бұл төрт нақты міндет елімізді дамытудың онжылдық стратегиялық жоспарында баяндалған, бұлардың әрқайсысы үшін Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдер жауап беруге тиіс.

Жедел экономикалық даму үшін біздің қолымызда не керектің бәрі де бар. Біздің жеріміз де, минералдық ресурстарымыз да, азық-түлігіміз де өзімізге жетеді. Экономика тұрақты сипатқа ие болды. Ірі міндеттерді шешуге қажет жинақтаулар пайда болды.

Болжамдар көрсеткендей, Қазақстан жыл сайын ішкі жалпы өнімді (ІЖӨ) 5-7 пайыз, ал өнеркәсіп өндірісін 10 пайыз өсіре алады. Дегенмен, бұдан да ілгеріге ұмтылған жөн.

Біз экономика мен әлеуметтік саланы өзіміздің жағдайымызға орайластыра дамытуымыз шарт. Бір жағынан, нарықтық радикализмнің белең алуына жол бермеу қажет. Екінші жағынан, экономиканың барлық салаларында: қай жерде нарық күштерін, қай жерде тек мемлекеттің күшін жұмсайтынымыздың, қай жерде бірлесе қимылдайтынымыздың басын ашып алуымыз керек.

Алдағы он жылда біз негізінен кедейшілікті тықсырып, елімізде орта таптың басым түсуін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Біз алдағы уақытта ішкі көші-қон мен кенттенудің қуатты процестерін де бастан кешіреміз, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің артық өндірілуі мен ауыл жұртының көбейіп кетуіне байланысты міндеттерді де шешуге тиіс боламыз.

Нақ осы кезеңде біздің таза ауыз су мәселесін шешуімізге де, орман отырғызып, оны қорғаумен де, біздің қалаларымыз бен ауылдарымызды көгалдандырумен де мықтап шұғылдануымызға тура келеді.

Өз жоспарларымызға сәйкес біз жолдар мен стратегиялық инфрақұрылымдар құрылымын одан әрі жалғастыра береміз, бірақ бұлардың бәрі де сапалық тұрғыдан мүлде жаңа сипат алуға тиіс. Парламенттің бұл мақсатқа деп келесі жылға биылғыдан бір жарым есе көп қаржы бөлгенін білесіздер.

Біз еліміздің мүддесін ескере отырып, Каспий қайраңының және басқа да өңірлердің байлығын коммерциялық жағынан одан әрі игере береміз.

Біз өз мүддеміз бен сыртқы саясаттағы басымдықтарымызды парықтап, тұжырымдай алатындай тәжірибе мен білім де жинақтап отырмыз.

Міне, мемлекеттің өзінің алдына қаншалықты қомақты міндеттер қойып отырғанын көріп отырсыздар. Оларды халқымызбен бірге міндетті түрде жүзеге асыратын боламыз!

Алайда қоғамның тарапынан, сіздердің әрқайсыңыздың тарапынан жасалатын қолдау-көмексіз мемлекет шеше алмайтын проблемалар да аз емес.

Бұл — біздің бостандығымыз. Бұл — біздің жастарымыздың моральдық және эстетикалық құндылықтары. Бұл — біздің қарттарға, дімкәс, кембағал кісілерге деген көзқарасымыз, басқа да көптеген мәселелер.

Мен сөзімді біздің зиялы қауым өкілдеріне, елімізге тірек болып, оны өркендетіп отырған қоғамымыздың барша бақуатты күштеріне арнаймын: келіңіздер, өзіміздің ілгерішілдік жолынан айнымай ілгері басуымыз үшін де, әзірге өмірден орнын таба алмай жүрген барлық отандастарымызды осы даң-

ғыла шығару үшін де қолымыздан келгеннің бәрін істейік.

Мен сөзімді біздің шаруаларға арнаймын. Ауыл еңсесін тіктеп, еркін тыныстай бастағаны маған жақсы мәлім, алайда алда әлі де көп нәрсені бастан кешіруімізге тура келеді. Ендігі жерде өз еркіндігің мен қадіріңді бағалата білуге үйренуің шарт. Өндірілген өнімнің қожасы өзін, ендеше артықшылығыңды бағалай біл. Сауда жасай біліңіздер. Балаларыңызды соған үйретіңіздер.

Жаңаша жұмыс істеу, өнім сапасын жақсарту керек, нағыз білімге ұмтылу керек.

Мен сөзімді жастарға арнаймын. Мемлекет, өздеріңнің ата-аналарың сендердің сапалы білім алуларың үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан ел алдындағы, аға ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұмытпаңыздар, ерінбей-жалықпай білім алыңыздар, жұмыс істеуді үйреніңіздер. Біздің қоғамымыздағы әлі де бар жаманат атаулыдан жиреніп, олармен келіспейтін болыңыздар, жалған әдеттен безініңіздер.

Мен сөзімді аға ұрпақтың өкілдеріне арнаймын. Өміріміздегі жақсылық атаулыны сақтап, өздеріңіздің даналық қасиеттеріңізді жастардың бойына сіңіріңіздер. Біз сіздерді ешқашан ұмытпаймыз, жыл өткен сайын өмірлеріңіздің мағыналы болуы, таршылық көрмеулеріңіз үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейміз.

* * *

Менің қымбатты қазақстандықтарым!

Өткен он жыл жасын сынды біздің жанымыздың терең түкпіріне дейін шарпыды.

Естеліктер біздің жанымыздағы талай дүниені қозғаған түрі бар. Уақыттың өзі де екіге бөлініп кететін тәрізді. Дегенмен, қиындығы да, қызығы да мол мұндай тамаша он жыл енді бізде ешқашан болмақ емес.

Осынау алмағайып жылдардың ішінде мен де, өздеріңіз сияқты, күйінішті сәттерді де, қуанышты сәттерді де бастан кештім. Ал сіздердің бастан

кешкендеріңіздің бәрін де мен өз жүрегіммен сезіндім. Мұны Сіздер көріп те, біліп те отырсыздар.

Рас, сіздердің ниеттеріңіз бен тілектеріңізге кереғар келген кездерім де аз емес. Бірақ мен мұны елімнің қамы үшін істедім. Өтпелі кезеңнің байыбы мен жауапкершілік жүгінің өзі басқаша істеуге, босаңсуға, жайбарақат күй кешуге мүмкіндік берген жоқ.

Осы қиын жылдардың ішінде менің ой-пікірімді, түпкі ниетімді танып-түсінгендеріңіз үшін сіздердің баршаңызға ризашылығымды білдіремін.

Біздің балаларымыз бен немерелеріміздің еншісіне тарихтың басқа кезеңі тиеді, олардың өз естеліктері, бізге, біздің уақытымызға беретін өз бағасы болады.

Бүгін, осындай мереке күні, менің қымбатты қазақстандықтарым, сіздердің баршаңызға талмас төзімдеріңіз бен қажырлы еңбектеріңіз үшін, мұқалмас жігер мен жоғары жауапкершіліктеріңіз үшін, көрсеткен сенімдеріңіз бен артқан үміттеріңіз үшін зор рахмет айтқым келеді.

Осы ауыр жылдардан татулық пен түсіністікке селкеу түсірмей, байсалдылық танытып, бір-біріңізге деген құрмет сезімін қастерлеп, алауыздық пен егеске жол бермей, мұқалмай өткендеріңіз үшін сіздерге мың да бір рахмет.

Ең алдымен, мен қасиетті жерімізді сақтап, бізге мирас етіп, абаттандырған, ал бүгін, жаңа заман талбалдырығында балалары мен немерелеріне тіршілік тағылымдарын дарытып жатқан әкелеріміз бен аналарымызға жүрекжарды алғысымды арнаймын.

Сіздердің жауынгерлік және еңбектегі ерліктеріңіз болмаса, төзімдеріңіз бен көрегендіктеріңіз болмаса, бүгін ешқандай мереке де болмас еді. Сіздердің алдарыңызда басымды иемін.

Біз бүгін, сондай-ақ экономикалық дағдарыстың ең бір қатал жылдарында өз парыздарына адалдығын ардақтап, білім сынды баға жетпес құндылықты сақтап қалған, алдағы арайлы күндерден үмітін үзбеген өзіміздің мұғалімдерімізге, дәрігерлерімізге, ғалымдарымыз бен инженерлерімізге бас июге де тиіспіз.

Мен бүгінгі таңда өз жұрттарының ежелгі қазынасын қалпына келтіріп, нығайтып жатқан, Қазақстан мемлекеттігіне сенім көрсетіп, ортақ шаңырағымыздың босағасын бекемдеуге баға жеткісіз үлес қосып жүрген ұлттық-мәдени бірлестіктердің өкілдеріне алғысымды жолдаймын.

Менің өзіміздің діни бірлестіктердің жетекшілеріне рахмет айтқым келеді, егер бүгін қазақстандықтар дінаралық алауыздық дегенді білмей отырса, онда бұл солардың беделі мен білігінің жемісі.

Мен біздің саяси жүйеміздің қалыптасуының көптеген әрқилы қиындықтарына қарамастан, саяси мүдделердің алуан тұрғыдағы объективтік айырмашылықтарына қарамастан, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімге ешқашан да селкеу түсірмеген өзіміздің саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне ризашылығымды білдіремін.

Мен өздерінің еңбегімен және білімімен еліміздің еңсесін көтеріп, басқаларды үйрете жүріп, жаңа жұмыс орындарын жасақтаған қазақстандық кәсіпкерлерге ризамын.

Менің алғашқы ауыр тиген жылдары өзімізге жәрдемдесіп, жөн сілтеген халықаралық ұйымдарға және әлемдік қоғамдастық елдеріне ризашылығымды білдіргім келеді. Біз Қазақстанға шын көңілмен сенім артып, көмегін аямағандардың баршасына ақ алғысымызды арнаймыз!

Менің жағдайымды түсініп, әрдайым жанашырлық жасаған туысқандарыма, жақындарыма да ілтипатымды білдіремін.

Осындай намысшыл да данагөй халыққа басшылық етудің қаншалықты қиын екенін мен басымнан кешірдім, жан-жүрегіммен сезіндім. Сол үшін де еліміздің өміріндегі қиын-қыстау кезеңде өзіме осындай құрмет көрсетіліп, жауапкершілік жүктелгені үшін мен тарихқа да, тағдырыма да ризамын.

Бүгін Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылда-

рын еске алып отырып, мен кей кездерде қаншама көп іс тындырғанымызға, қандай қиыншылықтарды еңсере білгенімізге таңырқаймын. Өйткені біз бір елде, бір уақытта қоса қабат келу сирек ұшырасатын толып жатқан міндеттердің тұтас түйіндерін шешу қажеттігімен бетпе-бет келіп, іс-қимыл жасадық.

Бізге ертеңімізге деген сенім күш-қуат берді, сол сенім біздің жарғақ құлағымызды жастыққа тигізбей жұмыс істетті. Мен сол бір қиындығы мол жылдары жанымнан табылып, өршіп келе жатқан дағдарысты жағдайдан шығу жолын табу үшін өздерін аямай, қолдан келетін де, келмейтін де істерді тындырған жаңа Қазақстан орнатудағы өзімнің барлық серіктеріме алғыс сезімді арнаймын.

Біз жеңіп шықтық. Ешкім дерлік сенбеген міндетті жүзеге асырдық.

Біздің рынок қазіргі кезде сан түрлі тауарларға сықай толды, бұрынғы тапшылық дегеніңіз бүгін есімізде де жоқ.

Қазақстан кәсіпкерлері аяғына нық тұрды, ендігі жерде сыртқы рыноктарды игере бастады.

Біз осы заманғы мықты қаржы-банк жүйесін құрдық, оны бүгін көптеген сарапшылар ТМД-дағы ең үздік жүйе ретінде танып жүр. Біз іс жүзінде экономиканың барлық салаларында дерлік құрылымдық реформалар жүргіздік, оның алдағы жасампаздық дамуы үшін берік негіз қаладық.

Әлбетте, қоғамды жаңғырту процесі әлі аяқталып біткен жоқ. Алайда ең басты міндеттің іске асырылғаны анық. Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасты, енді бекем дамып, берік нығайып келеді. Осы жылдардың ішінде Отанымыздың игілігі жолына жұмсаған біздің қуат-күшімізге, игі ниетімізге нәр берген сарқылмас қайнар Тәуелсіздік екені айдан анық.

* * *

Қадірменді халайық!

Құрметті отандастар!

Бұл — Тәуелсіздік жылдарында атқарылған

істердің басты-бастылары ғана. Алдағы міндеттер тіптен қыруар.

Оларды жүзеге асыру үшін қыруар қажымас қайрат, жанқиярлық еңбек, аса зор білік, биік адамгершілік, отаншыл сана, ең бастысы, береке-бірлік керек. Артта қалған он жыл бізде соның бәрі де бар екені әрі мол екенін дәлелдеді.

Ол, ең алдымен, алған бағытымыздың дұрыстығын ұқтырды. Халқымыздың өз тәуелсіздігін сақтауға, нығайтуға белінің бекем екендігін байқатты. Ел болашағына деген сеніміміздің зор екендігін көрсетті.

Ендігі міндет — қол жеткен табыстарға тоқмейілісімей, Отанымыздың мерейін одан әрі өсіре беру.

Тәуелсіздік бізге бұрын-соңды көрмеген орасан зор мүмкіндіктер берді. Біз оны толықтай жүзеге асыруымыз қажет, асырамыз да.

Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан ешқайда бұлтартмай алға баса береміз.

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Сүйікті Отанымыз — Азат Қазақстан мәңгі құлпырып жайнай берсін, жарқырай берсін!

Баршаңызға бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Рахмет!

**ТҮРКІСТАН БАЛАСЫНДА ӨТКЕН
ДҮНИЕЖҰЗІ БАЗААТАРЫНЫҒ ЕКІНШІ
ҚҰРЫЛТАЙЫНДАСЫ СӨЗ**

2002 жылы 23 маусым

Ардақты ағайын!

Құрылтайдың құрметті қонақтары!

Бүгінгі күн — жұмыр жердің бетіндегі қазақ атаулыға айтулы күн екені күмәнсыз. Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қандастарымыздың 400-ге жуық өкілдері әлем қазақтарының екінші құрылтайына жиналып отыр. Міне, көңілдері Ата жұрт деп алып ұшқан алыстағы ағайындарымыз киелі Түркістан төрінде мәре-сәре күйге бөленген тамаша мерекенің куәсі болуда.

Қуаныштарыңыз құтты болсын, бауырлар!

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы аса бір қуанышты жағдайда өткені баршамыздың есімізде. Тәуелсіздік туын желбіреткенімізге бір-ақ жыл толып, жас мемлекетіміз тұсауын кескен сәби тәрізді аяғынан енді басқан сол бір уақыттың қиындығына қарамастан, тағдырдың тәлкегіне ұшырап туған топырағынан көз жазып қалған бауырлардың басын қосқан жөн болар деген ұйғарымға келгенбіз.

Содан бері, мінеки, он жыл өтті. Он жыл тарих үшін қас қағым сәттей болуы мүмкін. Бірақ жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Соңғы он жылда он ғасырға татитын оқиға болды десек артық айтқандық болмас.

Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болып қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және әлемдік қауымдастықтың,

Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болып, өз егемендігін заң жүзінде де, іс жүзінде де дүние жүзіне тегіс мойындатты. Қысқасы, дүние картасында Қазақстан атты өз билігі өзінде, өзгермен терезесі тең жас мемлекет пайда болды.

Әлем дамуының бүгінгі қарқыны тым тегеурінді. Жетпіс жыл бойы айдарынан жел есіп келген алып ел — Кеңес Одағының өзі де оған төтеп бере алмай, әлем картасынан жоғалып тынды. Сол күйреген алып империяның аумағында тәуелсіздікке ие болған біз сияқты елдердің өткен он жылдықта басынан кешкендері, тағдыр-талайы әрқилы.

Біреулері экономикада бауырын әлі жазып кете алмай жатса, біреулері ел ішіндегі бірлігін сақтай алмай, бір-біріне қарсы қару жұмсауға дейін барды. Біреулері тұрмыс жағдайының нашарлығынан халқының босқын атанып, өз жерінен өзі безіп кетуіне жол берсе, енді біреулері реформаны желеу еткен жел сөз иелерінің көшедегі айқай-сүреңінің шырмауынан шыға алмай келеді. Шүкір, біздің еліміз ондай-ондай сорақы жағдайлардан атымен аулақ.

Ата Заңымыздың қабылдануы, Мемлекеттік рәміздеріміз — Елтаңба, Ту және Әнұранымыздың бекітілуі, ұлттық валюта — теңгенің енгізілуі Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасуының аса маңызды кезеңдері болды.

Кейін 1995 жылы жаңа Конституция қабылдау қажеттілігі елімізде болған саяси және әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістерге байланысты туындады. Сондықтан да жаңа Конституция — бүкіл халық болып таңдап алған демократиялық даму жолының түпкілікті жеңісі болып табылады.

Мемлекеттіліктің бір күнде орнамайтыны және оны бір ғана ұрпақ құра алмайтыны белгілі. Қазақ мемлекеттілігін құруға сан ұрпақтың сан ғасырлық ғұмыры мен күш-жігері кетті.

Бірақ тарих жолы қашанда тайғанақ. Тарихта талай дәуірлеген кездеріміз де болған. Талай басымыз-

дан бақ ауып кері кетірген кер замандарға да кез келгенбіз.

Сол себепті де осы кезге дейін елдігіміздің жолында қан төккен қайраткерлердің есімін айрықша құрметпен еске аламыз.

Алайда шын мәнінде толыққанды тәуелсіздік пен мемлекеттілік орнату абыройы біздің ұрпаққа ғана бұйырғанын мақтанышпен айта аламыз.

Ата-бабаның арманы болған осы тәуелсіздікті ойдағыдай орнықтыру үшін қыруар шаруа тындыруға тура келді. Қазақ елі соңғы он жыл ішінде тағы да көп қиыншылықтан өтті.

Бірінші міндет — кеңес билігінен кейін тұңғыш рет өз мемлекеттігімізді құру болды. Тарихымызға қанша үңілсек те, қазақ елі өз тарихында дәл бүгінгідей ауқымда, дәл бүгінгідей бүкіл дүниеге танымал мемлекет құра алған емес. Қазақтың осындай мемлекеттігі бүгін бар!

Екінші. Тәуелсіздікті жариялау бар. Бірақ сол тәуелсіздікті сақтап қалу, оны нығайту одан да қиын. Біз сақтап та қалдық, экономикасын тұрақтандырып, нығайтып, дүние жүзіне сыйлы мемлекет бола да білдік. Қауіпсіздігімізді нығайту үшін өз әскерімізді құрдық. Шекарамызды анықтадық.

Үшінші. Біз саясатты өзгертіп, өркениетті елдер қатарына қосылуға қадам бастық. Демократиялық жүйеге бет бұрдық. Тарихында соққы мен жаншу астында тұншыққан қазаққа бостандығын әперіп, азат еттік, сөз бостандығын, бас бостандығын алып бердік.

Төртінші. Қазақстан экономикасын осы аз жылдың ішінде нарықтық экономика ретінде бүкіл дүниеге таныттық, олар бізді мойындады.

Әр адамға шаққанда біз ТМД-да ең көп инвестиция тарта білдік (көлемі 20 млрд доллардан астам). Соның арқасында елдің Алтын қорын жинақтап, болашақ ұрпаққа арнап Ұлттық қор аштық. Экономикамыз жылына 9-12 пайыз өсіп келеді. Жағдай да түзеліп келеді.

Бесінші. Ғасырлар бойы шешілмеген ұлы Қытай мемлекетімен шекара мәселесін шешіп, Достық шарт жасастық. Жаңа Ресеймен Мәңгілік достық шартқа қол қойдық. Орта Азиядағы ағайын көршілермен достықты нығайттық. АҚШ-пен стратегиялық әріптес бола білдік.

Алтыншы. Ең асылы — біз көп ұлтты ел бола отырып, халықтар арасындағы достықты, тыныштықты сақтай білдік. Қазақтың ауызбірлігін де сақтап отырмыз.

Жетінші. Көне тарихымыздан бері тұңғыш рет өз астанамызды, өз елордамызды 4-5 жылда орнатып, бүкіл дүниені таңғалдырдық. Астананы ғарыштан қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев құттықтады.

Бұл жеті жетістік, тек қысқаша қорытынды. Осы жетеудің арасындағыларды ширатып айта беретін болсақ, өткен он жылда атқарылған іс ғасырға да, мыңжылдыққа да татиды десек те біздің маңдайымызға сыяды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш. Талпынған қазақ елімен бірге байып келеді. Кедейдің жағдайы түзеліп келеді, шүкір. Бұл бәріміздің жетістігіміз. Сонымен біз тарихымызда өшпес істер жасап, қазақтың еңсесін көтердік.

Әрине жасай алмай жатқан нәрселер әлі де жетеді, оны менен артық білетін де ешкім жоқ шығар. Бірақ ілгері жылжу басталды. Біз үшін бұл үлкен жетістік.

Қазақ жерінің қақ ортасынан Астана секілді елорданың бой көтеруі жаңа кезеңге аяқ басқанының белгісі деп қараған жөн. Жаңа астананың болашағымыз үшін стратегиялық мәні өте зор.

Алайда жаңа мыңжылдық басталған бетте-ақ тап онша мамыражай бейбіт мінез көрсетпеді. Қырғын соғыс, құлақ естіп, көз көрмеген террорлық әрекеттер, әлемдік деңгейдегі теке тірес, ұлтаралық, мемлекетаралық қақтығыстар толастар емес. Нашақорлық пен маскүнемдік те оңай жау болып тұрған жоқ.

Мінеки, осындай қырықпышақ заманда от пен суға ұрынбай, қатерлі өткелдерден аман өту тек ел билейтін бір адамнан ғана емес, бүкіл барша-мыздан айрықша естиярлықты талап етті, біздің халық сол естиярлықты көрсетті. Оған мен зор ризашылығымды білдіремін.

Оның үстіне бүгінгі әлемдік дамудың қарқыны өте үлкен, оған ілесу қай мемлекет үшін де оңай емес. Ал өркениет кеңістігінен өз орнындай табу одан да қиын. Ол үшін биік мәдениет керек. Биік мәдениетті күшті ұлттар ғана жасай алады. Ал күшті ұлт болу үшін ең алдымен, ішкі бірлік, ұйымшылдық, татулық керек.

Ел бірлігін нығайтуда ұлттық мәдениеттің, әдебиет пен өнердің, дәстүр мен әдет-ғұрыптардың орны ерекше. Бірақ бұл мәселеде де бір орында тапжылмай тұрып қала алмаймыз. Біз әлемдік мәдениеттің құндылықтарымен үндесіп жатқан жаңа заманғы қазақтың озық мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

Бұл арада мен еліміздегі мемлекеттік тіл — қазақ тілінің айрықша маңызын атап өткім келеді. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі, әрине тіл. Өйткені толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес.

Қазақ тілін дамытудың мемлекеттік жоспары жасалған, Конституцияға енгізілген, енді соны жүзеге асыру жағына қатты көңіл бөлуіміз қажет. Мұны да біз бастап отырмыз.

Біз қазақ халқы — мемлекеттің негізін құрушы, оның тағдырына жауап беруші, ішіміздегі өзге ұлт өкілдеріне өнеге көрсететін, барлық істе бастамашы болуға тиісті ұйтқы халықпыз. Сондықтан үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсете білген жөн.

Тағдыр бізді осындай көпұлттылыққа еріксіз алып келді. Оған да көндік. Өзге ұлт өкілдерімен кикілжінді болдырмауды да, өз ішімізде орыс тілді немесе қазақ тілді болып бөлінуге жібермеуді де

қазақтардың өздері қадағалаулары керек. Рас, өз тілінен көз жазып қалғандар арамызда баршылық. Оның ішінде өзіміздің қазақтар да бар. Бірақ бұған олардың жеке бастары кінәлы емес. Тіл білмейсің деп оны қазақ емес деп санауға болмас.

Ел бірлігі туралы сөз болғанда, біз өз дініміз — исламға тоқталмай кете алмаймыз. Әрине исламның рухани әлемі өз алдына жеке әңгіме. Біз бұл арада исламның тарихи тұрғыда қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі жұртының қалыптасуына игі ықпал жасағанын тілге тиек етпекпіз. Діннің тұтастығы — қашанда елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан белгілі.

Бірнеше дін өкілдерінен тұратын халықтардың мұсылман, христиан болып, ал бір дінді ұстанып отырып-ақ, оның тармақ-тармағына бөлініп, өзара алақөз болған елдердің бастан кешіп отырған тауқыметтерін көріп те, біліп те жүрміз.

Сондықтан қалыптасқан дінге өзгеріс енгізбек болып, өздерінше жаңашылдық танытпақшы болып жүргендерге отпен ойнауға болмайды деген ескерту жасағымыз келеді.

Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі — данышпан бабамыз Ахмет Йасауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырды. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырып келеді. Сондықтан ұлттық сипатқа айналған дәстүр мен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келетіндерге жол бере алмайтынымызды ашық айтамыз.

Жалпы екі заттан — діни фанатизм мен діни дүмшеліктен бірдей сақтанған жөн.

Сіздер сыртта жүрсеңіздер де, туған елдің тұғырының биіктей беруіне тілектес екендіктеріңізді жақсы білеміз.

Ал ол тұғыр қайткенде биіктей бермек? Ол үшін

не қажет? Ол үшін халқымыздың уыздай ұйыған ынтымағы қажет. Ал ондай ынтымақ, Аллаға шүкір, бізде бар! Бұған республиканың он жылда саяси-әлеуметтік, экономикалық өміріміздің барлық салаларында қол жеткізген табыстары айғақ.

Ынтымақ, бірлік болмаса, өтпелі кезеңнің алғашқы жылдарында жамбастап жатып қалған өнеркәсіп алыптары қайтадан бой көтермес еді, еліміздің экономикасына, халқымыздың күнделікті тұрмысына қажет өнімдерді шығара алмас еді, елімізде соңғы бес жылда ішкі жалпы өнімінің нақты өсімі 26 пайыз, ал кейінгі үш жылда 36 пайыз деңгейіне жетпес еді.

Мұнай табыстардың қайнары — Қазақстанның әуел бастан-ақ өзінің даму бағытын айқын белгілеп алуында жатыр.

Ол — Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық өркендеу бағдарламасы, ұзақ мерзімді даму стратегиясында межеленген шептерге қарай бекем қадам жасап келе жатқанымыздың көрінісі. Оның қабылданғанына бұл күндері бес жыл толды. Отандық және шетелдік сарапшылардың бұл бағдарламаның өміршеңдігін ерекше атағаны бәрімізді мақтаныш сезіміне бөлейді.

Экономика мәселелерін түбегейлі шешу үшін, ең алдымен, замана талабына сай қарымды, ойы ұшқыр, зерек те зейінді мамандар керек. Оларды даярлау қажет. Еліміз білгір де білікті мамандар даярлау үшін қажет қаржыны тауып отыр.

Республика көлемінде бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жаңа мамандар тәрбиелеп шығаратын жоғары оқу орындары жүйесі жұмыс істейді. Бұған қосымша Президенттің «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде көптеген жастарымыз білім алып жатыр. 700 қыз-жігітіміз жас маман болып оралды. Оқуды ойдағыдай аяқтап, елге білікті маман болып оралып жатқандар қаншама!

Бұл жетістікке жоғары оқу орындары лайықты үлес қосып келеді. Оларда, 200-ден астам уни-

верситеттерімізде мұнай мен газ, кен-металлургия, ауыл шаруашылығы сияқты жетекші өндіріс салалары мен әділет және құқық қорғау органдары үшін нарық экономикасының талаптарына, бүгінгі күннің қажетіне сай мамандар даярланады. Мұндай оқу орындарының республиканың белді қалаларында, облыс орталықтарында шоғырлануы заңды. Әрине бұл игі дәстүр жалғаса береді. Өзіміз бас қосып отырған, туысқан түрік мемлекетінің көмегімен ашылған Қожа Ахмет Йасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 40-тан астам елден келген 20 мыңға жуық студент оқып жатыр.

Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы — барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да — бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық.

Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, Қазақстандағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс.

Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа. Тәуелсіздікке ие болған кезден бері қарай бұған тиянақты назар аударыла бастады.

Қазақтар тығыз мекендеген Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Монғолия тәрізді елдердің халық арасындағы, мұражайларындағы қазақтың тарихына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне қатысты қазынабайлық барша халқымыздың игілігіне қызмет етуі керек.

Бұл орайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қолға алып, жүзеге асырған істер кеңінен қолдауға тұрарлық.

Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің, олардың жергілікті басшылығының қазақ диаспорасына

деген көзқарастары да көршілерге тән сыйластық рухына толы. Біз мұндай қарым-қатынас белгілерін қатты құрметтеп, мақтан етеміз. Бауырлас өзбек елінің тұңғыш Президенті Ислам Каримовтің қазақ пен өзбек туыс халық, қазақтың жауы өзбектің де жауы деген сөзін біз ұмытпаймыз. Қырғыз бен қазақ бауырлас деген Асқар Ақаевтың сөзін біз де қолдаймыз.

Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстанды ең жақын ел деп санайды. Ресейдің Астрахан, Омбы облыстарының губернаторлары А.П. Гужвин мен Л.Н. Полежаевтың Қазақстан Президентінің «Бейбітшілік және рухани татулық» сыйлығымен марапатталуы — олардың екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту ісіне қосқан үлесіне берілген лайықты баға.

Көршілес Қытай Халық Республикасымен шекараны біржолата шешіп, мың жылдан бері келе жатқан мәселені аяғына дейін жеткіздік. Екі елді достас елдер деп жарияладық, шекараны достық шекарасы деп отырмыз. Биылдың өзінде сауда-саттығымыз бұрынғыдан әлдеқайда өсіп отыр. Бұл жарқын қарым-қатынастың өзі сол елде тұратын қандастарымызға деген үлкен көмек болып саналады.

Мен Елбасы ретінде Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайларына байланысты туындап жататын көптеген мұрат-мақсаттарды орындау мүддесіне сай Еуропа мен Азияның, Америка мен Африканың бізбен саясат пен экономиканың әр саласында ынтымақтастық орнатқан белді-белді елдеріне ресми сапарларға жиі-жиі шығып тұрамын.

Осындай сапар барысында қазақ диаспорасы бар елдерде өз ағайындарымызбен кездесу мүмкіндігін әр кез пайдаланып жүрмін. Жүздесулер кезінде диаспора өкілдері өздерін толғандырып жүрген мәселелерін алға тартады.

Әсіресе, олардың соңынан ерген ұрпақтың атамекенде оқып, білім алуына, тіл мәселесіне қатты

алаңдап жүргендерін сезінемін. Бұл — өте-мөте зәру мәселе. Мұны ықтияттықпен шешуіміз керек.

Сонымен бірге ата-бабаларымыздың бізге тастап кеткен ғажайып тарихи мұраларына жіті қарап, оны молайта түсуіміз қажет. Шығысынан батысына дейін, түстігінен терістігіне дейін батырлардың ізі қалған шексіз-шетсіз қазақ жерінің қасиетін ортайтпай, оның қазынаға толы қойнауы мен сулы да нулы өңірлерінің байлығын келер ұрпаққа бұзылмаған күйінде қалдырып кету де — біздің ұрпақтың парызы.

Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын отандастарға қамқорлық жасауда соңғы он жылда қол жеткен табыстарымыз аз емес. Алыстағы ағайынды ұшақпен көшіріп алатын ел Қазақстаннан басқа қайда бар! Әйтсе де, бұл жетістіктеріміз бен табыстарымызға тоқмейілсіп, орта жолда іркіліп қалуымызға болмайды.

Біздің алдымызда жаңа міндет, биік мақсаттар тұр. Тәуелсіз Қазақстан мен шетелдегі қазақ диаспорасының арасындағы байланыс бұрынғыдан да тығыз, әрі барынша жемісті, нәтижелі болуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру — бүкіл халқымыздың өсіп-өркендеуіне, жаңа мыңжылдықта жаңа асуларға көтерілуіне тікелей ықпал етеді. Сонда алдымызда тұрған бұл мақсат-міндеттердің мазмұн-мағынасы қандай?

Дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келіп, төрт көзіміз түгел жиналып отырған кезде осы ділгер мәселені барынша жан-жақты талқылап, алға апарар адастырмас жолды бәріміз бірлесіп айқындап алуымыз керек. Бүгінгі кездесуді де соған арнағанымыз жөн.

Қазір Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын қазақтардың саны бес миллионнан асады. Міне, осыны ойлағанда, 40-тан астам шетелдерде тұратын, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең, яғни елу жылдан кейін, жүз жылдан кейін не күтіп тұр деген деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады. Бұл ретте, күдік пен

күмәннан гөрі ертеңгі күнге деген сеніміміз бен үмітіміз әлдеқайда басым.

Біз шетелдегі ағайындарымыздың алдағы уақытта да қазақ халқының құрамдас бір бөлігі ретінде өсіп-өркендей беретініне күмәнданбаймыз.

Әсіресе, Қытайдағы бір жарым миллионнан астам бауырларымыздың бүгінгі таңдағы ұлттық өркендеу үрдісі жақсы. Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы сонда қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр. Қазақ халқының баға жетпес, асыл мұрасы — ауыз әдебиетінің де басты бір бөлігі — Қытайдағы бауырларымызда.

Қазір Қазақстанда Қытай қазақтарының ауыз әдебиеті үлгілерінің 30 томдық жинағын шығару қолға алынды. Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиеті де — біздің жалпы ұлттық әдебиетіміздің құрамдас бір бөлігі. Шыңжаңдағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы — Танжарық Жолдыұлының шығармалары туған әдебиетіміздің төрінен лайықты орнын тапты. Ақиық ақынның алдағы жылы туғанына 100 жыл толатын мерейтойының Қытай мен Қазақстанда жоғары дәрежеде аталып өтетініне күмән жоқ.

Бұрынғы кездерде алыс шетел саналып келген Монғолия қазақтарының да ұлттық рухани өсіп-өркендеуі белгілі бір дәрежеде жүріп жатыр. Монғолияның, негізінен, қазақтар тұратын Баян-Өлгий аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Бүгінгі таңда Баян-Өлгий аймағы — қазақ халқының ана тілі ең таза сақталған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті өзінің ежелгі бояуын жоғалтпаған өңірлердің бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Баян-Өлгий аймағынан ата жұртқа 60 мыңнан астам ағайындарымыздың қоныс аударуы жас мемлекетіміздің мәдени-рухани тыныс-тіршілігіне, ана тіліміздің, ұлттық салт-дәстүріміздің жаңа деңгейге көтерілуіне өз ықпалын тигізгені анық.

Тағдырымыз да, тарихымыз да ежелден тамырлас

Өзбекстандағы бір жарым миллионнан астам қазақтардың өсіп-өркендеуі — өз алдына бір шежіре. Қазіргі кезде Өзбекстанда 500-ден астам қазақ мектептері бар. Жақында ғана Өзбекстан Президенті Ислам Каримов екеуміз екі ел арасындағы Мәңгілік достық жөніндегі келісімшартқа қол қойдық. Шекарамыз біржолата нақтыланып, белгіленіп бітті.

Болашақта екі ел арасындағы экономикалық-мәдени байланыс бұрынғыдан да кеңейе беретіні анық. Бұл байланысқа Өзбекстанда тұратын бауырларымыз да өз үлестерін қосады деп сенемін.

Біз Өзбекстандағы қазақтардың зиялы қауымы — ғалымдарының, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қарымды да қабілетті үлкен тобының қалыптасқанын жақсы білеміз.

Қазақстанның Ресеймен шекарасы ұлан-ғайыр жерді алып, еліміздің шығысынан батысына дейін ұзын сонар созылып жатыр. Аманшылық болса, таяуда Ресеймен де шекарамызды анықтап бітетін ойымыз бар. Осы шекараға жақын жердің басым көпшілігінің негізгі тұрғындары — қазақтар. Олардың да сан ғасырлық тарихы, қалыптасу ерекшеліктері бар. Көршілес екі мемлекет өз тәуелсіздіктерін жариялағанымен, арадағы барыс-келісімізге шектеу жасалған жоқ. Бұл да — біздің ең үлкен жеңісіміз, жетістігіміз.

Ресей қазақтарының мәдени-рухани өміріне ондағы қазақ-мәдени орталықтары да үлкен ықпал жасап отыр.

Түркіменстан мен Қырғызстандағы, Түркиядағы, Еуропаның Германия, Швеция және басқа елдеріндегі қазақ мәдени орталықтары да өздерінің шама-шарқынша игілікті істер тындырып келеді.

Міне, Қазақстаннан сырт жерлердегі қазақтардың ұлт ретінде өсіп-өркендеуінің қазіргі жағдайы осындай. Дегенмен бұл салада ойландыратын, алдағы уақытта түбегейлі шешуді қажет ететін мәселелер де баршылық.

Бұл мәселелердің ең бастысы қазақтың әліпбиіне, яғни жазуына байланысты. Қазіргі кезде дүние

жүзіндегі қазақтардың ауызекі сөйлеуінде ешқандай айырмашылық жоқ.

Дегенмен жазу мәселесіндегі жағдай мүлде басқаша. Бүгінгі кезде бір елде тұратын қазақ екінші бір елде тұратын қазақтың жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, Қытайдағы ағайындарымыз араб әліпбиіне негізделген төте жазуды пайдаланады. Қазақстанда, Монғолия мен Ресейде тұратын қазақтар кириллицамен жазады. Еуропа қазақтары латын әліпбиімен сауат ашқан.

Өзбекстан мен Түркіменстан латын әрпіне көше бастады. Иран мен Ауғанстанда оқу-жазу мүлдем өзгеше. Бұл елдердің өз саясаты, өз жағдайы бар. Олардың ісіне араласа алмаймыз. Оларға бейімделіп, біз де өз мүмкіндігімізді ойламай, басқаға көшіп кететін жағдайымыз тағы жоқ. Сондықтан мұндай айырмашылық дүние жүзіндегі қазақтардың ортақ мәдениетінің, ортақ әдебиетінің дамуына кедергі келтіретіні даусыз. Бұл, әсіресе, оқу-білім саласында айқын аңғарылып жүр.

Бұл ретте көп мәселе шетелде тұратын ағайындарымыздың өздеріне тікелей байланысты деп ойлаймыз. Біз сіздердің қай жерде жүрсеңіздер де, ата-бабамыздан дарыған асыл қасиетімізді, салт-дәстүріміз бен ана тілімізді аялап сақтайтындарыңызға, біз, Қазақстанда тұрып жатқан қазақтар, кәміл сенеміз.

Шетелдерде тұратын қазақтардың өсіп келе жатқан жас ұрпағы, жастары орта білімді болсын, жоғары білімді болсын, жалпы оқу-білімін Қазақстанда алуға ұмтылатынын мен жақсы білемін. Бұған қолдан келгенше жағдай жасап жатырмыз, жасай беретін де боламыз. Келгендерінің ешқайсысын қайтарған жоқпыз. Сол жастар бір тілде сөйлеп, бір тәрбиімен өседі деп сенемін. Олар да біздің ұлттың болашақ тірегі.

Жаңағы мен айтқан сөзімді балаларыңызға да, немере-шөберелеріңізге де дарытатындарыңызға күмәнсызбыз. Барша қандастарға осы сәлемімді айта барасыздар деп ойлаймын.

Әрине өз ұлтын сүю, шын мәніндегі нағыз қазақ болу өзге ұлт өкілдеріне астамшылықпен қарау деген сөз емес. Біз, қазақтар, ежелден меймандос, көңілі жарқын, ынтымақты халықпыз.

Кейінгі кездерде еркіндік болғаннан кейін әр мемлекеттен өздерінің тарихи отанына көшіп жатқандар бар. Ресейден миллионға жақын еврей Израильге кетті, немістер Германияға, гректер Грекияға кетіп жатыр. Бізден де кетіп жатыр. Кавказдан көшірілгендер де еліне қайтты. Бірақ қай елге барсақ та, сол жаңағы біздің елден кеткендер қуана қарсы алып, қазақтарға рахметін айтады. Кеше ғана еврейлердің 25 раввинін қабылдадым. Сонда олар қиын-қыстау кезде, неміс фашистері қырып бара жатқан тұста 150 мың еврейді аман алып қалған қазақ халқына біз табынамыз деген алғыстарын айтты.

Тағдырымыз солай болып, жан-жақтан келгендердің бәрін қабылдадық, сөйтіп көпұлтты елге айналдық. Оны зиянды деп емес, артықшылығымыз деп санауымыз керек. Демек, біз бар ұлттың өкілдерін бауырымызға басып үйренген халықпыз. Ал енді шет елден көшіп келеміз деген өз қазақтарымызды бауырымызға баса алмаймыз ба сонда!

Еліміздегі қазақтардың саны соңғы жылдары көшіп келген оралмандармен бірге 9 миллионға жетіп қалды. Мұның өзі миллиондаған отбасы. Әр отбасы екі қазақтың көшіп келуіне көмектесетін болса, сондайлық қиыншылық болмас та еді. Бұл біздің елдігімізді танытар еді, дүние жүзіне үлгі болып тарар еді. Мен осы сөзімді Қазақстандағы барша қазақтарға арнаймын.

Сіздер өздеріңіз тұратын елдің жергілікті халқымен тіл табысып, шынайы достықпен өмір сүріп, өздеріңіздің мәдени-рухани мәселелеріңізді солармен бірлесе отырып шешсеңіздер, нұр үстіне нұр!

Қазақстаннан сырт жерлердегі көптеген қазақ — мәдени орталықтары сол елдегі қазақтардың мәдени-рухани саладағы мұқтаждықтарын шешумен ғана ай-

налысып қоймай, Қазақстанмен арадағы сан-салалы байланысқа да өз үлесін қосуға тиіс.

Шетелдегі ағайындарға көмектесудің заңдық-құқықтық негіздері жасалуы, қаржылық қамту мәселесі де жолға қойылуы қажет.

Республикамыз соңғы он жылда бұл жөнінде көптеген жақсы тәжірибелер жинақтады. Нақты іс-шараларды жүзеге асырды.

Бұлардың ең бастысы, — «Шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы». Бұл бағдарлама өзінің тиісті міндетін атқарды. Енді оның жаңа нұсқасын қабылдау қажет. Жаңа бағдарламаның алғашқы нұсқасын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы жасаған.

Ол Жоба сіздердің қолдарыңызда. Құрылтайда осы жоба да жан-жақты талқыланып, нақты ұсыныстар жасалғаны абзал.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы өзі құрылғаннан бергі он жылдың ішінде шетелдік ағайындармен өмірдің сан-салаларында қарым-қатынас орнату жөнінде көптеген игі-шараларды іске асырды. Қауымдастықтың халықаралық байланыстарға атсалысуға, шетелдегі мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен тікелей жұмыс істеуге де мүмкіндіктері бар.

Болашақта бұл мүмкіндіктердің барынша нәтижелі іске асырылатынына сенімдіміз. Осы салада Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің көмегі көп болуы керек.

Қазақ диаспорасы тығыз орналасқан өңірдің басым көпшілігі алыс шалғайда емес, Қазақстанмен шекаралас жатыр. Соған орай, біздегі облыстардың да бұл жөнінде көп мәселе шешуге мүмкіндігі бар.

Яғни әр облыс өзімен іргелес жатқан шекараның ар жағындағы бауырларымызға мәдени-рухани жағынан көмектесіп, қол ұшын беруі қажет. Әсіресе, ондағы қазақ-мәдени ошақтарын қажетті мамандармен қамтамасыз ету, қазақ мектептеріне мұғалім-

дер дайындап беру сияқты жұмыстарды жүзеге асыруы керек. Бұл мәселені мен барлық әкімдерге тапсырамын.

Қазақстан өзі тәуелсіздік алған күннен бастап шетелдегі қазақ жастарының ата жұртқа келіп оқып-білім алуына айрықша көңіл бөліп келеді. Шетелдегі қазақ ұлтының өкілдері атамекенге келіп, Қазақстан азаматымен тең жағдайда оқып, білім алуға құқылы. Шетелдегі қазақ диаспорасына арналып жоғары оқу орындарынан жыл сайын арнайы квота бөлінеді.

Нарық экономикасына көшуге байланысты қазір еліміздің оқу, білім саласында көп өзгерістер болып жатыр. Жоғары білім беретін оқу орындарының көпшілігі қазір ақылы жүйеге көшкен. Соған байланысты шетелден келген бауырларымыздың бәрін мемлекет есебінен тегін оқытамыз деп айту қиын. Ол мүмкін емес.

Бірақ қалай болғанда да, біз алыстан келген жас ұрпағымыздың бетінен қақпай оларға атамекенде қалып, білім алуының, белгілі бір мамандықты игеруінің барлық мүмкіндіктері мен жолдарын қарастыруымыз керек. Ол жолдарды табуға болады.

Жақында ғана Білім және ғылым министрлігі мен Әділет министрлігі шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстанның оқу орындарына түсуіне байланысты жаңа Ережені бекітті. Енді осы Ереже нақты әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуға тиіс. Әсіресе, дайындық бөлімдеріне шақырту мен қабылдаудың жолдарын реттеген жөн.

Осыған орай, мен тағы бір мәселені еске салғым келеді. Сыртта жүрген кейбір ағайындарымыз өнер-білімдері биік өркениетті елдерде тұрып жатыр. Сол өркениетті елдерде білім алу үшін біз қыруар қаржы шығарып жастарды оқуға жібереміз. Сондықтан шетелдегі бауырлар сол жақтың жоғары білімінен сусындап, Еуропа мен АҚШ-тың, Жапонияның ғылымы мен техникасын, іс жүргізу тәсілдерін меңгеріп, елге оралып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Әрине

бұл жай мәселе емес. Мұны арнайы қарастырған жөн. Ол мамандарға жағдай жасалуы керек. Отанына келгенде сол бұрынғы еліндегі жалақысынан кем жалақы алып, жағдайы нашар болмауы керек. Біз мынау жаһандану жағдайында мемлекеттер мен әр адам бәсекеге түскен кезде алдыңғы қатарлы ел болып, озу үшін білім керек екенін білеміз. Қазір білімнің бәсекесі, біліктіліктің бәсекесі жүріп жатыр. Қазақтың жерінің асты-үстінде байлық баршылық. Бірақ білім болмаса, жаңа технология болмаса, ол байлық қазақтың дастарқанына өздігінен келіп түспейді. Біліммен, ғылыммен ғана өркендеп жатқан елдер көптеп саналады. Сондықтан біз бұл мәселеге ерекше көңіл бөлетін боламыз.

Шетелдің білімін алу шетелдік болып кету деген сөз емес. Отанға деген сүйіспеншілікті ешқашан да жоғалтуға болмайды. Отаның — алтын бесігің, қанша миллиардер болсаң да, Отаның, жерің, ата-бабаңның кіндік қаны тамған Отаның болмаса, сен қандай адамсың. Сондықтан мұндағы да, сырттағы да қазақтарды жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелеуге шақырамын.

Отанды сүю — өркениеттіліктің бірінші белгісі. Осыны мықтап есте ұстаған жөн.

Бүгінгідей басқосуда айтылатын үлкен әңгіменің бірі — көпші-қонға қатысты. Шетелдегі ағайындарымыздың арасында ата-жұртқа тұрақты қоныс аударғысы келетіндер аз емес. Қазақстан бұл мәселеге де айрықша көңіл бөліп келеді.

Біз жыл сайын көшіп келу квотасын белгілейміз. Ол жағдайға байланысты. Бұл квота бойынша келгендер үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Көшіп келуге жұмсалған жол шығыны өтеледі. Басқа да көмектер жетерлік.

Жалпы, өз еріктерімен келген қандастарымызды қоса айтсақ, осы жылдары жарты миллионнан аса қазақ ата-жұртына келді. Мен бірде айтқан едім. Аман болсақ, біздің елге келген қандастарымызға Германия

мен Израильдей көмек жасаймыз деп... Оған да жетерміз. Қазір істеп жатқандарымыз осы үлкен істің бастамасы деп саналуы керек.

Алдағы уақытта көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайта беруді жоспарлап отырмыз. 2003 жылғы квота бойынша 5 мың отбасы келетін болса, 2004 жылы ол 10 мыңға, 2005 жылы 15 мыңға жетеді. Демек, жылына атамекенге мемлекет көмегімен 50-60 мың оралман келеді деген сөз. Ал енді бұл квотаның үстінде өз жағдайларымен елге көшіп келемін дегендерді құшақ жая қарсы аламыз.

Дегенмен, шетелдегі ағайындарымыздың көші-қон жөніндегі сұраныстарын бұл да толық өтей алмайды. Көшіп келгісі келетіндер әлдеқайда көп. Үкіметке салмақ салмай, өз қаржысымен қоныс аударуға ықылас білдіретіндер де аз емес. Міне, осы ағайындарымызды ең алдымен, құқықтық жағынан қолдауды жүзеге асырған жөн.

Шетел азаматтары болғандықтан, олар Қазақстанға алғаш келгенде біраз қиындықтарға кездеседі. Қиындықсыз бұл дүниеде не бар, оған да төзу керек. Жаңа ортаға бейімделу де оңай емес. Олардың жергілікті жердегі заң ережелерінен де хабары аз. Осыған орай, жергілікті әкімшіліктер, Ішкі істер министрлігінің тиісті бөлімшелері нақты жұмыстар жүргізуге міндетті.

Соңғы уақытта дүние жүзінің түкпір-түкпірінен шетелдік іскерлер Қазақстанға келіп, жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр. Олар біздің еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып жатыр.

Бірақ бұлардың арасында өзіміздің ағайындарымыз сирек. Себебі, Қазақстан тарапынан оларға қажетті қамқорлық жасалмайды. Бұл да жергілікті билік басындағыларды ойландыруға тиіс.

Жалпы шетелдегі бауырларымызға айтар және бір мәселе бар. Атамекен сіздерді асыға күтеді, құшақ жая қарсы алады, қолдан келген бар мүмкіндікті жасайды. Бұл — біздің парызымыз.

Бірақ соған қарап, Қазақстанға барсақ, бізді

үкімет өмір бойы бағып-қағады екен, ондаған жыл бойы неше түрлі жеңілдік жасап асырайды екен деген ұғым тұмауға тиіс. Біз шалқамыздан түсіп жатамыз деп ойламаңыздар. Қазақстандағы қазақтар қазір тырмысып, тірлік етуде. Баяғыда, 1961-62 жылдары шекара ашылып, Қытайдан 150 мың қазақ келді ғой. Ешқандай квота да, көмек те болған жоқ. Бәрін өздері үйренді. Бүгінде олардың ұрпақтары Қазақстанның нағыз азаматтары болып қалыптасты. Келеміз десеңіздер, қазақтың жері де, елі де кең, жағдай бар, заң қабылданған, қандай іспен шұғылданамын десеңіздер де мүмкіндік табылады. Келіңіздер де, айналайын қазағым, күндеріңізді көріп, өз елдеріңізде байыңыздар.

Ал жәрдем де, көмек те белгілі бір мөлшерде, нақты заң көлемінде жасалады. Барлық мемлекеттерде солай.

Тағы бір айтарым, оралмандар Қазақстанның барлық халықтарымен тең өмір сүріп, еңбек етуі қажет.

Қазір Қазақстан өтпелі кезеңнің қиындығын артта қалдырды. Көшін түзеді. Табыстарымыз да молайып келеді, қиындықтарымыз да жоқ емес. Ата-жұртқа келген ағайындар осы қуанышты да, қиындықты да жергілікті халықпен тең бөлісуге дайын болуға тиіс. Біз ел болып, атамекенге келген қандастарымызға қамқорлық жасап, алғашқы кездерде қол ұшын беруіміз қажет.

Осы арада мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде шет елде тұрып жатқан қандас бауырларға екі нәрсе үшін өзімнің ризашылығымды білдіремін.

Біріншіген, ата-жұрттан алыста жүрсеңіздер де, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұмытпай, ұлттық сипатты жоғалтпай, бүгінгі рухани тірлігімізді төл қазына болып байытып, өздеріңіздің Отанға деген сағыныш сезімдеріңізбен ұлттық патриотизмге жана серпін беріп отырғандарыңыз үшін рахмет айтамын!

Екіншіген, қазақ халқының бойындағы ұлттық

қасиеттердің бірі далалық кеңпейілділік, ақылға жүгінген шыдам мен сабыр болса, Сіздер сол қасиеттерді көтеру арқылы өздеріңіз қазір тұрып жатқан елдеріңіздің саяси тұрақтылығына, ұлтаралық келісіміне өз үлестеріңізді қосып жүрсіздер деп білемін және сол үшін Сіздерге өзімнің ақ алғысымды арнағым келеді.

Қай жерге барсам да ешбір елден қазақ диаспорасы тынышымызды алды деген сөзді естіп көрген жоқпын. Бұл да ұлттық деңгейдегі естиярлықтың белгісі.

Құрметті қауым! Қадірлі меймандар!
Айналайын ағайын!

Қасиетті Түркістан жерінде өтіп отырған бүгінгі дүбірлі жиын — Қазақстан Республикасының, бүкіл қазақ халқының өміріндегі үлкен оқиға.

Бұл басқосу — біздің еліміздің шын мәнінде тәуелсіздікке жеткенінің, өркениетті елге айналғанының бір көрінісі, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсап өткен арман-мақсатының жүзеге асуының айқын айғағы.

Бұл құрылтай — қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі. Біздің бәріміз үшін бұдан артық бақыт, бұдан артық қуаныш болуы мүмкін емес.

Елге келгелі бергі екі-үш күннің ішінде қазақ ағайындарыңызбен кездесіп, қауышып, әңгімелесіп жатырсыздар, әлі де боларсыздар. Осындағы бауырлар мен сөзімде айтып үлгермегенді айтып берер. Өз жүректерінің сіздерге деген сүйіспеншіліктерін, бауырмалдығын білдірер, сөйтіп менің сөзімді толықтырып жеткізер деп білемін.

Әрқашан да жақсылықта, қуанышта кездесе берейік, ағайын!

Құрылтайымыздың сәтті өтуіне тілектеспін.

Тағы да көріскенше күндеріміз жақсы, бақытты да қуанышты болсын!

**«ЕҚЫҰ-НЫҢ ТРАНСАЗИЯЛЫҚ ӨЛШЕМІ:
ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҮЗІЛМЕС БУЫНЫ»
ЕҚЫҰ-НЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК
АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
БІРІНШІ ФОРУМЫНДАҒЫ СӨЗ**

2003 жылғы 7 маусым

Құрметті делегация басшылары, парламентарийлер!

Ханымдар мен мырзалар!

Ең алдымен, Сіздермен меймандос қазақ топырағында қауышып тұрғанымға қуаныштымын.

Алматыға форумға келген ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесі басшылығына, осы шаңырақтың астында жиналған халықаралық ұйымдардың өкілдеріне, парламенттік Ассамблея форумына қатысушылардың бәріне терең ризашылық сезімімді білдіруге рұқсат етіңіздер. Соңғы жылдарда Қазақстан іргелі халықаралық форумдарды жүйелі өткізетін елге айналып келеді, олардың арасында құрлықтағы ірі мемлекеттердің лидерлерін жинаған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңес, экономикалық форумдар, жаһанның белді бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан екі бірдей медиа-форум бар. Мұның өзі біздің принципті түрде ашық әрі емін-еркін пікір алмасуға бейім ел екенімізді нақты таныту болып табылады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Парламенттік Ассамблеясы аясында алқалы басқосудың өткізушісі болу құрметі

Қазақстанға тұңғыш рет тиіп отыр. Бұл оқиғаның маңыздылығына талас жоқ. Біз мұны елімізге көрсетілген сенімнің белгісі ретінде және Қазақстан Парламентінің қызметіне берілген жоғары баға ретінде бағалаймыз, заң шығарушылық қызметті ойдағыдай атқарудың арқасында еліміз қоғам өмірін реформалауда табыстарға қол жеткізе алды.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің парламентарийлері Еуропа қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мәселелерін Еуропаның географиялық шет-шекарасынан 2 мың шақырымнан астам жерде талқылауға алғаш рет жиналып отыр.

Біріншісінен, мұны экономикалық саяси және мәдени үрдістердің жаһандануы туындатып отыр. Сондықтан да бүгінгі таңда мәселені **Еуропа құрлығы қауіпсіздігінің бұрынғыдан анағұрлым кең өлшемі** тұрғысынан қойған жөн болады, бұл арада географиялық координаттар да, жаңа қауіп-қатерлер мен дабылды дүрбелеңдер де еске алынып айтылып тұр.

Екіншісінен, ЕҚЫҰ парламентаралық форумының біздің елімізде өткізілуін Орталық Азияның қауіпсіздіктің **жалпыеуропалық және қалыптасып келе жатқан азиялық жүйелерінің** арақатынасында атқара алар рөлі орайында қарастырған жөн болады.

Осыдан дәл бір жыл бұрын Алматыда Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің бірінші саммиті болып өтті, Қазақстан оны шақыру жөнінде 10 жыл бұрын бастама көтеріп, соған табанды түрде ұмтылып келген еді.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі Кеңес саммитінің қорытынды құжаттары — **Алматы актісі және Лаңкестікті жою мен өркениеттер арасында үнқатысуға көмек көрсету жөніндегі декларация — Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікке барар жолдағы нақты қадам.**

Осылайша, біздің ортақ континентіміз — Еуразия қауіпсіздік жүйесінің азиялық бөлігін қалыптастыру басталды.

Үшіншіген, бүгінгі күрделі де кереғар әлемде **елдер мен халықтар арасындағы үнқатысудың әр түрлі пішіндерін дамытудың мән-маңызы арта түсіп келеді.**

Бұл орайда ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қызметі Еуропадағы сенім мен қауіпсіздіктің біртұтас жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Бұл форумның Алматыда өткізілгендігі ЕҚЫҰ елдері парламентарийлеріне Қазақстанда болып жатқан өзгерістердің ырғағын, қарқындылығын және бағыт-бағдарын, біздің қоғамымыздың ашықтығының деңгейін, оның проблемалары мен алаңдатарлық мәселелерін көзбе-көз бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тікелей қарым-қатынастарда **жаһандану дәуіріндегі қауіпсіздіктің гуманистік маңызды өлшемі** жиынтықталған.

Өткен ғасырдың соңына қарай әлемнің, оның өңірлері мен жекелеген елдері қауіпсіздігінің парадигмасы өзгере бастады. Бірнеше ғасырлар бойында Еуропадағы ахуал планетаның өзге өңірлеріндегі қауіпсіздік үшін айқындаушы сипатқа ие болып келген еді. Тек ХХ ғасырда ғана құрлық екі рет адамзат тарихындағы ең жойқын дүниежүзілік соғыстың аренасы болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропадағы идеологиялық тұрғыдан ат құйрығын кесісудің аяғы планетаның басқа да «қайнаған нүктелерінде» теке тірес шептері пайда болуына әкеліп соқтырды. Қырғи қабақ соғыс жылдарында Еуропаның қақ жүрегінің ортасын ойып түскен бекініс бүкіл адамзатты жойып жіберетіндей ядролық қауіп-қатерді таратып тұрған эпицентрге айналды.

Міне, осындай жағдайда Хельсинки процесі негізінде құрылған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйесі бүкіл планетада бейбітшілік пен

тұрақтылықты сақтау ісінде айқындаушы рөл атқарды. Бұл жүйе қырғи қабақ соғыстың шешуші кезеңдерінде халықаралық қарым-қатынастарда тиісті температураны сақтап тұрудың тетігіне айналды, онан кейін екі жүйе тіресуінің ең теріс мұрасының қатерін еңсеруді қамтамасыз етті.

XXI ғасырдың басында **жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа көнетін қатерлі қауіп пен оны сынға салатын шиеленісті жағдайлар көбіне Еуропа құрлығының сыртында болып жүр.**

Бұл арада әңгіме халықаралық лаңкестік пен экстремизм, қару-жарақпен сауда жасаудың, есірткі тасымалының, бүркемеленген миграцияның, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың және басқалардың ауқымының артуы жөнінде болып отыр. Жаппай қырып-жоятын қарудың тарауы бүгінде көбіне-көп планетаның басқа географиялық аймақтарына қатысты қатер.

Жаңа жүзжылдықтағы қауіп-қатер мен дүрбелеңді дабылдардың шекаралар шеңберінен шығып кететін сипаты **өңірлік қауіпсіздікті тек жаһандық өлшеммен ғана өлшеуге мәжбүр етеді.** Бұл айтылғанның Еуропаға да, әлемнің басқа өңірлеріне де қатысы бар.

ЕҚЫҰ-ның трансазиялық өлшемі жөніндегі мәселенің қойылысы көкейге әбден қонымды.

Біріншіген, ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің кем дегенде 11-інің аумағы географиялық жағынан Азияда жатыр. Олардың арасында тек 3 мемлекет — Ресей, Түркия мен Қазақстан ғана әрі Еуропада, әрі Азияда орналасқан. Осының өзі-ақ **азиялық векторды ЕҚЫҰ іс-қызметінің маңызды бағытына айналдырады.**

Екіншіген, жағдаяттың баршасы Азия бағытының жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мән-маңызы барған сайын арта түсіп келе жатқандығын көрсетеді. Бүгінгі Азияда адамзаттың жартысынан

астамы өмір сүріп жатыр. Жаһандық экономикада Азия елдерінің экономикасы неғұрлым күшті қарқынмен дамып келеді, планетаның негізгі шикізат және демографиялық әлеуеті осы жерде қордаланған.

Үшіншіген, бүгінгі Азия саяси тұрғыдан да, экономикалық мәдени тұрғыдан да біртекті емес. Бұл осы өңірде қауіпсіздік институттарын құру процесін қиындата түседі. Едәуір дәрежеде өркениетті қарым-қатынасқа ықпалдасып үлгерген Еуропадағыдай емес, бұл жақта біртұтас шығыс өркениеті деген тезис тіпті аңыз да болмауы былай тұрсын, қатты шатасуға ұрындырмақ.

Жаһандық ауқымдағы қауіп-қатердің бастау көзінің көбі планетаның Азиялық бөлігінде болып отыр.

Жаппай қырып-жоятын қару-жарақты тарату мен қолдану қатері Оңтүстік Азия мен Қиыр Шығысқа ойысып барады. Ғасырлар тоғысында халықаралық лаңкестік пен экстремизм ошақтарының бірі Ауғанстанда болып шықты. Есірткіні заңсыз өндірудің әлемдегі үш орталығының екеуі Азияда орналасқан. Бұлар, былайша айтқанда, «Алтын үштік» пен «Алтын ай» елдері. Апиын мен героиннің Еуропаға, одан да әрі заңсыз тасымалдануының шамамен 70 пайызы осы елдерден бастау алып, ондаған мемлекеттердің аумақтарын көктей өтіп жатады. Ақыр аяғында, әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жыл сайын Азияның жекелеген елдерінен Еуропаға ондаған мың заңсыз мигранттарды жөнкілтіп жататынын да айтпауға болмайды.

Сонымен жаһандық ауқымдағы қауіпсіздіктің, соның ішінде, Еуропа құрлығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің де көптеген мәселелерінің кілті Азия жерінде жасырылып жатыр.

Географиялық тұрғыдан жайғасып жатуының өзі-ақ Орталық Азияға Еуропа мен Азиядағы аса ауқымды екі «қауіпсіздік белбеулерін» байланыстыра-

тын буын болуды жазған. Осыған байланысты ХХ ғасырдың соңында ғана өзінің дербес дамуын қалпына келтірген **өңірдің қауіпсіздігінің ішкі өлшемдері** туралы өз ойларымды ортаға салсам деймін.

Орталық Азия елдері бүгінгі таңда өздерінің тәуелсіз мемлекеттігін құру міндеттерінің бір бөлігін ғана шешіп үлгерді. Олар азаматтық қоғам құруға тек алғашқы қадамдар ғана жасады. Олардың экономикасында оңды тенденциялар жаңа ғана бой көрсетіп келеді. Ол елдердің бірде-біреуі экономикалық, технологиялық және инвестициялық әлеуеті жағынан өзін-өзі қамтамасыз ететіндей деңгейде емес, бәрі де шетел инвестицияларының құйылуына мұқтаж.

Жекелеген елдерде байқалып отырған әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оңды қарқыны елеулі дәрежеде **нақты жобаларды жүзеге асыруға деп берілген шетел капиталымен байланысты.**

Бұл көрсеткіш жөнінен Қазақстан бүгінгі таңда Орта Азия елдері арасында көш бастаушы орында екенін мен терең қанағат сеніммен айта аламын. **Тәуелсіздік жылдарында елге тартылған шетел инвестициясының жалпы көлемі осы өңірге келген инвестицияның 80 пайызын немесе 22 миллиард доллардан артық қаржыны құрайды.** Біз бұл көшбасшылықты алдағы кезде де сақтап қалу ниетіндеміз. **Экономикалық прагматизм — ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік жүйесінің түйінді тірегі.**

Әрине қауіпсіздіктің әскери, гуманитарлық, рухани-мәдениеттік және ұлттық-тарихи қырлары да бар. Олардың мән-маңызын ешкім де жоққа шығара алмайды. Алайда қазір әңгіме әлем болашақта қалыптастыруға тиіс **халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің негізгі құрампаз күштерін пайымдау жөнінде болып отыр.**

Жабық қоғамдарда ұлт мәселесі таптаурын тәсіл бойынша оп-оңай шешіле салады — этнос ретінде жойып жібереді немесе бұрынғы Кеңес Одағында жа-

салғанындай тұтас халықтарды жер аударсады. Соңғы 12 жылда сырттай қарағанда тұрақты сияқты көріп жүрген мемлекеттердің талайы нақ осы мемлекет ішіндегі этностық шиеленістің салдарынан ыдырады. Полиэтносты және көпконфессиялы Қазақстанның нақты өмірі этностар мен діндер мемлекет тарапынан бастамашылық көрсетілетін және қолдау білдіріліп отыратын өзара диалогтың негізінде ынтымақты өмір сүре алуы мүмкін екенін көрсетеді. **Ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың саясаттануына жол бермегеніміз** біздің маңызды жетістігіміз болып табылады. Біздің ұлттық саясатымыз беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде, БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның тарапынан да жоғары баға алды.

Бүгінгі таңдағы қауіп-қатерлермен дабылды дүрбелеңдердің бастау көзі **әрқилы мәдени платформаларда емес, әлеуметтік-экономикалық аяда жатқанына** біз сенімдіміз. Лаңкестік пен экстремизмнің түп-тамырының әрқилы себеп-салдарлары бар, алайда олар қандай да бір діннің өзгешеліктеріне байланысты емес. Транзитті қоғамдардың бұл дерттері бұрыннан белгілі — жарлы-жақыбайлық, жұмыссыздық, әлеуметтік бейімдеушіліктің төмен деңгейі. Осындай жағдайда не қоғам қылмысқа бойы үйреніп кетуге ұрынады, не саяси радикализмге барып бас сауғалайды.

Ашық қоғам мен нарықтық экономикаға балама жоқ деп Қазақстан өзінің принципті таңдауын осыдан 12 жыл бұрын-ақ жасап қойған. Ал жаңғыртуды қалай жасау керек деген басқа мәселе. Жаңғыртудың тетігі — **Ұлттық қауіпсіздіктің ішкі өлшемінің** түйінді мәселесі.

1995 жылы біздің Конституциямызды қабылдағаннан кейін бар-жоғы 8 жылда Қазақстанда ахуал түбірінен өзгерді. Біздің халқымыз баламалы негізде Президент пен Парламентті еркін сайлайтын болды. Цензура жойылды. БАҚ-тың 90 пайызы мемлекеттік емес. 45 конфессиялы елде ар-ұждан бостандығы қам-

тамасыз етілген. Барлық ұлт пен ұлыстар адамдарының теңдігі қамтамасыз етілді. Қазақстандықтардың қоғамдық саяси ұйымдарға еркін бірігу құқығы бар, Парламенттің көппартиялылығы қамтамасыз етілген. Мұның бәрі 8 жыл бұрын болған жоқ. Қазір енді бұл әрдайым осылай болған сияқты көрінеді.

Республикада адамның басты құқығы — қақтығыссыз дүниеде, қан төгіссіз, қоғам мен елдің тұрақтылығы жағдайында өмір сүру құқығы қамтамасыз етілген. Нақ сондықтан да Қазақстан экономика мен халықтың әл-ауқаты артуының үздік көрсеткіштеріне қол жеткізді. Біздің еліміз ТМД-да бірінші болып Еуропа Одағы және АҚШ тарапынан нарықтық экономика мемлекеті ретінде танылды.

Бұрынғы КСРО күйреуінің аса қиын дағдарысы жағдайында біз алдымен экономика, содан кейін саясат дейтін принцип бойынша алға жылжыдық. Экономикалық табысқа арқа сүйей отырып, біз саясатты ырықтандырудың келесі кезеңін жүргізбекпіз.

Осы жылғы сәуірдегі менің Қазақстан халқына Жолдауымда негізгі мына мәселелер атап көрсетілген: сайлау туралы жаңа Заңды әзірлеп, қабылдау; БАҚ туралы Заңға өзгерістер енгізу; жергілікті билік органдарының өкілеттіктерін бұл органдардың одан әрі сайланбалылығымен бірге қамтамасыз ету; үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттің қолдау жасауы және олардың қызметін қамтамасыз ету; сот жүйесін реформалау.

Бұл шаралар Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында белгіленген мақсаттардан туындайды. Сонымен бірге мына мәселе де маңызды, халыққа осы Жолдауда үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан зейнетақыны 30 пайыздан артыққа көтеретіні жарияланды. Келесі жылдан бастап жеке де, заңды да тұлғалар үшін салықтар едәуір төмендетіліп, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы арттырылатын болады.

Парламент Ассамблеясының төрағасы Брюс Джордж мырза бүгін менімен кездескенде Англиядағы демократияға 200 жыл екенін айтты. Мен Қазақстанға еуропалық деңгейге жету үшін 20 жылдың жеткілікті болатынын, алайда сол кезде де бізге өз ерекшеліктерімізді ескеруге тура келетінін айттым. Ол менімен келісті.

Қазақстан Орталық Азияның өзге елдері секілді **үштік өзгерістің** күрделі процесін бастан кешуде. Көп ретте өңірдің ерекшеліктерін түсінбестен, бізді Шығыс Еуропамен салыстырып жатады және бұдан алысты көздейтін тұжырымдар жасайды. **Алайда Шығыс Еуропа мүлдем басқа мәдени, экономикалық және геосаяси ортада дамыды.** Шығыс Еуропада нарық, ұлттық мемлекеттілік, демократиялық мінезқұлық модельдерінің дәстүрлері үш-төрт онжылдыққа ғана үзілді. Содан да бұл өңір геосаяси күйреулерден кейін өзінің тарихи мәдени-өркениеттік ареалына тез интеграцияланды. Орталық Азияда ахуал мүлдем басқаша болды.

Біріншіген, біз дәстүршіл қоғамнан осы заманғы, ырықтандырылған принциптерге негізделген қоғамға өтіп жатырмыз. Біз үшін әрқилы мәдени тұғырнамалардың қақтығысына жол бермеу, қоғамдық санада адамдар үшін жаңа құндылықтар мен қатынастарды біртіндеп қалыптастыра отырып, ұлттық дәстүрлердің жаңғыртылған нұсқаулармен жарасты үйлесімін қамтамасыз ету айрықша маңызды. Оның үстіне кейбір елдердің жуырдағы тарихынан сәтсіз мысалдар баршылық. Әдетте, қоғам қызметінің тетіктерін алмастыру жүріп, либерализм дәстүршілдікке қарсы қойылған жерлерде процесс не қоғамдық кері кетуге ұрынды, не оған бастамашы болған күштердің диктаторлық режимге айналуына соқтырды.

Екіншіген, біз өзіміздің ұлттық мемлекеттілігіміздің ғимаратын тұрғызуды іс жүзінде тақыр жерден бастадық. Мемлекеттілік тарихы ғасырлар бойы үзіліп қалды, ал осы заманғы терминдер мен

ұғымдар тұрғысынан ол болған да жоқ. Еуропада берілген болмыс ретінде көрінетін нәрселерді бізге алға жылжу барысында аса ауыр экономикалық дағдарыс және әлеуметтік толқудың ұдайғы қатері жағдайында құрауға тура келді.

Үшіншіген, жоспарлы экономиканы нарықтық экономикаға, жалғыз партиялық саяси жүйені сан алуандық жүйесіне өзгерту кезеңінен өту қажет еді. Бүгінде біз тұтастай алғанда құрылымдық экономикалық реформаларды жүргізіп, қауіпті дағдарыс үрдістерін еңсере алдық. Қазақстан әлемдік экономикалық жүйеге интеграцияланған. Сонымен бірге біз жаңа әлеуметтік-экономикалық институттарды — осы заманғы қаржы, салық, инвестиция, зейнетақы жүйелерін енгіздік.

Саяси жүйе түбегейлі өзгерістерге түсті. Көппартиялық саяси жүйенің қалыптасуы, ашық әрекет ететін оппозицияның, еркін баспасөздің, жаңа сайлау жүйесінің және осы заманғы Қазақстанды принципті түрде ерекшелейтін басқа да бірқатар құбылыстардың бар болуы, бір жағынан, өте-мөте дәстүршіл қоғамдық санадан және екінші жағынан, бұрынғы тоталитарлық мемлекеттіліктің саяси практикасынан көшу ауқымының қандайлық екенін дәлелдесе керек.

«Үштік транзиттің» осынау феномені икемді және сонымен бірге дәйекті саясатты талап етеді. Бұл көріністердің тек біреуінің тұрғысынан қалыптасатын кез келген саясат қоғамды тығырыққа тіреуге қабілетті.

Тұтастай алғанда біздің саясаттың арнасы нарықтық экономика және демократиялық даму жағына бағытталған. Қазақстан ашықтық принципін берік ұстанады және сол негізде **ізгілік дамудың барлық мәселелер спектрі бойынша үнқатысуға әзір.**

Біз осы заманғы геосаясаттың үш тектоникалық тұғырнамасының тоғысында, әсіресе, олардың белсенді қозғалыс кезеңінде тұрып, өңірлік

қауіпсіздіктің орнықты ғимаратын тұрғызу қандайлық күрделі міндет екенін түсінеміз.

Аса ірі екі мемлекетпен — Ресеймен және Қытаймен көрші болу, Ислам әлемінің қуатты мәдени ықпалы Орталық Азиядағы қауіпсіздік жүйесін таза өңірлік топтың ғана қалыптастыруын мүмкін емес етеді.

Сондықтан да орталықазиялық қауіпсіздіктің қалыптасып жатқан жүйесі көпқабатты сипат алып отыр. Оның әр сегменті өңірлік тепе-теңдікті, тұрақтылықты орнықтыруда және қатерлер мен сынақтардан қорғауда белгілі бір рөл атқарады.

Өңір елдері көпшілігінің **Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына** қатысуы әскери-техникалық сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі, мұның өзі әскери қатерлерге жол бермеудің бір кепілі болып табылады. **Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы** аясында Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның, Ресей мен Қытайдың шекараларында Памирден Тынық мұхитының жағалауына дейін шиеленіс проблемасын жою, ең алдымен, әскери саладағы сенім шаралары жүйесін құру мүмкін болды. ШЫҰ аясында халықаралық лаңкестік, экстремизм және сепаратизм қатерлеріне қарсы тұру, экономикалық және ізгілік байланыстарды дамыту жөніндегі көпжақты ынтымақтастық формуласы талдап жасалуда.

АӨІСШК процесінің аясында Азиядағы сенім шараларының пакеті талдап жасалуда. АӨІСШК-ның бір жыл бұрын қабылданған Алматы актісінде жаппай қырып-жою қаруларын таратумен байланысты қатерлерді жою басым бағыт деп аталған.

Қазіргі кезде **Орталық Азияда ядролық қару-жарақтан ада аймақ қалыптастыру процесі қорытынды кезеңіне шықты**, тиісті мемлекетаралық құжаттарды әзірлеу аяқталып келеді.

Халықаралық лаңкестікке және діни экстремизмді экспорттауға қарсы тұру мәселесі **Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымының, ТМД мен ШЫҰ-ның**

лаңкестікке қарсы орталықтарының қалыптасқан шарттық-құқықтық базасы аясында шешілуде. Орталық Азияда өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды жайты оның мемлекеттерінің **НАТО-ның «Бейбітшілік мақсатындағы әріптестік» бағдарламасына** қатысуы болып табылады. Өңір мемлекеттері — **Лаңкестікке қарсы халықаралық коалицияға қатысушылар.**

Оның табанды іс-әрекетінің арқасында Ауғанстандағы халықаралық лаңкестіктің негізгі базаларын жою, ширек ғасыр дерлік бойы өңірдегі тұрақсыздықтың басты көзі болған бұл елдегі саяси реттеу процесін қатып қалған жерінен қозғау мүмкін болды. Қауіпсіздік үшін жауапты халықаралық құрылымдар емес, нақ осы мемлекеттердің лаңкестікке қарсы коалициясы оң рөл атқарды.

Егер мұндай халықаралық құрылымдар қауіпсіздіктің нақты проблемаларын шешуге тартылмайтын болса, олардың тиімділігі құлдырай беретіні анық.

Бұл сегменттердің бәрі бірін-бірі толықтырады, тұтастай алғанда өңірдегі қауіпсіздіктің барынша проблемалық және қауіпті көріністерін олардың жаһандық өлшемінде қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Орталық Азияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесінде бүгінгі күні **бірқатар «шетін» терезелер бар.** Солар арқылы қауіпсіздіктің жаһандық қатерлері мен сынақтары біздің өңірге «енеді», сөйтіп Еуропа құрлығы үшін елеулі қауіп төндіреді. **Бұл «терезелерді» жабуда ЕҚЫҰ белсенді рөл атқара алады және атқаруы тиіс.**

Бұл ретте әңгіме өңірде Еуропа мен Азияның арасындағы «санитарлық дәліздің» бәзбір түрін жасау туралы емес, Орталық Азияда ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздіктің жекелеген қатерлері мен сынақтарына қарсы тұру жөніндегі мамандандырылған құрылымдарының мақсатты алдын алу жұмыстарын түзу туралы болып отыр. Бұл орайда, Орталық Азия елдерінің ЕҚЫҰ-ға мүшелігі маңызды рөл атқарады. Біз ЕҚЫҰ-

ның осы бағыттағы әлдеқайда белсенді іс-әрекетін күтеміз.

Ең алдымен, **ЕҚЫҰ-ның халықаралық лаңкестікке және экстремизмге қарсы күрестегі рөлін**, негізінен, бұл ұйымның жауапкершілігіндегі, Орталық Азияны қоса алғанда, географиялық аймақта **кеңейту** өзекті болып отыр. Қазақстан халықаралық лаңкестікке қарсы бәрін қамтитын халықаралық Конвенцияның тезірек қабылдануы туралы бастамаға қолдау білдіреді. Бізге бірлескен күш-жігермен **есірткінің заңсыз тасымалына қарсы тұру жүйесін түзу керек**.

Ауғанстанда жүргізілген лаңкестікке қарсы операция, өкінішке қарай, әлемдегі лаңкестік және экстремистік қызметтің бір қаржы көзі ретіндегі «Алтын ай» өңірінде есірткі өндірісін қысқартуға ықпал ете алмады. Еуропаға «солтүстік маршрут» деп аталатын бағыт бойынша есірткі трафигі жаһандық және жалпыеуропалық қауіпсіздікке төнетін қатерлі сынақтардың бірі болып қалуда.

Орталық Азияда ЕҚЫҰ бастауымен қауіпсіздіктің жасырын көші-қон секілді қатеріне қарсы күрес жөніндегі халықаралық құрылым құру да әбден қисынды болып көрінеді. ЕҚЫҰ Каспийдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара алады. Каспий бойындағы бес мемлекеттің төртеуі осы ұйымның мүшелері болып табылады.

Бұл тұрғыда Қазақстан **«Каспийдегі тұрақтылық туралы пактіге» қол қоюды** ұсынады. Оның шешуші сәті Каспий бойы өңірінде әскери күшті қолданудан бас тарту бола алар еді. Мұнда лаңкестікке қарсы тиімді өңірлік құрылым құру туралы мәселе де пісіп-жетіліп келеді.

ЕҚЫҰ-ның трансазиялық қызмет векторында **техногендік апаттар мен күйреулерді болдырмау, эпидемиялардың таралу жолдарына қорғаныш тосқауылдарын түзу** жөніндегі жұмыс перспективалық бағыт болып көрінеді.

Осы бағыттар бойынша жұмыс істей отырып, ЕҚЫҰ жалпыеуропалық кеңістік қауіпсіздігінің өлшеу шкаласын кеңейте алар еді.

Осылайша, Орталық Азия ЕҚЫҰ-ның жаһандық қатерлер мен сынақтарға қарсы тұруында бір форпостқа айналар еді. Сонымен бір мезгілде ЕҚЫҰ Орталық Азия өңірінде берік бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосар еді. Біздің пікірімізше, ЕҚЫҰ-ның өңірдегі рөлі әлдеқайда нақты да татымды болуы тиіс. **Бізге жай кеңестер емес, нақты прагматикалық көзқарас қажет.** Оның үстіне өңірде саяси тұрақтылықты сақтау тіпті де тұрақты көрсеткіш болып табылмайды. Және мәселе қайықты шайқалтуда емес, ұзақ мерзімді өңірлік қауіпсіздікке қол жеткізуде болып отыр.

Планетада қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігердің өзегінде әрдайым елдер мен халықтар арасындағы көпжақты ашық үнқатысу болып келді. **Бұл — Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым секілді беделді халықаралық құрылымның өзекті принциптерінің бірі.** Күн тәртібінде тұрған маңызды тақырыптар төңірегіндегі пікірталас ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының форумына алға қойылған мақсаттарға жетуге, қауіпсіздіктің күрделі проблемаларын шешуге деген өзара қолайлы көзқарастарды талдап жасауға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Осында жиналған баршаңыздың жұмысыңызға сәттілік тілеймін!

Барлық елдеріміз бен халықтарымыздың береке-бірлікте, бейбіт өмір сүруіне және гүлденіп көркейе беруіне тілектеспін!

Назарларыңызға рахмет.

**ДИНАРАЛЫҚ ҮНҚАТЫСУ ЖАҒАНДЫҚ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІККЕ БАСТАЙДЫ**

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР
ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗИНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НҮРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ СӨЗІ**

23–24 қыркүйек 2003 жыл

Құрметті съезге қатысушылар мен қонақтар!
Жетекші әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндердің өкілдерін, сіздерді ежелгі Қазақстан жерінде қош келдіңіздер деп қарсы алу мен үшін орасан зор қуаныш әрі биік мәртебе.

Жеке өзімнің және көпұлтты халқымыздың атынан біздің шақыруымызға ден қойып, өз қатысуларыңызбен осы форумға ілтипат көрсеткендеріңіз үшін сіздерге терең ризашылығымды білдіремін.

Форумның Еуразияның нақ кіндігінде өткізілуінің өзі терең нышанды жәйт.

Сан ғасырлар бойында Ұлы Даланың аумағы әр алуан діндерді – тәңіршілдік, зороастризм, буддизм, христиандық, иудаизм, ислам және тағы басқаларды ұстанған көптеген халықтардың ықпалдаса бейбіт қатар өмір сүруімен ерекшеленді.

Ықылым замандардан бастап бүгінгі күнге дейін осынау жер сауда және мәдени алмасу

арқылы Азия мен Еуропа арасындағы өзіндік бір байланыстырушы буын қызметін атқарып келеді. Ол қазір де көптеген халықтар мен діни нанымдардың өкілдері үшін туған жұрты болып табылады.

«Біз – Қазақстан халқы...» деген сөздермен басталатын Конституциямыздың кіріспесінде көрінісін тапқан бірегей әлеуметтік-гуманитарлық құбылыс туралы зор мақтаныш сезімімен айтамыз.

Аса бір көңіл қоярлық фактіні келтіре кетуді жөн көрер едім.

Біздің еліміздің оңтүстігінде Қойлық атты XIII ғасырдың қалашығы бар. Осы көне мекенде будда мінәжатханасы, мешіт және христиан шіркеуі қоңсы қонған.

Ал бүгінгі таңда Қазақстанның жаңа астанасында, тегінде, біздің басқа да қалаларымыздағыдай сіздер мешітке, православиелік храмға, католик костеліне, синагогаға, ғибадат үйіне бара аласыз. Осының өзі замананы жалғастырушы арқау болып табылады.

Осы съезге әзірлік маған Астанада Ұлттар сарайын тұрғызу туралы ой салды. Онда мешіт, шіркеу, синагога және будда храмы болады. Осында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мен барлық ұлттық-мәдени орталықтар орналасады.

Айтқандай, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы біз үшін мемлекеттік ұлттық саясатты тиімді жүргізуге жәрдемдесетін азаматтық қоғамның бірегей институтына айналды. Оның қызметі Қазақстан қоғамына танылып, көптеген елдерде және БҰҰ мен ЕҚЫҰ тәрізді халықаралық ұйымдарда жоғары бағаға ие болды.

Ұлттар сарайы ансамблі өз аумағында жүз жиырмадан астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тату-тәтті әрі келісімде өмір сүріп, еңбек етіп жатқан біздің еліміз халқы бірлігінің өзіндік бір нышанына айналмақ. Бізде қырықтан астам конфессиялар ешқандай кедергісіз жұмыс істейді.

Біздің даусыз **ұлттық байлығымыз бен тұрлаулы болашаққа деген үмітіміз** – міне, осында.

Біз сақтап әрі нығайтып отырған этносаралық және конфессияаралық татулықтың түбегейлі әрі ауқымды өзгерістерді серпінді түрде жүргізуге мүмкіндік берген, саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы табыстарымызды қамтамасыз еткен іргетас болғанына сенімім кәміл. Бұл жетістіктерді бүгінгі таңда жалпы жұрт мойындап отыр.

Төзімділік, татулық пен ынтымақтастық принциптерін біз өзіміздің сыртқы саяси қызметімізде де ұстанамыз.

Олар көпбағыттылық, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік үшін ықпалдасу, топтасу, әділеттілік пен прогресс идеясына негізделеді.

Қазақстан барлық мемлекеттердің ішінде бірінші болып қуаты жөнінен әлемде төртінші орындағы ядролық қару арсеналынан өз еркімен бас тартып, әлемдегі аса ірі ядролық сынақ полигонын біржолата жапты. Бұл біздің жаһандық қауіпсіздікке қосқан лайықты үлесіміз болып, ол басқа халықтар мен мемлекеттер тарапынан мойындалды.

Біздің еліміз Азиядағы Өзара сенім және қауіпсіздік шаралары жөніндегі кеңесті шақырудың бастамашысы болды, ол өткен жылы өңір мемлекеттері басшыларының Алматыдағы форумында ұйымдық тұрғыда қалыптасты.

Осы жылдың ақпанында біз Бейбітшілік және келісім конференциясын өткіздік. Оған көптеген көрнекті діни қайраткерлер мен конфессиялардың өкілдері қатысты. «Бейбітшілік пен келісімге қадам басу» Декларациясы қабылданды, Бейбітшілік пен тұрлаулылық форумы құрылды.

Қазақстанда өріс жайған діни конфессиялардың әрбір жетекшісі өздері басшылық ететін қауымдардың қайта түлеуі мен рухани өрлеуі фактілерін қуаттай алады деп ойлаймын.

Осының өзі бейбітшілікті, қоғамдағы келісім мен тұрлаулылықты сақтауға деген біздің мемлекетіміз ұмтылысының нәтижесі болып табылады, мұны біз өзіміздің басты жетістіктеріміздің бірі деп санаймыз.

Біз алда да Қазақстан қоғамының тұрлаулылығы мен қауіпсіздігінің негіздерін нығайта отырып, қажымай-талмай әрі тынымсыз жұмыс істейтін боламыз.

Сонымен бірге біз осы бағытта бір мемлекеттің ауқымында қолға алынған күш-жігер қаншалықты зор болса да, егер бұған сыртқы факторлардың ықпалы болмаса, тиісті нәтиже бермейтіндігін көріп отырмыз әрі айқын түйсінеміз. Бұл жер шарының кез келген мемлекеті үшін даусыз ақиқат.

Халықтардың, діндердің, мемлекеттер мен үкіметтердің бейбіт қатар өмір сүруі мен сындарлы өзара іс-қимылы туралы мәселе қазіргі кезде ерекше өзекті маңызға ие болуда. Таза теориялық аядан ол аса маңызды практикалық міндеттер қатарына шықты.

Нақ сондықтан да көптеген аса көрнекті саяси және діни қайраткерлердің күш-жігерімен шын-

туайтында байырғы заманнан қазіргі күндерге дейін тоқталмаған діндердің, мәдениеттердің, өркениеттердің үнқатысуын жалғастыру аса қажет болып табылады.

Бізге оқиғалар мен құбылыстарды әлемдік, сондай-ақ өңірлік, мемлекетішілік өлшемдер тұрғысынан терең сыни талдау қажет.

Бұл талдау, сөзсіз, былайша айтқанда, «дәнді қауызынан аршуға», адамзат қауымдастығын әрқилы саяси, экономикалық, діни, әсіресе, әскери экстремизмнен қорғауға жәрдемдеседі.

Бұл талдаудың бүгінгі таңда әлемде жетіп артылатын «қарапайым шешімдерге» елігуден, ізгілікке жат идеяларға бой алдырудан дәру болуы мүмкін екендігіне күмәнім жоқ.

Осы орайда мен біздің заманымыздың кейбір проблемалары жөніндегі өз топшылауларымды құрметті форуммен бөлісуді қалар едім.

Біріншіден, «өркениеттер жанжалы» және «діндер дағдарысы» тақырыбы бойынша соңғы жылдары орын алған пікірлер негізсіз деп санаймын.

Керісінше, дүние құрылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістер аясында бүкіл дүние жүзінде миллиардтаған адамдардың технологиялық жаңалықтарға бейімделу қиындығы, жаһандық рыноктың қатал талаптары салдарынан адамзаттың діни ақиқаттан жауап іздеуге жаппай оралуы жүрді. Өзінің адамгершіл-этикалық әлеуеті тұрғысынан оларды ештеңемен салыстыруға болмайды.

Бұл тұрғыда Еуразияның орталық бөлігінің ерекшелігі мұнда діннің көптеген халықтарды ұлттық топтастырудың факторына да айналуында болып отыр.

Осынау орасан кеңістікте тұтас ондаған жылдар бойы ождан бостандығының және діндарлардың өз діни қажеттіліктерін өтеуінің дәстүрлері жасанды түрде тоқтатылғанын да ұмытуға болмайды. Біз дін туралы жаңа заңдар қабылдағаннан кейін діни наным жаңа ғұмырын бастады, барлық қауымдардағы діндарлар саны күрт өсе түсті.

Мұның өзі қуанышты жағдай, өйткені **дін жаһандану дәуірі басталғанға дейін дүниеде гуманизм және мәдени үндесу идеясын сақтаған және таратушы бірден-бір жаһандық құбылыс** болып табылады.

Рухани әмбебаптығымен қатар дін **халықаралық ынтымақтастықтың ықпалды институты да**. Бұл әсіресе қазір, кей жағдайларда этностық-діни реңкте болатын жергілікті және өңірлік жанжалдар саны өсіп отырған біздің уақытта маңызды.

Саяси реттеу әдістері іске аспаған жерде Құдай Сөзінің рөлі татуластыру мен үміттің бірден-бір құралы болып қалуда. Негізіне адамгершіліктің ең жоғары үлгілері алынған діни дәстүрлердің рөліне біздің қауырт, кейде бейретсіз өзгеріп жатқан дүниеде баға жетпейді.

Өкінішке қарай, біз бүгінгі әлемде **діннің адамдарды саяси іс-әрекетке жұмылдыру қабілеті** тіпті де ізгі емес мақсаттарға **пайдаланылуының** куәсі болып отырмыз.

«Киелілік» категориясының мәнінің өзі бұрмалануда. Оны кері бұрмалап түсіндіру адамзат заңдарына астамшылықпен қарауға, ауа жайылушылыққа, моральмен, адамгершілікпен, гуманизммен, кез келген діннің негізгі қағидаттарымен сыйыспайтын іс-әрекеттерге жетелейді.

Мен қазіргі мәдени-өркениеттік және діни айырмашылықтарға идеологиялық, саяси реңк беруге жол беруге болмайтындығы туралы батыл мәлімдер шақ келгеніне кәміл сенімдімін.

Біз өздерін жалған діни сипаттағы доктриналармен бүркемелейтін агрессия және зорлық-зомбылық актілерінің шынайы болмысын тани білуге және оны әшкерелеуді үйренуге тиіспіз.

Екіншіден, қазір «өркениеттер жанжалы» туралы емес, қайта «өркениеттер кездесуі» туралы айту әлдеқайда орынды. Ешқандай да «тарихтың аяқталуы» мынадай қарапайым себепке байланысты бола қоймайды, адамзат бүгінгі тарихи кезеңде және менің ойымша, келешекте де әлемдік қауымдастық өз тіршілігінің бірден-бір негізі ретінде қабылдай алар бірден-бір әрі әмбебап өркениет моделіне қол жеткізген жоқ, жеткізе де алмайды.

Меніңше, бұл «ұйқыдағы сана» душар еткен мифтер мен мүлде жалған мақсатқа ұмтылыстар. Және де мұны әрбір сарабал саясаткер, әрбір мемлекеттік және діни қайраткер айқын ұғынуға тиіс.

Кез келген моножүйенің, күллі адамзат тұрмақ, тіпті оның бір бөлігінің теңдестігін, тұрлаулылығы мен дамуын қамтамасыз етуге шамасы келмейді, бұл менің терең сенімім. Оның бойында әрдайым жанжал мен жарылыс қатері бұғып жатпақ. Тек қана әр алуандылыққа, көпұлттылыққа, көпдінділікке негізделген бірлік формуласы ғана дұрыс.

Ешкімнен кем түспейтін терең әрі елеулі тарихы, өз нышаны мен ділі бар басқа да өркениеттердің, мәдениеттердің, діндердің бар екенін ұғыну және мұнымен санасу қажет.

Және мұны ешқандай күш қолдану және ырыққа көндіру әдістерімен жоққа шығаруға болмайды.

Ал қазіргі кезде өркениеттердің теке тіресі емес, қайта мәдени-діни жүйелердің, мейлі әрдайым жеңіл болмаса да әрі жаңа дүниеге, жаңа технологияларға және жаңа қоғамдық қатынастарға сәйкес келмесе де, бейімделуі жүріп жатыр.

Бәлкім, біз бәріміз де жаһандану мен өндірісте болсын, сондай-ақ қоғамдық-саяси құрылымда болсын осы заманғы технологиялар уақыт сынағына сөзсіз сай келетінін түйсінерміз.

Алайда олардың бойында тек қана игілік емес, сонымен бірге келеңсіз көріністері де бар, оларды қоғам жоққа шығармаса да, барынша азайта алады.

Материалдық игіліктермен ешқандай байланыспайтын даусыз ұлы құндылықтар бар, олар адам үшін әрдайым басым және негіз қалаушы болып қалады.

Олардың бастылары – руханият, адамгершілік. Бұларды өз бойына негізгі жинақтаушы дін болып табылады, ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық және діни дәстүрлерді, әр халықтың төлтума тарихи және мәдени тәжірибесін сақтап келеді.

Ақыр соңында, үшіншіден. Ғаламдық, ХХІ ғасырдың алаңдаушылық пен қатерге толы әлемінде мемлекеттің, діннің, азаматтық қоғамның, менің ойымша, ізгі ниет білдіруінің ерекше және бірыңғай стратегиясы мен жолы бар.

Бұл – бітімгершілік, елдердің, халықтардың, конфессиялардың арасында келісімге, өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа қол жеткізуіне бағытталған үндеу және іс-қимыл.

Тек қана төзімділік пен серіктестік арқылы біз лаңкестік, жаппай қырып-жою қаруы мен кез келген басқа қаруды тарату, есірткі бизнесі мен оның зардаптары, экологиялық апаттар, біздің заманымыздың дене бітімдегі және әлеуметтік дерттері тәрізді әлемдік нәубет көріністеріне қарсы күресте біз табысқа қол жеткізе аламыз.

Бұл сол сияқты қоғамның неғұрлым кембағал жіктеріне қатысты рахымдылық пен қайырымдылық.

Алдағы кезеңде осы мәселелер, менің ойымша, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың, күллі әлемдік қоғамдық институттардың қызметінде елеулі орын алуға тиіс.

Және, әлбетте, бұл істе әлемдік және ұлттық-дәстүрлі діндер өздерінің елеулі рөлін атқаруға тиіс.

Қазақстан жеріндегі кездесу конфессияаралық үнқатысу мәдениетін қалыптастыруға өзінің қарапайым үлесін қоса алар еді.

Біздіңше, әңгіме сабағаттық кездесулер жүйесін құру туралы, мұндай үнқатысудың белгілі бір ресімдері мен нормаларын қалыптастыру туралы бола алар еді.

Сонымен бірге бізге қандай бір ақырғы мақсаттар қоюдың қажеті жоқ, қоюға да болмайды деген менің пікіріме сіздер келісесіз деп ойлаймын. Біртұтас діни кеңістік құруға болмайды. Қазіргі бар айырмашылықтарды ақырына дейін еңсеруге болмайды, оның үстіне олар ұлы діндердің негізіне қатысты болып отыр.

Алайда тұрақты үнқатысудың құндылығы мынада, орын алып отырған келіспеушіліктерге қарамастан, бәзбір «алтын ортаны» іздеудің мәні мен процесінің өзі сақталады. Және ең бастысы –

үнқатысу бейбітшілік пен келісім аумағын, үйлесім мен айқындық уақытын қалыптастырады. Мен діни үнқатысудың сөзсіз құндылығын осыдан көремін.

Осыған байланысты мен барлық діндер мен конфессиялардың өкілдеріне **Діндер форумын тұрақты негізде өткізу ұсынысымен** қайырылып отырмын.

Мұндай институттың құрылуы дінаралық үнқатысудың негіздерін нығайтады, діни қайраткерлер мен діндарлардың өздерінің арасындағы сындарлы байланыстарға жүйелілік сипат береді.

Келешекте бұл әлемдегі дінаралық шиеленісті бәсеңдету, руханиятты, бейбітсүйгіштік пен төзімділікті насихаттау міндеті болатын халықаралық ұйымның негізін қалай алар еді.

Біз, сондай-ақ **Діни төзімділік хартиясын** әзірлеуге алғашқы қадам жасай аламыз. Бүгінгі таңда діндердің бейбіт қатар өмір сүруі қағидаттарын жай ғана жазып қоятын емес, сондай-ақ олардың арасында сындарлы үнқатысудың қажеттілігін дәлелдейтін құжат аса қажет.

Біз **Діндердің бірыңғай мәдени орталығын** құру туралы ойластыра алар едік. Бұл идея әлдеқашан пайда болған, ал бүгін оны нақты іске асыру қажеттілігі пісіп-жетілді.

Егер діни қайраткерлер бізге сенім артып тапсырса, онда біз сіздердің қолдауларыңызбен, сіздердің қатысуларыңызбен осы маңызды әрі өзекті міндеттерді шешуге кірісуге даярмыз.

Құрметті съезге қатысушылар мен қонақтар!

Сіздерге осы заманғы әлемнің проблемаларына қатыстылықтарыңыз және терең ден қойғандарыңыз үшін тағы да шын жүректен алғысымды білдіремін.

Мен рухани уағызшылардың бүгінгі биік мұраты өз дінін адамдарға кіршіксіз таза, артықшылық көрсетумен бұрмаланбаған, түсінбеушіліктен, әсіресе дұшпандық пен ашу-ызадан арылған күйде жеткізуінде деп білемін.

Мен сіздердің баршаңыздың шынайы сенім, шындық, мейірбандық пен адамға деген сүйіспеншілік нұрын себетіндеріңізді білемін. Сіздердің баршаңызға шын мәніндегі орасан зор және әр кезде қайтарымды бола бермейтін еңбектеріңіз үшін терең тағзым.

Сіздерге игілік пен бақыт тілеймін!

Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

Біздің форумның, біздің бірлескен кездесулеріміздің күндері қас қағым сәттей өте шықты. Олар әсерлі де жемісті болды. Біз бәріміз өркениеттер, конфессиялар, елдер мен халықтар арасындағы келісімді нығайту және үнқатысу практикасын орнықтыру жолында тағы бір өте маңызды қадам жасадық.

Біздің сұхбаттарымыз бен пікірталастарымыздың нәтижесі болашақ жолындағы, түрлі діндер мен ұлттар адамдарының бейбіт те лайықты тұрмысы жолындағы ынтымақтастық идеясы өмір сүруге құқылы екенін барынша нанымдылықпен көрсетіп берді.

Сан алуандық – кемшілік емес, керісінше, бұл Құдайдың баға жетпес сыйлығы, сол сан алуандықтың арқасында шынайы өзара молығушылық, нағыз даму жүреді.

Әр халықтың қайталанбас, тек өзіне ғана тән дәстүрлері, тарихы, ойлау қабілеті бар. Әркім адамзаттың сан әуезді рухани мәдениетіне өзінің айрықша әуенін қосады.

Сіздердің назарларыңызды әрқилы жалған діни бірлестіктер санының және ықпалының артуы секілді проблемаға аудартқым келеді.

Олар іс жүзінде әр елде бар және негізінен қазіргі әлемде орын алып отырған қиындықтар арқылы күн көреді.

Олардың көпшілігі сәнге айналған әрекет арқылы тіпті де момақан емес идеяларды уағыздайды, тіпті де ізгі емес істерді жасайды, бұлардың салдары діннің, азаматтық қоғамның ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің негіздерін әлсіретеді.

Біздің азаматтарымызды кез келген келеңсіз ықпалдан қорғай отырып, мұндай ұйымдарға қарсы тұруға, олардың қызметін тыйып тастауға тиіспіз.

Барлық әлемдік, дәстүрлі-ұлттық діндер үшін ортақ болып табылатын ізгілік қағидаттарының өшпес өзектілігі біздің бәріміз үшін барған сайын айқын бола түсуде. Келіңіздер, осы съезде түрлі тілде естілген және түрлі дін қайраткерлері айтқан ақиқаттарды еске түсірейікші:

– «барша адамға ортақ болмыс бір ғана Хаққа бастайды» – ислам өкілінің сөзінен;

– «біздің ортақ бабамыз – Ыбырайым» – иудаизмнен;

– «өз жақыныңды өлтірме» – деді буддизм өкілі;

– «өзіңмен және табиғатпен үйлесім арқылы бейбітшілік пен келісімге» – Дао дінінен;

– «өзге адам басқа дінді ұстанушы немесе тіпті діндар болмаса да, оған көмектес» – деді православиелік христиандар;

– «бейбітшілік – Құдайдың сыйы, біздің кездесуіміз де Құдайдың сыйы секілді» – деп атап өтті Ватиканның дін қызметшісі.

Яғни біз барлық конфессиялар дін арқылы бейбітшілікті, төзімділікті, шыдамдылықты, келісім мен адам сүйгіштікті уағыздайтынына тағы да бір рет айқын көз жеткіздік.

Мұны әлемдік дәстүрлі діни нанымдар түрлі халықтар мен өркениеттер үнқатысуына байланыстырушы буын бола алатыны жөніндегі біздің сіздермен ортақ пікіріміз де қуаттайды.

Бізге қазіргі өмірде түрлі діни нанымдар өздерінің бай тарихының барысында жинақтаған зор жасампаздық тәжірибесін пайдалану өте маңызды.

Біздің бәрімізде Хаққа бастайтын жол біреу. Сондықтан да діндер арасындағы әлдеқайда белсенді үнқатысудың уақыты жетті.

Біз беделді рухани лидерлер мен қатардағы діндарлардың біртұтас ерік-жігерін тұрақты негізде іске асыра алатын халықаралық конфессияаралық ұйымға деген айқын сұранысты сезіп отырмыз. Бұл ұсынысты әр сөйлеуші де айтты.

Бұл функцияны әлемдік және дәстүрлі діндер форумы толығынан атқара алар еді.

Дін ХХІ ғасырда жасампаздық пен дамудың ынталандырғышына айналуға қабілетті ме?

Осы екі күнгі біздің бірлескен жұмысымыз сөзсіз қабілетті екендігін айқын көрсетті деп ойлаймын.

Біз қарапайым, алайда сөзсіз бір ақиқатты түсінуге тиіспіз – бүгінгі дүниеде біздің бәріміз өзара тәуелдіміз. Және бұл өзара тәуелділік кез келген жәйт пен тербелісті сезінетін шетін де сезімтал тетік болып табылады.

Біздің ортақ үйіміз бұл тек қана біздің еліміз емес, сонымен бірге біздің бүкіл Жеріміз екені маңызды.

Біздің бәріміз де өзіміздің балаларымыз, немерелеріміз бен шөберелеріміз бейбіт жағдайда, салауатты ортада, басқа халықтармен және конфессиялармен келісімде, соғыс пен жоқтықты білместен өмір сүруін қалаймыз.

Біздің қызметіміз, біздің дұғамыз бен жанашырлығымыз планетаның отты нүктелерінде, түрлі жанжалдар аймағындағы миллиондаған адамдардың қасіреті тыйылатын жарқын уақытты жақындатуға жәрдемдеседі деп үміттенемін.

Таяу Шығыста ұзақ күттірген бейбітшілік орнықса, Балканда, Оңтүстік Азияның, Африка континентінің жекелеген өңірлерінде және Жер шарының басқа тұстарында шиеленіс бәсеңдесе, бұл біздің бәріміз үшін бақыт әрі игілік болар еді.

Өз сөзімді аяқтай келе мен біздің құрметті қонақтарға – делегациялардың басшылары мен өкілдеріне жұмысқа белсене қатысқаны үшін тағы да шынайы алғысымды айтқым келеді.

Осынау күндері біздің атымызға әлемнің көптеген елдерінен талай-талай хаттар, жеделхаттар, электрондық пошта арқылы хабарлар келіп түсті.

Осыған байланысты осы форумның идеясына және діндер арасындағы үнқатысудың қажеттігіне қолдау білдірген мемлекеттердің лидерлеріне, саяси және қоғам қайраткерлеріне, түрлі елдердің қарапайым адамдары мен қазақстандықтарға айрықша алғыс сезімін білдіремін.

Маған біз Төзімділік, Ақиқат, Әділдік және Сүйіспеншілік секілді мәңгілік құндылықтарға деген өзіміздің адалдығымызды қуаттайтын формуланы талдап жасай алғандай болып көрінеді.

Бұл біз қабылдаған Декларацияда көрініс тапты.

Біз экстремизмнің, сепаратизмнің, лаңкестіктің және дін үшін деп күш қолданудың басқа да фор-

маларының діннің шынайы ұғымымен ешқандай ортақтығы жоқ деген және олар адамзат үшін қатер болып табылады деген пікірге келдік.

Біз діндарлық үнқатысу қоғамдық дамудың және барлық халықтардың әл-ауқатын жақсартудың шешуші бір әдісі болып табылатынын мойындадық.

Біз бейбітшілік пен адамзат прогресін болашақтағы үйлесімді дүниенің негізі ретінде қоғамдардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету ісіне барлық күш-жігерімізді жұмсауға әзірлігімізді білдірдік.

Мен осы форумға қатысушылардың барлығына бізге келесі Съезді әзірлеу жөнінде сенім көрсеткені үшін және Қазақстанның атына айтылған ықыласты сөздер үшін алғыс айтамын.

Осының өзі-ақ Бейбітшілік пен келісім аумағын, Үйлесім және айқындық уақытын жасау құралы ретіндегі тұрақты дінаралық үнқатысу идеясы іске аса бастағанын танытады.

Өзді-өз үйлерімізге тарағаннан кейін біз Астанадағы кездесуді ұмытпайтынымызға, қатынасымызды, пікір алмасуымызды және бейбітшілік пен келісімді дамыту, шиеленіс пен жанжалдарды еңсеру жөніндегі күнделікті жұмысымызды жалғастыра беретінімізге сенгім келеді.

Егер біз осындағы әңгімелердің мәні мен мазмұнын барлық өз діндарларымызға, өз елдеріміздің азаматтарына жеткізетін болсақ, біз тек осымен ғана бейбітшілік пен келісім ісіне зор үлес қосамыз.

Біздің Съезімізді өзіміз қабылдаған Декларациядағы сөздермен аяқтау орынды деп білемін: біздің іс-әрекетіміз шапағатты болсын, Жер шарының барлық халықтарына әділдік, бейбітшілік пен өркенділік сый болсын.

Сіздерге және сіздердің елдеріңізге Құдайдың қайырымы түссін. Сіздерді пәле-жалалар мен қырсық айналып өтсін. Сіздердің әр күндеріңіз адамның, бейбітшілік пен тұрақтылықтың игілігі туралы қамқорлыққа толы болсын.

Сіздердің барлықтарыңызға бақытты жол тілеймін. Келесі кездескенше!

М А З М Ц Н Ы

Ғазаһстан – 2030: Барлыһ Ғазаһстандыһтардыһ □сип-□ркендеуи, Һауипсиздиги жһне кл-ауһатыныһ артуы. <i>Ғазаһстан Республикасы Президентиниһ Ғазаһстан халһына Жолдауы. 1997 жылсы 10 Һазан</i>	5
Елимиздиһ Ғаға сасырдасы тираһтылысы мен Һауипсиздиги. Ғазаһстан Республикасы Президентиниһ <i>Ғазаһстан халһына Жолдауы. 1999 жылсы 14 желтоһсан</i>	78
Ғазаһстанныһ болашасы – һосамныһ идеялыһ бирлигинде. <i>1993 жылсы 12 мамыр</i>	86
Береке басы – бирлик. XVIII сасырдыһ аса ири <i>мемлекет һайраткерлери Тле биди, Ғазыбек биди жһне Қитеке биди еске алуға арналып Ордабасыда болсан салтанаттасы □з.</i> <i>1993 жылсы 28 мамыр</i>	122
Еуразия мемлекеттер одасын һуру туралы. Жоба. <i>1994 жылсы 3 маусым</i>	135
Ортаһ жйимизде татулыһ пен келисим болсын. <i>Ғазаһстан халыһтары Ассамблеясыныһ биринши сессиясындаы баяндама. 1995 жылсы 24 наурыз</i>	148
Ғазаһстан тқуелсиздиги: тарих тасылымдары жһне һазирги заман. Ғазаһстан Республикасы <i>тқуелсиздигиниһ 5 жылдығына арнасан салтанатты жиналыстасы баяндама. 1996 жылсы 16 желтоһсан</i>	184
Қлттыһ келисим – Ғазаһстанныһ тираһтылысы мен дамуныһ негизи. Ғазаһстан халыһтары <i>Ассамблеясыныһ бесинши сессиясындаы баяндама. 1999 жылғы 21 Һазир</i>	225
Бириккен Қлттар Қйымыныһ Мығжылдыһ саммитиндеги □з. Нью-Йорк, 2000 жылсы 6 һыркүйек	241
«XXI сасыр: ядрольһ һарудан тазарсан дһниени Һалайды» халыһаралыһ конференциясын ашардасы □з. 2001 жылсы 29 тамыз	245
Жлз жылса татитын он жыл. Ғазаһстан <i>Республикасы тқуелсиздигиниһ онжылдығына арнасан салтанатты жиналыстасы □з. 2001 жылсы 16 желтоһсан</i>	259
Търкiстан Һаласында □ткен Дһниежлзи Һазаһтарыныһ Екинши һырылтайындасы □з. <i>2002 жылсы 23 Һазан</i>	285
«ЕҒЫЦ-ныһ Трансаяиялыһ □лшеми: Һауипсиздиктиһ лзiлмес буыны». ЕҒЫЦ-ныһ Парламенттик <i>Ассамблеясыныһ биринши форумындасы □з.</i> <i>2003 жылсы 7 маусым</i>	305
Дiнаралық үнқатысу жаһандық өзара түсинiстiкке бастайды <i>Әлемдiк және дәстүрлi гiнгер лидерлеринiң биринши съезиндеги Қазақстан Республикасының Президенти Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзи 23–24 қыркүйек 2003 жыл</i>	319

Назарбаев Нурсултан Абишевич
СТРАТЕГИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ
(на казахском языке)

Редакторлары *Ә. Пірманов, Р. Райбаева*
Көркемдеуші редакторы *Ә. Жақсылықова*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Ұ. Бахова*

ИБ №200

Теруге 25.09.2003 берілді. Басуға 20.10.2003 қол қойылды. Пішімі 60×90 ¹/₁₆.
«Балтика» гарнитурасы. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 21,00.
Есептік баспа табағы 11,92. Тапсырыс 1084.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.